В статье дается обзор и содержательный анализ исследований казахских ученых-педагогов по дидактике.

Summary

In the article a review and rich in content analysis of researches of the Kazakh scientists-teachers are given on a didactics.

Педагогиканың оқыту теориясы бөлімі бойынша қазақ ғалым-педагогтарының зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бірнеше оқу құралдары мен оқулықтар жарық көрді. Солардың мазмұнына қысқаша талдау жасалық.

Жүсіпбек Аймауытовтың 1922 жылы Орынбордан шыққан «**Дидактика**» атты оқулығы педагогика ғылымының дидактика саласы бойынша Қазақстанда жарық көрген тұңғыш еңбек [1].

Оқу құралында дидактиканың өзіндік белгісі, ерекшеліктері, өзге ғылымдармен байланысы, әсіресе педагогикамен байланысы, ортақ белгісі, айырмашылықтары кеңінен сөз болады. Дидактиканың мән-мағынасына қарай оны автор екіге бөледі:

- 1) Жалпы дидактика, яғни барлық пәндерді оқытудың заңдары мен мәселелері;
- 2) Жеке дидактика, яғни методика – жеке пәндерді оқып үйренудегі амал, әдістер жиынтығы.

Оқу құралында дидактиканың баланы оқыту ісіндегі маңызы, әсіресе, оның оқу мен оқыту ісіндегі теориялық және практикалық маңызының зор екендігі баяндалады. Нақтырақ айтар болсақ, автор оған: «Дидактика оқытудың жалпы ережелерін, жолдарын, әдістерін көрсетіп, мұғалімге бағыт беріп, жетекші болады» деген анықтама бере отырып, жақсы мұғалім болу үшін:

- дидактика мен методиканың мақсат-мұратын жіті білу;
- үлгілі ұстаздардың іс-тәжірибелерін басшылыққа алу;
- бала оқытумен бірге өзі де оқып, іздену шарт деген, мән-маңызы жоғары ойларын алға тартады.

Кітапта автордың білімді ана тілінде оқу арқылы меңгеру, баланы оқыту және тәрбиелеу ісінде мұғалімнің беделі мен орны, оның сабақ берудегі әдіс-тәсілдері, ұстаз тұлғасы мен шеберлігі, баланың ынталы оқуы, оқыту әдістері, оқыту түрі, сабақ жүйесі, машықтану, білімді байқау, оқытудың жанама құралдары, сабақтың желісі мен жоспары, сабақ кестесі т.б. мәселелер жайындағы ойлары сөз болады.

М.Жұмабаев пен Ж.Аймауытов еңбектерінде көтерілген мәселелер қазіргі заманғы білім беру жүйесі мен жаңа тұрпатты мұғалімге тән қойылатын талаптарға сай келетінін ескерер болсақ, бүгінгі мектеп мұғалімдері мен болашақ мұғалімдердің педагогикалық біліктілігін жаңаша бағытта дамытып, оларды жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім ретінде қалыптастырудағы рөлі ерекше екендігін айтуға болады.

Н.Көшекбаевтың «Оқыту теориясы» атты 1976 жылы шыққан мектеп мұғалімдеріне арналған көмекші құралы автордың көпжылғы зерттеу жұмысының нәтижесі, ол бес тараудан тұратын және педагогиканың дидактика бөлімі бойынша жарық көрген тұңғыш еңбек [2].

Бірінші тарау «Оқытудың теориялық негіздері» деп аталып, онда оқыту теориясы және оның даму жолдары, оқыту теориясының философиялық негіздері, оқыту теориясының физиологиялық негіздері, оқыту теориясының психологиялық негіздері сипатталса; екінші «Оқытудың мазмұны» атты тарауда жалпы білім, еңбек және политехникалық білімдері, оқу жоспары, оқу программасы, оқулық; үшінші «Оқытудың принциптері» атты тарауда оқыту мен тәрбиенің байланысты болу принципі, оқытудың ғылыми принципі, оқытуда теория мен практиканы байланыстыру принципі, оқытудың көрнекілік принципі, білімнің шамаға лайық болу принципі, оқытудың жүйелілік принципі, оқушылардың саналы түрде оқып үйрену принципі, білімнің тиянақты болу принципі, оқушылардың өзіндік ерекшелігімен санасу принципі сипатталған; төртінші «Сабақ жүйесі» атты тарауда сабақ жүйесінің даму тарихы, совет мектептерінде класс-сабақ жүйесінің дамуы, мұғалімнің сабақ жүйесін жоспарлауы, сабақ классификациясы және олардың құрылысы, жаңа білімді алғашқы қабылдау сабағы, практикалық сабақ, білімді сынау-бағалау сабағы, қайталап-қорыту сабағы, көп вариантты аралас сабақ, оқу жұмысын ұйымдастырудың экскурсиялық түрі, еңбек сабағын ұйымдастыру жүйесі, сабақ процесінде кластағы барлық оқушымен не олардың шағын тобымен немесе жеке оқушымен оқу жұмысын ұйымдастыру тәсілі, оқушылардың үйде орындайтын оқу жұмыстарын ұйымдастыру жолдары мазмұндалған; бесінші «Оқыту әдісі» атты тарауында оқыту әдісінің анықтамасы, ауызша оқыту әдісінің түрлері, әңгіме әдісі, түсіндіру әдісі, баяндау әдісі, мектеп лекциясы, көрнекі оқыту әдісі, программалап оқыту әдісі, кітаппен жұмыс әдісіне сипаттама берілген.

Р.М.Қоянбаевтың бастауыш оқыту педагогикасы мен методикасы факультеті студенттеріне арналып, 1990 жылы шыққан «**Білім беру және оқыту теориясы**» атты оқу құралында білім беру және оқыту теориясы, мазмұны мен міндеттері, оқыту барысының мәні, оқыту принциптері, мектептегі білім беру

мазмұны, оқытуды ұйымдастыру формалары, бастауыш мектепте оқытудың әдістері, бастауыш сыныпта білімді тексеру және бағалау мәселелері баяндалған [3].

Т.Сабыровтың «Оқыту теориясының негіздері» атты оқу құралы педагогика курсының дидактика бөліміне арналған [4]. Онда дидактика туралы түсінік, оқыту процесі, оның құрылымы, міндеттері, оқытудың түрлері, заңдылықтары мен принциптері, білім мазмұны, жалпы, политехникалық және кәсіптік білім беру, оқу жоспарлары, бағдарламалар мен оқулықтар, білім мазмұнын жетілдіру, оқыту әдістері мен құралдары, олардың сипаттамалары, оқытуды ұйымдастыру формалары, сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы екендігі, сабақтың типтері, түрлері, олардың құрылымдары, мұғалімнің сабаққа дайындығы, тақырыптық және сабақ жоспарлары, сондай-ақ оқушылардың білімін бақылау, бағалау және есепке алу мәселелері қарастырылған.

Р.М.Қоянбаев, Р.Қ.Бекмағамбетова және Ұ.Қ.Қыяқбаеваның «Бастауыш мектеп дидактикасы» атты әдістемелік құралында бастауыш мектеп дидактикасы курсының лекциялық, семинарлық, лабораториялық жұмыстар сабақтарының тақырыптары, курстың мазмұны, одан бақылау және емтихан жұмыстарының сұрақтары, дидактикалық тесттер, курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптары, студенттердің өзіндік жұмысы үшін тапсырмалар берілген [5].

Н.Э.Пфейфер, Е.О.Жұматаева және Е.И.Бурдинаның «Основы современной дидактики» атты оқу құралы педагогикалық білім берудің мемлекеттік стандартына сай дайындалған [6].

Оқу құралында дидактика – педагогикалық оқыту теориясы, оқыту үрдісі – тұтас жүйе, оқытудың түрлері, оқытудың заңдылықтары мен принциптері, білім мазмұны және оны жетілдірудің педагогикалық негіздері, мектептегі оқыту әдістері, құралдары және формалары, сабақ – қазіргі мектептегі оқытуда ұйымдастырудың негізгі формасы, оқытуды ұйымдастырудың басқа формалары, оқыту нәтижесін тексеру және бағалау, білімді жаңарту шарттары, жоғары мектеп дидактикасы мәселелері баяндалған.

Т.С.Садықов пен А.Е.Әбілқасымованың «Қазіргі дидактика» оқу құралы алғы сөзден, тоғыз тараудан және әдебиеттер тізімінен тұрады [7].

Бірінші «Дидактика – оқыту теориясы» атты тарауда дидактика туралы жалпы түсінік, дәстүрлі дидактикалық жүйелер, оқыту ұғымы мен мәні, оқыту – дидактикалық үрдіс; екінші «Тарихи кезеңдердегі дидактикалық жүйелер және оны дамытушылар» атты тарауда антикалық кезеңдегі дидактикалық теориялар және оның көрнекті өкілдері, ортағасырдағы білім беру жүйесі және оның дидактикалық сипаты, қайта өрлеу дәуіріндегі дидактикалық теориялар, дидактиканың дамуы: класс-сабақтық жүйеден дамыта отырып оқытуға дейін, Кеңес дәуіріндегі оқыту теориялары және оның көрнекті өкілдері, Қазақстанда білім беру жүйесінің дамуы және құнды ілімдер берілген; үшінші «Білім мазмұны» атты тарауда білім мазмұны түсінігі және оның мәні, білім мазмұнының қалыптасуындағы негізгі теориялар мен концепциялар, мемлекеттік білім стандарты, оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқу құралдары келтірілген; төртінші «Оқыту принциптері мен ережелері» атты тарауда оқыту принциптері туралы жалпы түсінік, көрнекілік принципі, саналылық және белсенділік принципі, түсініктілік принципі, ғылымилық принципі, жүйелілік және бірізділік принципі, беріктілік принципі, теория мен практиканың байланысы принципі ашылған; бесінші «Оқыту әдістері және құралдары» атты тарауда оқыту әдістерінің маңыздылығы, оқыту әдістерін топтастыру, оқыту әдістерін жетілдіру және қазіргі әдістер мен нәтижелі оқыту әдістері сипатталған; алтыншы «Оқытуды ұйымдастыру формалары» атты тарауда мектепте ұжымдық оқыту, оқу қызметін ұйымдастырудың фронтальды түрі, оқушылардың сабақтағы жұмысын ұйымдастырудың жеке формасы, оқыту жұмысын ұйымдастырудың топтық формасы, оқу үрдісін ұйымдастырудың қосымша формалары қарастырылған; жетінші «Сабақ – қазіргі мектептердегі оқу үрдісін ұйымдастырудың негізгі формасы» атты тарауда сабақ – біртұтас жүйе, оған қойылатын қазіргі талаптар, оның технологиясы және құрылымы, мұғалімнің сабаққа дайындығы, сабақты талдау жолдары көрсетілген; сегізінші «Қазіргі мектептегі оқытудың шығармашылық қызметі» атты тарауда шығармашылық – ізденімпаздық нәтижесі, шығармашылық сабақты әзірлеу, ұжымдық шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру, жеке ұжымдық шығармашылық жұмыстар, жеке шығармашылық оқыту, оқытудың дистанциялық түрлерін әзірлеу туралы, ал тоғызыншы «Оқыту нәтижелерін бақылау және бағалау» атты тарауында оқу үрдісін басқару және оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын қазіргі талаптар, бақылау-қадағалау әдістері, оқу іс-әрекеттерінің нәтижелерін бағалау мәселелері қарастырылған.

К.Ж.Төребаеваның «Педагогика (Дидактика)» атты оқу құралында оқыту үрдісінің мәні, оқытудың заңдылықтары, принциптері, мазмұны, әдістері мен құралдары, оқытуды ұйымдастыру формалары, оқытудағы диагностика мен бақылау мәселелері сипатталған [8].

Р.К.Бекмағамбетованың «Дидактика» атты оқу құралында педагогиканың дидактика бөлімі

бойынша төмендегідей сегіз лекцияның мазмұны жасалынған: педагогика ғылымы жүйесіндегі дидактика, оқыту үрдісі – тұтас жүйе, білім мазмұны, оқытудың заңдары, заңдылықтары, принциптері, әдістері, құралдары, қазіргі оқытуды ұйымдастырудың формалары, оқыту үрдісінің сапасына педагогикалық бақылау және оқудың мотивациясы [9].

Ш.Д.Дүйсембекованың «Дидактика» атты оқу-әдістемелік құралы кіріспеден, екі тараудан және әдебиеттер тізімінен тұрады [10].

Бірінші тарау «Оқыту теориясының негізі» деп аталып, онда дидактиканың шығуы мен дамуы, негізгі ұғымдары, оқыту теориясының дидактикалық, психологиялық, әдіснамалық негіздері, оқыту заңдылықтары және принциптері сипатталған.

«Білім беру мазмұны» атты екінші тарауда білім беру мазмұны туралы, оның мазмұнының тұлғалық-бағыты, әрекетінің мазмұны, жалпы орта білім берудің құрылымы, білімдарлық стандарты, базистік оқу жоспары, білімдарлық бағдарламалар және қазіргі оқулық мәселелері сөз болған, сондай-ақ, білімдарлық үрдіс және оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін есепке алу мен бағалау және педагогикалық технологиялар туралы қысқаша түсініктемелер берілген.

Е.Жұматаеваның «Жоғары мектеп дидактикасы» атты монографиясы екі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады [11].

«Жалпы дидактиканың тарихы, оның әдіснамалық және философиялық негізі» атты бірінші бөлімде дидактиканың тарихи-философиялық генезисі, жоғары мектепте студенттерді оқыту процесіндегі танымдық қызметінің мәні, маңызы, құрылымы, қозғаушы күші және бөлім бойынша тұжырым жасалынған.

Екінші «Педагогикалық негіздер» бөлімінде жоғары мектепте оқытудың педагогикалық технологиясы, жоғары мектепте студенттерді оқытудың қазіргі жағдайы, студенттерге дидактикалық білім берудің мүмкіндіктері, зерттеу мәселесі бойынша жұмыстардың нәтижесі, студенттердің танымдық деңгейліктерін бағалаудың диагностикасы, Құдайберді шығармашылығындағы дидактикалық негіздің философиясы, Жүсіпбек Аймауытов шығармаларындағы психологизм, «Жоғары мектеп дидактикасы дамуының негіздері» атты арнаулы курс бағдарламасы, пәннің тақырыптық жоспары, түсінік хат, дәріс, практикалық және зертханалық сабақтардың мазмұны, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесі, дайындау кезеңі, «Қызығушылық» фазасы, мағынаны ажырату және бөлім бойынша тұжырым берілген.

Т.С.Садықов пен А.Е.Әбілқасымованың «Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері» атты оқу құралы кіріспеден, үш тараудан және әдебиеттер тізімінен тұрады [12].

Бірінші тарау «Дидактика – оқыту теориясы» деп аталып, дидактика туралы жалпы түсінік, оның пәні мен міндеттері, оқыту принциптері, заңдары мен заңдылықтары, білім беруді стандарттау - жоғары мектептің негізгі міндеті; екінші «Жоғары мектептегі оқыту процесі – біртұтас дидактикалық жүйе» атты тарауда жоғары мектепте оқыту технологиясы, оқытуды ұйымдастырудың дидактикалық әдістері, оқыту мақсаттарын ұйымдастыру мен жүзеге асырудың дидактикалық әдістері, білім мазмұнын қалыптастыру көздері мен факторлары, оқыту әдісінің ұғымы мен мәні, оқытуды ұйымдастыру формалары туралы ұғым және оларды классификациялау, жоғары оқу орындарында оқытуды ұйымдастыру түрлері, оқыту құралдары туралы ұғым және оларды классификациялау, оқыту технологиясын әдістемелік жағынан қамтамасыз ету, жоғары оқу орындарындағы оқыту нәтижелерін бақылау және бағалау, оқу процесін басқару және оқыту нәтижесін бағалауға қойылатын қазіргі талаптар, бақылау әдістері, бақылаудың рейтингтік жүйесі, білімді бағалау, оқыту технологиясында студенттердің білімін бағалау; үшінші «Мамандар даярлауға қойылатын біліктілік талаптарын жобалаудың тұжырымдамалық негіздері» атты тарауда мамандарды кәсіби даярлау, жоғары білімді мамандарға қойылатын жаңа біліктілік талаптарын жобалаудың құрылымы мен кезеңдері, маманның бәсекеге қабілеттілігі - жоғары оқу орнының даярлау сапасының көрсеткіші анықталған.

Сонымен, жоғарыда мазмұндық талдауға алынған оқулықтар мен оқу құралдары болашақ мұғалімдердің дидактикалық даярлығын шыңдау, теориялық және әдістемелік білімдерін тәжірибеде тиімді қолданудың әдістемелік негіздерімен таныстырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Аймауытов Ж. Дидактика. Оқулық. - Орынбор, 1922.
2. Көшекбаев Н. Оқыту теориясы. Көмекші оқу құралы. - Алматы: Мектеп, 1976. – 128 б.
3. Қоянбаев Р.М. Білім беру және оқыту теориясы. Оқу құралы. - Алматы: ҚМПУ, 1990.
4. Сабыров Т. Оқыту теориясының негіздері. Оқу құралы. - Алматы: РБК, 1992. - 93 б.

5. Қоянбаев Р.М., Бекмағамбетова Р.Қ., Қыякбаева Ұ.Қ. Бастауыш мектеп дидактикасы. Әдістемелік құрал. – Алматы: Абай атындағы АІМУ, 2002. – 38 б.
6. Пфейфер Н.Э., Жұматаева Е.О., Бурдина Е.И. Основы современной дидактики. Учебное пособие. - Павлодар: ПГУ, 2006. - 147 с.
7. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Қазіргі дидактика. Оқу құралы. - Алматы: Ғылым, 2006. - 280 б.
8. Төребаева К.Ж. Педагогика (Дидактика). Оқу құралы. – Ақтөбе, 2007. – 238 б.
9. Бекмағамбетова Р.Қ. Дидактика. Учебное пособие. – Алматы: КазНПУ им.Абая, 2009. – 156 с.
10. Дуйсембекова Ш.Д. Дидактика. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2010. – 118 б.
11. Жұматаева Е. Жоғары мектеп дидактикасы. Монография. – Павлодар: ЭКО, 2006. – 316 б.
12. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері. Оқу құралы. - Алматы: Ғылым, 2003. - 168 б.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ Н.А.НАЗАРБАЕВТЫҢ ӘР ЖЫЛҒЫ ЖОЛДАУЛАРЫНДАҒЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ИДЕЯЛАРЫ

Иманбаева Сәуле Тохтарқызы-

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлттық тәрбие және өзін өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор

РЕЗЮМЕ

Статья рассматривает важность идеи Н.А.Назарбаева о формировании интеллектуальной нации в своих ежегодных посланиях. Также темы рефератов и задания для самостоятельных работ студентов.

SUMMARY

The article discusses the importance of the formation ideii Nazarbayev intellectual nation in their ezhegolnyh messages. Related Topics abstracts and reference for the independent work of students

Интеллектуалды ұлтты қалыптастыру Қазақстан Республикасы Президенті Н.А.Назарбаевтың әр жылғы Жолдауларында негізгі орын алады. Президент жолдауларында қамтылған ішкі және сыртқы саясат мәселелері, бәсекеге қабілетті мемлекет құруға бағытталған ұлттық идеялар, ұлттың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға зор ықпал етеді. Ел Президенті, халық үшін тәуелсіздіктің әрбір жылының мәні бөлек, маңызы айрықша болғаны белгілі. Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың жүздеген жылдармен өлшенетін арман-аңсарының жүзеге асқаны ақиқат.

Жолдаудың мазмұнына талдау жасау барысында Президент халықтың тәуелсіздігімізді нығайту жолындағы жасампаз істерін, қазақстандықтардың бірлігінің арқасында алмайтын асу, біз жеңбейтін кедергі жоқ екенін атап көрсетеді. Әр жылғы жолдауда қамтылған бағыттар интеллектуалды ұлтты қалыптастыруға қажетті индикаторлардың дамуына аса мән беріледі.

1997 жылғы «Қазақстан - 2030» Стратегиясы - «Барлық Қазақстандықтардың ауқатының жақсаруы, қауіпсіздігі мен өркендеуі» атты жолдауы Ел Президентінің қазақ еліне жолдаған алғашқы жолдауы қазақстан халқының 30 жылда алар асуын белгілеп беріп отыр. Сонымен қатар, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясын жоспарлаған тарихи құжат болып табылады.

«Қазақстан - 2030» Стратегиясында бағдарланған бағыттары орындалды деп есептеуге болады, яғни 2012 жылы қазақстан бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енгенін әлемдік деңгейде бағаланды [1].

1998 жылғы «Мемлекеттің жағдайы мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: жаңа жүзжылдықта қоғамның демократизациялану, экономикалық және саяси реформа» атты жолдаудағы мемлекеттің даму үдерісі мен ішкі және сыртқы саясат барысында атқарылған жұмыстары мен болашақ бағдары көрсетіледі. Қоғамдағы демократиялық, экономикалық үдерістер, саяси реформалардың іске асу бағыттары нақты айқындалып берілген.

1999 жылғы «Жаңа жүзжылдықта мемлекеттің тұрақтылық пен қауіпсіздігі» атты жолдауында қоғамдағы тұрақтылықты сақтаудағы қазақ халқының ерен істері, ұлттық және жалпыадамзаттық қауіпсіздікті, әлемдік тыныштықты дамытудағы үлесін көрсете отырып, мемлекеттің алдына қойған бағыттарын ашып көрсетті.

2000 жылғы «Тәуелсіз, тиімді және қауіпсіз қоғамға» атты жолдауында қазақ елінің тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктері мен табыстары, алыс және жақын шетелдермен жүргізіліп отырған саясаттың маңызы, қоғамдағы тыныштық пен қауіпсіздік мәселесі қамтылған.

2001 жылғы «Мемлекеттің жағдайы және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» жолдауындағы Қазақстан азаматтарының әл ауқатының өсуі – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты екені нақты көрсетілген. Тәуелсіз Қазақстанның шежіресі, оның жаңа тарихы маңыздылығы, жаңа мемлекетті құру, оның қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі халықтың ерлігі атап өтілген. Ашық нарықтық экономика мен демократиялық даму, жаңа экономикалық қатынастар, жаңа елорда Астананы салу жөніндегі жалпыұлттық мақсаттардың іске асуы қарастырылады.

Әлеуметтік-экономикалық даму саласында 2010 жылға дейін төмендегідей негізгі мақсаттарды алға қояды: жекелеген секторларда орнықты әрі басқалармен бәсекелесе алатындай экономиканы қалыптастыруды жалғастыру; ішкі жалпы өнімнің көлемін, кем қойғанда, екі есе көбейту; экономиканың аса маңызды салаларында ұлттық капиталдың үлесін арттыруға қол жеткізу; азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыру.

Саяси және мемлекеттік құрылыс саласында алдағы онжылдыққа төмендегідей міндеттер қойылды: биліктің үш тармағының өзара іс-әрекет жасауының тиімді жүйесін құруды жалғастыру; мемлекеттік басқаруды бір орталықтан жүргізуді тоқтатуды жоспарлы түрде жүзеге асыруды қамтамасыз ету; сайлау процесінің тегіктерін одан әрі жетілдіре түсу; саяси партиялар мен азаматтық қоғам институттарын одан әрі дамытуға, ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін кеңейтуге септесу.

Сыртқы саясат және елдің қауіпсіздігін нығайту саласында төмендегідей мәселелерді шешуге бағыттайды: ықпалдасуды одан әрі дамытуды қамтамасыз ету, Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы рөлін күшейту; аймақтық қорғаныстың тиімді жүйесін қалыптастыруға белсене ат салысу; әскери реформаны аяқтап, осы заманға сай Қарулы Күштерді қалыптастыруды жалғастыру; шекара және ішкі әскерлерді нығайту; шекараның ұзына бойында делимитация процесін аяқтау және басқа да трансшекаралық проблемаларды шешу үшін тиімді шаралар жасау; елдің экономикалық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты күшейте түсу.

2002 жылғы «Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы» жолдауында қазақ елінің экономикалық өсу, рухани-адамгершілік құндылықтардың дамуы, мемлекеттік басқару, әкімдерді сайлау, алқабилер институтын енгізу, Парламент пен Үкімет арасындағы тұрақты диалог, «Баламалы әскери қызмет» туралы заңнаманы дайындау және енгізуді негізгі мәселе тұрғысынан қарастырылады. Қазақстандағы әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты екенін көрсетіледі. Инфрақұрылымдарды дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу.

Индустриалдық және аймақтық саясатты жетілдіру, акционерлік қоғамдардың қызметі, бағалы қағаздар рыногын реттеу, азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу, сыртқы саясат және елдің қауіпсіздігін нығайту, Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы рөлін күшейту, елдің экономикалық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Әлеуметтік саладағы маңызды бағыт білім беру жүйесін жетілдіру мәселелері жан-жақты ашылады.

жолдауындағы 2003 жылғы «2004 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары» әлемдік экономикаға интеграциялану, индустриялық-инновациялық даму, аграрлық саясат, адам ресурстарын дамыту.

Қазақстандықтар әлемдік бәсекелестіктің күрделі және ауыр процесінде табыстарға жетуі, рухы күшті тұлғаны қалыптастыру, ұлттық білімнің әлемдік кеңістікке кіріктірілуі мәселелері жан-жақты қамтылып отыр. Ұлттық бәсекелестік қабілеті дамытуда білімнің алар орны, бәсекеге қабілетті экономика, сыртқы саясат және қауіпсіздік. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету және денсаулық сақтау мәселелері негізгі орынға қойып отыр.

2004 жылғы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» жолдауындағы экономиканы одан әрі ырықтандыру және жүйелі реформаларды жалғастыру арқылы бәсекелестікті дамыту, ұлттық экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігіне, оны әлемдік экономикаға интеграциялау.

Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру. Мектепте жоғары сатыда бейінді оқыту он екі жылдық білім беруге көшу мәселесі. Білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасын нығайту. Бала бақшалар жүйесін қалпына келтіру. Білім беру жүйесін реформалаудың нәтижелері жаңа сатыдағы педагогты дайындау.

Көптілді білімі бар педагогтар үшін қызмет орындарына ерекше назар аудару. Көптілді білімі бар

педагогтарды дайындау және қамтамасыз ету. Қазақстандағы мектеп әлемдік стандарттар деңгейіне көтерілуі. Кәсіптік-техникалық білім. Техникалық және кәсіптік білімнің рөлін жаңаша тұрғыда қарастыру мәселесі қамтылды.

2005 жылғы Ел Президентінің «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты жолдауында Қазақстанның жеделдетілген экономикалық және әлеуметтік прогресі, инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыту, шағын және орта бизнес туралы, ХХІ ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау, ана, бала, аға ұрпақ сабақтастығы, тұрғын үй мәселелері, рухани даму мен конфессиялар аралық келісім, Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі, саяси реформалардың жалпы ұлттық бағдарламасы, халықтың туған Қазақстан үшін жауапкершілігі қамтылады.

Ерекше тоқталып кететін мәселе, осы жолдауда Президент барлық күш-жігерін елімізді әлем алдында биік деңгейге көтеруді алға қояды:

- мемлекеттілікті нығайтуға, Қазақстанды осы заманғы демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде дамытуға;
- еліміздегі және өңірдегі бекем тұрақтылықты нығайтуға; өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға;
- жаһандану талаптарына сәйкес экономиканы серпінді дамытуға және шикізаттық емес секторларды ілерілетуге баса ден қоя отырып, жаңа технологияларды дамытуға;
- білім беруді, кәсіптік даярлық пен әлеуметтік саланы 21 ғасырдың деңгейіне көтеруге;
- азаматтық қоғамды дәйекті дамыта беруге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге;
- қазақ халқының моральдық және рухани құндылықтарын одан әрі дамыта беруге;
- діни негіздегі жатсынбаушылық пен конфессиялар аралық келісімді қамтамасыз етуге;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске;
- лаңкестікке, есірткі саудасына, кез келген түрдегі экстремизмге қарсы жаһандық күреске бағытталады.

2006 жылғы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты жолдауындағы бәсекеге қабілетті ашық нарық экономикасын құру. Ана мен баланы, жастарды қамқорлық пен ілтипатқа бөлейтін әлеуметтік бағдарланған қоғам, ел халқының барлық топтары тұрмысының жоғары сапасы мен алдыңғы қатарлы әлеуметтік стандарттармен қамтамасыз ететін қоғам құрудағы іс - әрекеттер. Еркін, ашық әрі демократиялық қоғам, құқықтық мемлекет құру. Барлық діндердің тең құқылығы, Қазақстанда конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету.

Қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, жетілдіру. Ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз ету. Ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін академиялық орталықтар мен оқу орындарын құрудың қазіргі таңда іске асуы.

Аталған жолдауда әлемдік рейтинг кестесінің жоғары бөлігіне іліккен елдер тобының ішінен орын алуға мүмкіндік беретін басты жеті басымдықты атап көрсетеді:

Біріншіден, өркенді де өршіл дамып келе жатқан қоғамның іргетасы тек қана осы заманғы, бәсекеге қабілетті және бір ғана шикізат секторының шеңберімен шектеліп қалмайтын ашық нарық экономикасы бола алады. Бұл — жеке меншік институты мен келісім-шарттық қатынастарды құрметтеу мен қорғауға, қоғамның барлық мүшелерінің бастамашылығы мен іскерлігіне негізделген экономика.

Екіншіден, біз аға ұрпақты, ана мен баланы, жастарды қамқорлық пен ілтипатқа бөлейтін әлеуметтік бағдарланған қоғам, ел халқының барлық топтары тұрмысының жоғары сапасы мен алдыңғы қатарлы әлеуметтік стандарттарын қамтамасыз ететін қоғам құру.

Үшіншіден, еркін, ашық әрі демократиялық қоғам орнату.

Төртіншіден, дәйекті түрде саяси тежемелік пен тепе-теңдіктің үйлестірілген жүйесіне негізделген құқықтық мемлекет құрып, оны нығайта беру.

Бесіншіден, біз барлық діндердің тең құқылығына кепілдік беру және Қазақстанда конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету. Исламның, басқа да әлемдік және дәстүрлі діндердің озық үрдістерін құрметтеп әрі дамыта отырып, осы заманғы зайырлы мемлекет орнату.

Алтыншыдан, біз қазақ халқының санғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлету. Ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз ету.

Жетіншіден, елімізді халықаралық қоғамдастықтың толық құқылы және жауапты мүшесі ретінде қарастыру, геосаяси тұрақтылықты және өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында қазақстандықтардың өмір сапасының артуы, қазақстан экономикасы мен өз мемлекеттілігінің берік іргетасын құра отырып, дамудың жаңа кезеңіне сенімді қадам басуы, бәсекеге қабілеттілік – Қазақстанның әлемдік экономика мен қоғамдастыққа табысты кірігуінің кілті, қазақстандық патриотизм мен саяси ерік - жігер – жаңа қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары екеніне басымдықтар беріледі.

Жолдауда жаңа кезеңнің негізгі міндеттері айқындалған:

Бірінші міндет – экономиканың тұрлаулы дамуын жай қамтамасыз етіп, ұстап тұру емес, оның өсуін басқару.

Екінші міндет – өңірлік экономикада сапалық жаңа табыстарға жету және жаһандық экономикаға толыққанды қатысуды қамтамасыз ету.

Үшінші міндет – өндіруші сектордың тиімділігін арттыру.

Төртінші міндет – өндірістің шикізаттық емес секторының дамуын, экономикалық әртараптандырылуын қамтамасыз ету.

Бесінші міндет – өңірлік және жаһандық экономикадағы өзіміздің жаңа рөлімізге сәйкес осы заманғы инфрақұрылымды дамыту.

Алтыншы міндет – осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, “парасатты экономиканың” негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту.

Жетінші міндет – атаулы әлеуметтік қолдау және әлеуметтік саланы нарық қағидаттары негізінде дамыту.

Сегізінші міндет – дамуымыздың жаңа кезеңінің ығытына сәйкес саяси жүйені жаңғырта жанарту.

2008 жылғы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты жолдауында Қазақстан жан-жақты экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолындағы сенімді қадамына тоқтала отырып, әлеуметтік инфрақұрылым нығайуы, демографиялық өсу, мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының жүзеге асуына жан-жақты тоқталады. Мемлекеттің халықаралық мұнай және энергетика рыноктарына ықпалды және жауапты қатысушы ретіндегі ұстанымына тоқталады.

Жолдауда Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесі мен өкілеттілігі, Қазақстандағы тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім мәселелері ашылады. Бүгінгі заманға сай білім алуға және озық технологияларды игеру. Үкіметтің “Тілдердің үш тұғырлылығы” мәдени жобасын іске асырылуы. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігі негізгі бағыттар болып нақтыланады.

“Дені сау ұлт” үшін инфрақұрылымдарды дамытудың маңызы, дені сау ұлт – жалпыұлттық міндетке жатаыны, мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасына жалға берілетін тұрғын үй құрылысын дамыту мәселесі енгізіледі.

2009 жылғы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты жолдауында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, тұрғын үймен қамтамасыз ету, жұмыспен қамту, әлеуметтік жұмыс орындарын кеңейту және жастар практикасын ұйымдастыру, халықты жұмыспен қамту, еңбекақыны көбейту, еңбек рыногын дамыту, әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту, сенімділік, жеке белсенділік, төзімділік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға бағытталған іс - шараларды жетілдіру мәселесі қаралды.

Жолдауда ұлттық кадр мәселесі негізгі орын алды. Кадрларды қайта даярлау және қайта оқыту жөніндегі жүйелік жұмыс мынадай мақсаттарды іске асыруға баса назар аударылды: жаңа мамандық бойынша жұмыс істегісі келетін әрбір адамның оқу мүмкіндігі болуы; экономиканың еңбек ресурстарына деген болашақ сұраныстарын, ең алдымен, ауыл шаруашылығында қамтамасыз ету; шетелдік жұмысшыларды отандық кадрлармен біртіндеп алмастыру.

2010 жылғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауда ұлттық және трансұлттық компаниялардың мемлекеттік сатып алуларындағы “қазақстандық үлестің” болмаған өсіміне қол жеткізуі, «Жол картасының» іске асуы, жедел индустрияландыру және инфрақұрылымды дамыту арқылы экономиканың тұрақты өсуіне қол жеткізу, адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін болашаққа белсенді инвестициялау, Қазақстандықтарды сапалы әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету, ұлтаралық келісімді нығайту, ұлттық қауіпсіздікті арттыру, халықаралық қарым-қатынасты одан әрі дамыту.

2011 жылғы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты жолдауында ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына қадам басу барысында қол жеткізген табыстарына тоқтала отырып, тәуелсіздік жылдарындағы білім беру жүйесінің модернизациялау,

денсаулық саласының сапалық өсуі, шетелдік инвестициясын тарту мәселелері қамтылады. Ел ордасы Астанада ғылым мен білім индустриясының жаңа ғасырдағы орталығы болатын инновациялық білім ордаларының салынуы, білім ордалары, зияткерлік мектептердің ашылуы, «Назарбаев-университет» т.б. білім ордаларының ұлттық білім беру жүйесінің дамуына қосқан үлесі. Бірінғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі, тілдерді дамыту. Тұрғын үймен қамтамасыз ету, сапалы ауыз су мәселесі, еңбек ақыны көбейту - сапалы өмірдің кепілі екені қарастырылады.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың әр жылға халыққа жолдауларынан экономиканың өскенін, халықтың әл-ауқатының жылдан-жылға көтерілгенін, халықаралық құрметті еріптеске айналғанын көруге болады.

ЕҚЫҰ төрағасы Соломон Пассиманның «соңғы жылдары Қазақстанда демократиялық реформалардың айрықша ілгері басқаны байқалып отыр» деп баға беруінің өзі, Қазақстанның әлемдік дамыған мемлекеттер қатарында көрінуіндегі нақты бағасы деп білуге болады.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың әр жылғы халыққа жолдауында қамтылған мәселелер, "Қазақстан-2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыт-бағдары" атты жолдауы «Интеллектуалды ұлт -2020» ұлттық бағдарламасында қамтылған интеллектуалды ұлтты қалыптастыру бағыттарына толықтай жауап беретін, интеллектуалды ұлтты қалыптастыру, дамыту индикаторларының жылдан - жылға өсуін нақты көрсеткіштермен айқындаған тарихи құжат болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасы. /Айқын. 2008.
2. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Ақиқат. №1, 2013. – 5 - 27 бб.
3. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы (Орыс және қазақ тілдерінде). - Алматы. «Ұлағат», 2013. 36 б. /Академик С.Ж. Пірәлиевтің басшылығымен/
4. Формирование интеллектуального потенциала нации в условиях высшей школы. /Под редакции академика С.Ж.Пирәлиева/. Сборник научных трудов. Алматы. «Ұлағат», 2012. – 336 с.
5. Ressei. The Human Quality. — Oxford; New York: «Pergamon Press», 1977. - ISBN 0-08-021479-7. (В русском переводе: А. Печчеи. Человеческие качества. — М.: «Прогресс», 1980. — 302 с. Переиздание: А. Печчеи. Человеческие качества. — М.: «Прогресс», 1985. — 312 с.).

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО И ЭСТЕТИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ СТУДЕНТОВ

Саудабаева Г.С., Кошкарлова Ш.З., Кошкарлова П.З.-

КазНПУ им.Абая, КГУ им. Коркыт Ата, СШ №56 (Кызылординская область)

RESUME

The main problem in this article is improving the meaning technological and esthetical education of students.

Technological knowledge of students in the context of tasks of esthetical will. As if the main aim is to consider self realization of identity in a cultural development, self-realization of esthetical skill, ideal, tests, development of individual qualities and abilities is pointed, which market relating public school is not odd to give.

The profession to its alumnus, but to form technological and esthetical per feet identity, in order to choose and realize choice of profession.

RESUME

The main problem in this article is improving the meaning technological and esthetical education of students.

Technological knowledge of students in the context of tasks of esthetical will. As if the main aim is to consider self realization of identity in a cultural development, self-realization of esthetical skill, ideal, tests, development of individual qualities and abilities is pointed, which market relating public school is not odd to give.

The profession to its alumnus, but to form technological and esthetical per feet identity, in order to choose and realize choice of profession.

На современном этапе социально-экономического развития общества, когда возникла необходимость подготовки специалистов, соответствующих условиям перехода от индустриального к постиндустриальному этапу развития, профессиональное самоопределение школьников рассматривается как важнейшая целевая ориентация современного школьного образования.

Социально-экономическая модернизация государства требует от общеобразовательной школы создания условий для эффективного профессионального самоопределения учащихся, развития их индивидуальных качеств и способностей адекватно и ответственно относиться к проблеме профессионального самоопределения [1].

Технологически образованным студентам, будущим учителям технологии, необходимо знать, что многое из того, чем руководствовались педагоги прошлых лет в процессе реализации идеи трудового, политехнического образования в средней школе, в последние четверть века, сегодня кажется не столь непреложным и незыблемым. При этом все чаще отвергается как ошибочное представление о том, что из любого нормального ребенка можно вылепить что угодно, способствуя приобретению последним сложной и наукоемкой профессии. Только этого школьника необходимо заинтересовать не только важностью этой профессии, но и перспективой роста его карьеры и заработной платы. В связи с этим необходимо помнить в первую очередь о том, что любой школьник, прежде всего - личность. А эстетически развитая личность реализуется на практике в процессе различных видов учебно-творческой деятельности, в том числе и трудовой. Поэтому если рассматривать технологическое образование студентов в контексте задач эстетического воспитания, то его главной целью следует считать самореализацию личности в культурном развитии, самосовершенствовании эстетического сознания, идеалов, потребностей, вкусов, развитие ее индивидуальных качеств и способностей.

Нами сделаны прогнозы обновления содержания технологического образования студентов в усилении его эстетической направленности на примере использования средств композиции национального костюма (рисунок 1).

Итак, выделим несколько приоритетных факторов в будущей деятельности студентов в предметном обучении «Технологии». Будущему педагогу необходимо знать, что усвоение эстетического содержания




Рисунок 1 - Содержание эстетических знаний студентов о композиции национального костюма.

предмета «Технология» обеспечит учащихся, в первую очередь, следующими практически необходимыми умениями и навыками:

- сознательно и творчески выбирать оптимальные способы трудовой и эстетической преобразовательной деятельности из массы альтернативных подходов с учетом ее последствий для природы и общества;
- мыслить системно, комплексно в области своего избранного профиля;

- уметь самостоятельно выявлять и удовлетворять свои эстетические потребности в практической конструкторско-технологической деятельности;

- непрерывно овладевать новыми эстетическими и технологическими знаниями и применять их в качестве средства для своего развития и преобразовательной деятельности.

Если расшифровать выше приведенные положения на языке требований к данной дисциплине, то они будут выглядеть следующим образом: экономическое, экологическое, информационное образование и методическое обеспечение, теория методов решения творческо-конструкторских задач, эстетическое образование в сочетании с дизайнерскими навыками, функционально-трудовой анализ стоимости и предпринимательства, маркетинг и менеджмент. Теперь основной акцент в работе педагога будет направлен на развитие познавательных и творческих способностей личности учащихся, эстетическое воспитание. При этом свое внимание будущий учитель должен будет обращать на программные установки, сделанные в этом направлении.

Учитель технологии, побуждая учеников сознательно и творчески разрабатывать новые изделия, должен явственно видеть ту разницу, которая пока ими плохо воспринимается при произнесении слов, связанных с их будущей деятельностью как продуктивной, так и репродуктивной по характеру.

Современный специалист, будущий учитель технологии, должен понимать ответственность за то, как реализуется эстетическое воспитание и творческий потенциал в предметном обучении, которым обладает, в принципе, каждый его ученик и как будет сформирована психологическая и практическая готовность к активной самостоятельной трудовой творческой деятельности.

Итак, резюмируем. При рыночных отношениях общеобразовательная школа не должна обязательно давать своим воспитанникам профессию, но должна формировать технологически и эстетически грамотную личность, готовую правильно осуществить выбор профессии, осознать значение мобильности профессиональных функций в условиях научно-технического прогресса и конкурентной борьбы. Успешность формирования такой личности определяется не столько содержанием трудового обучения, сколько его направленностью, подчиненностью определенным задачам, установленным приоритетам. Этим же приоритетам должна быть подчинена, по нашему мнению, и подготовка самого студента.

Поскольку человечество подошло к черте, когда его деятельность оценивается, прежде всего, по ее социальным, экологическим, экономическим и другим последствиям, то для подобных комплексных подходов к выбору способа деятельности, для реализации именно такого, а не прежнего технократического решения требуется иная идеология, другой взгляд на порядок вещей, если угодно — отличающееся мышление [2;3].

Вот почему, не отвергая в принципе той базы, которую создала на основе политехнического принципа прежняя система трудовой подготовки, образовательная область «Технология» вносит целый ряд принципиальных новаций. Назовем их.

1 «Технология» как образовательная область синтезирует знания математики, физики, химии, биологии и других научных дисциплин. Но они, эти знания, рассматриваются как фактор развития промышленности, энергетики, связи, сельского хозяйства, транспорта и других сфер деятельности человека. Показ востребованности этих знаний, их применимости при трудовой деятельности очень важен: школьники проникаются пониманием значения качества собственной подготовки.

2 Одной из задач обучения становится формирование творчески думающей, активно действующей, легко адаптирующейся и эстетически воспитанной личности. При этом, возможно, впервые в истории отечественной школы прямо заявляется, что эта задача перекладывается на самих школьников. Они должны осознать ответственность за собственную подготовку к будущей жизни, за успешность самоопределения в ней.

3 Когда ученик начинает понимать, где, как и почему используемые им знания составляют требуемое целое, когда он ощущает способность понять, проанализировать и интерпретировать факты в области экономики и производства, у него появляются качества активного участника процесса познания. Это уже не объект, пассивно воспринимающий информацию (что чаще всего имело место в традиционной системе трудовой подготовки), а индивидуум, способный планировать и осуществлять свою деятельность в направлении наивысшего личного результата, соответствующего его потенциальным возможностям.

4 Принципиален подход к системе обучения: не узкопредметный, а интегративно ориентированный, проектно-созидательный.

При этом включение учащихся в процессы проектирования, конструирования и моделирования, реализации проекта с последующей оценкой достигнутого результата деятельности становится обязательным фактором взаимодействия учителя и учеников. Проектно-творческий метод следует

рассматривать как основной связующий элемент образовательной программы, ее сердцевину.

Таким образом, технологическое образование предполагает сознательное овладение обучаемым системой методов и средств преобразовательной деятельности по созданию материальных и духовных ценностей, формирование технологической культуры. Оно также предусматривает изучение современных и перспективных энерго- и материалосберегающих, безотходных технологий преобразования материалов, энергии и информации в сферах производства и услуг с использованием ЭВМ, учет социальных и экологических последствий применения принятой технологии, использование психологии общения и культуры человеческих отношений в повседневной деятельности, определение потребностей в конкретной продукции и возможностей ее реализации. Тогда и понятие «подготовка школьников к будущей самостоятельной трудовой жизни» приобретает требуемое наполнение и становится ясной стратегия единого образовательного пространства, ее нацеленность.

Это веление времени, и оно исходит из нормативных документов, определяющих образовательную политику в стране. Такой подход является актуальным не только для нашей казахстанской школы, но и практически приемлем для любого развитого общества в демократическом светском государстве, что, естественно, предполагает определенные требования конструктивного плана к образовательным системам. Об этом говорят многочисленные публикации специализированных журналов, доклады на международных конференциях и симпозиумах. Обо всем этом написано в руководствах специально подготовленных аналитических материалах разных образовательных центров и ассоциаций для общественности и правительственных органов, руководителей и создателей образовательных программ, творческих работников.

В настоящее время новый подход к организации образовательного процесса в мировой практике реализуется через модель компетентностного, инновационного и опережающего образования, ориентированного на результат. Необходимость ее освоения в Казахстане остро ощущается в контексте проводимых кардинальных организационных, структурных, идеологических преобразований, обновления содержания образования, повышения требований к качеству подготовки специалистов в соответствии с социально-экономическим и политическим этапом развития республики и глобальными интегративными явлениями в мировом образовательном пространстве.

Анализируя ряд принципиально новых и важных позиций для системы образования, принятых в последнее время в качестве направлений государственной политики, можно отметить, что они определяли стратегические пути модернизации образования страны как открытой саморазвивающейся системы. Поэтому с уверенностью можно предположить, что они позволят активизировать творческий потенциал педагогического корпуса для реализации идеи по формированию качественно новой республиканской модели образования, ориентированного на конечные результаты в виде системы базовых образовательных и социальных компетенций.

Список использованных источников

1. Саудабаева Г.С. Научно-педагогические основы профессионального самоопределения школьников в современных условиях. Монография – Алматы: Алишер, 2010. – 279 с.
2. Гершунский Б.С. Готово ли современное образование ответить на вызовы XXI века? // Педагогика. - 2001. - № 10. - С. 3-10.
3. Вульфсон Б.Л. Образование в развитых капиталистических странах. / В сб.: Образование в современном мире: состояние и тенденции развития. - С. 63-97. - М.: Педагогика, 1986. - 248 с.
4. Кошкарлова Ш.З. Педагогические условия технологического образования студентов к эстетическому воспитанию старшеклассников средствами национального костюма. Дисс.канд.пед.наук.: 13.00.01.Шымкент,2010.-164 с.

БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ МАРКЕТИНГ ЕРЕКШЕЛІГІ

Г.С. Саудабаева, п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ,
З.Д.Тәжиева, э.ғ.к, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ
Г.Ш. Альназарова п.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

Резюме

В статье рассмотрены основные цели маркетингового исследования образовательных услуг и

возможные стратегии маркетинга с различными вариантами тактических решений конкретных рыночных проблем.

Summary

The article describes the main purpose of the marketing research of educational services and the possible marketing strategies with various tactical solutions to specific market challenges.

Білім беру саласындағы маркетинг деп, ең алдымен білім саласындағы қызметтерге халық сұраныстарының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған нарықтық қызметтің ерекше түрін түсіну керек. Қазіргі кезде білім беру қызметтерінің маркетингінің дамуы өте маңызды, себебі зияткерлік потенциал, қоғамның ұлттық байлығын көбейтудің шешуші факторы бола бастады. Қазіргі білім беру жүйесі қызметінің арқасында әлемнің экономикалық дамыған елдері осы уақытта ҰЖТ-ның 40% дейін өсуін қамтамасыз ете бастады.

Дегенмен, республиканың білім беретін кешенінде маркетинг жүйесі, өкінішке орай, кең тарала алмай отыр. Жалпы білім беру мекемелерінде маркетингі қолданудың үш деңгейі айқын көрінеді:

Жоғарғы деңгейге білім беру мекемелерінің салыстырмалы кішігірім тобы жатады, олар - нарықтық басқарудың маркетингтік тұжырымдамасына бағдарланған және коммерциялық бастауларда ұйымдастырылған қызметі бар мекемелер.

Екінші деңгейге білім беру қызметіндегі нарық конъюнктурасын пайдаланатын білім беретін мекемелер жатады, олар маркетингтік қызметтің тек жеке құрама бөліктерін, яғни сұранысты зерделеу мен жаңа мамандықтар бойынша мамандар дайындауды ұйымдастыру, төлем деңгейін анықтау және тағы басқа қызмет түрін атқаратындар.

Төменгі деңгейге маркетингтің жеке элементтерін ғана яғни жарнама, білім беру саласындағы қосымша қызметке сұранысты зерделеу қызметтерін орындайтын мекемелер жатады.

Неліктен маркетинг жүйесі біздің білім беру саласында өз деңгейінде тарала алмады? Біріншіден, білім беру мекемелерінде нағыз нарықтық қатынастардың жоқтығымен байланысты. Кәсіпкерлердің көпшілігі нарықтық басқарудың теориялық және практикалық білімдері мен дағдыларына қажет деңгейде ие бола алмайды. Әрине, бұл сипаттама оқу мекемелері жетекшілері мен білім беруді басқару органдарына да қатысты болады.

Екінші себеп ретінде, ресурстар мен қызметтердің ерекшелігін, өндірушілер қарым-қатынастарының және білім беру қызметтерін тұтынушылардың ерекше сипатын, білім беру саласының ерекшеліктерін қарастыруға болады. Оқу-тәрбие мекемелерінің басым бөлігі мемлекеттік меншіктегі мекемелер болып келеді. Мемлекет білім беру қызметтерінің негізгі және монополиялық сатып алушысы ретінде қызмет атқарады. Ол, сонымен қатар, тұтынушы мен өндірушілер арасында делдал қызметін орындайды. Әлбетте, осының бәрі білім беру саласындағы қалыпты нарықтық қатынастардың қалыптасуын баяулатады, білім беру қызметінің айқын нарықтық дамуын тежейді.

Білім беру қызметі нарығының дамуы, халықтың әр түрлі әлеуметтік тап өкілдерінің білім беру саласына жаңа талаптар қоюымен байланысты. Бұл талаптар біріншіден, жалпы орта білім беру мазмұнын көп деңгейлі игеру мүмкіндігіне, екіншіден, білім беру мазмұнындағы дифференциацияның дамуына, үшіншіден, жалпы орта білім беру мазмұнына принципті жаңа оқу пәндерін даярлау және қосуға (әлеуметтану, экология, экономика, менеджмент, құқықтану және басқа) және, төртіншіден, оқу және тәрбиенің жаңа түрлері мен формаларын ұйымдастыру мүмкіндігіне байланысты.

Білім беру саласындағы маркетинг бір мезгілде алуантүрлілігімен және өзіндік ерекшелігімен айқындалады, яғни түрлі өндірістегі кең ассортиментті: білім беру, тәрбие, ғылыми қызметтердің ерекшелігімен анықталады.

Оқу орындарындағы жетекшілерге материалдық түрдегі тауарлармен емес, педагогикалық қызметтерден ажырағысыз және сезілмейтін қызметтермен жұмыс істеуге тура келеді. Сондықтан, білім беруде маркетинг кешенінің құрама бөліктері болып: сұранысты зерделеу, қызмет көрсету бағасы, қаржылық ресурстарды қалыптастырудың әдістері, үлестіру және ынталандыру сияқты қызметтері қалыптасады.

Маркетинг қызметінің білім беру мекемелеріндегі ерекшеліктеріне жатқызатын түрлі көлемдегі және мазмұндағы ұйымдастыру жұмыстары жатады. Олар:

білім беру ортасын талдау;

білім беру қызметін, конъюнктурасын, сұранысын, тұтынушының реакциясын нарықтық үрдіс негізінде стратегиялық болжамдарының жаңа ұсыныстарын әзірлеу;

ішкі білім беретін ортаны талдау;

-факультативтер, арнайы семинарлар, таңдау бойынша пәндер, курстар, үйірмелер, секцияларды ашу (қысқарту, тоқтату), кеңейту туралы ұсыныс әзірлеу;

-тапсырыс берушілермен, тұтынушылармен білім беретін мекеменің қарым-қатынастарының даму үрдісін талдау, жеке алғанда, ЖОО-мен, шағын ауданның өндірістік секторы, фирмалармен және тағы басқалар;

-қолданыстағы стандарт, ереже және шарттардың сапасына және ұсынылған білім беру қызметтерінің мазмұнына сараптама және ақпараттық-аналитикалық мәліметтерінің жинақталуы;

-нақты білім беру мекемесі жағдайында қажетті заттық - әдістемелік қамтамасыз ету қызметтерін дәлелдеу;

тұтынушының болжамдық сұранысына негізделген, жедел қажетті білім беру қызметтерін жоспарлау;

-қажетті қызметтердің ұсынылымдарының (экономикалық, кадрлық, зияткерлік және тағы басқалар) шарттарын дәлелдеу және есептеу;

-мекемелердің өзара іс-әрекетінің тиімді жүйесі және берілетін білім беру қызметтері мәртебесінің құқықтық қамтамасыз ету (дер кезінде лицензиялау, аттестация, қаржылық есеп құжаттамасын қалыптастыру және тағы басқалар);

-нарық талаптарына сәйкес мамандарды дайындау жүйесін қалыптастыру;

-жарнамалық-ақпараттық қызмет;

сұранысты қалыптастыру және білім беру қызметтерін жылжытуды ынталандыру;

-бағаны жоспарлау;

-тұтынушыларға білім беру қызметтерін жақындататын тиімді жүйе ойластыру;

тұтынушылармен - ата-аналармен, ЖООмен, мекеме және тағы басқалармен өзара іс-әрекет туралы шарт жасау;

білім беру мекемелерінің құқықтары және жауапкершіліктерін анықтау үшін білім беретін қызметтердің тұтынушыларымен еңбек келісімдерін жасау;

тұтынушымен кері байланыс жүйесін дамыту;

қызмет көрсету сапасын бақылау жүйесін жасау;

Бұл маркетингтік қызметтер ұсыныс бойынша қызметтің түрлерін және нарық қызметіндегі тауардың жылжуын ғана анықтайды.

Әрине, білім беру мекемелеріндегі маркетингтік қызмет – басшының әрекетінің шынайылығымен көрінеді. Білім беру қызметін тұтынушыларды әлеуметтік қорғай отырып, сол мекеменің даму болашағын да ойластырған жөн. Ол үшін қажеттілікті қалыптастыра отырып, тұтынушы қалауын ескеру керек.

Сонымен қатар, білім беру мекемелеріндегі маркетинг қызметін жүзеге асырудың маңызды кезеңі маркетинг зерттеулерін жүргізу болып табылады.

Маркетингтік зерттеулерде жинау, өңдеу және қажетті маркетинг шешімдерін қабылдау үшін ағымдағы мәселелерді зерттеу мақсатындағы мәліметтерлерді талдау жүзеге асады. Маркетинг зерттеуінің негізгі мақсаттары:

анықталмаған мәліметтерді азайту және басқару шешімдерін қабылдаудағы тәуекелді төмендету;

маркетинг тапсырмаларын өткізудің үдерісін қадағалау.

Сонымен білім беру қызметінің маркетингтік зерттеулерінің объектілері ретінде төмендегі жағдайларды қарастыруды ұсынамыз:

Білім саласындағы қызметтермен нарықтық айырбастың сипаттамасы (айырбастың нақты объектілері және оның қатысушыларының арасындағы экономикалық қатынастар) және білім беру қызметтеріндегі сұраныс және ұсыныстың сандық параметрлері (нарықтың шегі және оның сегменттері, сыйымдылығы, соның ішінде потенциалдық білім алатындар саны бойынша және білім беру қызметтерін көрсету ұзақтығы бойынша), қоршаған маркетингтік ортасы, нарық бөлшегіндегі білім беру қызметтері нарық конъюнктурасының өзгеріс үрдісі ;

Жалпы білім, кәсіби, дидактикалық, экономикалық және басқа салыстырмалы сапалы көрсеткіштерін қоса, соның ішінде (берілген білім беретін стандарттармен) нормативтік және патенттық - құқықтық білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігі;

Нарықтағы қолданыста білім беретін мекеме - (жеткізуші және делдалдар) серіктестер, нақты және потенциалдық тұтынушылар және (еңбек) шаруашылық қызметі, құқықтық жағдай, меншіктің формасы олардың түрлі қатынасындағы бәсекелестері және білім беретін мекеме жақтағы капиталдың бақылау мүмкіндіктері (инвестициялар), іске кірістірілген және дәстүрлер, байланыстар, тәртіп стратегиясын пайдаланатын потенциалдық ресурстар;

Маркетингтің болуы мүмкін стратегиялары, нақты нарықтық мәселелердің тактикалық шешімдерінің әр түрлі нұсқалары.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Маркетинг. Под.ред. академ. А.Н. Романова. М., «ЮНИТИ», 2007г.
Фатхутдинов Р.А. Система маркетинга.-М. «Бизнес-школа Интел-Синтез», 1997г.
2. Голубков Е.П. Маркетинговые исследования: теория, методология и практика М.: Фин-пресс, 2003
<http://mou.marketologi.ru/index.html>
<http://www.marketing.spb.ru/conf/2002-01-edu/sbornik-2.htm>
3. Хайруллин Г.Т., Саудабаева Г.С. Управление процессом обучения в системе профессионального образования «Технология в Казахстанской школе» Республиканский методико - технический журнал. №4, 2009.

ОСНОВЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО СТАНОВЛЕНИЯ ПЕДАГОГА ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ В ГЛОБАЛЬНОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

**Манкеш Аксауле Ерженбаевна,-
Мизимбаева Альмира Сарсенбековна-**

д.п.н, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, Алматы.

Түйін

Берілген мақалада жаһандық білім беру кеңістігіндегі жоғары мектеп педагогының кәсіби қалыптасу негіздері қарастырылған. Авторлар педагог кәсіби қалыптасуының кезеңдері мен оған жету жолындағы шешілетін міндеттерге сараптама береді. Сонымен қатар, *қазақтың бір туар ғалымы әл-Фарабидің кәсіби маманның бойында болуға тиіс қасиеттер жайлы қағидасы келтіріледі.*

SUMMARY

The article deals with the basics of professional development of high school teacher in the global educational space. The authors provided an analysis of phases and tasks in achieving the teacher's professional development. There was given a great Kazakh scholar al-Farabi's statements on the qualities of the individual components of a professional model.

Стремительное развитие и глобальные инновации ставят новые цели для деятельности и общения личности. Основы профессионального становления педагога высшей школы конкретизируются через реализацию цели интеграции в мировое образовательное пространство, которое осуществляется посредством рассмотрения содержания обучения в мире, интеграцию образования и воспитания и использование мировых технологий обучения.

«Глобализация» широко распространенный, многозначимый термин. Обеспечивая взаимообмен экономических, политических, культурных и информационных связей, осуществляет связь взаимовлияемых процессов различных факторов на международном уровне. Стоит отметить, что необходимо решить проблемы систематизации осуществления качества профессиональной подготовки педагогов высшей школы в свете процессов экономической глобализации и интеграции образования Казахстана в мировое образовательное пространство. Таким образом, новообразования в науке и образовании ориентируют на интеграцию в мировое образовательное пространство [1].

По мнению ученого В. Лысенко, глобальное образование способствует вхождению человека в мир, является одним из основ гармоничного интегрирования человека в систему взаимосвязи на современном экономическом, культурном, социальном и других уровнях. В его задачи входят расширение возможностей познания мира, осознания механизмов взаимодействия своей страны с другими странами, понимание занимаемого места страной в мировом сообществе, влияние на способность смотреть на мир глазами других народов.

В. Кукушкин считает, что глобальное образование - одно из направлений развития современной педагогической теории и практики, это переменчивый мир, основанный на необходимости подготовки человека в свете активного глобального кризиса.

На сегодняшний день, глобальное образование, являясь одним из будущих направлений развития педагогической и практической теории, дает возможность подготовки адаптации студента к современному часто изменчивому миру, который полон принятия политических, экономических, социальных и других решений. Таким образом, интеграция образования и воспитания, а также способность использования передовых мировых технологий обучения должны рассматриваться как основные требования, предъявляемые к конкурентоспособному специалисту. Это тесно взаимосвязано с развитием комплекса профессиональных качеств, таких как знания, умения и навыки необходимые для плодотворной работы педагога высшей школы.

Одним из эффективных путей решения экологических, демографических, социальных и других глобальных проблем, имеющие место быть в начале третьего тысячелетия, считается разработка и внедрение инновационных технологий во все сферы человеческой деятельности. Так как одним из факторов решения данных проблем является человеческие ресурсы - высокий профессионализм специалистов, значимую роль играет интегративно-комплексная наука акмеология, изучающая закономерности развития творчества человека. Основное ядро взаимосвязи акмеологии с другими социальными науками является - творчество. Категория определяет и объясняет присущие акмеологии: профессионализм и другие категории. Это значит, что профессиональное становление педагога характеризуется его готовностью к творчеству, а также владением профессионального мастерства, гуманистической направленности и постоянных мотивов совершенствования профессионального мастерства личности.

Творческое мастерство педагога является основным этапом в его профессиональном становлении, что должно учитываться в решении акмеологических проблем [2].

Основная лестница, ведущая к вершинам педагогической деятельности - профессиональное становление педагога. Известно, что профессионализм не приходит сразу. В этой связи А.К.Маркова анализируя педагогическое творчество в профессиографическом контексте, характеризует этапы профессионализма следующим образом [3]:

- этап адаптации к профессии педагога;
- этап самоактуализации в профессии;
- этап свободного овладения профессией;

этап освоения творческого уровня в профессии. На последнем *пятом* этапе педагог дополняет свой опыт своими творческими изысканиями.

Ученый, приводя в качестве показателей творчества педагогическое мастерство, новаторство, исследовательские и профессиональные качества, дает описание уровней педагога-мастера, педагога-новатора и педагога-исследователя. Значит, профессиональный педагог всегда стремится к психическому саморазвитию. В поисках нового ида дальше от «обучающегося» осуществляет это ради обучающегося. В этой связи на основе суммы знаний, умений и способностей появляется мастерство - высший уровень профессионализма. Педагогическое становление, то есть быть мастером своего дела, значит глубокое понимание законов обучения и воспитания, уметь реализовать их на практике, уметь осознавать результаты развития обучающегося. Результат профессионального становления педагога в его профессиональном мастерстве, а это в свою очередь означает, что специалист добился высоких результатов в своей деятельности.

В педагогике и психологии особое значение уделяют работам посвященных профессиональному становлению, профессиональному мастерству. Так как в работах российских ученых есть идея о том, что развитие личности детерминируется его деятельностью, человек оценивается со стороны соответствия своей профессии и способностью выполнения работы в рамках своей профессии.

Г.А.Цукерман, Б.М.Мастеров рассматривают профессиональное становление в качестве источника саморазвития. Это связано с развитием комплекса профессионально необходимых качеств для продуктивного осуществления профессиональной деятельности, включающие способности, навыки и умения по выбранной профессии. Можно заметить, что профессиональное становление – целенаправленный процесс дальнейшего развития профессионализма определенного самим человеком.

Ученые отмечают три возможные области влияния в развитии профессионально значимых качеств педагога. *Во-первых*, рождается необходимость работы с областью упорядочения. Они развиваются в двух направлениях – формирования отношения к труду как одной из возможных видов деятельности; осуществляется через развитие интереса к определенной профессии (А.А.Вайсбург, В.Д.Шадриков и другие). *Во-вторых*, развитие профессионально значимых качеств связано с развитием познавательной области, которое в свою очередь взаимосвязано с профессиональным мышлением и

целенаправленным формированием интеллектуальных качеств профессионального значения (Р.В.Габдреев, Л.С.Селецкая и другие.).

Широко распространено третье направление, которое осуществляется путем влияния на человека определенных ситуаций в течение профессиональной деятельности, а также развитие профессионально значимых качеств развиваются через выполнение конкретных упражнений Р.С.Горяева, К.М.Гуревич, Д.Иела, Е.А.Климов и другие) [4].

Итак, профессиональное становление педагога осуществляется через систематизированное решение задач трех типов:

-государственные стандарт образования учебного предмета; потребность контингента обучающихся; освоение профессиональной деятельности согласно цели и необходимого уровня предметно-содержательного образования;

- образования профессионально-технологического подхода; посредством решения диагностических, конструктивных, организационных и коррекционных задач представления необходимых условий для освоения студентами своей профессии и реализации их личностных возможностей, выдвигаются задачи объективного отображения предложений и личностной деятельности;

-охватывает ситуации, осуществляемые субъективно (самоорганизация, самоуправление и другие);

Основная функция профессионального становления педагога определяется спецификой его деятельности, особенностями общения и развитием творчества. Учет вышеуказанных особенностей позволяет перечислить основные функции профессионального становления: *целенаправленное профессиональное становление, рефлексивная, нормативная, активная деятельность.*

К примеру, *функция целенаправленного профессионального становления* определяет профессионально-педагогическую деятельность педагога. Таким образом, профессиональное становление формирует жизненные цели и систему интересов.

Рефлексивная функция. Ее можно проследить в творческом характере деятельности направленной на изменение педагогом себя и окружающей среды. Профессиональное становление способствует проведению причинно-следственного анализа, что повышает способность самоисследования и посредством его применения дать оценку своему жизненному и педагогическому опыту в трудных ситуациях.

Рефлексия это не только осознания того что есть в человеке, но и познание себя и воссоздание качества педагога способного к действию. Психологи, исследовавшие феномен рефлексия утверждают, что наряду с развитием личности оно также очень важно для развития социальных групп по содержанию их жизнедеятельности. *Во-первых*, рефлексия влияет на целостное восприятие знания содержания и методов деятельности, *во-вторых*, дает возможность критически посмотреть на свою предыдущую, нынешнюю и будущую деятельность, *в третьих* педагог превращается в субъект своей активности.

Функция активной деятельности. Сформированное на основе противоречия между настоящим «я» и идеальным «я» в качестве внутреннего качественного изменения профессиональное становление рождается из потребности в активности и деятельности педагога. Взаимосвязь человека с другими людьми и с окружающей средой не только самоактуализирует его внутреннюю среду, но также дает возможность дополнить со смысловой, структурной и содержательной стороны. Взаимодействие повышает силы субъекта, дает эмоциональный заряд, изменяя образы мира, способствует их адекватному восприятию. Это осуществляется только путем управляемой профессиональной деятельностью. В связи с этим, если нет условий для развития педагога, невозможно развитие студента. Условия саморазвития создает сам педагог. Быть во взаимодействии с другими включает механизм саморазвития, является предпосылкой саморазвития педагога и студента.

Нормативная функция. Профессиональное становление сохраняет равновесие деятельности педагога, уменьшает факторы побуждающие нестабильность в педагогической среде, создает условия сохранения правового взаимоотношения. Нормативная функция наблюдается во время сохранения формальных и неформальных норм личности, а также у личности с высоким уровнем профессионального становления.

Профессиональное становление, будучи в тесной взаимосвязи с целеполагающей, рефлексивной, нормативной и функцией активной деятельности, является процессом изменения личностных качеств, обеспечивающие условия саморазвития.

Анализ функций создает условия для определения структуры и содержания профессионального становления педагога. Для определения содержания профессионального становления В.Г.Афанасьев считает, что необходимо обратить внимание на отдельные элементы и их особенности. Профессиональное становление состоит из взаимосвязи таких компонентов как самооценка,

самоорганизация и самоуправление. Без глубокого понимания себя и своих стремлений, без правильной оценки своих возможностей нет ясности профессиональной цели, нет целостности и системности на пути достижения данной цели.

Несформированность осознания себя педагогом является препятствием в профессиональном саморазвитии, так как педагог только осознавая и принимая себя педагогом увидит недостатки своих особенностей, заметить, что они не соответствуют профессиональным требованиям и требованиям социальных ценностей. Только тот педагог, который определил свой профессиональный принцип, превращается в субъект профессионального саморазвития в процессе данной деятельности [5].

Анализируя историческое развитие нашего прошлого можно увидеть, что проблема личности и воспитание современной модели человека всегда были на повестке дня. Так как, достижение высокого уровня профессиональной компетенции специалиста напрямую зависит от его личностных качеств.

В этой связи великий казахский ученый аль-Фараби выдвигает утверждение о том, что для цивилизации общества в качестве модели личности профессионального специалиста должен иметь следующие качества [6]:

-органы человека должны быть идеальны, сила этих органов должна быть достаточной и адаптированной для выполнения соответствующей работы, только тогда выполнение работы не будет для него сложным делом;

-человек по природе своей должен понимать, что ему говорят, понимать слова так как их подразумевает говорящий и в соответствии с выполнением работы;

-человек должен не забывать, а хорошо хранить в памяти то, что он понял, видел, слышал и что почерпнул для себя;

-человек должен быть понимающим для понимания природы знаков даже маленьких предметов и явлений;

-человек должен быть красноречивым оратором, который сможет ясно изложить свои мысли;

-он должен любить знание, искусство, неустанно учиться, не страдать от труда, затраченного на получение знаний, должен легко добиваться этого;

-должен любить правду и правдивых людей, ненавидеть лжецов и лгунов, должен уважать и беречь свою честь и достоинство;

-душе человека по природе своей чуждо совершать плохие поступки, она стремится к хорошим поступкам;

-человек должен с ненавистью смотреть на дирхем, динары и другие материальные блага мирские, но должен любить справедливость и справедливых людей, ненавидеть несправедливость и несправедливых людей, быть справедливым не только по отношению к родственникам, но и к чужим людям, призывать людей к справедливости, помогать пострадавшим от несправедливости, помогать людям по мере возможности оказывая благое и добро;

-должен быть справедливым, но не упрямым, не проявлять упрямства перед справедливостью;

-должен быть немилостивым к несправедливости, проявлять отвагу и упорство в работе, которую считает нужно выполнить.

Таким образом, данными качествами должны обладать современные педагоги, что является показателем их личностной характеристики и профессионального становления.

Использованная литература:

1. Бейсенбаева А.А., Атемова Қ.Т. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінде болашақ маманның тұлғалық сапаларын қалыптастырудың маңыздылығы. Конференция материалы.– Алматы, 2012ж
2. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. – Алматы, 2007.- 236б
3. Маркова А.К. Психология проблемы повышения квалификации. – М.: Педагогика.-1992.-128 с.
4. Цукерман Г.А., Мастеров Б.М. Психология саморазвития.– М., «Интерпракс», 1995.
5. Афанасьев В.Г. Общество: системность, познание и управление. – М., «Политиздат», 1981.
6. эл-Фараби Әлеуметтік этикалық трактаттары. – Алматы: Ғылым, 1975.-305б.

ӘӨЖ: 610.1

**БОЛАШАҚ ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Беркімбаев Камалбек Мейрбекович

п.з.д., профессор

Данияров Талгат Абубакирович

п.з.к., доцент

Косжанова Улбосын Маханбеткановна

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-інің

1-курс магистранты

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются актуальные проблемы формирования социально-психологической компетентности будущих врачей. Речь идет о преддипломном, последипломном образовании, также о совершенствовании непрерывного профессионального развития. Подчеркивается необходимость подготовки, переподготовки и повышения квалификации кадров здравоохранения, внедряя новые правила управления и финансирования системы подготовки кадров здравоохранения.

SUMMARY

In article actual problems of formation of social and psychological competence of future doctors are considered. It is a question of predegree, postdegree education, also of improvement of continuous professional development. Need of preparation, retraining and повышения qualifications of shots of health care is emphasized, introducing new rules of management and financing of system of training of health care.

Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Медициналық жоғары оқу орындары жүйесі мамандандырылған орта деңгейдегі білім беру мекемелері желісі арқылы нығайтылуы тиіс. Күнделікті тәжірибе оқу процесімен барынша ықпалдастырылуы тиіс»[1], - деп атап көрсетті.

Сонымен қатар, болашақ дәрігерлердің әлеуметтік-психологиялық кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты: «Денсаулық сақтау мәселелері тек мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің құзыретінен айтарлықтай асады және халықтың денсаулығын сипаттайтын көрсеткіштердің сапалық ілгерілеуіне қол жеткізу үшін барлық деңгейдегі мемлекеттік ведомстволарды, бизнес-құрылымдарды және қоғамдық ұйымдарды қоса алғанда, бүкіл қоғамның, бірінші кезекте қоғам денсаулығына едәуір әсер ете алатын құрылымдардың күш-жігерінің келісімділігі қажет. Осыған байланысты осы бағытты іске асыру жеті сектораралық кіші бағдарлама бойынша көзделеді», - деп Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында нақтыланған [2].

Медицина саласындағы әрбір дәрігер маман бүгінгі қоғам талабына, дәрігерлік міндеттілігіне сай Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтары мен өкімдеріне, жаңа талаптарына жүгіне келіп, кәсіби қызметін емделушіге ұсынады. Бұл мәселеге қатысты өзінің мүмкіншіліктерін едәуір кеңейтіп ұлғайтуда, оның нәтижесі қызметтік құзырлығында көрініс табады. Мәселен, дәрігердің кәсіби құзырлығы оның қызметінің бағыты дәрігерлер арасында «адам-адам» жүйесімен анықталатындығы туралы ұғым бар. Айтылған мамандық өкілі айналадағы әлемді «адам толы әлем» деп қабылдайды. Дәрігер қызметінің маңыздылығы оның білімі мен машықтығы, кәсіби ойлау қабілетімен ғана емес, жеке құндылығы мен емделушілермен қарым-қатынас жасай алуы арқылы көрініс табады. Сондықтан да дәрігердің кәсіби құзырлығы арнайы медициналық дайындықтың жоғарғы деңгейі, адами мәдениетімен ғана емес, оның әлеуметтік психология жақтары, ортада өзін-өзі ұстауы, коммуникативті білімі болып табылады. Сондықтанда басты ескеретіміз кәсіби құзырлық деп – бұл статистикалық жеткен деңгей емес, ол әрдайым айқындалып шыналған жағдай. Жалпылыма алғанда болашақ маманның кәсіби құзырлығына жататын бейімділік қабілетіне, қандайда бір ортада болмасын оның артылықшылығы мен құндылығы. Білімі мен тәжірибелілігі, қажетті кәсіби қызметінің жетістігі көрініс табады.

Қадірлі дәрігердің кейіпі - оның біліктілігіне, науқасқа деген көз-қарасына, емделушіге толық берілуімен және құзырлығын ескеріп, теориялық білімі мен тәжірибелік іскерлігін қолдана білуі арқылы айқындалады. Яғни, кәсіби біліктілігін жоғарлатуы мен шеберлігіне қатысты көрініс табады.

Дәрігер мамандығы - көзқарасының жан-жақты болуы, интеллектуалдылығы, әріптестерін сыйлап қолдауымен, үнемі біліктілігін көтеріп, алдыңғы қатарда келе жатқан тәжірибелерді қолданысқа ендіру

барысында дараланады. Медицина саласы бойынша жас маманның кәсіби дайындығы оның кәсіби құзырлығын көрсетеді. Ол қарапайым кәсіби міндеттерін атқаруы, кәсіби қызметі кезінде кездесетін шынайы жағдайларда өзінің кәсіби тәжірибедегі білімін қолданып, тұлғаланып оқшауланады.

Кәсіби құзырлықтың құрылуы кәсіби білім алу мен көптеген жағдайларға байланысты болады:

тақырыпты үйрену мен білуді игеру деңгейі;

кәсіби мотивацияның ерекшеліктері;

кәсіби бағытталған деңгей, жеке қажетті қасиеттерінің болуы:

қайырымды, білікті, шыдамды, сезімтал, сабырлы, ортақтастық, мінез- құлықтың тұрақтылығы.

Болашақ дәрігердің кәсіби құзыреттілігін құрайтын негізгі жақтарын кешенді сараптамасына қатысты ғылыми мәліметтерге сүйесек, негізгі структуралық компоненттерінің анықталады: бағалы мотивациялық, когнитивті, коммуникативті, рефлексиялық шығармашылық.

Жеке компоненттердің құрылымы бүтін жүйені құрастыруы оның мінездемесі мен ерекшеліктері құрайды. Бағалы мотивациялық компоненттерінің құрылымының ерекшеліктері мотивациямен анықталады. Болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін мақсатты түрде қажет етуі, жетілдіруі, өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі дамытуы, кәсіби бағытта бағалы шешімге келуі жеке білімнің қажеттілігін керек етеді. Сол арқылы кәсіби бағыттағы ұйымдастыру мүмкіншіліктері нәтижелі игеріледі. Бағалы мотивациялық компонентке кәсіби бағыттағы мотивацияның анықталуы кіреді.

Когнитивті компонент теориялық біліммен, машықпен білгірлік және қажетті ақпаратты алу әдістерімен және олардың нәтижелі қолдануымен анықталады. Когнитивті компоненттің даму деңгейі медицина саласында терең және кеңінен білім алу жүйесіне байланысты. Білікті компоненті алған білімді қарқынды қолдану мен, білгірлікті құрастыру, машық пен кәсіби маңызды қасиеттерімен, кәсіби біліктілік және кәсіби мәдениеттің дамуын құру өзін-өзі тәрбиелеу, біліктілігін жетілдіруді көрсетеді. Коммуникативті компоненттің дамуы жеке қатынастарды құру мен, кәсіби қызметтегі әр түрлі жағдайда аптималды қатынас түрін таңдау, вербальды және вербальды емес қатынас түрін білу мен көрсетіледі. Рефлексиялық шығармашылық компонент медицина саласындағы кәсіби компоненттің өзімен айналасындағыларға қатынасымен, өзінің тәжірибелі қызметі мен оның айқындалуы мен анықталады. Ол өзін-өзі тануы, өзін-өзі қадағалауын, өзін-өзі бағалауын, жеке басының қадірі мен өз қызметінің нәтижесін түсінуін, өз қызметінің нәтижесіне жауапкершілігін, өзін түсінуін, сонымен қатар кәсіби қызметте өзін қолдана білуін құрайды. Рефлексиялық шығармашылық компоненті кәсіби іскерліктің дамуы мен, стандартты емес шығармашылық кәсіби тапсырманы шешуді табу қабілеті, интеллектуалды тұрақсыздықты шындауды, стандарттық емес жағдайларды өзін игере алумен анықталады [3].

Сондықтанда кәсіби компотенттіліктің қабілеттілік құрамына жеке адамның қасиеті мен артықшылығы, сонымен қатар білімі, тәжірибесі мен біліктілігі, медицина саласы бойынша кәсіби қызметте жұрт алдында сөйлей білу қабілеті. Болашақ дәрігердің кәсіби құзырлығының қалыптасуы ерекшелігі бүкіл білім алу ісі, және интеллектуалды моралдық интеграция болып, білімнің әлеуметтік және басқада аспектілерімен анықталады.

Қазіргі кездегі жоғары білім беру қоғам талаптарын қанағаттандырудың бірнеше жүйелерін қарастырады, яғни ғылымды, білімді және өндірісті интеграциялау түрі ретінде ғылыми оқу-өндірістік кешендер құру; оқытуды және студент еңбегін дараландыру, білім беруді ізгілендіру; оқытушылардың кәсіби даярлығына жоғары талап қою, жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді даярлау мен олардың кәсіби деңгейін көтеруде педагогикалық мұғалімдерді жаңа технологиялар негізінде көтеру. Мұндай үдеріс әлемнің түрлі елдерде өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне, экономикалық жағдайына, білім беру жүйесінің дәстүрлеріне қарай әртүрлі деңгейде көрініс тапқан.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «білім беру технологиясы» деп алатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етті. Бұл ұғымның мәнін білім беру үдерісін өздігінше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, онда білім алушылардың қызметі жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалім мен білім алушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді.

Қорыта келгенде, жоғарыда аталған болашақ дәрігерлердің әлеуметтік-психологиялық кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты алдағы уақытта денсаулық сақтау мекемелері мен ұйымдары төмендегідей іс-шараларды жүзеге асырып, жоспарлы түрде жұмыс жүргізсе. Яғни, денсаулық сақтау кадрларына дипломға дейінгі, дипломнан кейінгі білім беріліп және оларда үздіксіз кәсіптік дамытуды жетілдірсе. Денсаулық сақтау кадрларын даярлау жүйесін басқару мен қаржыландырудың жаңа қағидаттарын енгізіп, денсаулық сақтау кадрларын даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және қаржыландыру жүйесін өңірлік қажеттілік негізінде жетілдіріп, осы

арқылы медициналық ЖОО-лардың, колледждердің бітіруші түлектерінің және денсаулық сақтау саласының практикадағы қызметкерлерінің білімдерін және дағдыларын тәуелсіз бағалау институтын ендірілсе.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ««Қазақстан-2050» стратегиясы - Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы. Елорда. 14 желтоқсан Астана, 2012.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 жарлығы. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010.
3. Беркимбаев К.М., Мухамеджанов Б.Қ., Кусаинова А.М., Данияров Т.Ә. Психология. Оқу құралы. Алматы, 2013. Б. 250

УДК 614.23:366.63

БОЛАШАҚ ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ ПРОБЛЕМЫ ИНФО-КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩИХ ВРАЧЕЙ

¹Ерназарова Д.Ж., ¹Беркимбаев К.М., ¹Молдалиев И.С.,

¹Искакова П.К.

А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қаласы

Резюме

В этой статье рассматриваются формирования коммуникативной компетенции будущих врачей в условиях информатизации. Используются основные системы и виды информационно-коммуникативной компетенции будущих специалистов. Современные тенденции модернизации образовательных программ требуют внедрения современных методов формирования коммуникативной компетенции будущих врачей. Все большее внедрение новых информационных технологий и применение компетентностного подхода в учебном процессе способствует повышению эффективности процесса формирования коммуникативной компетенции будущих врачей.

Ключевые слова: информатизация, информационно-коммуникативная компетенция, модель будущих врачей, процесс изучения иностранного языка.

A. Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Republic of Kazakhstan

Summary

On the condition of educational reformation and joining the Republic of Kazakhstan to the Bologna process one of the main problem is training the specialists of international level and increasing the quality of medical education. The article deals with forming of info communicative competence of future doctors. The article shows the basic system of info communicative competence and other necessary competences of future doctors. It says about the usage of professional training in forming of info communicative competence of future doctors. The usage of new informational technologies and competence-based approach in the teaching process is accompanied with the problem of training future doctors on international level by creating and developing some methods in forming professional and info communicative competence of future specialists. Different characteristics of activities, which can be used to form and develop info communicative competence using informational technologies, are stated out in the article.

Key words: competence-based approach, communicative competence, competent, competence-based model of specialist, modernization of education.

Мемлекет модернизациясы білім беру жүйесінің, оның мазмұндық және құрылымдық тұрғыдан жаңаруына сүйенеді. Білім беру мекемесінің басты қызметі білім, шеберлік және дағды жүйелері емес, зияткерлік, қарым-қатынастық, ақпараттық және басқа да салалардағы негізгі құзырлық жиынтығы болуы

тиіс.

Құзырлық ұғымы білім немесе шеберлік ұғымдарына қарағанда ауқымдырақ. Ол тек когнитивті және операционалды құрамдас бөліктерді ғана емес, уәждемелік және мінез-құлықтық құрамдас бөліктерді де қамтиды. Сондай-ақ, ол оқыту нәтижелерін (білім және шеберлік), құндылық бағдарлары жүйесін де қамтиды. Құзырлық оқыту үдерісі барысында қалыптасады, сондықтан да негізгі құзырлықты іріктеу мәселесі білім беру үдерісіндегі басты мәселелердің бірі болып табылады [1].

Білім беру мазмұнының модернизациясы Стратегиясына сәйкес негізгі құзырлық төмендегіше сипаттарға ие: көп атқарымдылық (оларды игеру күнделікті, кәсіби, әлеуметтік өмірдегі әр алуан мәселелерін шешуге мүмкіндік береді), пән аралық байланыс, зияткерлік даму (дерексіздік, өзіндік рефлексия, жеке ұстанымды, өзіндік бағалауды, сыни ойлауды анықтау), көп өлшемділік (ақыл-ой үдерістері және зияткерлік шеберлік).

Білім беру мазмұнының модернизациясы Стратегиясына сәйкес негізін қалаушы бағдары ізгілендіру болып табылатын заманауи медициналық білім өзара байланысқан екі мәселенің шешімін бағдарлайды [2]:

1) ЖОО-дағы барлық жалпы теориялық және арнайы пәндерді оқыту үдерісін ізгілендіру – осы пәндердің оқыту мазмұнындағы медициналық білімнің ықпалдастығының заманауи ғылыми концепцияларына сәйкес толықтырылуын бағамдайды, сонымен қатар, бір жағынан білім кеңістігінің толыққандылығын, көпқырлылығын, екінші жағынан кәсібилікті қамтамасыз етеді; сондай-ақ, медицина ғылымы мен денсаулық сақтау саласы ілгерілеуінің болашақ дәрігерлердің тұлғалық қасиеттеріне, оның шығармашылық қабілеттеріне, әлемдік деңгейге сәйкес келетін жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесін түсіндіруде көрініс табатын жалпы және кәсіби мәдениетке тәуелділігін қамтамасыз етеді.

2) типтік оқу бағдарламаларының мазмұнын аша түсетін және толықтыра түсетін арнайы курстарды енгізу арқылы, студенттермен жүргізілетін жұмыстардың көп түрлілігімен және әр алуан түрлерінің кезектесуімен қамтамасыз етілетін әлеуметтік-мәдени феномен түріндегі медициналық білім мен қызметтің өзекті мәселелерін сараптау арқылы; сондай-ақ, оқу-әдістемелік қордың мазмұнын өзгерту арқылы әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытуды кәсібилендіру.

Соңғы жиырма жылдағы әлемде орын алған маңызды саяси, тарихи және әлеуметтік өзгерістер қарым-қатынас, маманның қарым-қатынас құзырлық мәселелерін көкейкесті етіп отыр. Осыған байланысты А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде халықаралық деңгейдегі болашақ дәрігерлердің ақпаратты құзырлығын қалыптастыру басым мәселелердің бірі болып отыр.

Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мен игеру тек қарым-қатынас дағдылары пәнін оқытудың нәтижесі ғана емес, жоғары медициналық білімді болашақ маманның психологиялық мәдениетін психологиялық тұрғыдан мұқият дайындау мен тәрбиелеудің де нәтижесі болып табылады. А.Ясауи атындағы ХҚТУ түлегі өзі оқыған мамандығына тәуелсіз мәдениетке ие болуы қажет. А.Ясауи атындағы ХҚТУ-де дәрігер-студенттерді кәсіби деңгейде дайындаудың нәтижесі болашақ маманның ізгі дүниетанымының және оның кәсіби, тілдік және ақпараттық мәдениетінің тиісті деңгейінің қалыптасқандығы болуы тиіс.

Қарым-қатынасқа түсе білу қабілеті, басқа адамдармен қарым-қатынас орнату мен оны дамыту қабілеті әр түрлі әлеуметтік жағдайлардағы қатынас тәжірибесінің жинақталуына, әр алуан қызмет түрін атқаруына байланысты айналадағылармен өзара байланыс құру үдерісі барысында қалыптасады. Қарым-қатынаста тұлғаның қасиеттері, яғни, мазасыздық, ашушандық, епетейсіздік және т.б. көрініс тауып, қалыптасады. Тұлғаның қалыптасып келе жатқан ерекшеліктерімен өзара байланысқа түсу барысында ақпаратты құзырлық та қалыптасады.

А.Ясауи атындағы ХҚТУ түлегінің ақпаратты құзыреттілігін қалыптастыру мен оны кәсіби әрекеттестікке дайындау қажеттілігі медицина саласындағы қызметтің өзіндік ерекшеліктерімен де ерекшеленеді:

бұл – қарым-қатынас саласындағы, «адам – адам» саласындағы қызмет, сондай-ақ, дәрігердің сәтті қызметінің маңызды жағы тек оның арнайы медициналық дайындығының, жалпы адамзаттық мәдениетінің жоғарғы деңгейі ғана емес, оның тұлғалық әлеуетінің әлеуметтік-психологиялық қырлары да болып табылады.

отандық медицинада ауруға әлеуметтік-психосоматикалық тәсілді қолдану қажеттігі, бұл – ақпарат жинау мақсатында, сондай-ақ, дәрігердің ұсыныстар мен диагноздарға қатысты ақпараттарды науқастың жағдайына ыңғайластырыла жеткізуі мақсатында психологиялық байланыс құруға және оны ары қарай дамытуға септігін тигізетін дәрігердің науқаспен сенімді қарым-қатынас құра білу қабілетін бағамдайды;

«дәрігер – науқас» терапевттік альянсын құрудың қажетті шарты бола отырып, қарым-қатынас құру

құзыреттілігі емдеу үдерісіндегі науқастың субъектілі ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді;

қоғамдық денсаулық сақтау мамандары маман-кадрларды дайындау мәселелеріне кездесіп жатады, кәсіби мамандардың кең аясымен өзара байланыста болады, өте жоғары адами мәдениет пен дұрыс қарым-қатынас құра білуді талап ететін қоғамдық денсаулық үдерістерін, медицина мекемелеріндегі еңбекті ұйымдастыруды басқаруды қамтамасыз ету қажет.

Осыған байланысты қарым-қатынас құру дағдылары А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дің медицина мамандығы түлегінің басты құзырлықтарының қатарына енгізілген.

Болашақ дәрігерлердің ақпаратты құзырлығын мейлінше жалпылама түрде кәсіби орта мен қоғамда жетістікпен қызмет атқару үшін тұлғаға қажетті болып табылатын айналадағылармен өзара әрекеттестіктің тұлғараралық және кәсіби тәжірибесінің белгілі бір деңгейі ретінде сипаттауға болады. Бұл анықтамадан ақпаратты құзырлық тек тұлғаға тән қасиеттерге ғана емес, қоғамда болып жатқан өзгерістер мен маман-дәрігердің өзіндік ұтқырлығына да тәуелді екендігі байқалады.

Ақпаратты құзырлық адами тікелей, өзара әрекеттестік шарттарында қалыптасатын және таралатын, айтарлықтай дәрежеде дамып келе жатқан адамдар арасындағы белгілі бір қарым-қатынас тәжірибесі түрінде анықталады.

Болашақ дәрігерлердің ақпаратты мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері бар және қолданыс аясына сәйкес келетін кәсіби дағдылардың қырларына ие болып табылады. Ол өзінің жеке тұлғалық қасиеттеріне қарамастан медициналық қызметтің тұтынушысы болып табылатын науқасқа деген эмоционалды-оң қарым-қатынасты орнатуға бағытталған белгілі бір кәсіби көзқарастар мен пікірлердің болуын бағамдайды. Сондықтан, болашақ дәрігерлердің ақпаратты мәдениеті медициналық көмекке жүгінген адамдармен тиімді қарым-қатынас үшін қажетті ақпараттық және байланыс дағдылары мен шеберліктерінің толық кешенін қамтиды.

Тиімді қарым-қатынас жасау науқасты емдеуде оң әсерін тигізеді. Белгілі болғанындай, қарым-қатынас құра алатын дәрігерлер, яғни, ақпаратты құзырлығын меңгерген дәрігерлер [3]:

нақты диагноз қоя алады, әсіресе, бұл науқастың психологиялық мәселелеріне қатысты болса;

науқасты өз жағдайы мен емдеу шараларын бақылауға үйрете алады

жақсырақ емдеу нәтижелеріне қол жеткізеді

науқас үшін жоғары деңгейде қауіпсіздікті қамтамасыз етеді

қызметтік жағдайын асыра сілтеуге қатысты шағымдармен аз кездеседі

Болашақ дәрігерлердің қарым-қатынас құзырлығы құрылымы жалпы және клиникалық психология саласында базисті білімнің жиынтығын, кәсіби және арнайы қызметтің түрлі салаларында ақпаратты және қарым-қатынас үдерісі ерекшеліктерінің анықтамаларын қамтиды.

Болашақ дәрігерлердің қарым-қатынас құзырлығын қалыптастыру мәселесі денсаулық пен ауруға деген құзыретті тәсілдің отандық денсаулық сақтау саласында таралу мәселесі және осыған байланысты терапевттік серіктестіктің ем-дом шаралары барысында дәрігер мен науқас арасында байланыс құруға бағытталған жаһандық сипатқа ие ауқымды тәжірибелік қырынан белгілі. Ортақ серіктестік түріндегі «дәрігер-науқас» концепциясындағы қарым-қатынасты құру қажеттігі аурудың заманауи ұғымының адам өміріндегі оқшауланған дерек ретінде емес, әлемдегі адам баласының толыққанды өмір қызметінің бұзылуының көрініс табуы ретінде айтылады.

Болашақ дәрігерлердің ақпаратты құзырлығы тек белгілі бір психологиялық және кәсіби білімнің болуын (мәселен, тұлғаның түрлері туралы, темперамент түріне қарай әр алуан адамдардың соққыны өткеру және оған қарсы жауап беру тәсілдері туралы, тұлғалардың дене бітімі түрлері мен оның психикалық қорының ерекшеліктері арасындағы байланыстың сипаты туралы, т.с.с.) ғана емес, сонымен бірге, байланыс орната білу, тыңдай білу, қарым-қатынастың вербальді емес тілін «оқи» білу, сұқбат құру, сұрақтарды тұжырымдай алу қабілеттері секілді бірқатар арнайы дағдылардың қалыптасуын бағамдайды. Сонымен қатар, болашақ дәрігердің өз эмоциясын басқаруы, сенімділігін сақтау қабілеті, өз реакциялары мен жалпы мінез-құлқын басқара білуі де өте маңызды. Дұрыс қарым-қатынас науқасты дұрыс түсінуді және оның мінез-құлқына қарай тиісті жауап қайтаруды білдіреді. Науқастың қандай жағдайда екендігіне, оның ашуланып немесе мұғайып тұрғанына, мазасызданып немесе беймазаланып тұрғанына қарамастан дәрігер кәсіби мәселелердің шешіміне қол жеткізе отырып, онымен қарым-қатынасқа түсуге, саналы түрде байланыс құруға қабілетті болуы тиіс. Осыған байланысты болашақ дәрігерлердің кәсіби тұрғыдан маңызды қасиеті *ақпаратты толеранттылық* (ақпаратты құзыреттіліктің бір қыры ретінде) — шыдамдылық, мейірбандық және т.б. болып табылады. Ақпаратты толеранттылық дәрігердің субъективті тұрғыдан өзі үшін керексіз, орынсыз науқастардың жеке ерекшеліктерін, теріс қылықтарын, жағымсыз қылықтары мен әдеттерін, үйреніспеген мінез-құлық түрлері мен ойлау стереотиптерін қалай өткеретінін

көрсетеді. Науқас дәрігерге ұнайтын немесе ұнамайтын, дәрігерге жағымды немесе жағымсыз түрлі сезім түрін көрсетуі мүмкін, алайда, қандай жағдайда да соңғысының психологиялық дайындығы «дәрігер – науқас» рөлдік құрылымының орнында достық, психологиялық жақындық, тәуелділік пен сүйіспеншілік қатынастары туындайтын жағдайды шешуге, шиеленістің немесе келеңсіз жағдайлардың туындауының алдын-алуға көмектесуі тиіс. Кәсіби қызметтегі болашақ дәрігерлердің ақпаратты құзырлығы тек науқаспен психологиялық тұрғыдан оң қарым-қатынас құру қабілеті ғана емес, осы қарым-қатынастар барысында кәсіби рөлдің шеңберінде қала білу қабілетін білдіреді [4].

Болашақ дәрігерлердің ақпаратты құзырлығын қалыптастырудың негізінде тұлғааралық қарым-қатынас жүйесіне қосылуға, айналадағылармен эмоционалды қатынас құруға, қандай да бір әлеуметтік топқа кіруге, басқа адамдармен бірге болуға тырысу секілді тұлғаның психологиялық сипаты жатыр. Шиеленіскен жағдайларда, өзара байланыстың шетін жағдайында қасында эмоционалды тұрғыдан жақын адамдардың болуы дүние мен өзіндік бағалау бейнесін тұрақтандырады, ұстанымдарды бекітеді, болып жатқан оқиғаларды нақтырақ әрі саналы түрде бағалауға мүмкіндік береді. Беймазальық жағдайында басқа адамдарға деген қажеттілік артады, олардың жақын болуы мазасыздық деңгейін төмендетеді, теріс эмоционалды күйдің қарқынын азайтады. Адам баласы үшін әлеуметтік байланыстардың болуы маңызды екені соншалықты, олардың жегіспеушілігінің өзі-ақ соққы алу деңгейінің артуына ықтимал себептердің бірі болып саналады. Дәл осы психологиялық қыры, басқа адамдарға деген қажеттілік, олармен қатынасқа түсуге тырысу әдебиеттерде «*аффилиация*» термині арқылы беріледі, бұл — адамның басқа адамдардың ортасында болу қажеттілігі, «қосылуға» тырысуы. Ішкі (психологиялық) аффилиация бағыныштылық пен сенімділік сезімдері түрінде көрініс табады, ал сыртқы аффилиация болса — сөзуарлықта, басқа адамдармен серіктес болуға тырысуда, әрдайым солармен бірге болуға ұмтылуда, вербальді емес мінез-құлық ерекшеліктерінде көрініс табады. Хекхаузен аффилиацияны күнделікті, сонымен қатар негізді сипатқа ие әлеуметтік қарым-қатынастардың белгілі бір сыныбы ретінде көрсетеді [5].

Мұндай қарым-қатынастардың мазмұны таныс, онша таныс емес және мүлдем таныс емес адамдармен қарым-қатынас жасауда болып табылады, және оларды ары қарай дамыту қанағаттану сезімін туындатады, өзіне тартады және байыта түседі. Әр алуан әлеуметтік байланыстардың ұзақтығымен және қарқындылығымен ерекшеленетін дәрігер жұмысында бұл ерекшелік науқастарға деген жанды қызығушылықты қатынасты сақтауға, оларға көмектесуге тырысуға, олармен серіктесуге тырысуға көмектеседі, сондай-ақ, оларды кәсіби бұзылудан, немқұрайлылықтан және формализмнен қорғайды, науқастың бір бөлігі терапияға мұқтаж, тұлғасыз анонимді «дене» ретінде қарастырыла бастайтын науқасқа деген қатынасты демеп отырады.

Болашақ дәрігерлердің ақпаратты құзырлығын қамтамасыз ететін тағы бір психологиялық сипаттама дегеніміз — *эмоционалды тұрақтылық*, эмоционалды реакциялар мен жалпы мінез-құлықты басқаруды сақтай отырып, импульсивтіліктің, шектен тыс эмоционалды экспрессивтіліктің болмауы жағдайындағы тепе-теңдік. Эмоционалды тұрақтылық науқастармен қарым-қатынас кезінде дәрігердің «психологиялық ашуға берілуден», шиеленісу жағдайынан бойын аулақ ұстауына септігін тигізеді. Үдемелі эмоционалды реакциялар науқастың артқан сенімін жоғалтып, оны қорқытып немесе секемдендіріп қана қоймай, оны шаршатады, болдыртады. Керісінше, дәрігердің ішкі салмақтылығы, оның жайлы мейірімділігі, эмоционалды тұрғыдан тұрақтылығы науқастың бойында сенімділік сезімін туғызады, сенімді қарым-қатынастардың орнауына себепші болады. Ауру жағдайында, әдеттегідей, тынышсыздық, жылауықтық, ашушандық, қызбалық әрекеттерінде көрініс табатын эмоционалды тұрғыдан тұрақсыздықтың артуына әкеп соғатын мазасыздық деңгейі артады [6].

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-да медицина мамандықтары түлектерінің ақпаратты құзырлық даму концепциясы тұжырымдалған. Онда болашақ дәрігерлерді кәсіби дағдылар шеңберіне кезең-кезеңімен, бірізділікпен ендіру түсінігі бейнеленген. Ақпаратты құзырлықты тұжырымдау логикасы ақпараттық және қарым-қатынас дағдыларын үйретуді құрылымдандыруды талап етеді. Бұл ақпараттық және қарым-қатынас дағдыларын сіңіру әдістері мен тәсілдерінің сипатталуы, таралуы мен дамуы модельдерін құруды білдіреді.

Болашақ дәрігерлердің ақпаратты құзырлықтары модельдері науқастың ауруының даму заңдылықтарын ғана емес, олардың ойлары, пікірлері, сезімдері мен үміттері заңдылықтарын да түсінудің маңызды екендігін атап көрсетеді. Болашақ дәрігерлердің ақпаратты құзырлығы модельдері науқастың ауруының даму заңдылықтарымен қатар, олардың ойлары, пікірлері, сезімдері мен үміттері заңдылықтарының түсінілуінің маңыздылығын да баса көрсетеді. Бұл әр бір адамға арналған емдеу курсының ең жақсысын, яғни, науқасқа деген мейлінше оңтайлы тәсілді анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл модельдер «дәрігер-науқас», «медициналық оқу орнының оқытушысы-студент» жүйелеріндегі

қарым-қатынастардың жаңа тиімді жолдарын іздеуге септігін тигізеді. Ақпараттық және қарым-қатынастық дағдыларға модельдік үйрету оның элементтерінің сараптамасы, мақсатты сауатты түрде анықтауы, студенттер мен оқытушылардың кері байланыстары негізіне сүйенеді.

Оқытушылардың басшылығындағы болашақ дәрігерлер науқастардың медициналық карталарымен танысуға, дәрігерлік тексерудің негізгі элементтерін анықтауға, науқаспен қарым-қатынас жасау түрін анықтауға тиіс. Төменде науқаспен қарым-қатынас жасау құрылымы келтіріледі:

- ем шараларының жекеге лайықтандырылуы
- қарым-қатынас құру
- дәрігерлік кеңеске дайындалу
- медбикелік шараларды түсіндіру және жоспарлау

Қарым-қатынас моделі оқытушының өз пәнін нақты бөлшектермен толықтыра отырып қолданатын клиникалық және жағдайлық есебі бола алады. Клиника үшін – бұл, клиникалық қатынастар, белгілі бір байланыс мәселелері, қолданылатын құралдар шарттарындағы егжей-тегжейлі негізгі есептер мен дағдылар және медициналық ұқбат шарттарындағы байланыстың қолдаушы қағидалары. Қоғамдық денсаулық сақтау пәндері үшін – ғылыми зерттеу, медициналық қызмет, санитарлық бақылау мекемелерінің мәселелері.

Аталған мамандықты оқыту мақсаттарына сәйкес келетін және студенттер тарапынан алынатын мамандық шеңберінде кәсіби егемендіктің жалпы ойымен ұштасатын байланыс моделінің концепциясын мұқият өңдеу қажет. Яғни, әдістемелік кешеннің суббірлігі – мәселе немесе жағдай – тұтас мектептің, атап айтқанда, оқу пәнінің білім беру жүйесі мен саясатының қажетті құрамдас бөлігі болуға тиіс. Болашақ дәрігерлер үшін осы модельді әр түрлі шарттарда, әсіресе, өздерінің кәсіби тәжірибесін жинақтай бастағанда қолдана алатындықтары маңызды болып табылады. Студенттер әрдайым білім мен шеберліктің оң өсімінің көрсеткіші болғандықтан, байланыстың түрлі модельдерін саластырып немесе қарама-қарсы қойып отырған жөн.

Байланыс құру дағдылары тәжірибеде күн сайын қолданылуда. Қарым-қатынас әдістері мен тәсілдерін оқыту тәжірибелік қоры мен кері байланысы болған жағдайда, сондай-ақ, теориялық материал қамтығанда мейлінше тиімдірек болады.

Болашақ дәрігерлер үшін ЖОО-дағы ақпаратты байланыс дағдыларын зерттеуде қолданылатын теориялық модельді анық ұғу пайдалы болып табылады, ал бұл болса, пәннің жалпы контекстінде және ақпаратты байланыс мәдениеті концепциясында оқу жоспарының жеке құрамдас бөліктерін зерттеуге көмектеседі. Бұл нәтижелер оқытушы тарапынан міндетті түрде байқалуы тиіс. Студентке өзінің көп нәрсе істегенін, бірақ әлі де көп нәрсе істелетінін ұғындыру қажет. Жазбаша болсын немесе ауызша болсын, бұл бағалаулар өте маңызды болып табылады. Егер бағаланбаса, студенттерде өз жұмыстарының қолданбайтындығына қатысты ой тууы мүмкін. Екінші жағынан, студентті қолдай отырып, оның ЖОО-дағы басқа да жұмыстарын: қарым-қатынас моделін өз бетінше іздеу, лекциялар мен семинарларға белсенді түрде қатысу және тыңдауын бақылап отыру қажет.

Қарым-қатынас дағдылары мен арнайы курс (элективті курс) циклдері үшін айрықша мақсаттарды сәйкестендірген пайдалы. Бұл студенттерге өзін-өзі бағалауға, сенімділігін арттыруға септігін тигізеді, бұл өз кезегінде ақпаратты құзыреттіліктің шеберлік секілді бірқатар дағдылар сияқты қалыптаса алатынын көрсетеді.

Болашақ дәрігерлердің ақпаратты байланыс дағдыларын мейлінше дұрыс бағалау байланыстың барлық қырлары жөніндегі мәліметтерді қамтиды, сондықтан да бірден немесе қандай да бір шектеулі курстың аяқталуымен қалыптаса алмайды. Онда болашақ дәрігердің бүкіл тәжірибесі бейнеленуі тиіс.

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-да оқытудың ең басынан бастап біз бағалау сипатына, оның пән ретіндегі де, дағдылар ретіндегі де мәніне қатысты назарымызды шоғырландырамыз. Пәннің мазмұнын жаттап алуға болады, бірақ, құзыретсіз байланысшы болып қала беруі мүмкін. Сынақ барысында өте жақсы баға алған студенттердің саны аз болмауы мүмкін. Алайда, олардың ішінде жоғары деңгейдегі ақпаратты құзырлыққа ие студенттер қанша пайызды құрайды? Білгені жақсы ма әлде қолынан келгені жақсы ма? Мұнда ешқандай да дилемма жоқ. Екеуі де екені айдан анық. Бірақ, «қолынан келу» дегенді қалайша бағалауға болады?

Жоғары білімнің идеологиясында бағалауға қол жеткізу мен оған шәк келтірілмеу міндетті постулат болып табылады. Біздің контекстімізде болашақ дәрігерлердің кешенді бағалауды тек негізгі ақпаратты құзырлықтарын көрсеткеннен кейін ғана алатындығын білдіреді.

Қарым-қатынасты оқыту сезімтал, берілген оқытушыларды талап етеді, өйткені олар керемет байланысшылар болумен қатар, еліктеу үлгілері болып табылады. Болашақ дәрігерлерге қарым-қатынас

дағдыларын оқытатын адамдардың сәйкес оқу оқығаны және қолданылатын оқыту әдістерін өз тәжірибесінде сынаған адамдар оқытуы өте маңызды. Қазір, бұрынғысынша жетістікке жетуші дәрігер болу үшін тек білімнің болуы жеткіліксіз. Қарым-қатынас құру дағдыларын дамыта отырып, ол өз-өзімен жұмыс істеуі тиіс.

Қорытындыда жоғарыда айтылғандар негізінде болашақ дәрігерлердің негізгі ақпараттық құзыреттіліктері қарым-қатынас модельдерін қолдану арқылы тиімдірек берілетінін атап өткіміз келеді. Болашақ дәрігерлердің ақпаратты құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді оқыту әдістері рөлдік ойындарды, модельдеуші жағдайларды, қалыпты және қоздырғыш науқастармен жүргізілетін жұмыстарды, шынайы науқастармен жүргізілетін жұмыстарды қамтиды. Құрылымдалған кері байланысты демеп отыру үшін тіркеуді немесе тікелей бақылауды қабылдау қажет. Қарым-қатынастың жақсы дағдылары науқас пен дәрігердің өзара әрекеттестігінің тиімділігін қамтамасыз етеді. Ақпаратты құзыреттіліктер – бұл, екінші ретті толықтырғыш немесе кәсіби сипаттың элективті қырлары емес. Олар қажетті және тиімді медициналық тәжірибеде орталық орынға ие болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Асимов М.А., Нурмагамбетова С.А., Игнатъев Ю.В. Коммуникативные навыки: Оқулық.-Алматы.-2008.- 212 б.
- 2.Қазақстан Республикасы білім саласының 2011-2020 ж.ж. арналған мемлекеттік даму бағдарламасы. //www.edu.gov.kz .
- 3.Герасименко С.Л. Совершенствование коммуникативной культуры студентов в условиях медицинского вуза. //Электронды педагогикалық журнал. - 2007. - №1
4. Дернер К. Хороший врач. Учебник основной позиции врача. //Неміс тілінен аударылған. И.Я.Сапожниковой, Э.Л.Гушанского. - М.: Алтейя, 2006 – 544б.
5. Клиническая психология. ЖОО-ға арналған оқулық. 4-ші басылым. //Б.Д.Карвасарский редакциясымен. – СПб, «Питер», 2010. - 864 б.
6. Местергази Г. М. Врач и больной, или по-новому о старом: учебное пособие. // 2-ші басылым. — М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2009. - 112 б

ӘӨЖ: 378.121

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДЫҚТАРЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҚ ҮЛГІСІ

Оңалбек Жарылқасын Керімбекұлы

Академиялық инновациялық институт
П.ғ.д., профессор

Мұхамеджанов Бақытжан Қалжанұлы

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ

П.ғ.д., профессор

Данияров Талғат Әбубәкірұлы

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ доценті, п.ғ.к.

В статье рассматриваются примеры конкурентоспособной компетентности «специалистов в области физической культуры и спорта». Каждый структурный компонент профессиональной компетентности делится на три части: функционально-когнитивная (знания, деловитость и навыки); психолого-личностная (профессиональные мотивы, рефлексные умения, коммуникабельность); функционально-практичная (опыт общения, дисциплины и выполнения заданных функций). Формируется в цикле общепрофессиональных, экономико-административных (экономическая теория, экономика и менеджмент физической культуры и спорта, организация спортивно-массовой работы, содержание и виды физкультурно-спортивной деятельности) и специальных дисциплин. Система обучения и воспитания в вузах создается с учетом этих движущих сил, формируется образовательная среда, направленная на формирование конкурентоспособности и освоению студентами опыта

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: физическая культура, спорт, конкурентоспособность, конкуренция,

компонент, способность, знание, трудоспособность, привычка.

This article deals with examples of competitive competence "specialists in the field of physical culture and sport". Each structural component of professional competence is divided into three parts: functional-and-cognitive (knowledge, efficiency and skills); psychological-and-personal (professional motives, reflex abilities, skill to communicate); functional-and-practical (experience to communicate, disciplines and performance of the set functions). It is formed in a cycle of all-professional, economical-and-administrative (the economic theory, economy and management of physical culture and sports, the organization of sports-and-mass work, the contents and types of physical-sports activity) and special disciplines. The training and education system in higher education institutions is created taking into account these driving forces, it is formed the educational environment directed on formation of competitiveness and development by students of experience of creative professional activity and the structural professional relations.

KEY WORDS: physical culture, sport, competitiveness, competence, component, ability, knowledge, work capacity, habit.

«Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды», - деп атап көрсетті Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2050» стратегиясы – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында [1].

Осы тұрғыдан келгенде, бүгінгі таңдағы елімізде жүріп жатқан экономикалық-әлеуметтік дамулар келешек ұрпаққа білім берудің мақсаттары мен мазмұнын түбірімен жан-жақты қайта ойластырылып, жаңа сапаға жету міндеттерін көздейді. Сондықтан білім беру саласындағы өзгерістер жеке тұлғаны қалыптастыруға, оқу үрдісіне тиімді әдіс-тәсілдерді іздестіруге, баланың шығармашылық, рухани, дене мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік пен салауатты өмір салтын берік ұстануға бағытталуы тиіс. Міне осы орайда, дене мәдениеті және спорт мамандарының бәсекеге қабілетті құзырлылық үлгісінде, біз құзырлылықтың жеке топтары бойынша құзырлықты қалыптастыру ретіндегі мүмкін болатын шеңбері аясында, оқу жоспарының негізгі пәндерін және әрбір топтарының ішкі жеке көрсеткіштерінің қалыптасуы мен жетілдіруін анықтадық. Ал, бәсекеге қабілеттілік параметрлері үлгінің мазмұнын таңдауына, бәсекеге қабілеттілік өлшемдерін дайындауға және нақты мамандардың бәсекеге қабілетті деңгейінің бағасының нормативтеріне қызмет етеді.

Кәсіби-қызметтік құзырлылыққа экономикалық және ұйымдастыру-басқару, жалпы кәсіби және арнайы құзырлылықты меңгеру мен арнайы блоктар жатады.

Көрінетін орны:

- дене мәдениеті және спорт мамандарының педагогикалық, басқару, рекреациялық қызметтерді тиімді жүзеге асырғанда;

- кәсібилікті дамытуды жоспарлау қабілеттілігі ретінде;

- кәсіби қызметті (педагогикалық технология, қабылданған басқару шешімдерінің технологиясы, спорттық-көріністік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу технологиясы, дене мәдениеті және спортты бос уақытты тиімді пайдалану түрі ретінде насихаттап тарату жолдары және т.б.) жүзеге асыру әдістерін, тәсілдерін, амалдарын, жолдарын, технологияларын жүзеге асыруды меңгеру ретінде;

- дене мәдениеті және спорт саласында психологиялық-педагогикалық және басқару проблемаларын шешу қабілетінде.

Жалпы кәсіби, экономикалық-басқару (экономикалық теория, дене мәдениеті мен спорттың экономикасы мен менеджменті, спорттық-көпшілік жұмыстары ұйымдастыру, дене мәдениеті-спорттық қызмет мазмұны мен түрлері) және арнайы пәндер циклінде қалыптасады.

Бәсекеге қабілетті параметрлері:

- техника-технологиялық: жалпы және арнайы психологиялық-педагогикалық және экономикалық-басқару білімі, іскерлігі мен дағдылардың көлемі мен сапасы;

- құрылымдық: дене мәдениеті және спорт аясындағы педагогикалық және ұйымдастыру-басқару жұмыстарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік тұғызатын тұлғалық сапасы;

өнегелік: кәсіби қызмет пен кәсіби қарым-қатынастың мәдениеті; сыртқы келбеті;

экологиялық: кәсіби қызметтің экологиялық қауіпсіздігі.

Арнайы құзырлылықтың жоғары деңгейдегі дамуынан адамдағы кәсіби қызмет еңбегінің қалыптасқанын айтуға болады. Одан сапалы сипатты, жоғары кәсіби классификацияны, шығармашылық кәсіби дағдылар мен іскерліктің әртүрлілігі мен тиімділігін, кәсіби міндеттерді шешудің қазіргі заман әдістерін меңгеру қызметтің жоғары деңгейдегі тұрақты өнімділігіне себепші болатынын көруге болады.

Құзырлылық топтарының нормативтік параметрлерінен кәсіби-тұлғалық үшін де, кәсіби-қызметтік үшін де қай маманның шындыққа жақын екені туралы айтуға болады. Экономикалық және әлеуметтік-ұйымдастырушылар мамандардың бәсекеге қабілеттіліктің қозғаушы күштерін сыртынан біршама анықтайды, сондықтан біздің зерттеуіміздің тұжырымдамасында біз бұған тоқтамаймыз.

Кәсіби құзырлылықтың психологиялық-бағдарлық құрылымына да қызығушылық пайда болып тұр. Құрылымдық кәсіби құзырлылықты анықтауды психологиялық жолдармен зерттеу Е.В.Бондарева келесі компоненттерді анықтады [2]:

- қызметтік: ЖОО-да алған білімінің жүйесін көрсетеді: гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми, жалпы кәсіби, арнайы және мамандану пәндері; маманның есепке алынған шығармашылық қызметі дағдысының тереңдігі, көлемі, ойлану стилі, өнегелілік нормасы әлеуметтік қызметі.

- мотивациялық: кәсіби қызметтегі дәлелді – себептер, мақсаттар, мұқтаждық, маңыздылығы жоғары құндылықтарды құру жатады;

- рефлексстік; өзінің қызметіндегі нәтижесінен өзін бақылаудағы, өзін талдаудағы, болжалдаудағы дағдыларының кешені жатады.

- қатынастық; тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты орналастыру, ойды тұжырымдап айту, ақпаратты анық, айқын жеткізу, кәсіби өзара келіскен әрекеттерді жүзеге асыру қабілеттері жатады.

Бұл құрылымды пайдалану мамандардың құзырлылығына бәсекеге қабілеттілік параметрлерін тығыз байланыстыруға мүмкіндік береді және кәсіби құзырлылық деңгейі бағасының өлшемдерін нақты анықтайды.

Зерттеліп дайындалған үлгіні ұсынудан бұрын, дене мәдениеті және спорт мамандарының қызметінде, педагогикалық сияқты экономикалық- басқару компоненттері іс жүзінде теңдей мөлшерде ұсынылғанын естеріңізге саламыз. Демек, үлгінің мазмұнын дәлелдеу осы фактілер есепке ала отырып жүзеге асырылуы керек. Бұл жағдайларда кәсіби құзырлылықтың әрбір компоненті педагогикалық және экономикалық-басқару блоктарын қосып алады (1 кесте).

Дене мәдениеті және спорт маманының бәсекеге қабілетті құзырлылық үлгісі №1 кесте.

Кәсіби құзырлылықтың құрылымдық компоненті	Кәсіби-тұлғалық; педагогикалық және экономикалық басқару	Кәсіби-қызметтік; педагогикалық-экономикалық басқару
Құрылымдық компоненттің сипаттамасы	<p>Ұжымдық кәсіби қызметтің, кәсіби және адамдардың өзара қатынасының амалдарын меңгеру;</p> <p>- жалпы азаматтық сапаларды қалыптастыру; жеке басының тәртібі мен қызметін өзі басқару тәжірибесінің болуы, өздігінен дамуға талпылысы, тұлғаның акмеологиялық бағыты;</p> <p>- орындай алу, жеке тұлғалықты дамыту, шығармашылық мүмкіндіктер, кәсіби дамуға дайындық әдістәсілдерін қолдана білу;</p> <p>- әлеуметтік және кәсіби танымдық міндеттерді инновациялық және шығармашылық деңгейінде шешу қабілеті</p>	<p>- кәсіби қызметті жоғарғы деңгейде меңгеру, өзінің кәсіби дамуын жоспарлау қабілеті;</p> <p>- ұжымдық кәсіби қызметті ұйымдастыру қабілеті, әріптестерінің, оқушылардың және тұтынушылардың жұмысын жоспарлау және оны басқару;</p> <p>- шығармашылық кәсіби деңгейде жалпы кәсіби міндеттерді шешу (дене мәдениеті және спорт аясында) қабілеті;</p> <p>- педагогикалық және экономикалық басқару қызметінің алгоритмін меңгеру, өз қызметінің</p>

		нәтижелілігіне жаңалықтың, инновацияның элементтерін ендіре білу қабілеті, нақты бағдарланған ғылыми зерттеулерді жүргізу, кәсіби қызметті өңдеу және жоспарлау қабілеті
Кәсіби құзырлылықтың блок бойынша қабілеттілік көрсеткіші	<p><u>Функционалды-когнитивтік;</u> әлеуметтік-психологиялық, жалпы-гуманитарлық және мәдениеттану бойынша білімі, іскерлігі мен дағдыларының көлемі мен сапасы; коммуникативтік білім, іскерлігі мен дағдылары;</p> <p><u>Тұлғалық-психологиялық;</u> отансүйгіштік, азаматтық көз-қарасының деңгейі; әлеуметтік белсенділігі; жалпы азаматтық және кәсіби мәдениеті; өзінің енбегіне деген әлеуметтік жауапкершілік; коммуникабельділік пен толеранттік;</p> <p><u>Функционалды-практикалық;</u> құрылымдық әлеуметтік бағыты мен қарым-қатынас тәжірибесі: азамат ретінде қоғамда жеке өзінің орындай алу тәжірибесі; мәдениетке сәйкес келетін тәртіптің, жүріс-тұрыс пен қарым-қатынас, тәртіптің, бағыттың, жүріс-тұрыстың экологиялық қауіпсіздігі</p>	<p><u>Функционалды-когнитивтік;</u> жалпы кәсіби және арнайы білім, іскерлік пен дағдылар рефлексі;</p> <p><u>Тұлғалық-психологиялық;</u> тұлғаның акмеологиялық бағыты, кәсіби дәлелдер мен танымдық қажеттілік, креативтік, кәсіби сана, болжай алу қабілеті, кәсіби ұйымшылдық.</p> <p><u>Функционалды-практикалық;</u> кәсіби шығармашылықты ойлай білу және қызметтік тәжірибесі, кәсіби қарым-қатынастың құрылымдық тәжірибесі; кәсіби мәдени қарым-қатынас және қызмет, кәсіби қызметтің экологиялық қауіпсіздігі</p>
Пайда болу	<ul style="list-style-type: none"> - тиімді жоспар мен өзара әлеуметтік іс-әрекеттерді жүзеге асыру (өзара қарым-қатынастың кәсіби бағыт-тылығы); - педагогикалық және басқару міндеттерін шығармашылық түрде шешу, өзінің қызметінің нәтижесіне жауаптылығын сезіну; - дене мәдениеті және спорт саласындағы әлеуметтік-экономикалық мәселеге байланысты туындаған сұрақтарды шешудегі бағыттылық пен қабілеттілік; - өзінің жеке кәсіби білімін, іскерлігі ен дағдысын шығармашылық түрде байыту; - жеке құзырлығы деңгейіне тең баға; - кәсібиліктің үнемі дамуына ұмтылу; - ғылыми-танымдық және басқа да шығармашылық кәсіби қызметті жүзеге асыру 	<ul style="list-style-type: none"> - дене мәдениеті және спорт маманының педагогикалық, басқару, қалпына келтіру, қызметтерін тиімді орындау; - өзінің кәсіби дамуын жоспарлау; - кәсіби қызметті жүзеге асыру әдістерін, тәсілдерін, технологияларын тиімді пайдалану (педагогикалық технология, басқару шешімдерін қабылдау технологиясы; көрермендер келіп көретін спорттық шараларды ұйымдастыру және өткізу технологиясы, дене мәдениеті мен спортты бос уақытты тиімді пайдалану түрі ретінде насихаттау жолдары және т.б.); - дене мәдениеті және спорт аясында психологиялық, педагогикалық және басқару мәселелерін тиімді шешу
Қалыптасу	Қоғамдық қызмет, құзырлылық	Педагогикалық және

факторлары	амалдарын пайдалана отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру, студенттердің азаматтық тәрбиесін жүзеге асыру (өнегелілік, әсіресе патриоттық тәрбие, азаматтық көзқарасты тәрбиелеу, студенттердің академиялық құзырлығын қалыптастыру	өндірістік практика, құзырлылық амалдарын оқатып, үйреуге ендіру, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру
Оқу жоспарындағы пәндер	Гуманитарлық және әлеуметтік пәндер (шетел тілі, тарих, құқықтану, социология, мәдениеттану және т.б.), жаратылыстану-ғылыми және математикалық (информатика, қазіргі заман жаратылыстану концепциясы және т.б.)	Жалпы кәсіби пәндер (психология, педагогика, дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі, анатомия, физиология және т.б.), экономикалық басқару (экономикалық теория, дене мәдениеті мен спорттың экономикасы мен менеджменті, бұқаралық-спорттық жұмыстарды ұйымдастыру, дене мәдениеті-спорттық қызметтің мазмұны мен түрлері, басқа дайындық және мамандану пәндері (спорттық жаттығу, спорттық педагогикалық жетілдіру және т.б. технологиясы)

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, кәсіби құзырлылықтың әрбір құрылымдық компонентін үш бөлікке бөлеміз: қызметтік-когнитивтік (білім, іскерлік және дағдылар); психологиялық-тұлғалық (кәсіби дәлелдер, рефлексивтік қабілеттер, қарым-қатынас қабілеті); қызметтік-практикалық (қызметтік, тәртіптік және қатынас тәжірибесі).

Осы қозғаушы күштерді есепке ала отырып ЖОО-да оқу мен тәрбиенің жүйесін құру қажет. Студенттердің шығармашылық кәсіби қызмет тәжірибесі мен құрылымдық кәсіби қатынас тәжірибесін меңгеруге, міндетті дамушы тиімділігі пен мүмкіндігін қарастыратын, бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыратын білім беру ортасын құру керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» стратегиясы - Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. 14 желтоқсан. Елорда. Астана, 2012.

2. Бондарева Е.В. // Компетентность в структуре модели качества подготовки специалистов. Высшее образование сегодня. Москва, 2004 С. 206

ӘӨЖ-370.7122

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН АЛҒАНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ САПАЛЫҚ ҚАСИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ

Л.Қ.Рысбекова

аға оқытушы

А.Қ.Рысбекова

п.ғ.к., аға оқытушы

RESUME

In article the priorities of a creative educational activities at elementary school, according to world science and progress the questions of training and youth education are considered. Society needs the educated, highly cultured and creative person. Such personality is brought up by school. For this purpose at elementary classes it is necessary to choose skillfully pedagogical conditions and to use effective ways of development of creative

abilities of pupils.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются приоритеты творческой учебной деятельности в начальной школе, вопросы обучения и воспитания молодежи в соответствии с мировой наукой и прогрессом. Такую личность воспитывает школа. Для этого в начальных классах нужно умело выбрать педагогические условия и использовать эффективные пути развития творческих способностей учащихся.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы - Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында «...Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды. «Қазақстан-2050» Жаңа бағытын ескере отырып, Үкіметке 2013 жылдан бастап халықаралық үлгідегі куәліктер беру арқылы *инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамытуды* қамтамасыз етуді тапсырамын», - деп атап көрсетті [1].

Шығармашылық - бұл бала бойындағы дарындылығын дамыту. Оны тәрбиелеу - бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселелердің бірі. Осы белсенділігін, қабілетін арттыру арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту қажет.

“Шығармашылық” - бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі табуына көмектеседі. Өйткені, адам туынды ғана емес, тудырушы, жаратушы да. Адам әрқашан өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі жойып жіберуге де қабілетті болады. Адамның өз болмысын тануға ұмтылуға көмектесіп, тереңде жатқан талап - тілегін қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең негізгі мақсаты болып табылады.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мақсат - саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ ұрпақ - келешек қоғам иесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми әрісі озық азамат етіп тәрбиелеу - біздің де қоғамның алдындағы борышымыз.

Жас ұрпақты еңбек сүйгіштікке тәрбиелей отырып, оларға меңгерілетін әр тарапты қарапайым іскерлік дағдыларын ұлттық мазмұнда, өз Халқының тұрмыс-салт ерекшелігіне орай дамыту қазіргі дәуір қажеттігінен туындап отырғаны мәлім. Бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі ретінде бала бойында ұлттық тәрбиеге негізделген еңбек дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы арта түсуде.

Ал бүгінгі күрделі әлеуметтік-экономикалық жаңарулар тұсында шығармашылық қабілеттер басты нысана болып, керісінше, оқушыда шығармашылық қабілеттің болмауы үлкен проблема саналып, ойландыруы тиісті деп ойлаймыз. Себебі өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шешу тек шығармашыл адамдар қолынан ғана келеді. Тек шығармашылық қана қандай түрде, қандай деңгейде болмасын адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді. Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатыларының бірі болып саналатын бастауыш мектептің алар орны ерекше. Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден: кез-келген бала адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақтаған тәжірибесін меңгеруге арналған оқу әрекеті, екіншіден- кез- келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады.

Негізгі мектептің бүгінгі білім берудегі мақсаты — оқушыда өз жеке білім траекториясын таңдау қабілеттілігін қалыптастыруға жағдай жасау. Яғни, педагогикалық әрекет оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауына әкеп тірейтін әрекетіне бағытталу қажет. Шығармашылық әрекет — оқушының өз жеке шығармашылық бағытын таңдау қажеттігін және шығармашылық өнім, нәтиже туғызуға бағытталған жауапкершілігін қамтитын әрекет. Мұндай әрекет оқушының жеке білім траекториясын қалыптастыруға бағытталған. Осы тұрғыдан ғылыми зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда ескерген жөн.

Бастауыш білім - үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осыған сәйкес оқушыға белгілі бір көлемдегі білім, білік-дағдыларды меңгертумен бірге табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін

кеңейте отырып, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту - бүгінгі күннің талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияны тиімді пайдаланудың маңызы ерекше [2].

Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы балалардың кішкентай кезінен бастап дүниеге өзіндік кезқарасының қалыптасуына жол ашу. Бала қиялын дамыту барысында оларды бақылауға, зерттеуге, ойлауға, өзінің болашағын болжауға және идеялармен еркін әрекет жасауға үйренеді. Балаларға өздерін тапқырлыққа, білгірлікке, мақсатқа талпынуға және қиялдауға итермелейтін ойындар мен тапсырмалар өте ұнайды.

Бастауыш сынып балаларының қиялы әдеттегіден тыс, ерекше. Олар шындық өмірді қиялдағымен біріктіре отырып, өзі ойлап тапқан дүниеде өмір сүруі мүмкін. Олар ағаштардың немесе хайуанаттардың сөйлесетініне сенеді. Бұл жастағы балалар естіген ертегі-әңгімелер желісімен өзі де оларды құрастыра алады. Сондықтан мұғалім ертегі не әңгімені бастап беріп, оны аяқтауға оқушыға тапсыратын болса, балалар оны аяқтаудың түрлі жолдарын қарастырады.

Бастауыш сынып оқушысының жазған шығармашылық жұмысы тек өзіне ғана жаңалық болып табылатын, субъективті жаңалық. Оқушыларды оқыту барысында белсенділік қабілетін қалыптастыру және дамыту мәселесі. шығармашылық процестің қандай кезеңдерден тұратындығы, яғни неден басталып, немен аяқталатындығын білуді талап етті. Бастауыш сынып оқушыларына тән шығармашылық процестің кезеңдерін шартты түрде төмендегідей топтастырдық:

1. Жаңалықпен бетпе-бет келу.
2. Шығармашылық белгісіздік, екіұштылық.
3. Шешімнің жарық көруі.
4. Шығармашылық акт.
5. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Оқу - танымдық шығармашылықтың әр кезеңінде бала бойында әр түрлі сапалық қасиеттер қалыптасып жатады. Мысалы: алғашқы кезеңде жаңалықты сезіну, қайшылықтарға деген күдік, шығармашылық елес орын алады. Белгісіздік кезеңіндегі “бас қатырулар” табандылық, танымдылық, белсенділік қалыптастырса, еңбектің нәтижесі баланы жоғары көңіл күйге бөлеп, жаңа істерге жігерлендіреді [3,4].

Мұның барлығы бастауыш сынып оқушыларында болуға тиісті қасиеттер болып табылады. Әрине, шығармашылық жұмыстың түріне, мақсатына қарай бұл кезеңдер астасып, қабысып жатуы әбден мүмкін. Олар да қалыптасып, әрі қарай дамып отыратын сапалар да бірі анық көрініп, бірі керісінше, уақытша көмескіленіп жатуы ықтимал. Дей тұрғанымен, тұтас алғанда әр баланың бойындағы табиғи, қайталанбас ерекшеліктермен біріккен кезде аталған сапалар көп жағдайда шығармашыл тұлғаның таң ғажайып үлгісін құрайды

Қазіргі бастауыш мектептерде шығармашылық әрекеттен, оқу әрекеті басым жүреді. Сабақта оқушылар үнемі бір типтес жаттығулар орындаумен айналысады. Мұндай жаттығулар бір ғана шешім іздеу баланы өз күшін байқау мүмкіндігінен айырады. Біздің ойымызша қазіргі қоғам талабына сай, оның дамуына орай, бастауыш сынып оқушыларына кез-келген шығармашылық тапсырмаларды шешуді табысты меңгере алады.

Бүгінгі таңда жастарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлау білу мүмкіндігін жетілдіру, сонымен қатар адамның кәсіби біліктілігін, іскерлігін арттыру әділетті қоғамның міндеті болып табылады.

Міне осы тұрғыдан қоғамға жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті, жұмысты шығармашылықпен істей алатын жеке адам қажет. Ондай адамды мектеп дайындайды. Ол үшін бастауыш сыныпта жеке пән оқыту арқылы оқушының шығармашылық қабілеттерін арттырудың педагогикалық шарттарын таңдап алу қажет. Сонымен қатар оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын тиімді ұйымдастыра білген жөн.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» стратегиясы - Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдау. Астана, 2012 ж.
2. Әбенбаев С. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі». «Дарын» 2007 ж.
3. Мұсаева С.А., Бегалиев Т.Б. «Жас ерекшелік педагогикасы» Астана 2006 ж.
4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. «Педагогика» Алматы 2000 ж.

АРАБ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ
Фил.ғыл.канд., доцент
Абдрахманова К.Х.

Резюме

В данной работе на арабском и казахском языках мы остановились на современном состоянии и изучении корней глаголов, видов производных корней, определив морфемный состав.

Summary

This article deals with the modern condition and teaching the base forms of the verbs, types of derivative verbs, having defined the morphemic structure in Arabic and Kazakh languages.

Тірек сөздер: морфема, түбір етістік, ұяшық, тиянақсыз дауыссыз дыбыстар.

Араб етістігі – өте күрделі сөз табы және жаңа сөз жасаудың негізі. Араб тіліндегі етістіктерге араб лингвист ғалымдары мынандай анықтамалар береді: «белгілі-бір уақытта іс-әрекеттің өту барысына негізделген сөз» [1.18], «жеке лексикалық мағынасы және баяндауыштың синтаксистік функциясы бар сөз» [2.25], «лексикалық мағынасы нақты уақытты білдіретін мағынасымен сәйкес келген сөз» [3.46]. Осы пікірлерді жинақтай келе, араб тіліндегі етістіктер – біреудің немесе бір нәрсенің қимыл-әрекетін, жай – күйін білдіретін сөз табы деген тұжырым жасалады.

XIX-ғасырдан бастап тілші ғалымдар семит түбірлерінің ішінде үш дауыссыздан құралған түбірдің шығу тарихын зерттеуге баса назар аударады. Еуропалық ғалымдардың басым көпшілігі араб тілінің диалектісінің деректеріне сүйене отырып, үш дауыссыз түбір етістіктердің алғашқы екі дауыссызы туыстық түсінік (родовое понятие) мағынасын берсе, үшінші дауыссыз бұл туыстық түсінікті түрге дифференциялайды деген пікір айтып, алғашқы екі дауыссыз түбірге «tarkib» (тіркес) деп терминдік атау берген [4.95]. Араб тіліндегі екі дауыссыз түбір мен үш дауыссыз түбірдің шығу тегі жайындағы тұжырымдар семитолог ғалымдар арасында әлі күнге дейін өзінің шешімін таппай келе жатыр. Кейбір ғалымдар үш дауыссыз түбір екі дауыссыз түбірден шыққан десе, М.Мюллер екі дауыссыз түбір бұрын қолданса да ол үш дауыссыз түбірмен бірге пайда болған деген пікір айтады, ал, Фр. Деличтің ойынша, алғаш тиянақты дауыссыз дыбыстан құралған түбір пайда болды да, кейін құрамында тиянақсыз дауыссыз дыбысы бар түбір пайда болған [5.97]. Мұндағы тиянақсыз дауыссыз дыбыстар деп отырғаны араб тілінде түбір құрамында келген *алиф, уау, йа* әлсіз дыбыстары: *kāna, rama, nasia*. Ал Юшманов Н.В. үш дауыссыз дыбыстан құралған түбір етістіктердің бастапқы негізі екі дауыссыз дыбыстан құралады, тілдің даму барысында негізге үшінші дыбыстың жалғануына байланысты үш дауыссыз түбір жасалған деген пікір айтады. *Мысалы:*

نَبَأَ [naba'a] - (биік болу);

نَبَاتَ [nabata] (өсу);

نَبَأَ [nabaʕa] (көтерілу қамырға байланысты);

نَبَجَ [nabaʒa] (жоғары дауысқа ие болу);

نَبَحَ [nabaha] (үру)

Осы мысалдардан байқағанымыздай *наба* ұяшығынан өрбіген етістіктің бастапқы екі дауыссыз дыбысы іс-әрекеттің іштен сыртқа қарай бағытталуын білдірсе, соңында жалғанған қосымшалар үстеме мағына береді.

Түбірдің шығу тарихын зерттеумен айналысып жүрген көптеген зерттеушілер, олардың ішінде еуропалық семитолог ғалымдар да жоғарыда аталған ұяшықтардың дыбыстық еліктеу сипатына ие, ал үшінші дауыссыз сол сөзге арнайы сипат беретін жұрнақтың қызметін атқарады деп есептейді. Басқа да семит тілдерінде кездесетін мұндай материал араб тіліндегі түбірдің бастапқы кезде екі әріптен ғана тұруы мүмкін екенін растайды, ал екінші жағынан толып жатқан араб сөздерінің ішінен дыбыстық еліктеу сипатындағы лексиканы ажырата білуге мүмкіндік береді [6. 45].

Мұндай мәселе түркі тектес тілдерді зерттеуші түрколог ғалымдардың да еңбектерінен байқауға болады. Ғалымдардың әуел бастан ерекше көңіл бөліп, сөз еткен түбірлері дыбыстық құрамы жағынан *дауысты-дауыссыз-дауыссыз* (ГСС) және *дауыссыз-дауысты-дауыссыз-дауыссыз* (СГСС) түрінде болған. Әуел бастағы түбірлердің түрі СГС (*дауыссыз-дауысты-дауыссыз*) болған деген пікірді алғаш ұсынған ғалымдардың бірі Н.А.Баскаков екені мәлім. Мысалы, С-Г-С: *т-а-с, к-е-л, ж-ү-р, б-а-р*. [7.100].

В.Л.Котвич қазіргі алтай тілдерінде түбірдің 5 түрі бар екенін атап көрсетеді: Г, СГ, СГС, С, ГСС. Бұл түбірлердің ең алғашқы түрі СГ болған. Алғашқы түбірлердің пайда болғаны жайлы ғалымдардың пікірін төрт түрлі бағытқа бөліп қарауға болады:

1. Бастапқы түбірлер СГС болған, одан СГ және ГС түбірлері жасалып, ең ақыры Г тұлғасына жеткен деген пікірді ұсынушы – Н.А.Баскаков;

2. СГ түбірінен СГС формасы пайда болған деген пікірді ұсынушылар – Б.Котвич, Э.В.Севортян, А.Н.Кононов;

3. Әуелгі түбірдің негізгі түбірлері қандай формада болғанын ашып айтпаса да, СГС формасы іштей бөлшектеуге келетін тұлға деген пікір. Бұл пікір Б.М.Юнусалиев зерттеуінде кездеседі;

4. Әуелгі түбірлердің құрамында Г мен СГ, ГС мен СГС түбірлердің бәрі де болған деген пікір. Бұны алғаш айтушылардың бірі Б.М.Юнусалиев болған [8].

Бастапқы түпкі түбірлерді іштей тұлғалап бөлшектегенде ғана барып түбірлердің құрамы анықталады. Мысалы: *-йан, -йаң, -йал* дегеннің түпкі түбірі *-йа* болып табылады. Сондай-ақ *uip* - тұлғасының бастапқы формасы *u* - болған. Оған *-p* элементі қосылып, *uip* болып қалыптасқан. Кейіннен *-i* дыбысы *i* дыбысымен сіңісу нәтижесінде *e* пайда болған да, *ep* - болып айтылған деген болжамдар бар.

Қазақ тіліндегі етістіктер өзінің шығуы жағынан туынды түбір етістіктерге қарағанда негізгі түбір етістіктер тілдің өте әрдегі көне тарихи даму кезеңіне жатады [9. 40]. Негізгі түбір етістіктер- одан әрі қарай сөздің түбірі және жұрнақ деп бөлшектеуге келмейтін: *ақ, айт, ал, бу, күт, ер, сен, ұйғар, қорық, тоқы* және т.б. негізгі түбір етістіктерге жатады. Мұндай негізгі түбір етістіктер бір буынды болып келеді. Екі буындылар әлдеқайда аз, ал үш буындылар жоқтың қасы деуге болады.

Араб тіліндегі түбір етістіктерді көптеген Ресей семитолог ғалымдары да зерттеді, мысалы, Заворский А. «Префикс» [10], Дьяконов И.М., Порхомовский И.Я. «О принципах афразийской реконструкции» [11], Белова А.Г. «Структура семитского корня и семитская морфологическая система» [12], Юшманов Н.В. «Структура семитского корня» [13].

Ғалымдар пікірі бойынша араб тілінің грамматикасы үш дауыссыз дыбыстан құралған түбір етістіктер, ал, аз дауыссыз дыбыстан құралған түбірлер өздеріне жетпейтін дауыссыз дыбыстарды қосып алады. Бір және екі дауыссыз дыбыстан құралған түбірлер үш не одан да көп дауыссыз дыбысқа жету үшін :

- әлсіз дауыссыз «w, y, h, ‘» дыбыстарды;
- дауыссыз дыбыстардың екі еселенуін;
- созылыңқы дауысты дыбыстарды;
- өлі жұрнақтарды өздеріне қосып алады.

Араб тілінде түбір дыбыстары мынандай ерекшеліктерімен айқындалады: кейбір дыбыстар түбірде қатар келмейді. Мұндай дауыссыздар сыйымсыз (несовместимый) дыбыстар деп аталады. Сыйымсыздарға:

1. Көмей және көмей арты дауыссыз дыбыстар: $ح[h]$, $خ[h]$, $ع[‘a]$, $ع[ġ]$, $ه[h]$;

2. Дауыссыздар:

ص, ض, س, ف, م, ب мен

ض, ش, ث мен

ض, ن, ص, ك, ق, ع, ج мен

ظ, ط, ن, ض, ظ, ط, ض, ص, س, ث мен

ك, ظ, م, ن, ك, ق, ط, خ мен

ق, غ, ظ, ذ, د мен

ل, م, ن, ر, ق, غ мен

ظ, ض, ص, ز мен

ن, م, ل

Фонетикалық ерекшелігіне байланысты бұл дыбыстар қатар келмейді деген сөз емес, осы аталған дыбыстардың біреуі түбірде келіп, екіншісі аффиксте келе береді: *تشبیت [tasbīt]* «бекіту» етістігіндегі сөз басындағы *ت* - *ta* - префикс, *سرجك [sarjuka]* «сенің ер-тоқымың» деген сөздегі *ك* - *ka* – суффикс.

Түбір сөз – сөздердің ешқандай тұлғалық бөлшектерге бөлінбейтін түпкі, негізгі қазығы, ұйытқысы, жаңа сөз жасаудың мағыналы бөлшегі. Егер түбір өздігінен ешқандай қосымшасыз жеке тұрып, белгілі бір мағынаға ие болса, оны **негізгі түбір** деп атайды. Мысалы, *kataba* – *ол жазды* деген сөзді алып қарасақ, оның түбірі *ktb* болады. Себебі, араб тілінде түбір сөздің рөлін тек дауыссыз дыбыстар ғана атқара алады. Ал, дауысты дыбыстар сөзжасам, сөзөзгерім, сөз түрленім қызметін атқарады. Үш әріпті түбір етістіктің ішіндегі өткен шақ формасындағы етістіктер араб тілі грамматикасында негізгі *сөз тудырушылар* және етістіктің осы-келер шағы мен бұйрық райының жіктелуінің *түбірі* болып саналады. Араб грамматистері түбір етістіктерді символды түрде белгілейтін араб алфавитінен «фа», «айн», «лам» әріптерін алып, етістіктің негізгі моделін жасаған. Етістіктің бірінші буынын *فـاء الفعل* fa’ul fi’l, екінші буынын *عين الفعل* ‘ainu l-fi’l, үшінші буынын *لام الفعل* lāmu l-fi’l - деп терминдік атау берген. Осы модельмен түбір етістікті белгілеп, одан өрбіген туынды түбір етістіктердің ара жігін ажыратқан. Олардың өткен

шағы үш түрлі формада жасалады: (*فَعَلَ* fa'ala, (*فَعِلَ* fa'ila, (*فَعُلَ* fa'ula формалары. Осындағы fa'ala (*فَعَلَ*) формасымен жасалған етістіктер іс-әрекетті білдіреді, fa'ila (*فَعِلَ*) формасымен жасалған етістіктер іс-әрекеттің жай-күйін білдіреді, fa'ula (*فَعُلَ*) формуласымен жасалған етістіктер іс-әрекеттің сапасын білдіреді: (*كَتَبَ* kataba- жазу-іс-әрекетті; *فهِمَ* fahima - түсіну- іс-әрекеттің жай-күйін ; *حَطَّرَ* ḥaṭṭara - іс-әрекеттің сапасын білдіріп тұр. Жалпы түбірдің өзі одан әрі грамматикалық бөлшектерге бөлінбейді. Оның өзі соңғы «бөлінбейтін» сөздің морфологиялық қалдығы, лексика-грамматикалық абстракцияны көрсетеді. Түбірді құрайтын дыбыстарды - *түбірдыбыстары* деп атайды. Көп жағдайларда араб сөздерінің түбірі дауыссыз дыбыстардан құралады. Бірақ, түбір құрамына *و* - *ū* және *ي* - *i* дауыстылары да кіреді. Оны араб грамматистері басқа «қатты», «дұрыс», «күшті» дауыссыздарға қарағанда «әлсіз» дауыссыздар деп атаған. Түбір дауыссыздарының орнын ұзақ дауысты дыбыс басуы мүмкін.

Белгілі арабист ғалым С.С.Майзелдің түбір сөзге жүргізген санағы бойынша араб тіліндегі түбірлердің саны - 6 586 6 соның ішінде үш әріпті дауыссыз түбір - 5 417, яғни түбір сөзін 82% пайызын үш әріпті дауыссыз түбір құрайды екен [5.78]

Түбірде топталған «күшті» түбір дауыссыздары сөздің барлық ұяларында(жерлерінде) тұрақты, өзгермейді (*ḥaraja* → *a + ḥraja, ta + ḥarraja, ta + ḥarruj + un*). Ал, «әлсіз» дауыссыздар белгілі бір өзгерістерге ұшырап, созылыңқы дауыстылармен алмасып немесе сөз құрамынан түсіп қалуы да мүмкін.

Қазақ тілінде етістіктер басқа да мағыналы сөз таптары сияқты түбір күйінде де, әр түрлі грамматикалық тұлғаларда да қолданылады деп жүрміз. Етістіктің түбір тұлғасы қимылды, іс-әрекетті, процесті т.б. білдіреді және ол – етістіктің жеке сөз табы ретіндегі жеке тұрғандағы семантикалық белгісі, негізгі және грамматикалық мағынасы, ал бұйрық рай II жағы – сол етістіктің сөйлеу процесінде басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде пайда болатын грамматикалық нөлдік форма арқылы көрінетін түрлену мағынасы, яғни категориялық мағынасы болып табылады:

Мен	бар+айын	Біз	бар	+айық
Сен	бар	Сендер	бар	+ыңдар
Сіз	бар	+ыңыз	Сіздер	бар
Ол	бар	+сын	Олар	бар
				+сын

Етістік тұлғаларының жүйесін, оның грамматикалық сипаттарын түсіну үшін, етістіктің сөйлемде қолданылу ерекшеліктеріне назар аудару керек. Себебі етістік:

Біріншіден, етістік түбір тұлғасында тұрып қолданылмайды;

Екіншіден, етістік жіктеліп барып немесе тұйық етістік, есімше, көсемше түрлерінде ғана қолданылады;

Үшіншіден, етістік түбірі тікелей жіктелмейді. Етістіктің түбір тұлғасына үстелетін грамматикалық құрылымының барлығы бірдей жіктеле бермейді;

Төртіншіден, етістік формаларының белгілі жалғану тәртібі бар: *сөйле+т+кіз+бе+й+міз, айт+ыл+ыңқыра+ма+йтын* т.б. Рай, шақ, есімше, көсемше тұлғалары етістік түбірге тікелей де жалғана алады: келген, келіпті. Сондай-ақ етіс, күшейткіш етістік, болымсыз етістік тұлғалары бірінің үстіне бірі қосыла берсе, рай, шақ, есімше, көсемше тұлғалары бірінен соң екіншісі қосылмай, біреуі ғана жалғанады: *сөйле+т+кіз+бе+се+м*. Бұның өзі етістіктің басқа тұлғаларына қарағанда, рай, шақ, есімше, көсемше тұлғалары грамматикалық сипаты жағынан қатарлас, реттес, мәндес, қызметтері жақын, ыңғайлас екендігін көрсетеді.

Жалпы етістіктің мағыналық өзгерісін екі тіл арасында салғастыра зерттеу тақырыбы әрі күрделі, әрі қызықты тақырып болғандықтан, осы тақырып бойынша әлі де көптеген еңбектер жазылады деген ойдамыз. Келешекте жұрнақтардың сөз жасаушы, мағына туғызушы қызметіне кеңірек тоқталу, олардың шығу тарихы мен төркіні туралы негізді де тұжырымды ойлардың тууына себепкер болады деп ойлаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Хасан Мухаммад Хасан аль-Бажури. Аль мужамат аль-арабиату бейна ат-тахлил уа ат-татбиқ. Каир, 2000ж.
2. Фуад Наама. Араб тілі ережелерінің қысқаша баяндамасы. Каир, аль-Мактабу ль-ильми ли т-таалиф уа т-таржама.1993.
3. Амин Али Ас-Саид. Грамматика 2 томдық. Каир. Дар аль-Маариф,1994.
4. Э.В.Севортян. Об этимологическом словаре тюркских языков. «Вопросы языкознания» №6, 1971.
5. Майзель С.С.Пути развития корневого фонда семитских языков. Наука. 1993.

6. Степаненко Л.К. Арабский язык и его история. М., 2001.
7. Ибатов А.Сөздің морфологиялық құрылымы. А., 1986.
8. Баскаков Н.Суффиксальное словообразованиевсовременном татарском литературномязыке, Казань, 1974.
9. Юлдашев А.А. Система словообразования и спряжения глаголов в башкирском языке.М.,1958
10. Zaborski A. Prefixes. Root-Determinatives and the Problem of Biconsonantal Roots in Semitic. FoliaOrientalia, 1970.
11. Дьяконов И.М., Порхомовский И.Я. О принципах афразийской реконструкции. М.,1971.
12. Белова А.Г. Структура семитского корня и семитская морфологическая система. –ВЯ, №3, 1991.
13. Юшманов Н.В. Структура семитского корня . –ВЯ , №3, 1992.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕРГЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ НЕГІЗДЕРІН ЕНГІЗУ ӘДІСІНІҢ МОДЕЛЬДІК ЖҮЙЕСІ.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті. Астана қ.
п.ғ.к.,доцент Қожаева С.Қ.

Түйін

Экологиялық тәрбиені, экологиялық білімді , экологиялық мағлұматтарды иерархиялық тұрғыданталдап , оның кеңінен мүмкіншілігін ашып көрсету. Экологиялық білім негіздерін педагогика пәніне енгізу әдісі педагогикалық жүйенің құрылымы,жалпы жүйелеу түрінде енгізілді.Берілген модель арқылы «Экология - педагогика» негізінде экологиялық білім арқылы дүниетанымын кеңейту.Оны сабақ беру тәсілінің негізгі элементтері ретінде ұсыну.

Summary

To discuss the ecological upbringing, ecological knowledge, ecological information from the hierarchical side, to widely explain it's abilities. The method of introducing the ecological knowledge base in pedagogy is introduced into the structure of pedagogical system, system at all. To extend the worldview by the help of ecological knowledge on the base of the given model "Ecology-pedagogy". To represent it as the main method of lesson leading element.

Қазіргі жалпы білім беретін жоғары оқу орындарындағы адекватты әдістемелік оқыту жүйесінің жоқтығы және студенттердің бойынан экологиялық мәдениеттің қалыптасуының қажеттілігі арасында оқу орындарында экологиялық мәдениеттің, білімнің теориялық тұрғыдан негізделуінің жеткіліксіздігі байқалады.Экологиялық тәрбиені қалыптастыруда білім беру жүйесінде жан-жақты қарастыру қажеттілігі туындады. Осы қарама-қайшылықтарды шешу мақсатында экологиялық білім негіздерін «Педагогикалық пәндерге » енгізу әдісінің модельдік жүйесін жасауды мақсат еттік.

Білім – интеллектуалды капиталдың стратегиялық факторы болып саналады. Сондықтан Ел басымыздың «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» атты студенттерге арнайы оқыған дәрісінде (2006 жыл 26 мамыр) білімді құнттау, сапасын арттыру, бағалау – Қазақстан жоғары мектебінің күн тәртібіндегі көкейкесті міндеті. Осы ретте Елбасымыздың дәрісі – ақыл-ой өрісін биіктететін, өңірлік және халықаралық өрісте кеңейтетін тағылымды дәріс. Өйткені, білім экономикасы әрқашан қоғамның дамуын анықтайтын көрсеткіш болып табылады.Білім – ұлттық мәдениеттің ұдайы дамуы мен жаңаруының берік негізі. Ол – өмір сүрудің мәні мен мазмұнын, ұлттық өркениеттің тарихи тағдырын, болмысын айқындайтын бірден бір жүйе. Демек жоғары оқу орнының ел экономикасының әр түрлі салалары үшін мамандар даярлаудың сапасына қарай анықталады. Жоғары оқу орындарының қойнауларында жүргізілетін ғылыми зерттеулер кадрлар даярлауда жоғары сапаға жетуде ерекше рөл атқарады. Ресей мен Батыс елдерінің барлық жетекші жоғары оқу орындары ғылыми зерттеулерінің жоғары нәтижелілігі арқасында осындай беделге жетті. ХХІ ғасырдың шебінде жаңа ақпараттық технологияларды құру ғылымның студенттерді даярлау сапасына ықпалын бұрынғыдан да күшейтеді, өйткені ХХІ ғасырдың табалдырығында білім өзінің маңыздылығы жөнінен елдің стратегиялық ресурстарымен бәсекелесе алатын капиталға айнала алады. Ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін игерудің және жаңа технологияларды жасаудың жоғары білікті мамандарды қажет ететіні айқын болып отыр. Республикамызда қабылданған Конституцияда (30 тамыз 1995 жыл) қоршаған ортаны қорғау әрбір

казакстандықтың абыройлы мақсат – міндеті болып саналатыны атап көрсетілген. Онда «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етіп қояды», - делінген [1]. «Экологиялық кодексте» 2006 жылы қабылданған экологиялық саясатты дәйектілікпен жүзеге асырудың механизмі реттеліп, оның жоғары деңгейде шешілуі қажеттігі басты назарда болды. Қазақстан Республикасының 2004–2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігін сақтау тұжырымдамасында еліміздегі толассыз белең алған экологиялық ахуалды жақсартудың жаңаша мүмкіндіктері айқындалып, экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесіне ерекше мән беріледі. Экология мәселесі жөніндегі қабылданған мемлекеттік құжаттарда болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық негіздері көрсетіліп, биологиялық алуан түрлілікті сақтау мен табиғатты ұтымды пайдалануға бағытталған іс-шаралар белгіленген. Студенттерімізге экологиялық білім бере отырып тәрбиелеу – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі. Үздіксіз білім берудің негізгі сипаты білім беру жүйесінің біртұтастығымен айқындалып, білім беру сатыларының арасындағы тығыз байланыстың болуы сабақтастықты білдіреді. Ал, бұл болса үздіксіз білім беру процесіндегі экологиялық тәрбие беру сабақтастығын білім беру процесінің барлық сатыларында жүзеге асыруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда жалпыға бірдей экологиялық білім мен тәрбие берудің мақсат - міндеттерін, республикамыздың үздіксіз білім беру жүйесінің барлық сатыларында жүзеге асыруды, жастардың көзқарасын, табиғатқа жауапкершілік қарым-қатынасын қалыптастыруды, мектепке дейінгі мекемелерден бастап жоғары оқу орындарына дейінгі аралықты экологиялық білім мазмұнымен жаппай қамтып, оны сабақтастықта жүргізуді талап етеді. Қазіргі ғылымда экология білімінің мазмұны мен әдістері туралы теориялық білімдердің маңызды қоры жинақталған, адам мен табиғаттың қарым-қатынасының аксиологиялық негіздері қарастырылған. Яғни, экологиялық ой-тұжырымдар студентті қоршаған табиғи орта мен өмір сүріп отырған қоғамында қалыптасқан ғылыми ұғым түсініктермен байланыстырып, оларды сабақтастырылған жағдайда туған жерін, елін қорғауға тәрбиелеу тиімді түрде жүзеге асады. Экологиялық зардаптардың алдын – алу жолдарын қарастыру үшін, жеке тұлғаны қалыптастыру, ізгілендіру, дамытуда студенттерге экологиялық білім беруде маңызы зор. ЖОО – да кез келген пәнді оқытуда пәнаралық байланыс арқылы білімнің жинақтаушы, қорытындылаушы және үйлестіруші қызметін атқаруға болады.

Осы тұрғыда студенттердің экологиялық білімін дамытудағы оқытудың интерактивті әдісі және кіріктірілген дәріс беру өте тиімді. Себебі, бұл әдіс студенттердің жеке өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, оның бойында білім, дағды және құндылық жүйесін қалыптастырады. Сабақ оқытушы мен студенттер тобы, шағын топтармен жеке студенттер арасындағы қатынас арқылы жүзеге асырылады. Мұнда оқытушы хабарлама беруші модератордың қызметін атқарады. Сондықтан да қоршаған ортамен табиғатты қорғау, экологиялық мәдениет пен саналылығын арттыра отырып, ой - өрісін дамыту, жалпы дүниетанымын тереңірек қалыптастыру оқытушы, ұстаз, тәрбиеші, ата- ана, жалпыадамзат туралы құнды дүние.

Бұл мәселелерді жүзеге асырудың негізгі бағыттарының бірі- орта мектеп, орта техникалық және жоғары білім беру орындары. Қоршаған табиғи ортаның ластану жолдарын жан -жақты ашаотырып, олардың назарын экологиялық негізгі ұғымдарға аудару қажет. Олардың ішіндегі маңызды салалары:

- ластану көздері
- ластанудың тигізетін экологиялық әсері (экологиялық білім, ғылыми бағыт).
- экологиялық түрлі күрес тәсілдері (тәрбие жұмыстары).

Сабақ жүргізу процесінің негізгі элементтері: мақсаты, мазмұны, көрнекті құралдары, әдістері, ұйымдастырылуы өзара араласып жататыны белгілі. Экологиялық білімді тиімді енгізу осы сабақ барысында жүзеге асырылатындықтан, әрбір сабақтың мазмұнының ғылыми негізделген идеялығына, мұғалімнің адамгершілік бағыты мен экологиялық сауаттылығына, оның көзқарас мен жалпы адамзаттық ізгілікті қасиеттерді түсіне білуіне тәуелді болады. Бұл салада экологиялық мәселелерге арналған ғылыми практикалық конференциялар, семинарлар, симпозиум материалдарымен таныстыру, пікірталас кездесулер, үгіт- насихат жұмыстарын жүргізіп талдау жасау, қоршаған табиғи ортаға деген және оның адам өмірінде алатын маңызды орны мен іс- әрекеттеріне есеп беру өте қажет. Мұнымен қатар, студенттерді экологиялық мәдениеттілікке бейімді тәрбиеленуі дәріс үстінде оқытушымен және құрбы - құрдастарымен, жанұяда болатын ұдайы қарым- қатынас негізінде қалыптасады. Жас ерекшеліктеріне сай өмірлік тәжірибесінің молаюы және жас кезінен бастап бойына экологиялық тазалықтың қалыптасуы, оның рухани байлығының мол болуына әсер етеді. Экологиялық мәдениеттілікке, саналылыққа тәрбиелеу - ұзақ уақытты керек ететін күрделі процесс болғандықтан, бұл процестің негіздерін баянды етуге

мектептің, жанұяның, қоғамның, жоғары оқу орындарының бір жүйеге келтірілген оқу- тәрбие жұмыстары арқылы ғана қол жеткізуге болады. Бұл бағытта оқытушылардың, олардың топ кураторларының және жеке бастарының үлгісі көп роль атқарады.

Қорыта келгенде, экологиялық - саналылық үздіксіз тәрбиеленіп, өзгелердің үлгі өнегесі арқылы біртіндеп қалыптасатын комплексі қасиет. Басқа оқу пәндерімен қатар, экологиялық білімді студенттер санасына тиянақты қалыптастыруда «Педагогика» пәнінің алатын орны ерекше. ЖОО- да 2 курстан басталатын «Педагогика» пәні экологиялық сананы қалыптастыратын пәндердің біріне жатады. Экология ғылымындағы жаңалықтармен тығыз байланысты техниканың, өндіріс салаларының қауырт дамуы яғни *техника – қоғам- адамзат* үшін өте қажет бола отырып, экологиялық дағдарыстың да негізгі себептерінің біріне айналды.

Осы ретте, «Педагогика» пәнін оқыту барысында табиғат заңдары мен құбылыстарын студенттерге табиғатты қорғау жөнінде көптеген тәрбиелік мағлұматтар арқылы түсіндіру және пән аралық байланыс арқылы экологиялық ой санасын арттыру әдісін жүйелік талдау тұрғысынан ұсынып отырмыз.

Оқу үдерісін ұйымастыруда жаңа ізденістерге мүмкіндік туғызып, «жалпыға ортақ білім» парадигмасынан «әркімге арналған білім» парадигмасына қадам жасатады.

Ұсынылып отырған (1-суреттегі) экологиялық білім негіздерін меңгеруді тиімді дамыту әдісін көп деңгейлі иерархиялық жүйе теориясының принциптік ерекшеліктерін қолдану арқылы қалыптасты. Бұл тұрғыда педагогика пәні гуманитарлық ғылымдарының ішіндегі экологиялық білім мен тәрбие процесінің өзекті негізгі есебінде қолданылды.

Деңгейлік иерархия құрамына 3 деңгей кірді:

бірінші бастапқы деңгей-педагогика пәнінің кейбір негізгі тақырыптарының құрамын экологиялық тұрғыдан қалыптастыру ;(2 курс)


екінші бірінші деңгейдегі тақырыпқа сүйене отырып, пән аралық байланыс арқылы педагогикалық яғни тәрбиелік мәнін экологиялық тұрғысынан дифференциялау, анықтау және тиімді толықтыру;

үшінші иерархиялық деңгей педагогикалық, экологиялық ғылымның негіздерін қолдана отырып проблемалық сұрақтардың мазмұнын құру.

Ал енді, иерархиялық дамудың нәтижелік қорытындылау деңгейі ретінде студенттердің тақырыптың мазмұны және оған қатысты қойылатын сұрақтарға толық және сапалы меңгергендігін білдіретін жауаптар беруінде. Бұл деңгейлердің құрамын қалыптастыру үшін иерархиялық интеграциялау және дифференциялау жолдары қолданылды. Біз қолданған негізгі белгілер: Педагогика- экологиялық ұғымды бастапқы сатыда игеру негіздері.

Педагогикалық тақырып пен экологияның байланысы.

Педагогика тақырыбында экологиялық білім, тәрбие беретін ғылыми тану мүмкіншілігі.



1-сурет. Экологиялық білім негіздерін «Педагогика» пәніне енгізу әдісінің модельдік жүйесі. Автор С. К. Кожаева

Педагогикалық көзқарас тұрғысынан қарағандағы пән аралық байланыстардың информациялығы, көп параметрлік мағынасы және функциялық байланыстардың қалыптасу ерекшеліктері.

Берілген сұрақтардың құрамының мазмұндық түсініктілігі, көлемі, толықтығымен, қарапайымдылығымен, әрі жан- жақты дүниетанымын, табиғат, әлеуметтік орта, ғылым негіздері арқылы ғылыми тұрғыдан құрастыру. Сол сияқты сұрақтың мазмұны студенттердің қабылдау мүмкіншілігінің дәрежесіне сай бола отырып, ғылым -техника дамуын қамтуы қажет.

Жауаптың саналылығы, тереңдігі, жан - жақтылығы арқылы студенттердің жеке басының ерекшеліктерін яғни экологиялық сауаттылығын кең аша отырып, оның құрамын күнделікті өмірмен, ғылымның жетістіктерімен, практикамен, табиғи құбылыстармен әлеуметтік байланыста қалыптастыру.

Тиімді қолданылған иерархиялық белгілер экологиялық мағлұматтар мен педагогикалық тәрбие мен білімін жан - жақты қарап, кеңінен ашу мүмкіншілігін туғызды. Сонымен қатар сабақ беру тәсілінің негізгі элементтері ретінде ұсынылды. Жоғарыда келтірілген нәтижелерге сүйене отырып, «Экологиялық білім негіздерін педагогика пәніне енгізу әдісі» педагогикалық жүйенің құрылымы жалпы жүйелеу түрінде енгізілді (1сурет). Бұл подсистема үлкен және күрделі «Экология - педагогика» негізінде экологиялық білім арқылы дүниетанымын кеңейту.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қожаева С.Қ. Тәрбие кеңістігінде ізгілік қасиеттерінің теориялық - әдістемелік негіздері. Монография, ЕНУ баспасы. 2013.Б.-332

2.Қожаева С.Қ. Экологиялық білім негіздерін Педагогика пәніне енгізу жүйесі.Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. 2011.

№3. -41-45 бет.

ТҮЛҒААРАЛЫҚ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ҚАЖЕТТІЛІК - ТҮЛҒА БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ.

Бапаева М.Қ. п.ғ.к., доцент

Қалдыбекова Э. Қазмемқызпу магистранты

Резюме

В статье дан анализ познавательным и эмоциональным потребностям в общении, которое является источником активности личности и сложной структурной интеграцией в потребности взаимочастного общения.

Resume

The article analyzes cognitive and emotional needs in communication, which is the source of the individual's activity and complex structural integration in requirements of interpersonal communication.

Кез-келген адам дүниеге келісімен екінші бір адаммен қарым-қатынасқа түсуді қажетсінеді. Адам қарым-қатынас арқылы айналасындағы дүние жайлы мәлімет алады, еңбек пен тұрмыс дағдыларына машықтанады, адамзат жасап шығарған түрлі құндылықтарды меңгереді. Әрине, қарым-қатынас ақпарат алумен ғана шектелмейді, оның шеңбері аса кең, бұл көп қырлы ұғым. Өмірдегі сан алуан тыныс-тіршілікте адамдар бір-бірімен тікелей, жүзбе-жүз не жанама (хат жүзінде, радио, теледидар арқылы),не біреу арқылы қарым-қатынасқа түседі.Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау процесінде ғана қалыптасады, қоғамдық тәрбие арқылы адам белгілі мазмұнға ие болады. Тұлғааралық қатынас дегеніміз – қарапайым да күрделі мәселе.Осындай қарым-қатынастың мән-мағынасы, олардың түрлі көріністері жеке адамдармен топтық ұйымдардың тіршілігінен жақсы байқалып отырады /1/.

Адамдар арасындағы қатынастардың қалыптасуы, әдетте олардың бірін-бірі қабылдай алуы, түсінуі және бағалануына байланысты, яғни тілдесу нәтижесінде бір адамның екіншісінің образы жөнінде топшалаған ой-пікірі. Екінші адамның тұлғалық образын оның сырт пішіні мен психологиясын және әрекет – қылығын байланыстыра, салыстырып тануға болады. Ал психологиялық бейне әр адамның қажетсінуінен, қылық мотивтерінен, мінез бітістерінен, әртүрлі өмірлік жағдайлардағы көңіл-күй толғаныстары мен әрекеттерінен көрінеді /2/.

Бөгде адамның бейнесін қалыптастыру арқылы біз оған болған қатынасымыздың сипатын айқындаймыз, оның даралық ерекшеліктерін тануға мүмкіндік аламыз. Осының нәтижесінде екі адам

ортасында толық өзара түсінік, жайлы да берік аралық қатынастар орнығады / 3 /.

Адамның өзін-өзі тануы төңірегіндегілердің қабылдауы мен бағасына тығыз байланысты, кеңірек айтар болсақ, барша адамдардың өзара түсінісуіне тәуелді. Күнделікті тұрмыстық қатынастар, тілдесу негізінде адамның психологиялық бейнесін түзету үшін келесі тәсілдер қолданылады: бітіс тану, алғашқы әсерлену, жаңалықты әсерлену, ықтималды болжай әсерлену, асыра сілтей әсірелену, жеке адамның бітістерді біріктіре әсерленуі / 4 /.

Топтағы “моральдық психологиялық ахуал” дейтін ұғымның да мәні зор. Бұл топ, ұжым мүшелерінің өзара қарым - қатынасындағы ортақ тәртіп пен жауапкершілік, яғни жетекшімен оның қарамағындағылардың бірін- бірі түсінісе алуы, топтың үйреншікті жұмыс стилі, онда ортақ пікірдің орнауы, т.б. топтың көтеріңкі көңіл күйі ұжымдық міндеттің нәтижелі орындалуына қолайлы әсер етеді. Психологиялық ахуал бұл жемісті бірлескен іс-әрекетке және жеке тұлғаның топ ішінде жан-жақты дамуына жақсы жағдай жасайтын немесе кедергі келтіретін психологиялық жағдайлардың жиынтығы ретінде пайда болатын тұлғааралық қатынастардың сапалы жағы. Көп жағдайларда адамдар өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бірін-бірі керек етеді, бірақ көзқарас, ниеттеріндегі болмашы айырмашылықтардан өзара қатынастарын қалыпқа түсіре алмайды. Мұндай психологиялық үйлесім таба алмаған жандар арасында біршама ұнамды қызметтік қатынас болмағанымен, уақыт өтуімен бірте-бірте өрім түскен арақатынастағы жеке психологиялық үйлеспеушілік олардың ресми байланыстарының кедергісіне айналады /5/.

Адамдар арасындағы қатынастар сол қатынастардың нақты адам өміріндегі маңызына қарай да бағаланады. Қарым- қатынас адам үшін неғұрлым маңызды болса, оның басталуында соғұрлым дәлсіздіктер жіберілуі мүмкін. Өзінің төңірегіндегілермен байланысына аса үлкен мән берген адамдар, арақатынастырының ұнамды тараптарын асыра мақтауға бейім келеді. Керісінше, біреумен ұнамсыз қатынаста болса, адам ондайда қарсыласын жамандауға ниеттенеді де тұрады. Әрқилы адамдардың өзара қатынастарын тануда көптеген жеке дара ерекшеліктері бар. Кейбір ой сезімі толыққан, парасатты адамдар өзара қатынастарды жан-жақты пайымдау мен дұрыс қабылдауға қабілетті, екінші біреулердің жалпы ой пікір айтуға тіпті өрісі жетпейді, ал үшіншілер төңірегіндегілердің өзіне деген бағасын бірде дұрыс түсінсе, бірде оған сана-сезімі жетпей қалады.

Қарым-қатынас – адам қатынасының күрделі түрі. Адамдардың қарым-қатынас түрлерін терең білуі – олардың әртүрлі нәтижелі қызметінің қажетті шарты. Кең мағынада қарым-қатынас дегеніміз адамның жеке және әлеуметтік өмірінің міндетті шарты болып табылады. Адамдардың бірлескен іс-әрекет ету процесінде адамның белгілі мінез-құлық үлгісі мен түрі қалыптасады. Бірте-бірте олар тұлғаның құрылымымен астасып кетеді. Қарым-қатынас процесі барысында адам өзінің ішкі «Менін», сонымен қатар әлемнің бейнесін санасында қалыптастырады.

Мұндағы негізгісі ұжым мүшелерін байланыстыратын әртүрлі қарым- қатынастар ішінен ерекше екі маңызды қатынас жүйесін нақты бөліп көрсетуге болады: *іскерлік-қатынас*, ол адамдар арасында нақты қоғамдық функцияларды тасымалдаушы ретінде пайда болады; және *жеке-қатынас* ол бірлескен іс-әрекеттегі ұнату және ұнатпау, өзіне тарту және тартпау тағы басқа негізінде қаланады. Бұл өзарақатынас жүйесі әртүрлі өзара тәуелділік және өзара ықпал етумен тығыз байланыста болады, бірақ мұны ұқсас деп қарауға болмайды. Ұжым мүшелері арасындағы жеке қатынас аз зерттеліп келсе де соңғы жылдары оған қызығушылық күшейе түсуде. Бұл мәселені психолог, педагог, әлеуметтанушылар зерттеу үстінде.

Адамның эмоциялық көңіл-күйі неден құралады, және оның жай-күйі кең мағынада қалай болуы мүмкін? Шамасы, ол ұжымда өмір сүретін адамдардың қарым-қатынас жүйесіндегі жеке жай-күйінен орын алатын сияқты. Мұндағы жүйе әрбір адам үшін қанша әрекет немесе қызмет түрі болса соған байланысты жүзеге асады /6/. Әрбір бірлескен іс-әрекет түрінің барысында өзіндік қатынас жүйесі орын алады. Қарым-қатынас – бұл әлеуметтік-психологиялық құбылыс, ол адам өміріндегі көптеген рухани және материалдық құндылықтарды қамти отырып, оның өміріндегі ең жоғарғы қажеттіліктердің бірі болып табылады.

Қарым-қатынас ұжымдағы бірлескен іс-әрекетте интеллектуалды- адамгершілік шарттарының құрылуына жетекші механизмі болып табылады, ол, танымдық процесс бола тұра, индивидуалды, сол сияқты интеллектуалды және адамгершілік құндылықтарды алмастыруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар трансформацияға мүмкіндік туғызады және ұжымға кіретін барлық құндылықтарды интеграциялайды. Қарым-қатынас нормативті процесс бола тұра, ұжымда оның тіршілігінің этикалық жақтарын анықтайтын өлшемдердің жүйесін өңдеуге ықпал етеді. Ал аффективті процесс бола тұра, ол ұжым қатынасының сипатына ықпал ететін эмоциялық жағдайында анықтайды. Нәтижесінде ұжым өрісі онда қабылданған құндылықтар мен заңдылықтарға байланысты тұлғаға әр түрлі ықпал етуі мүмкін /7/.

Қарым-қатынастағы кез келген қажеттілік тұлға белсенділігінің қайнар көзі болып табылады. Қарым-қатынастағы қажеттілік – күрделі құрылымдық жиын болып табылады. Бізді оның екі құрылымы қызықтырды: эмоциялық байланыстағы қажеттілік және танымдық қажеттілік.

Тұлғалық белсенділік адамдардың басқалармен қарым-қатынас процесінде айқын көрінеді. Сондықтан қарым-қатынас іс-әрекеттік тұрғысынан, С.М. Жақыпов көрсеткендей, бұл - бірлескен іс-әрекетке деген қажеттіліктен туындайтын және ақпарат алмасуды, өзара әрекеттің, басқа адамды қабылдау мен түсінудің ортақ стратегиясын өндіруді қамтитын, адамдар арасында байланыс орнату мен дамытудың күрделі, көп жақты процесі болса, кез келген қарым-қатынас бірлескен іс-әрекетке қатысушылардың өзара әрекеттесу, ынтымақтастық формасы.

Профессор С.М. Жақыпов оқыту-тәрбие процесінің тиімділігі мәселесін нақтылау үшін негізгі деңгейде қарастыра отырып, оның психологиялық мазмұнын ашып көрсетті. Ол психологиялық көзқарас тұрғысынан кез келген педагогикалық жағдайды, ең алдымен, тұлғалардың өзара әрекеттестігі, ал содан соң белгілі әлеуметтік рөлдердің иелері ретінде мұғалім мен оқушы, оқытушы мен білімгердің және т.б. өзара әрекеттестік ретінде қарастырады. С.М. Жақыповтың бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекет және белсенді оқыту әдістері туралы пікіріне сүйене отырып, топтық пікірталас, рөлдік ойындар, әлеуметтік психологиялық тренинг, іскерлік ойындар, мәселелі жағдайлар туғызу арқылы шешу тұлғалық белсенділікті дамытуға мүмкіндік береді.

Танымдық белсенділік - тұлғаның шығармашылық қабілетінің шығармашылық бұл – жаңа үлгідегі құндылықтар жасайтын адам іс-әрекеті. Ал шығармашылық іс-әрекет тұрғысынан, адамның өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі өзектендіру қабілетімен сипатталады. Білімгерлер шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту арқылы «Мен» ресурстарындағы қатығысты жеңе алады, ашық өзіндік сынға ықпал етеді, тәуекелшілдікті, жауапкершілікті меңгереді. Тұлғаның дамуы мен қалыптасу оның іс-әрекеті мен енбегінен, оқу әрекетіндегі ой болжамынан, сөйлеген сөзі меншікті дара өзгешелігін көрсету белсенділігімен сипатталады[8].

Қарым-қатынас адамдардың тұлғааралық байланыстары мен өзара әрекеттерін тікелей қалыптастыру процестерінде нақты қоғамдық қатынастар жүйесімен анықталады. Олай болса, Б.Г. Ананьев атап көрсеткендей, коммуникацияның белгілі бір, тарихи қалыптасқан және әлеуметтік қажетті түрлеріне қашанда өзара сәйкес келеді және қоғамдық мінез-құлық өлшемдерімен реттеледі /9/

Тұлғалардың бірлескен іс-әрекетінде эмоциялық байланыс пен танымдық қажеттіліктің саны және олардың даму дәрежесіне байланысты әлеуметтік талаптарды ерекшелейтін белгілі құрылымы бар: а) танымдық (когнитивті) талаптар, б) аффективті талаптар (объектіні эмоциялық бағалауы, оған симпатия немесе антипатия сезімінің білдіру), в) мінез-құлықтық (когнитивті) талабы (мінез-құлық бойынша қатынасы).

Сондықтан қарым-қатынас – бұл өзара әрекеттестік жасаушылардың бір-біріне бірлескен іс-әрекетке және оның нәтижелеріне, өзіне деген арақатынастарының күрделі түйісуі және түсіну объективті бағалау қабілетінің айқын көрсеткіші болады /10,11/.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Василюк Ф.Е. Психология переживания. М.: МГУ, 1984. 198 с.
2. Әбеуова И.Ә. Әлеуметтік психология. - Алматы, 2001, -58 б
3. Андреева Г.М. Психология социального познания, М., 2000.
4. Немов Р.С. Психология: В 3 кн. М., 1995. Кн. 3.
5. Шибутани Т. Социальная психология. Ростов-на Дону, 1998.
6. Коломинский Я.Л. Осознание человеком своих личных взаимоотношений с другими членами группы // Вопросы психологии. -1967- №3. - С. 111-115.
7. Мудрик А.В. Общение как фактор воспитания школьников. - М.: Педагогика, 1984. - 112 с
8. Тұрдалиева Ш.Т., Ә.Махадиева. Тұлғаның танымдық белсенділігін дамыту психологиялық мәселе ретінде. ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. № 1. (32). 2010.
9. Ананьев Б.Г. Человек как предмет воспитания. – Л., 1968.
10. Anderson, J. (1988). Communication competency in the small group. In R. Cathcart & L. Samovar (Eds.), *Small group communication, A reader*. Dubuque, IA: Wm. Brown.
11. Reis, H. T. (1998). Gender differences in intimacy and related behaviors: Context and process. In D. J. Canary & K. Dindia (Eds.), *Sex differences and similarities in communication: Critical essays and empirical investigations of sex and gender in interaction* (pp. 203-232). Mahwah, NJ: Erlbaum.

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ САПАСЫН САРАЛАУ

П.ғ.к. Исабаева Д.Н.,
магистрант Құрманбаева Ж.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Резюме

В статье рассматриваются основные методы оценки качества электронных ресурсов, применяемых в образовании. А также требования к организации комплексной экспертизы, включающие экспертизу технико-технологических, психолого-педагогических и дизайн-эргономических аспектов создания и использования образовательных электронных изданий и ресурсов.

Summary

In article it is considered the main methods of an assessment of quality of the electronic resources applied in education. And also requirements to the organization of the complex examination, including examination of technical and technological, psikhologo-pedagogical and design ergonomic aspects of creation and use of educational electronic editions and resources.

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар күн сайын білім берудің барлық саласына тереңірек енуде. Бұған күнделікті ақпараттық қоғаммен және сәйкесінше мамандарды дайындаудың қажеттілігімен байланысты сыртқы факторлар, сонымен қатар оқу мекемелерінде қазіргі компьютерлік техника мен программалық қамтамасыз етудің кең таралуымен, мемлекеттік және мемлекетаралық білім беруді ақпараттандыру бағдарламаларының қабылдануымен, ақпараттандыру тәжірибесін қажет ететін педагогтар санының артуымен байланысты ішкі факторлар әсер етуде. Бірқатар жағдайда электрондық ресурстарды қолдану мектеп мұғалімдерінің еңбек ынтасын арттыруға жағымды әсер етумен қатар, мектеп оқушыларының оқу тиімділігіне арттыруға да ықпалын тигізуде. Мұндай мүмкіндікке жетуде кез келген мұғалім электрондық ресурстардың сапасын бағалау қажеттігімен жиі кездеседі. Бұл мәселе Е.С.Полат, А.В.Поликахин, А.Ю.Савин, И.В.Роберт, Е.Ы.Бидайбеков, В.В.Гриншкун еңбектерінде ішінара қарастырылады.

Жалпы орта білім жүйесінде қолданылатын электрондық ресурстардың сапасын бағалаудың басты әдістерінің бірі саралау және сараптама болып табылады.

Электрондық білім беру басылымдарын және ресурстарды оқу процесіне іс жүзінде пайдалану арқылы оларға *саралау* жүргізу қажет. Осылайша, конференцияларда, семинарларда, көрмелерде, презентация және басқа да қоғамдық іс-шараларда оқуды ақпараттандыру құралдарымен әзірленген басты сапалық сипаттамаларын талқылау және көрсету керек. Кешендік саралау нәтижесінде түзету жүйесі қалыптасады. Оны әзірленген электрондық ресурстар құралдарын жетілдіру барысында есепке алу қажет.

Электрондық білім беру басылымдарын және ресурстарды саралау үшін оқу процесіне оқушылардың эксперименталдық тобын енгіземіз. Топ ішінде әртүрлі үлгерімдегі білім алушылар болуы қажет (үздіктер, «жақсы» және «үздік» бағаға үлгеретіндер, «жақсы» және «қанағаттанарлық» бағаға үлгеретіндер).

Электрондық білім беру басылымдары мен ресурстардың ерекшелігіне қарай саралауды дәл бағалау үшін бірнеше эксперименталдық топтарды пайдалануға болады.

Электрондық ресурстарды оқу процесіне пайдаланбастан бұрын оқушыларды алдын ала дайындау қажет, яғни, оларды оқу пәнінің тақырыбымен таныстыру. Мұнда сабақ беру үшін басылым және ресурс қолданылады. Келесі, тарататын материалдармен таныстыра отырып, қажетті нұсқаманы өткізу керек. Одан әрі, электрондық білім беру басылымдарын немесе ресурстарды пайдалана отырып, оқу сабағы өткізіледі. Бұл жерде, ЭББ немесе ресурс қатаң түрде әдістемелік нұсқаулықтар мен ұсыныстарға сай келеді және электрондық ресурстар құралдарының нақты түрі сүйемелденеді.

Оқушылардың басылыммен немесе ресурспен жұмыс жасауы кезінде оқу материалын игеру қадамы және тиімділігі бақыланады, білім алушылардың сұрақтары, жұмыс кемшіліктері, оқу жүйесінің басқа ақпараттандыру құралдарымен өзара әсерлесу мәселелері тіркеліп отырады. Сабақ аяқталғаннан кейін жауаптар, ақпараттық құралдардың оң және теріс сипаттамалары ұжымдық талқылау барысында анықталады.

Ережеге сай, саралауыш сабақтар оқытушылардың, әзірлеушілердің, сарапшылардың және оқу жүйесінің осы дәрежедегі ақпараттандыру құралдарын өңдеумен айналысатын мамандардың қатысуымен өткізіледі. Саралаудың соңғы сатысында сарапшылар білім алушылардың барлық сұрақтары мен шағымдарына талдау жасау қажет. Яғни, бұл құбылыстар олардың электрондық білім беру басылыммен немесе ресурстармен жұмыс істеу кезінде туындаған.

Саралау қадамын талдау нәтижелері және нақты оқу процесі кезіндегі ақпараттандыру құралдарының айқындалған ерекше жұмыс жасауы кәсіпорын-әзірлеушітер мамандарына жіберіледі. Олар, өз кезегінде, электрондық басылымдарды немесе ресурстарды жетілдіру мақсатымен тиісті шараларды қолданады.

Электрондық білім беру басылымдарының және ресурстардың сапасын бағалайтын жүйенің негізі болып *сараптама технологиясы* қарастырылады. Тәуелсіз құзыреттілік сараптаманы жүргізу мақсаты ретінде білім беру жүйесінің ақпараттық құралдарының сапалық көрсеткіштері алдын ала анықталған халықаралық, мемлекеттік және салалық стандарттардың, нормативті-техникалық құжаттардың және т.б. талаптарына сай болуын орнату болып есептеледі. Сонымен қатар, көрсетілген ЭББ қолдану негізінде оқу процесінің сапалылығын және тиімділігін қамтамасыз ету.

Барлық электрондық білім беретін басылымдар мен ресурстар үшін арналған сапаны сараптайтын әмбебап бірыңғай жүйе келесі негізгі талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

жұмысты ұйымдастыру жүйелік түрде іске асуы қажет;

сарапшы ретінде әртүрлі саланың мамандары тартылуы тиіс, себебі, бұл жағдай ЭББ жан-жақты сараптамаға мүмкіндік береді;

жоғары білікті сарапшылардың (өз саласының жетекші мамандары) еңбегі мен тәжірибесін тек ғаламдық шешімдерді қабылдауға ғана пайдалану қажет;

электрондық білім беретін басылымдарды және ресурстарды сараптамаға бойынша жұмыстар негізгі және дайындаушы деп екі топқа бөлінуі тиіс; дайындаушылық жұмыстарды ең төменгі білікті мамандар жүзеге асыра алады;

сараптамадан өткен ЭББ мүмкіндігінше өзгертіліп және жетілдірілгендіктен оқу жүйесінде пайдалану үрдісі кезінде сапаны сараптамалық бағалау рәсімі толық көлемде мерзімдік қайталанып тұруы қажет.

Кешендік сараптаманы ұйымдастыруға қойылатын талаптар дегеніміз электрондық білім беретін басылымдарды және ресурстарды құру және қолдану бойынша техника-технологиялық, психологиялық-педагогикалық және дизайн-эргономикалық аспектілерді сараптамаға әдісі.

Техника-технологиялық сараптама жүргізу барысында анықталады:

Құралдардың талап етілетін орталарда, желілік режимде, басқа басылымдар және ресурстармен үйлескенде қалыпты жұмыс жасай алу мүмкіндігі;

Заманауи мультимедиа құралдарын және байланыс технологияларын пайдаланудың түзетпелері;

Жұмыс жасау қабілетінің тұрақтылығы, сенімділігі, гетерогенділік, ақауларға беріктігі;

Тіркелмеген құбылыстардан қорғау сапасы және оның бар болуы;

инсталляция және деинсталляцияның қарапайымдылығы, сенімділігі және толықтығы;

талап етілетін жадының көлемі;

техникалық кешеннің, ілеспе құралдың жеткіліктілігі (қажетті жүйелік программалардың, қаріптердің және басқалардың бар болуы);

инсталлятордың жұмысының жылы шырайлығы (егер инсталлятордың болуы қарастырылған болса);

барлық мәлімденген функциялардың және ЭББ мүмкіндіктерінің жұмыс істеу қабілеттілігі;

диагностикалау, алдын ала ескерту, жүйенің қабілеттілігі қайта қалпына келтірілгеннен кейін жұмыс жасауды жалғастыру бөлімшелерінің бар болуы;

ЭББ бір мезетте басқа құралдармен қызмет жасауының түзетпелері;

Тұтынушылардың сұраныстарына үн қату жылдамдығы[1, 2].

Психологиялық-педагогикалық сараптама жүргізу барысында ЭББ-ды және оның құрауыштарын электрондық білім беретін басылымның немесе ресурстың типі бойынша, білім беру деңгейі бойынша, оқыту процесінің типі және түрі бойынша бағыттау іске асырылады. Сонымен қатар, ақпараттандыру құралдарының мазмұнын және баяндалуын бағалау, дидактикалық, әдістемелік және психологиялық талаптарға сай келуі, арнайы әзірленген педагогикалық әдістемені пайдалану және әдістемелік қолдау көрсету жүзеге асырылады.

Тексеру кезінде анықталады:

ЭББ-ның қолданылу мақсаты және саласы;

Әдістемелік оқыту жүйесінің аясында жобаланған ЭББ пайдаланудағы педагогикалық мақсаттылық;

Әдістемелік дәрежесі;

Білім беру жүйесінің балама ақпараттандыру құралдарына сәйкес келу деңгейі [3].

Сонымен бірге, сараптама жасау кезінде мамандар электрондық білім беретін басылымдардың немесе ресурстардың дидактикалық және әдістемелік талаптарға сай болу деңгейін бағалау қажет:

ғылымилығы,
қолжетімділігі,
проблемалы,
айқындығы,
білім алудың саналылығы,
қызметтің өзінділігі және белсенділігі, білім берудің жүйелілігі және тізбектілігі,
білімді меңгеру төзімділігі,
білім беретін, дамытушы және тәрбиелеуші функциялардың бірлестігі,
бейімділігі,
интерактивтілігі,
оқу ақпаратын компьютерлік визуалдау мүмкіншілігін іске асыру,
білім алушының зияткерлік әлеуетін дамыту,
оқу материалын түсіндірудегі жүйелілік және құрылымдық-функционалдық байланыстылығы,
оқытудың дидактикалық циклінің толықтығы (түгелдігі) және үздіксіздігі,
нақты оқу пәнінің өзіндік бейнелілігін және ерекшеліктерін есепке алу,
сәйкесті ғылымның ерекшелігін есепке алу,
оқу пәнінің ғылыми ұғымдарының жүйесін бейнелеу;
бақыланатын жаттығу әрекеттерін жасауға мүмкіндік беру.

Психологиялық-педагогикалық сараптама жүргізу кезінде электрондық білім беретін басылымдар мен ресурстардың негізгі қасиеттерінің ашылу деңгейі мен толықтылығы бағаланады. Олар педагогикалық тиімділікке қолжетуге, оқу жүйесінің нәтижелелігін арттыруға, қарастырылатын электрондық білім беретін басылымдар мен ресурстардың құрауыштары психологиялық принциптер мен талаптарға (білім алушылардың жас мөлшеріне және қызығушылықтарына, оқу жүйесіне дамытушы құрауыштарды пайдалану, танымдық белсенділікті жеделдету тәсілдері) сай келуін бағалау, оқыту жүйесінің өзгермелі принциптеріне сай келуін бағалауға мүмкіндік жасайды.

Дизайн-эргономикалық сараптаманы орындау кезінде электрондық білім беретін басылымдар және ресурстардың интерфейстік құрауыштарының сапасын бағалау жүргізіледі. Және олардың бірыңғай эргономикалық, эстетикалық және денсаулықты қорғау талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Тексеру барысында анықталады:

электрондық білім беретін басылымдар немесе ресурстардың уақытша жұмыс жасау режимдері, оның құрауыштарының денсаулықты қорғау талаптарына сай келуі;

монитор бетінде ақпаратты визуалдауға қолданылатын тәсілдің сипаттамасы, түс сипаттамалары, ақпаратты кеңістікке орналастыру сипаттамалары, визуалдауға қолданылатын тәсілдің ақпараттандыру құралдарының осы сатыдағы жалпыға ортақ тәсілінің сай келу деңгейі;

монитор бетінде әріптік-сандық символдарды және белгілерді ұйымдастыру сипаттамалары;

диалог ұйымдастыру сипаттамалары (білім алушы үшін қолжетімділігі, әсер етуге жауап беру уақыты немесе басқару әрекеттері, нұсқалар саны және «мәзір» типті сұрақтардың жауаптары шындыққа сай келуі, нұсқаулықтың немесе сыбыр сөздің бар болуы);

дыбыстық сүйемелдеудің сипаттамалары (дыбыстық ақпаратты қабылдау ыңғайлығы, дыбыстық сипаттамаларды баптаудың жайлылығы, ластану деңгейі және дыбыстық сүйемелдеу қарқынының тиімділігі);

оқу жүйесін ақпараттандыру құралдарының құрауыштарының эстетикалық деңгейі [4, 5].

Сонымен бірге, дизайн-эргономикалық сараптама процесі кезінде мамандар электрондық білім беретін басылымдар мен ресурстардың келесі негізгі параметрлерін бағалау қажет:

пернетақтаны, «тышқан» манипуляторды, микрофонды, сканерді, баспаға шығару құрылғысын және басқа құрылғыларды пайдалану жайлылығы, мақсаты және түзетпелер;

видео үзінділердің, анимациялардың, статистикалық графикалық және фото бейнелердің, қаріптік және салынған мәтіннің бар болуы және сапасы;

интерфейстің достық қатынасы (пернетақтаны, сыбыр сөздерді, жазбалар, анықтама жүйелерін және т.б. пайдалану жайлылығы);

мағыналық қателерге бірізді, бірақ құрамдық-тәуелділік түзету әсерлерінің бар болуы;

ЭББ мазмұндық толықтығы бойынша бағыттау принциптерінің жайлылығы және тұрақтылығы;

имитациялық моделдеудің мүмкіндігі және сапасы;

іздеу және анықтамалық жүйешелердің жұмысының бар болуы, тиімділігі және бірізділігі.

Қорыта келе, кез келген мұғалім электрондық ресурстарды қолдану және дайындау барысында, оның технологиялық сараптамасына мән беріп, психологиялық-педагогикалық, дизайн-эргономикалық сараптама негізін саралай білуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Перечни технических средств для общеобразовательной школы. // Центр средств обучения Института общего среднего образования РАО, Москва – 1998.
2. Полат Е.С. Телекоммуникации в системе образования. // ИНФО, М.: Информатика и образование – 1988, №5. С.110-113.
3. Поликахин А.В., Савин А.Ю. Гипертекст: сущность, состояние, проблемы, перспективы. // М.: Ин-т проблем естествознания, – 1993. 128 с.
4. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы; перспективы использования. // М.: Школа-Пресс, – 1994. 205 с.
5. Бидайбеков Е.Ы., Гриншкун В.В., Бостанов Б.Ғ. Электрондық оқыту құралдарын жасау мен пайдалану. Оқу әдістемелік құрал. Алматы, 2009.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ- ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ

Ешімбетова З.Б.-

педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент м.а.Абай атындағы ҚазҰПУ

Резюме

В данной статье рассматривается формирование познавательного интереса студентов к языкам. Познавательный интерес – избирательная направленность личности на предметы и явления окружающие действительность. Эта направленность характеризуется постоянным стремлением к познанию, к новым, более полным и глубоким знаниям. Систематически укрепляясь и развиваясь познавательный интерес становится основой положительного отношения к учению. Познавательный интерес носит (поисковый характер). Под его влиянием у человека постоянно возникают вопросы, ответы на которые он сам постоянно и активно ищет.

Resume

This article deals with the formation of students' cognitive interests to foreign languages. Cognitive interest - selective focus on individual objects and phenomena of the surrounding reality. This orientation is characterized by a constant quest for knowledge, to new, more complete and in-depth knowledge. Systematically strengthening and developing cognitive interest becomes the basis of a positive attitude towards learning. Cognitive interest is (exploratory in nature). Under its influence, the person has always the question, the answers to which he constantly and actively is looking.

Тәуелсіздікке қол жеткен жылдардан бері әлемдегі көптеген елдермен саяси әлеуметтік, экономикалық, мәдени байланыс жасауға кеңінен бет қойдық. Бұл қарым-қатынастың нәтижелі болуы, ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ынтымақтасқан бірлігін өркендеуге тіл білудің мәні күн сайын арта түсуде. Қазақстанның қазіргі кезеңдегі қарқынды даму жолындағы елді демократияландыру, әлеуметтік өркендеу саласындағы талпыныстары білім беру жүйесін жаңаша өркендетіп оқыту, тәрбие үрдісін жетілдіруді талап етіп отыр. Егемендік алған еліміздің жаңа даму кезеңінде, оның дүниежүзілік аренаға шығып, басқа елдермен саяси-экономикалық, мәдени қатынастарды қалыптастыруы, Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуы, әр түрлі дипломатиялық қызмет атқаруы шетел тілінің рөлін көтеруді қажет етеді. Қоғамдағы геополитикалық, коммуникациялық, технологиялық өзгерістер және интернет жүйесі арқылы тілдесу әр түрлі мамандықтағы, әр түрлі жастағы, әр түрлі қалауы, қызығушылығы бар адамдардың санын мейлінше көбейте түсуде. Осыған байланысты шетел тілдерін пайдалану қажеттілігі де артып келеді. Тіл-тек қатынас құралы емес, тілін үйреніп жүрген елдің

рухани байлығын меңгеруде де үлкен рөл атқарады.

Шетел тілін орта мектепте оқыту дәрежесін арттыру, әсіресе қазақ тілінің мәртебе алуына байланысты шетел тілін ана тілімен салыстыра оқыту республикада халыққа білім берудің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Оған айғақ 1996 жылғы 4 желтоқсанда шыққан Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Республикада шетел тілдерін оқытуды жақсартудың қосымша шаралары" туралы Қаулысы. Тұлғаның гуманистік, гуманитарлық қалыптасуына ықпал етіп, танымдық қызығушылығын қалыптастыруда мектепте оқылатын тіл саласындағы пәндер ерекше мәнге ие болуда. Өйткені, теориялық, практикалық ұғым, түсініктер ғылымның қай саласында болса да тіл арқылы меңгерілетіндігі ешбір талас туғызбайтын ақиқат шындық. Осы орайдан тілдерді оқыту үрдісінде оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындай түсу және оның өмірге үйлесімді міндеттерін шешу қазіргі кезеңдегі педагогика ғылымының басты бағдары болып табылады. Сондықтан тек жеке бір ғана тілді оқыту аясында шектеліп қалмай, білім берудің жалпы дидактикалық негіздерін басшылыққа ала отырып, мектеп оқушыларына тілдерді оқыту арқылы танымдық қызығушылығын қалыптастыру проблемаларын шешу бүгінгі күннің ынтызар тілегі екендігі және оның тиімді әдіс, тәсілдерін аша түсу өмір қажеттігінен туындауда.

Оқушылардың танымдық қызығушылығы бүгінгі өркен жайып қарыштай дамыған ғылымды шеруге деген ізденісімен сәйкесе, ол тек тиісті деңгейде табысқа жетіп, оны біліп қана қоймай, келешекте оны өрістете түсуге ықпал ететіні сөзсіз. Қашанда ертеңгі іс бүгіннен бастау алары ақиқат. Ол үшін шәкіртті оқи білуге, оқығанын көңіліне тоқи білуге қалыптастыру және ондағы заңдылықтарды меңгеру мен дағдыларды бойына сіңіру, үйрету – педагогика ғылымының негіздерін басшылыққа ала білумен шарттас. Ал тілдерді игеру де оны пайдалана білу танымдық қызығушылықпен бірлікте шешіледі. Әдетте, тұлғаның білімді меңгеруі, өмірді түйсініп түсінуі, тану әліппесі сөзді, сөйлемді және оның мән-мағынасын ұғынудан бастап өркендейді. Осы орайдан Мұқағали Мақатаев орынды айтқан:

Бар кітапқа бас болған,

Әліппе – ғылым атасы.

Әліппеден басталған,

Даналықтың данасы.

Оқу әліппесі сияқты ғылымға бастар жолдың әліппесі таным, түсінік, ұғымға қызығушылықтан бастау алады. Демек, мектеп оқушысын іздендіруге, өзін-өзі тануға, қоғамдағы қарым-қатынасқа тиісті бағыт-бағдар ұстай білуге үйрету және оған баулу тіл арқылы жүзеге асады. Сондықтан тілді меңгеруге ынталандыру танымдық қызығушылықпен бірлікте шешілетін күрделі мәселе болғандықтан бұл жеке пән әдістемесі аясында ғана шешілмейтін педагогикалық проблемаға айналып, қазіргі Қазақстанда мемлекеттік тілді, ағылшын, орыс тілдерін меңгеруге ниет қойып отырған кезде, оны игеруге деген қызығушылық қалыптастырудың тиімді де ортақ жолдарын көрсету уақыт талабынан туып отырған келелі мәселе.

Ғылымның қай саласын алсаңыз да теориялық және қолданбалы практикалық мәнде болады деп білсек, тілдерді оқыту арқылы оқушының танымдық қызығушылығын қалыптастыру әрі теориялық, әрі қолданбалы жүйесін бірлікте қарастырумен қатар оның өнер екендігін де ескерген жөн. Өйткені, игерілуге тиісті ұғым, сөздің мәні, айтылмақ ой-түсінік оқушыға әсер етерліктей болса, ол тиісті деңгейде көңіл толқытып, тереңірек ойландырады. Сондай-ақ, әсер санаға ерекше ықпал етеді. Әсердің нәтижесі бір жағынан тұлғаны әрекетке итермелесе, екінші жағынан танымдық түсінікті қалыптастырады. Үшіншіден, танымды жүзеге асырып, оны өмірде қолдана білуге жол ашады. Бұл үрдіске педагогикалық тұрғыдан қарасақ алға қойылған мақсатқа жетудегі мазмұн, оның жүзеге асырудың формалары мен әдістері және тиісті нәтижеге жетудегі оқушы мүмкіндігі бірлікте шешілуге тиіс. Осы орайдан бұл ғылыми-зерттеу жүйесінде ұстанған әдіснамалық, тәсілдік бағдарға уақыт мәресінен, мезгіл деңгейінен қарауды басты меже еттік.

XXI ғасырдағы білімдендірудің жүйелік саласындағы басты ұстаным – сапалы түрде іске кірісіп тиімді әрекеттену, құндылықтарды тұтынып, нәтижелі табысқа жету. Бұл қағиданы тұтына білген тұлға сөзсіз табысқа жетеді. Көздеген мақсаты орындалады. Дәлірек айтқанда, бұл нәтижеге ие болудың кілті. Ал білімдендірудің арнасын кенейткен интернетке қосылу, педагогтардың кәсіби мамандығын жетілдіру, ақпараттық тасқын, дамудағы жылдамдығына көз ілеспейтін бүгінгі шапшаңдық, білім жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді игеру осыған дейінгі қолданылып келген әдіс, тәсіл, амалдарға бой бермей отыр. Ұзақ жылдар бойы қолданыста болып, жұртшылық мойындаған білім беру, оқыту, тәрбиелеу әдістері уақыт талабын өтеуде әлсіздік танытып, кейбір жағдайда оған ескіліктің қалдығы тұрғысынан қараушылық сияқты көзқарастар да байқалып қалады. Қоғамдық ғылымдар жүйесіндегі ғалымдардың

ғылыми-зерттеу деректеріне жүгінсек – соңғы отыз жылдағы ақпараттану көлемі осыған дейінгі бес мың жылдағы ақпараттар көлемімен тең екендігін айқындап беріп отыр. Осы орайдан қарағанда адамзат ғұмырында ғасырлар бойы жинақталған деректерге қоса бүгінгі қарқынды өркендеген білімнің тиісті салаларындағы мазмұнды игеру үшін оны оқу мен оқытудың әдістері мен тәсілдерін жаңаша жетілдіру, өзгерістер енгізуді өмірдің өзі-ақ талап етіп отырғандығы баршаға аян. Соңғы жылдарға дейін бұрыннан қолданылып келген байырғы әдістермен шектелдік, одан қазірде де айыға алмай отырғанымыз рас. Ол әдістер бойынша басты ұстаным - мұғалім "түсіндіреді", ал оқушы "тыңдайды", қайталап айтып береді. Шындығына тереңірек үңілсек ұстаздың айтқанын, көрсеткенін, берген теориялық түсіндірулерін шәкірт естіп, ұғынды, білді деген күннің өзінде де оқушының бәрі бірдей тиісті дәрежеде әрекетке көшіп, тындырымды еңбектеніп, құлашын кеңге жая алмайды. Жаттампаздыққа бейім самарқаулықпен шалағай орындаушы деңгейінде қалып қояды да өзіндік іс-әрекеттен сырттап, жайбарақаттық пен сүлесок тындаушы ретіндегі дәрменсіздік шырмауында қалып қояды. Бейімдеушілік шеңберінен шыға алмайды. Осыдан барып өзіндік білім-таным нашар, түсінігі әлжуаз, шалғай білімділер көбейеді. Ал өте қабілетті, білім алуға бейім, күшті оқиды деген санаулы оқушылар ғана салыстырмалы түрде айтқанда талап деңгейінде үлгереді де, қалған көпшілік оқушы таным деңгейі әлсіз, білім дәрежесі төмен, қызығушылығы нашар үлгермеушілер қатарын көбейте түседі. Мұның көрінісін кез келген мектептен байқауға болады. Бұл олқылықты жоюға ықпал ететін және оған қозғау салатын әсерлі жолдың бірі – тілдерді оқытудың технологиясын жетілдірумен сабақтас. Өйткені, белгілі мазмұнды дұрыс ұғынып, түсіну – сөздің мәнін, терминнің сыр-сипатын нақты тани білуге тәуелді. Шындығына келгенде оқушының білуге деген қызығушылығы ғана олардың белсенділігін, өздігінен ізденуге деген ынтасын демейтін ықпалды күш. Сөздің мәнін түсінбеген адам айтылып отырған мазмұнды ұғына алмайтындығы белгілі. Сондықтан тілдерді оқыту үрдісінде қай тілде болмасын, ол қазақша ма, ағылшынша ма, орысша ма алдымен тілдің лексикалық мән-мағынасын меңгере білуге және оны игеруге зейін қойып, соған бағдарлау шарт. Танымдық қызығушылық тұлғаны қозғаушы күш екенін естен шығармаған абзал. Тілдерді оқытуға байланысты танымдық қызығушылық өз алдына оқшау жатқан мәселе емес, оның әдіснамалық жолы басқа ғылымдармен бірлікте шешіледі.

Философиялық тұрғыдан келгенде әдіснама – теориялық және практикалық іс-әрекетті құру мен ұйымдастырудың тәсілдері, принциптік жүйесі болуымен қатар таным мен ұғымның ғылыми әдістері туралы ілім. Педагогикалық зерттеудің әдіснамасы ғылыми танымдық іс-әрекеттердің тәсілдерін, формасын, оның құрылымдық принциптерін бірлікте қарастырады.

Таным арқылы заттар мен құбылыстардың басты белгілері, айырмашылықтары мен ұқсастықтары жайындағы бейнелі қабылдау нәтижесіне ұғым туады. “Таным ... практикалық қызмет барысында іске асады”.

Педагогикалық ғылыми-зерттеу әдіснамасының принциптері философиялық таным теориясынан бастау алатын және онымен тамырластығы тұлғаға берілетін білім, тәрбие, оқыту және даму мәселесін бір-бірінен бөлмей тұтастықта қарайды. Сондықтан да тұлғаның мәдениеттенуі мен әлеуметтенуі барысындағы танымдық қызығушылығы саласындағы аксиологиялық құндылықтарды және меңгеру технологиясы мен шығармашылық жолдарды жетілдірудегі адами даму мен өзіндік меннің өркендеуіндегі тұтастыққа бүгінде ерекше назар аударылып отырған антропологиялық, этнопедагогикалық танымдармен бірлікте қарау уақыт талабынан туып отырған заңдылық. Әсіресе, шәкірттерге тілдерді оқыту үрдісінде атқарылатын іс-әрекет арқылы олардың өзіндік ізденісін, қызығушылығын қолдау табысқа жетудің кілті. Оқушылардың танымдық белсенділігі туралы А.Дистерверг баланың ақыл-ойын және қабілетін дамыту – оқыту барысындағы қызығушылығы мен белсенділігі деп көрсетті. Танымдық іс-әрекет, өздігінен білім алу біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және оны дәлелдеуге ат салысқан ғалымдар М.Н.Скаткин, Б.Н.Есипов, М.Г.Голант, Д.Б.Эльконин, Е.Н.Кабанова –Меллер, Д.Н.Богоявленский, В.В.Давыдов, Б.И.Коротяев, Н.Ф.Талызина, И.Я.Лернер, П.И.Пидкасистый.

Ж.А.Қараев өз еңбегінде оқушылардың белсенділігінің онтайлы деңгейіне төмендегідей шарттармен қол жеткізуге болатындығын дәлелдеп, көрсеткен:

- әрекет мотивінің қалыптасуын қамтамасыз ету: нақты әрекет барысында танымдық қажеттілігін қалыптастыру, тұрақты танымдық қызығушылығын тәрбиелеу;
- оқу үрдісінде өзін-өзі басқару негізінде білім жүйесінің қалыптасуын қамтамасыз ету: ақпаратты өңдеу, жоспарлай білу, өзін-өзі ұйымдастыру және өзіне-өзі бақылау жүргізу арқылы интеллектуалды біліктілікті қалыптастыру;
- әрбір оқушыны сабақта белсенділікке жұмылдыру: ұжымдық жұмыс жағдайында жеке

оқушымен жұмыс; оқушының оқу-танымдық әрекетіне бақылау жүргізіуі.

Әлемге әйгілі психолог А.Н.Леонтьев іс-әрекет, сана, тұлға туралы жа зған еңбегінде былай дейді: "Для обладания достижениями человеческой культуры – каждое новое поколение должно осуществить деятельность, аналогичную (хотя и не тождественную) той, которая стоит за этими достижениями". Демек, оқушының білім алу саласындағы іс-әрекет танымдық қызығушылығының өркендеуіне тұлғаның көзқарасының қалыптасып, уақыт деңгейіне үйлесімді табыстарға жетуіне жол ашатындығы ақиқат шындық. Ал мұның нәтижесі ертеңгі еңбеккер, қоғамды өркендететін тұлға болуына ықпал етеді. Сонда танымдық қызығушылық тек тілдік фактор ғана емес, тұлғаның іс-әрекеті мен көзқарасындағы саналылықты жетілдіретін қозғаушы күш деп таныған абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения. Дисс. д.п.н. – Алматы, 1994. – 314 с.
2. Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін артырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануда мұғалімдердің даярлаудың теориялық негіздері: автореф. пед. ғыл. докт., 13.00.01 – Алматы, 1996. – 78 б.
3. Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы, 1982. – 179 б.
4. Кудайкулов М.А. Дидактические проблемы формирования основ профессионально-методических умений у будущего учителем. Дисс. д.п.н. – Алма-Ата, 1975. – 453 с.
5. Казмағамбетов А.Г. Научно-педагогические основы формирования системы оценочных притязаний старшеклассников с учебном процессе. Дис. д.п.н. – Алматы, 1999. – 232 с.
6. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 1994. – 192 б.
7. Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. Дис. п.ғ.к. – Алматы, 2001. – 167 б.

УДК 378

К ВОПРОСУ О ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ КРЕДИТНОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ

Ушакова Г.И., -

старший преподаватель Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова

Түйін

Мақалада білімгерлерге жоғары кәсіби білім беруде оқыту жүйесіндегі мамандыққа байланысты дамыту жолдары іздестіріледі.

Бітіруші түлектердің бәсекеге қабілетті болуымен қатар, дүниежүзілік білім аясындағы көкейкесті мәселелері ашылады. Оқу үрдісінің оқу-әдістемелік және ғылыми қамсыздандыру базаларын нығайту мен жетілдіру жақтары назарға алынған.

Summary

This article studies the ways to improve the quality of the higher professional education in the study system with credits. The issues of competitiveness of the graduates and integration into the world education space of the national system of education quality assessment are examined. The article also discusses the ways to improve the study-methodical and scientific support of the educational process, to strengthen the material-technical base of the system of education.

В условиях интеграции отечественной системы образования в мировое образовательное пространство Министерством образования и науки РК определены стратегия и пути гармоничного вхождения Казахстана в Болонский процесс, которые четко отражены в Концепции развития образования в Республике Казахстан до 2015 года. Согласно данной Концепции, национальная образовательная система должна быть направлена на то, чтобы стать прозрачной и признаваемой во всем мире. Важным и значительным шагом интеграции казахстанской системы высшего образования в международное образовательное пространство является переход на кредитную систему обучения. Сегодня мы

переживаем процесс модернизации высшего образования путем апробации кредитной системы обучения как основы международной системы организации академического образования. Данная система обучения, являясь новой для казахстанского образования, проявила себя в мировом образовательном пространстве как наиболее рациональная и удобная и для студентов и для преподавателей. Позволяя студенту выбирать наиболее оптимальные для себя возможности получения знаний и наиболее интересные и профессионально необходимые спецкурсы, она в то же время автоматически отсекает наиболее неинтересные, бесперспективные, невостребованные дисциплины. Таким образом, несомненным плюсом кредитной системы является ее способность мгновенно реагировать на потребности рынка образовательных услуг, регулируя учебный процесс, интенсифицируя его, избавляя от балласта и стимулируя развитие образовательных услуг и совершенствование их качества с целью соответствия их современным требованиям и мировым образовательным стандартам.

Одной из наиболее актуальных проблем в области образования в современных условиях является повышение его качества, а именно: подготовка высококвалифицированных и конкурентоспособных кадров для всех отраслей экономики; интеграция в мировое образовательное пространство; создание национальной системы оценки качества образования; совершенствование учебно-методического и научного обеспечения образовательного процесса; укрепление материально – технической базы системы образования; обеспечение баланса государственного, общественного и личного интересов в системе многоуровневого непрерывного образования.

В настоящее время мировое сообщество находится на качественно новом уровне развития. Постоянно растущий поток информации делает сегодня бесполезным в качестве цели образования простое усвоение накопленных человеческих знаний. Приоритетом становится не механическая передача знаний, умений и навыков, а формирование личности, которая, получив фундаментальные знания, самостоятельно добывает, анализирует и использует информационно – интеллектуальные ресурсы, генерирует идеи, развивается и успешно реализует свою профессиональную компетенцию в условиях быстроизменяющегося мира. Формирующееся в Казахстане открытое гражданское общество с рыночной экономикой требует пересмотра системы отечественного образования на всех его уровнях и выработки нового подхода к оценке его качества.

Казахстанские вузы всегда уделяли внимание качеству образования. Обеспечение качества, изначально присущее системе высшего профессионального образования в республике, в свете современных требований приобретает особую актуальность и значимость. Экономические преобразования отразились и на сфере высшего образования, которое поставляет на рынок труда высококвалифицированных специалистов. Образование является важным показателем качества жизни, фактором усиления конкурентоспособности страны, обеспечивает национальную безопасность. Недостаток опыта работы в условиях новой рыночной экономики, отсутствие знаний в области оценки и управления рыночными процессами, существенные изменения в технологиях, рынках сбыта и потребностях населения требуют перестройки корпоративной стратегии и тактики. В сложившихся условиях для своевременного и адекватного реагирования на происходящие изменения необходима помощь квалифицированных специалистов. При этом основная цель заключается в улучшении качества руководства и управляемости предприятия, повышении эффективности его деятельности и увеличении индивидуальной производительности труда каждого сотрудника.

Важная роль в повышении качества высшего профессионального образования, обеспечении конкурентоспособности выпускников на рынке труда во многом предопределяются характером и уровнем учебно-методической работы. Особую актуальность в последние годы приобрело использование в учебном процессе новых технологий обучения, направленных на активизацию познавательной деятельности студентов. К основным путям реализации этой задачи, являющейся важнейшим звеном совершенствования методической деятельности, относятся:

- применение мультимедийного комплекса при чтении лекций с разработкой их электронных версий, что обеспечивает аудиовизуальное восприятие излагаемого материала, при котором в памяти студентов сохраняется до 50 % информации (против 20% при визуальном) ;
- повышение степени компьютеризации учебного процесса на основе использования авторских и стандартных обучающих программ по специальным дисциплинам, при выполнении курсовых и выпускных квалификационных работ;
- широкое использование учебного телевидения, в частности, демонстрационных видеофильмов, предоставленных как промышленными предприятиями и торговыми организациями, так и снятые студентами по тематике, особо нуждающейся в наглядности;

- использование моделей и деловых игр, построенных на правдоподобных ситуациях, типичных для практической деятельности специалистов;
- решение и составление кроссвордов по изучаемым дисциплинам;
- обеспечение самостоятельной работы студентов путем подготовки и издания учебников, пособий, курсов лекций, методической литературы в необходимом объеме и количестве;
- разработка объективных критериев аттестационных срезов текущего и итогового контроля знаний студентов, в том числе и совершенствование системы тестирования;
- организация научно – исследовательской работы со студентами как неотъемлемой части учебного процесса; сочетание при ее проведении традиционных, апробированных временем, и новаторских форм.

Целенаправленная методическая работа преподавателей способна, на наш взгляд, воспрепятствовать проявлению негативной тенденции снижения интереса студентов старших курсов к учебе и обеспечить укрепление их профессиональных ожиданий; сформировать у выпускников устойчивые взгляды аналитической деятельности и компетентной оценки ситуации в условиях динамично развивающейся экономики; обучить современным методам получения информации, которая в постиндустриальном обществе, где доминирует интеллектуальный труд, приобретает особое значение.

Одним из путей повышения качества образования и личностного саморазвития является процесс освоения преподавателем инновационных форм и методов обучения, к числу которых следует отнести интерактивные методы обучения, современные образовательные технологии, информатизацию образования.

Система управления качеством образования должна основываться на четырех подсистемах: это – организация и технология управления вузом, менеджмент учебно-воспитательного процесса, техническое и программное обеспечение и мониторинг обучения.

Повышение эффективности стратегического планирования в университете должно сочетаться и продолжаться в эффективном управлении и реализации комплексной программы развития университета.

Учебный процесс в университете реализуется через систему взаимосвязанных элементов – дидактических, методических, организационных, управленческих с установкой на конечную цель – выработку у студентов профессиональных и социальных компетенций в соответствии с государственными общеобязательными стандартами образования. Учебный процесс должен переходить от информативного построения к технологии самообучения и саморазвития под руководством наставников-педагогов (2). При проектировании системы управления качеством образования следует учитывать:

- развитие инновационных аспектов образовательного процесса с применением профессионально-ориентированных, проблемно-деятельных технологий обучения;
- подготовку специалистов, обладающих интегративными качествами - профессиональными и организационными, а также с высокой информационной культурой и полиязыковой подготовкой;
- развитие фундаментальных исследований и инновационную деятельность;
- формирование корпоративной культуры университета, постоянную подготовку и переподготовку персонала;
- осуществление подготовки элитных специалистов на интегративной основе.

Необходимо развитие маркетинговых исследований по основным направлениям деятельности университета, активизировать процессы анализа самоанализа, самооценки. Отсюда следует, что ППС, сотрудники ВУЗа должны непрерывно работать над своим профессионализмом и совершенствовать информационно-методическое обеспечение учебного процесса. Само обучение должно быть проблемно-ориентированным с учетом междисциплинарных профилирующих связей. Для оптимизации познавательного процесса студентов следует всемерно применять активные и интерактивные методы обучения, практико-ориентированные курсы. Обучение должно осуществляться в контексте будущей специальности на основе практического опыта. Такая организация позволит дифференцировать различные студенческие группы с учетом их индивидуальных способностей - будущих исследователей, разработчиков, исполнителей, менеджеров. Подготовка элитных специалистов должна учитывать помимо вышеперечисленного, усиление фундаментального компонента и основываться на хорошей базовой подготовке студентов.

Большое значение придается развитию инфраструктуры университета, а именно, вовлечение в деятельность университета выпускников, создание совместных подразделений, филиалов, инновационных центров. Открытие филиалов университета по совместной деятельности на предприятиях, в департаментах, расширение взаимодействия с довузовскими образовательными

учреждениями, создание образовательных комплексов. Создание инновационной среды в университете позволит студентам и сотрудникам освоить новаторский опыт, развиваться и двигаться вперед. Ориентация при университете многопрофильных малых предприятий позволит решить проблемы коммерциализации знаний и интеллектуальной собственности. Все эти усилия в совместной подготовке специалистов позволят существенно поднять уровень обучения, а следовательно, и его качество.

В условиях рыночной экономики значительно возросла потребность в творчески активных и профессионально мобильных специалистах, задача подготовки которых не может быть решена без одной из самых доступных, массовых форм расширения и углубления знаний – самообразования. Решающая роль в самообразовательном процессе принадлежит самостоятельной работе студентов, которая охватывает все аспекты учебного процесса, выступает как средство интенсификации аудиторных занятий, и, как основной вид внеаудиторной деятельности.

Современные информационные технологии сделали практически общедоступным колоссальный в самых разных направлениях человеческой деятельности, предоставили потенциальную объем информации возможность обеспечить индивидуальную траекторию развития каждой личности.

Приобретение навыков самостоятельной работы способствует развитию высокой культуры умственного труда обучаемых; навыков и умений, необходимых для выполнения ими профессиональных функций; воспитывает самостоятельность как черту характера; формирует умение принимать ответственные решения в условиях неопределенности, в критических и стрессовых ситуациях.

Самостоятельная работа развивает у студентов такие качества, как: организованность, дисциплинированность, инициативность, волю, упорство в достижении поставленной цели; а также служит средством превращения полученных знаний в убеждения, является основным путем формирования высокого творческого потенциала выпускника вуза, развития его способности к инновационной деятельности, резко повышает адаптационные способности

Опыт работы свидетельствует о том, что организация и виды самостоятельной работы принципиально едины для студентов всех форм обучения (очной, заочной, сокращенной) и включают три различных уровня: репродуктивный (тренировочный), реконструктивный (новый подход) и творческий (поисковый). Специфика обучения влияет лишь на объем самостоятельной работы и выбор наиболее целесообразных форм ее проведения и контроля, которые, в конечном итоге, определяют степень ее результативности. Несомненно, для того, чтобы образование стало действительно инновационным, помимо внедрения передовых методов и форм обучения, обновления содержания на базе мировых информационных ресурсов следует улучшить процесс оказания образовательных услуг, образовательной и научной продукции и стремиться к определенному эталону качества.

Широкое использование методов обучения, ориентированных на активную самостоятельную познавательную деятельность студентов и применение форм ее организации, обеспечивающих учет индивидуальных особенностей, интересов и способностей обучающихся, позволяет интенсифицировать учебный процесс, повысить качество подготовки и конкурентоспособность на рынке труда ее выпускников. Интеграция казахстанской системы образования и мировой образовательной системы призвана обеспечить необходимый уровень подготовки специалистов, владеющих новыми знаниями, умениями и навыками в своей специализации, способных к эффективной профессиональной деятельности, быстрой адаптации к меняющейся экономической и социальной ситуации, реально использовать свои знания при решении профессиональных задач.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Шишов С.Е., Кальней В.А. Мониторинг качества образования. – М.: Педагогическое общество России, 2000
2. Багишаев З.Я. Приоритеты современного образования и стратегия его развития.- М: Педагогика, 2000
3. Шанкибаев Б.Н. Методологические особенности обучения студентов по кредитной системе //Материалы международной научно-теоретической конференции «Стратегия и приоритеты вхождения Казахстана в 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира». Алматы, 2006
4. Уфимова О.В. Образование в РК на современном этапе//Основы экономики.2006, №3.
5. Куприна А.И. Мониторинг как средство повышения качества управления образовательным процессом. Автореф: к.п.н., Екатеринбург, 1999.

**КАШЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Сұлтанбек Мәлік Жұпанбекұлы-

Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университет, магистратура және PhD докторантура институты, педагогика мамандықтар

Тарих магистрі, 6D010200 БОПмӘ мамандығының 2 курс докторанты;

Резюме

В данной статье рассматриваются теоретические основы организации дистанционной технологии обучения. Слушатели при дистанционном обучении используют основы процесса обучения в удобное для себя время. Обоснованы особенности организации обучения по технологии дистанционного обучения. Поэтому, слушателям создаются условия для освоения методики и техники самостоятельной деятельности на достаточно высоком уровне. Вместе с этим, они должны уметь работать с новейшими информационными технологиями, для того чтобы достичь результатов в обучении. Дистанционное обучение – это средство непрерывного образования для реализации прав человека на получение знаний и информации.

Summary

This article discusses the theoretical basis for the organization of distance learning technologies. Listeners at distance learning use basis of process of training in time convenient for them. The features of the organization of training on technology of distance learning are proved. Therefore conditions for students' development of a technique and equipment activity are created on rather high level. Together with it they have to be able to work with the latest information technologies to reach results in training. Distance learning is a means of continuous education for realization of human rights on knowledge acquisition and information.

Кілт сөздері: қашықтықтан оқыту, жаңа технология, оқытушы, студент, нәтиже, техника, деңгей, теория.

Ключевые слова: дистанционное обучение, новая технология, преподаватель, студент, результат, техника, уровень, теория

Keywords: distance learning, new technology, teacher, student, result, technique, level, theory.

Әрбір мемлекеттің даму көрсеткішінде, ол мемлекеттің халыққа сапалы білім беру деңгейі ерекше орын алатыны белгілі. Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру – бұл тек қана әлеуметтік мәселе ғана емес, сонымен бірге бір-бірімен тығыз байланыстағы экономикалық, құқықтық және рухани мазмұндағы мемлекеттік әрі жалпы қоғамдық маңызды іс.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласында күрделі реформалармалардың бірі ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізгі ережелері 2006 жылғы 25 тамызда №461 бұйрығымен бекітілген. Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беру жүйесін өркендетудің басты мақсаттарының бірі – оқушылардың кез-келген мектептер, колледждер мен университеттердегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай туғызу болмақ. Осылай еткенде ғана студенттердің бір елден екінші елге орын ауыстыруларына мүмкіндік жасап, кедергілер туғыздан гөрі көзқарастар жүйелерінің бір арнаға тоғыстырылған идеяларымен қаруланып, білім беру ресурстарын өзара алмастыру жағдайында болашағы зор жаңа істерді өркендете түсуге мүмкіндік туады. Коммуникациялық каналдарды ауқымды түрде тарату курсы маңызды міндеттерді ойдағыдай іс жүзінде асыруға септігін тигізбек[1].

Қашықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты: Білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы оқушылар мен студенттердің білім деңгейін көтеру.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы міндеттері:

- бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып, мемлекеттік (республикалық) деңгейіндегі қашықтықтан оқытудың құрамына енуі;
- құру кезінде мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау;

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары

жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет [2].

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент – сервер, мультимедиа, компьютерді оқып үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспап әрі өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады.

Осындай сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда оқытушының атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

- Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.
- Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.
- Қашықтықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, оқушыларды таныстыра білуі қажет.
- Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.
- Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.
- Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін баяндай және курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет.
- Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет [3].

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендірмейінше, кез-келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.


Республикалық білім беруді ақпараттандырудың ғылыми-әдістемелік орталығы ақпараттық қарым-қатынастық технологиялардың білім берудегі педагогикалық мүмкіндіктерін зерттеу жолында ЮНЕСКО институтының тірек нүктесіне жатады және онымен бірге қашықтықтан оқытудың спутниктік каналын ендірудің жобасын жүзеге асыруда.

Қашықтықтан оқыту (ҚО) – білім, біліктілік дағдыларды алу үрдісі, бұл кезде оқыту процедураларының тұтас немесе белгілі бір бөлігі оқытушы мен студенттің территориялық алшақтығына қарамастан жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту технологиясының кейс және желілік деген түрлерін ерекшелеп көрсетуге болады. Қашықтықтан оқыту технологиясының дамуына интернеттің әсерін бағалау қиын. Ол ара қашықтықты қысқартумен қатар, оқытушы мен студентке анағұрлым көп еркіндік береді. Енді «on-line» режимінде кеңес беруді ұйымдастырса ал «off-line» режимінде білім алушылармен кері байланысты ұйымдастырады яғни білім алушылардың оқудағы жетістіктерін байқау. Оқытушы материал мазмұнын жедел түрде өзгерте алады. «Off-line» режимінде оқу сабағы білім беру қарым-қатынасы процесі кезінде оқытушы мен білім алушы арасындағы тілдесу асинхронды түрде өтеді (электрондық почта, кейіннен аралық немесе қорытынды бақылау тапсыруымен, оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулық бойынша жұмысы).



сурет: Қашықтықтан оқыту технологиясының тиімділік жақтары



сурет: Қашықтықтан оқыту технологиясы моделі

Қашықтықтан оқыту технологиясының дамуы – біздің білім беру жүйесінің болашағы болып табылады. Шетелде күндізгі немесе қашықтықтан білім берудің қайсысының дұрыстығы жөнінде сөзде болмайды. Өйткені оларда басты орында қашан да сапалы білім тұрады. Қашықтықтан оқыту өз бетінше жүргізілетін жұмысты сөзжұмбақтар немесе тапсырмалар арқылы ұйымдастыру, жаңа тақырыптарды меңгеру үшін өте ыңғайлы жағдай жасалады. Қарастырылатын тақырып бойынша берілетін материал баспаға шығарылған түрде қашықтықтан оқыту курсына электрондық түрде немесе электрондық оқулық түрінде беріледі. Сабақтың басты элементі форум немесе чат болып табылады бұл студент пен оқытушы арасында тығыз байланыс жасауға мункідіктер береді қашықтан болсада. Мұндай баяндаулар алдын-ала жоспарланып, алдын-ала даярланған сценарий бойынша жүргізіледі. Оқу үрдісіне тьютор белсенді қатысады [4].

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен жоғарылатуды көздейді.

Қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ, бұл – тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Ал, тармағындағы қашықтықтан оқу ұғымы тыңдаушылар мен оқытушылар арасындағы, сонымен қатар тыңдаушылардың өзара белсенді ақпаратпен алмасуын қарастыратын және жоғарғы дәрежедегі қазіргі жаңа ақпараттық технологияларды (аудио-визуальды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдары, т.б.) пайдаланатын білгілі бір тақырыптар, оқу пәндері бойынша ұйымдастырылатын оқу процесі.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі технологиялары бар: Кейс-технология – оқытушы-тьюторлардың дәстүрлі және қашықтықтан консультацияларды ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген.

Кейс технологиясы (ағылшынның case-портфель) оқытуда жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады.

Кейс-технология арналған материалдар мыналар:

1. Әдістемелік нұсқалар. Оқу құралдары мен глоссарий. Оқушыларға оқу жоспарындағы пәндер бойынша электрондық тасымалдауышта (CD-ROM) оқу-әдістемелік материалдардың кешені (кейс) беріледі. Кешенді даярлауда ұжымдық әдістер, жобалау әдістер пайдаланылады. Мұндай әдістер тыңдаушылардың белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін белсенді етеді.

2. Жұмыс дәптері.

3. Анықтама.

4. Оқу, аудио, бейне материалдары.

5. Бақылау және емтихан материалдары.

Қашықтықтан оқытуға арналған кейстердің сапалық қасиеттері:

- Курстың терминдер мен ұғымдарына арналған гипертекстік құрылымы;

- Пайдаланушыға ыңғайлы құрылым – мұғалім материалды беру реті мен бейнелеудің бірнеше түрін таңдай алады.

- кейстің құрамына белгілі бір нормативті талаптар жоқ. Кең таралған документтер мен дыбыс, анимация, графикалық кірістірулер, слайд-шоу пайдаланылады;

- оқушы оқулықтың кез-келген бетін қағазға шығара алады;

- оқушы оқу материалдарына кез-келген әдіспен қол жеткізе алады (Интернет, CD-ROM).

- оқулыққа кіріктірілген білімді тексеру жүйесі бар;

- оқулық бетінен интернет ресурстарына қол жеткізуге болады.

Желілік технология – білім алушы, оқытушылар, әкімшілік арасындағы интерактивті өзара әсері мен оның оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталуын қамтамасыз етуде телекоммуникациялық желіні қолдануға негізделген.

Электронды почта тыңдаушыларға курстың негізгі мәселелері бойынша конфиденциалды хат жазысуға мүмкіндік береді. Электронды почта арқылы ақпаратты жоғары жылдамдықпен жіберу мүмкіндігінің арқасында тыңдаушыға көмек дер кезінде, сұранысты алған соң бірден көрсетіледі. Интернет көмегімен тыңдаушылармен кері байланыс орнатып қана қоймай, олардың оқу қызметін бақылауға, бағалауға болады [4].

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Тыңдаушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғары деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Сонымен бірге нәтижелі түрде оқу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс.

Сонымен, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. 2.002-2008

2. Журнал «Информатика и образование», №7 -2006ж. (41-46 б)

3. Журнал «Информатика и образование», №2 -2006ж. (49-57 б)

4. Журнал «Информатика негіздері», №1 -2005ж. (11-14 б)

5. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың ІҮ Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы, (18-19 б., 38-39 б., 118-119б., 460-461 б.).

УДК 004

PROBLEMS OF TEACHING ENGLISH AT THE UNIVERSITIES AND THE PROPOSED SOLUTIONS

Khamitova Galya Duisembayevna

Kazakh National University named after Abai

Senior Lecturer
Kazakhstan, Almaty

Резюме

В статье рассматриваются проблемы, связанные с изучением английского языка, т.к. существует ряд причин, влияющих на это. Здесь обсуждается вопрос, почему важно студентам изучать язык в настоящее время для дальнейшей жизни.

Түйін

Мақалада ағылшын тілін меңгеруге байланысты көптеген ықпал етуші факторлар көрсетілген. Қазіргі жаһандану жағдайында тіл үйренудің маңыздылығы қарастырылған.

Abstract

There are several reasons why students at the universities might have problems with learning English. Different factors impact each reason which are demonstrated in detail. Moreover, diverse approaches of coping with these problems are considered. This article discusses the question why students have to study English and why it is necessary for living. Once this question is answered in this article, it becomes clear how teachers enable themselves to teach English with a clear aim and professional conviction. Therefore, students understand that value in studying English or any other language and therefore, become motivated as a result.

Key words: vocabulary deficiency, dictionary dependency, lack of dictionary skills, poor reading skills, geographical location, and textbooks.

The geographic location of any country might be the largest obstacle and problem for people to learn English because there is no necessity to know it in order to live. Since many people do not use the language in everyday life, the skills cannot be retained easily. Other related problems are linguistics and mentality of specific society. Not so many teachers and instructors of English in diverse countries are able to teach English because they are mostly non-science major. Therefore, science and engineering students are grossly deficient in terminology as well as in general English skills. There are several reasons of difficulties of teaching English which are explained in detail that will make it clear why students at the universities cannot use terminology in a fluent and appropriate manner. The reasons are: vocabulary deficiency, dictionary dependency, lack of dictionary skills, poor reading skills, geographical location, linguistic basis for the development of specific language is very different from English, unfamiliarity with English, and the excessive size of classes. To ease the situation, the following three solutions were made which are described further: train tutors for special English in graduate school, write textbooks for the beginners and college students, and limit to a manageable class to a manageable size.

Moreover, to discuss problems of teaching English at the universities, it is better to start from consideration of students skills.

The first problem of teaching specific terminology is vocabulary deficiency [Hitoshi Maruyama 1996]. In case of giving words to students it can be proved that most of them will be not recognized and identified. Even in case of simple words such as ampere, circuit, bus, impedance, semiconductor, transistor, the results can be startling. Most of the students who graduated from schools of general education with only two hours of English per week have no idea even about basic terms: addition, subtraction, multiplication, and division.

However, in case the teacher will explain these terms while giving explanations and metaphors in the context students understand, the terms will be definitely recognized [Sharon J. Gerson 2011]. Although, it is clear that it is more long and sustainable way of comprehension.

The reasons for the gross deficiency are not only terminology but, also, vocabulary is attributed by at least the following three major factors:

- a) There is absolutely no necessity to know these terms for their daily living.
- b) Therefore, there is neither incentive to teach nor to study these words at all.
- c) Most English teachers cannot teach them because they themselves are unfamiliar with scientific terminology. Most of English teachers tend to have a humanities background [Hitoshi Maruyama 1996].

The second major problem of teaching English at the universities is dictionary dependency. It is natural for anybody to use a dictionary when one encounters an unknown word regardless of language. However, because of the manner in which English is taught, students are easily trapped in this dependency (think of Google translator example).

Students can neither guess the meaning of an unknown word from the context nor ignore it and continue further. They just stop there. Because they have no knowledge of the etymology of English words, they cannot make any sense from a sentence which contains one or more unknown words.

Unfortunately, once this dependency is set in them, their flexibility and imagination are often suppressed as a result. If the students had a little of either flexibility or imagination, they could get the word 'transistor'. They knew how to pronounce both 'here' and 'there,' 'ere' in the two words that could lead them to say and acknowledge it. Sadly, the students cannot do it.

The third problem of teaching terminology is lack of dictionary skills. In general, students have unclear idea about how to use the dictionary well, although it seems contradictory to the previous dependency statement. When looking at electronic or paper dictionary, students are conditioned to look only at the first listed meaning of a word in a dictionary. Many words used in English textbooks are usually taken from the first meaning in a dictionary. Therefore, they do not bother to check for other definitions which is not a good idea if they want to know English as a native speaker.

Another reason for the lack of dictionary skills problem is that textbooks often provide meaning of new words in specific languages either in a footnote or in a glossary section at the back. Thus, teachers often neglect to teach how to use a dictionary in detail. As a result, when students need to use a dictionary, they just look only at the first entry. Once a native meaning of a word is imprinted in their memory, students usually do not make an effort to find out other meanings with which a sentence in question was written.

As an illustration, it's better to take word 'Fast' as the example. Every student knows its meaning as 'moving at a great speed.' But very few of them know two other commonly used definitions in English speaking society, i.e., 'firmly fixed' and 'to sustain from food.' Therefore, dictionary skills are really important in learning English in general [Hitoshi Maruyama 1996].

The fourth problem of teaching English which is closely connected to the third problem is poor reading skills, especially, in the context of scientific papers [Lic. Luis Alberto Viades Valenci 2002]. Many students misunderstand and are confused while reading long theoretical papers or simple content on websites. The reason for this problem is the absence of opportunity to read scientific and technological English articles a lot during college life and the lack of websites use. If they use English textbooks for their major, the problem can be alleviated greatly.

The fifth problem is the geographical location. As it was stated at the beginning of this article, different people in different countries never needed to know English as the native speakers in their daily life. Only limited group of people who contacted with foreigners were required to study foreign languages for the purpose of translation the documents into their native language. As the diverse countries became independent along the history, the government has sent many people to Europe and the United States to study western culture, science, and technology. Ordinary people have been able to learn about the west scientific achievements through translated materials. The government has also invited many western scholars and asked them to teach people their advanced systems. Only a limited number of citizens, especially students, have been privileged to study under them.

Therefore, it has been necessary to have only a few people to know English or any other foreign language. This lack of necessity weakens the incentive for most people to acquire good English skills.

Another problem of teaching English to students is that the linguistic basis for the development of different languages is very different from English. There is no reason to assume that the students can even guess what 'ampere' means by just looking at it. When someone tries to learn something completely foreign to any previous experience, it is difficult to do so even a simple thing.

Take an example for calculation skill. For a small child thinking process of calculation with numbers is entirely different from that of speaking with words to which the child has been accustomed from the birth. As a result, many children have trouble with calculation because of the difference.

This can be applied to another way to explain why the people of different nationalities are poor achievers in learning English. There is a huge gap of thinking processes between English and other languages grammatically and phonetically.

The seventh problem is unfamiliarity with English. Teachers of English in many countries are usually non-science majors and are unfamiliar with mathematical and science terminology. Teachers often say that they are not interested in teaching words as scientists and engineers would decline to teach words outside of their field. Moreover, textbooks for middle schools and high schools are generally written by non-science oriented people, so they are not keen to include words in them [George E. Kennedy 2001].

In the past few years, the good English textbooks are available for college students printed by British and American publishers. A problem, however, is that if the content of a textbook is suitable for students' intellectual

level, the level of English is too high for students. The reverse is also true. If English level matches their English skill level, its contents are too easy. In both cases students are too bored to study.

LITERATURE

1. **George E. Kennedy.** Professional and Writing: Problem Solving at Work. (Dec 28, 2001)
2. **Hitoshi Maruyama.** Difficulties in Teaching English in Japan (1996)
3. **Lic. Luis Alberto Viades Valenci.** Teaching English Writing (2002)
4. **Sharon J. Gerson.** Communication: Process and Product (7th Edition). (Jan 8, 2011)
5. **Victor M. Hernández-Gantes.** Teaching English Language Learners in Career and Education Program. (Aug 14, 2008)

АНДРАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ – ТҰЛҒАНЫҢ ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Қ.Т.Қуанжанова

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институты «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс PhD докторанты

Н.Н.Аширбаева

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институты «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс PhD докторанты

Резюме

В данной статье рассмотрены особенности обучения взрослых и основные принципы андрагогики. Даны результаты исследования которые проводились с целью выявления значимости непрерывности обучения.

Summary

This article describes the features of adult education and basic principles of andragogy. Given the results of research conducted in order to identify the importance of lifelong learning.

Қазіргі таңда ересектердің білім алуы еліміздің білім беру жүйесі, экономикасы, саясаты, өркениетіміздің дамуының негізі бағыты десек те болады. Өйткені қоғам үнемі даму үстінде, әсіресе қазіргі таңдағы жер бетіндегі болып жатқан өзгерістер, ғылыми ашылымдар, жаңалықтар күннен күнге көлемі және сапасы жағынан дамып көбею үстінде. Осы тұрғыдан ересектер белгілі бір мамандық бойынша білім алуымен шектеліп қоймай, одан әрі білімін жалғастыру, толықтыру, білімдерін жетілдіру арқылы кәсіби әрекетінің тиімділігі, соның негізінде жұмыс орнының сапасы артатындығы, нәтижесінде еліміздің әлемдік жаһандану үрдісіне жақындайтынын түсінеміз.

Жалпы білім, білім беру түсініктерін үнемі естіп жатқанымызбен осы түсініктің астарында не жатқандығына көп мән бере қоймаймыз. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында: Білім – әрбір жеке тұлғаның және әлеуметтік прогрестің дамуына қажетті шарт. Оқудың нәтижесі – білім. Білімнің тәрбиелік мәні жеке бастың қамында емес, мақсатқа жетудің құралы делінсе, ал Б.А.Тұрғынбаеваның «Андрогогика» (2010ж) атты оқу-құралында «Білім беру – адами қасиеттің бейнесінің мазмұндық және процессуалды жағынан жүйелендірілген оқыту мен тәрбиелеу негізінде мақсатты түрде дамуы мен қалыптасуының әлеуметтік-мәдени тетігі» деп білімнің келесідей түрлеріне сипаттамалар береді: *терең білім, қолданбалы білім, озық білім, қабаттас білім, орнын толтыратын білім, түзететін білім, дамытпалы білім, қолдау болатын білім, толықтыратын білім.* Қарап тұрсақ, білімнің сан-алуан түрлілігіне көзіміз жетеді. Бірақ, барлық білім түрлері – субъектінің өмір тіршілігі мен кәсіби әрекетінің тиімділігі мен нәтижелілігі үшін қызмет етеді. Демек, адам өзінің дамуы барысында аталған барлық білім түрлерін игере отырып, дамиды, қалыптасады, өзінің қоғамдағы орнын табады, белгілі жетістіктерге қол жеткізеді т.б. Осылардың ішіндегі адам өмірдің ағы мен қарасын, жақсы мен жаманды ажыратып, бойына адами қасиеттерді сіңіріп, өзін-өзі тани бастайды. Әрине, адам дүниеге индивид болып келгенімен, іс-әрекеттің нәтижесінде ересектену арқылы тұлға, субъект болып қалыптасады. Ал, ересек деген кім, қандай адамды ересек деп айтуға болады деген сұраққа 1976 ж UNESCO мамандарының берген анықтамасы бойынша: «**Ересек — өзі тұрып жатқан қоғамға тән келетін кез-келген адам**». Біздің қоғамда біз ересек адамды физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік есейген, өмірлік тәжірибиесі бар, өзіндік санасы қалыптасқан, дәстүрлі қоғаммен қалыптасқан

ролдерді орындайтын, өзі және өзінің өмірі үшін жауапкершілікті сезінетін адамды атасақ, [1]. Б.А.Тұрғынбаева [2, 186] ғалымдардың берген анықтамаларын қорыта келе, «ересек адам - шешім қабылдай білетін; өзіне жауапкершілік ала алатын; өмірлік тәжірибиесі бар; сендіре, иландыра білетін; өз ісі мен әрекетіне жауап бере білетін; нақты жағдайға баға беріп, шешім қабылдауға қабілетті; өз мүмкіндіктерін бағалай алатын; нәтижеге жауап бере білетін; индивид; тұлға; білімі бар адам; отбасын құрған; қойған мақсаттарына жететін; өз өмірінің сапасын жақсартып алатын адам; саналы әрекет ететін кісі; әрекетін жоспарлап, нәтижесін болжай біледі; қақтығыстарды шеше алады; мемлекеттік заңдарға сәйкес өмір сүретін адам, т.б деген қортындыға келеді. Ал, психолог Г.Крайг ересектерді сипаттау барысында «жасаралық сағат» ұғымын еңгізді. Жасаралық сағат – ересектіктің даму критериясын бағалауда қолданылатын ішкі уақытша өмірлік жолды бейнелейді. Ол: «адам өзінің дамуы барысында негізгі әлеуметтік жағдайлардан қаншалықты алға дамығандығын білуге мүмкіндік беретін құрал» дейді.

Жоғарыдан көріп тұрғанымыздай, ересектікке тән көптеген қасиеттерді, сипаттамаларды анықтай отырып, бойына тән ерекшеліктерді дамыту, қалыптастыру үшін үздіксіз білім алудың маңызын айтпаса да түсінікті деп есептейміз.

Ересектердің білім алуы, оларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерімен айналысатын ғылымды андрагогика, ал ересектерге білім беретін адамды андрагог деп атайды. Кең мағынасында «андрагогика» өмір бойы өзін-өзі өзектейтін тұлға туралы ғылым деп түсіндіріледі, көбіне адамдар жас кезеңдерінде өздерін өзектесе, кейбіреулері өмір бойы білім, білік, дағды тәжірибие жинақтай отырып өзін-өзі жетілдіреді. М.Ш.Ноулз бойынша “Андрогогика – ересектерге білім алуға көмектесу өнері мен ғылымы”, ал Швейцар зерттеушісі П.Фюрте “Андрогогика – адамды өмір бойы қалыптастыру туралы ғылым” деп есептейді.

Андрогогика тұлғаның жан-жақты ашылуына, өмірде өзінің орнын табуға және жасырын қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Алғаш «андрагогика» терминін 1833 ж неміс тарихшысы А. Капп енгізді [3].

Андрогогиканың жеке ғылым ретінде қалыптасуы 1950-1960ж бастау алғанымен, 1970ж М.Ш.Ноулздың «Современная практика образования взрослых. Андрогогика против педагогики» атты еңбегінен ғылым ретінде дамуы басталды. Аталған еңбекте андрогогиканың негізгі түсініктері, ерекшеліктері, әсіресе, балаларға және ересектерге білім беру бойынша айырмашылықтары көрсетіледі:

Кесте

1

Оқытудың педагогикалық және андрагогикалық моделдерін салыстыру (М. Ш. Ноулз бойынша)

Параметрлері	Педагогикалық модель	Андрогогикалық модель
Білім алушылардың өзіндік санасы	Тәуелділікті сезінуі	Өзін-өзі саналы басқарудың өсуі
Білім алушылардың тәжірибиесі	Құндылығы төмен	Оқытудың жан-жақтылығы
Білім алуға білім алушының дайындығы (мотивация)	Сыртқы факторлармен анықталады	Маңызды өмірлік мәселелерді шешу қажеттілігімен анықталады.
Алған білімдерін қолдануы	Кейінге қалдырады	Тез арада, шұғыл түрде
Білім алудағы бағыты	Оқу пәніне	Мәселені шешуге
Психологиялық климат	Оқытушының беделіне бағытталады	Формалды емес, өзара сыйластыққа және біріккен әрекетке негізделеді
Оқу үрдісіне қатысуы	Пассивті	Активті

1970 ж. М.Ш. Ноулз аталған еңбегінде андрогогиканың негізгі түсініктерін қалыптастырды:

- 1.Өз білім алуындағы жетекші рөл үйренушінің өзіне тиесілі.
- 2.Ересек үйренуші өзін-өзі басқаруға, өзін-өзі көрсетуге ұмтылады және солай сезінуі тиіс.
- 3.Ересек адамда өзінің және өзгелердің үйренуі барысында қажет болуы мүмкін өмірлік тәжірибесі бар.

4. Ересек адам өмірлік маңызы бар мәселелерді шешу мен нақты мақсаттарға жету үшін білім алады.

5. Ересектер үйренуші оқыту барысында алған білім-білік-дағдыларды кейінге қалдырмай пайдалануды көздейді.

6. Ересектердің оқу іс-әрекеті кейде шектейтін, кейде көмектесетін уақыттық, кеңістіктік, тұрмыстық, кәсіптік және әлеуметтік факторлар арқылы өзгеріске түседі.

7. Ересектерді оқыту үрдісі оның барлық (жоспарлау, жүзеге асыру, бағалау және түзету) кезеңінде оқытушы мен үйренушінің бірлескен іс-әрекеті түрінде ұйымдастырылады [3].

Синергетикалық басқаруға тікелей ықпал ететін андрогогикалық оқыту моделі педагогикалық оқыту моделінен көптеген параметрлер бойынша ершеленеді (М.Ш.Ноулз):

1. Үйренуші тәжірибесі білімнің бай көзі болып табылады.

2. Үйренуші алған білімін бірден пайдаланады.

3. Оқыту пәнге емес, мәселе шешуге бағытталған.

4. Оқыту үрдісін жоспарлау, сұраныстарды анықтау және оқыту мақсаттарын қою бірлесе жүзеге асырылады.

5. Оқу іс-әрекеті өз тәжірибесі негізінде жаңа білім іздеу технологиясы арқылы жүзеге асырылады.

Оқытудың андрогогикалық қағидалары (С.И.Змеев):

1. Өздігінен оқып-үйренудің басымдылығы.

2. Бірлескен іс-әрекет.

3. Білім алшылардың тәжірибесіне сүйену.

4. Оқытуды саралау.

5. Оқытудың жүйелілігі.

6. Оқытудың контекстілігі (А.А.Вербийский).

7. Оқыту нәтижелерін өзектендіру.

8. Оқытудың элективтілігі.

9. Білімдік мұқтаждығын дамыту.

10. Оқытудың саналылығы [4].

Ал, біздің елімізде ересектерді оқыту теориясы 20 ғасырдың басынан басталды. Оның дамуына М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Жұбанов, Н.Манаев, А.Байтұрсынов, Т.Шонанұлы секілді қазақтың зиялы қауымының еңбектері үлес қосты. 1918ж Алматыдағы алғашқы халық университеттерінің ашылуы, 1925ж парияның XIV съезінде халық университеттерінің әлеуметтік жағынан шындалып, 1928ж 2-қарашада Алматыда жұмысшылар универсиеттерінің ашылуы, шағын ауылдарда «Қызыл киіз үй», «Қызыл керуен» атты ағарту ошақтарының сауатсыздықты жою жөніндегі жұмыстары, 1920-1930ж қазақ зиялылығының ересектерге арналған оқулықтардың жарыққа шығуы, 1924-1925ж «Оқу үйшіктерінің» ролі, 1928ж «Сауатсыздықты жою пункттері», 1943ж халық комиссарларының кеңесі «Өндірісте жасайтын және жұмысты үзбей өз білімін жалғастырғысы келетін жеткіншіктерді оқуты» атты жалпы білім беру мектептерінің ұйымдастырылуы, 1944ж Ұлттық кеңес комитетінің жұмысшы жастар мектептерін құруы, 1946ж жұмысшы мен ауыл жастары үшін жалпы орта білім беретін кешкі және сырттан оқытатын мектептерінің ашылуы [2, 49-54б] қазіргі таңдағы үздіксіз білім берудің бастамасы болғандығына көз жеткіземіз.

Аталған ғылымның қазіргі таңдағы маңызын, өзектілігін қарастыра отырып, Қазақстандағы үздіксіз білім беру жүйесі (бакалавриат-магистратура- PhD докторантура) бойынша Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институты «Педагогикалық мамандықтар», «Психология және арнайы білім беру» кафедраларында ересектерге білім беру мәселесімен айналысатын педагог-ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.А.Тұрғынбаеваның жетекшілігімен докторанттарға «Андрогогика» атты курсы оқытылады. Оқу курсының мазмұнында андрогогиканың ғылыми мәртебесі, ересектерге білім беру тарихы, үздіксіз білім беру жүйесіндегі ересектерді оқыту ерекшеліктері, ересектерге білім берудің технологиялары мен әдістері қамтылған.

Аталған пән бізге өз кезегінде кәсіби дамуымызды шындай түсуіне, үздіксіз білім алу, өзін дамыту, өзін жетілдіру, өзін-өзі өзектеудің қыр-сырын үйретіп, өзімізге өзіміздің андрагог – педагог болуымызға үлке септігін тигізуде. Профессор Ботагүл Алтаевна осы пәнді оқу барысында адамның үнемі өзін-өзі дамытып, білімін жетілдіріп отыруы қажеттігін үнемі айтады. Дәрістер мен семинар сабақтары, докторанттардың өз бетінше атқаратын жұмыстары ғылыми пікір алмасу, ізденіс жағдайында өтеді.

«Үздіксіз білім арудың маңызы» бойынша аталған пән шеңберінде біз 25-45 жас аралығындағы білім алып жатқан жоғары білімді ересек адамдардың (магистранттар, докторанттар) пікірін тыңдау

мақсатымен сауалнама жүргіздік.

Сауалнама 6 сұрақты қамтыды. Бірінші сұрақ бойынша, «Білім» ұғымының мәнін қалай түсінесіздер? «Білім-тәжірибие, тәлім-тәрбие, өмір бойы көргеннің, оқығанның бәрі» деген жауаптар алдық.

Екінші сұрақ бойынша, «Біліміңіздің көмегімен қандай жетістіктерге жеттіңіз?» ЖОО-да жұмыс жасаймын, шәкірттерге білім беріп жатырмын, қоғамда өзімнің орнымды таптым, материалдық тұрғыдан өзімді қанағаттандырамын, танысым көбейді, адамдармен тез тіл табысамын.

Үшінші сұрақ бойынша, «Сіздің ойыңызша, адам өз кәсібінің маманы болуы үшін қанша білім керек?» деген сауалға: барлық қатысушылар «Білім-шектеусіз», өмір бойы оқу қажет деген бір пікірден шықты.

«Өзіңізді менің білімім осымен толды, мен өзімді өзім өзектеген адаммын» деп айта аласыз ба деген сауалға: Жоқ, яғни әлі де болса білмейтінім бар, қоғам үнемі даму үстінде, күнделікті оқып отырмасақ, дамудан артта қаламыз деген жауаптар айтылды.

«Адам өзін-өзі дамытуымен айналысуы қажет пе деп ойлайсыз ба?» барлығы «Иә» деген жауап берді. Сауалнама барысында 30-45 жастағы ересек адамдарың қазіргі таңдағы университет қабырғасында білім алып жатқандықтарына бойларында ешқандай өкініш, ұялу сезімдерінің болмауы қуантты. Керісінше, білім алушылардың білім алуға деген қызығушылықтары, белсенділіктері, ынталары жоғары екендігі байқалды.

Сонымен, ересектердің білім алуы үздіксіз білім берудің негізгі бағыты. Осы тұрғыдан, біздер докторанттар, ересектерді оқыту теориясымен айналысатын ғылым-андрагогиканың қазіргі таңдағы маңызының зор екенін түсіндік. Болашақ жоғары оқу орынының мамандары ретінде студенттермен жұмыс жасауда андрагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алудың мәнділігін ұқтық.

Өмір бойы білім алу қағидасына сәйкес жалпы алғанда, кез-келген адам ол-андрагог болып табылады. Өйткені, қазіргі қоғамымыздың әлемдік кеңістікке енуі барысында өзінің білімділігін жетілдірмесе, адамның функционалдық сауаттылығы төмендей береді. Ендеше, өзімізді өздігінен білім алуға, өзімізді өзіміз дамытуға тәрбиелейтін осы пәннің докторантура бағдарламасында болуы өте құптарлық жағдай екендігін атап өте отырып, барлық жоғары оқу орындары тәжірибесіне енгізілгені орынды болар еді деген тілек білдіреміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://hrm.ru/osobennosti-obucheniya-vzroslykh> - Особенности обучения взрослых
2. Тұрғынбаева Б.А. Андрагогика / оқу-құралы. – «Алатау» баспасы, Алматы, 2011. – 180б.
3. <http://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=104277> Андрагогика: принципы практического обучения для взрослых В. А. Дресвянников
4. <http://erkin.ucoz.kz/publ/1-1-0-12>

ОҚЫТУДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ –ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

Мырзапейсова К.Ж.-

Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің 2- к магистранты

Аннотация.

В данной статье автор отмечают, что инновационные технологии в системе высшего образования должны отвечать современным требованиям, предъявляемым к образовательным программам и технологиям. Будущий педагог профессионального образования должен уметь ставить перед собой достижимые цели и задачи, реализовывать их с помощью самостоятельно найденных средств, умело применять теоретические знания к решению практических задач, оформлять и представлять результаты своей работы.

Annotation.

In the article, the author notes that innovative technologies in higher education should meet the mode requirements of the educational programs and technologies. The future of vocational education teacher should be able to set achievable goals and objectives, implement them using their own funds found, skillfully apply the o radical know ledge to solve problems practices, execute and present their results.

Қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық және рухани өміріндегі түпкілікті өзгерістер ХХІ ғасырдағы, қазіргі Қазақстандық білім беру жүйесінің дамуының жағдайы мен болашағын анықтап береді.

Әрине жоғарғы білім беру мазмұнының деңгейі көп жағдайда білім беру саласындағы мемлекеттік ұлттық саясатқа байланысты.

Жоғары мектептің қазіргі жаңаруы студенттердің өз бетімен білім алу үрдісін жасайтын белсенді өзіндік оқу-танымдық қызметке тарту мәселелерін оқыту барысы шешетін оқу-тәрбиелік үрдісті жасауға, тәуелсіз Қазақстан Республикасының оқу жүйесінің, қоғамдағы мәдени-жасампаздық рухани рөлін жаңғыртуға бағытталған жаңа білім беру саясатымен байланысты.

Студенттердің оқыту барысында белсенді өзіндік ұстанымға жетуі, меңгерілген білімдері тұлғалық мағынаға ие болған жағдайда ғана қалыптасады. Алайда бұл, студенттердің ұстанымдарының дербестігіне кепіл бола алмайды. Сондықтан, студенттің меңгеруі тиіс білім көлемі бірден артып қана қоймайды, сонымен бірге қарқынды жаңарады, бұл жоғары мектептегі оқыту үрдісінің білім алушылардың жалпы білімді, арнайы сипаттағы білімді өз бетімен алуын және меңгеруін қамтамасыз етіп, әдістемелік сипаттағы дағдылар мен машықтарды мегеруге бағытын алдын ала анықтайды [1].

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық беталыстар болашақ мамандардың кәсіби дайындығының сапасын арттыру мәселелерін өзектендіреді. Еңбек нарқындағы бәсекелестікке байланысты жоғарғы оқу орындарының түлектеріне талап күшейеді. Бүгінгі студент мамандығы бойынша іргелі білімге ғана емес, сонымен бірге қретивтілік, икемділік, мақсаттылық, сыншыл ой, кәсіби өсу сияқты көптеген тұлғалық сапаға ие болуы қажет.

Табысты кәсіптік қызмет үшін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларын, оқу бағдарламалары әзірлемесінің жаңа әдістерін білу қажет. Бүгінгі студентке өздігінен үйрену дағдылары, теорияны тәжірибиемен сабақтастыра білу, сонымен бірге іздестіру икемділігі мен дағдылары қажет. Қорыта келгенде, жоғарғы білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар білім беру бағдарламалары мен технологияларына қойылатын қазіргі талаптарға сай болуы керек. Кәсіби білім берудің болашақ ұстаздар, алдына қол жетерлік мақсаттар мен міндеттер қоя алатын, оларды дербес табылған құралдардың (ақпараттық, материалдық т.б.) көмегімен іске асыра алатын, теориялық білімдерін практикалық міндеттерді орындауға тиімді қолдана білетін, өз жұмысының нәтижелерін рәсімдеп ұсына алатын болуы тиіс. Өз жиынтығында олар қызметтің жобалық технологиялары болып табылады. Студенттерді оқыту жобалау технологияларын қолдану арқылы іске асырылуы тиіс. Осының арқасында студенттер нақты міндеттерді шеше отырып білім алады және дағдыларын дамытады.



1 сурет. Жобалау әдісіне негізделген оқыту сұлбасы

Жобалық –қызметтің идеяларына тарихи талдау жасау кезінде «жобалау әдісі» білім беру саласында XVI ғасырдың аяғынан бастап қолданылатыны, бай тарихы бары, оны оқытуда қолданудың педагогикада үлкен тәжірибе жинақталғаны белгілі. «Жобалау әдісі» кәсіби оқыту аспектісінде кәсіби талаптардың жүйесіне болашақ мамандарды енгізу қажеттілігіне байланысты туындады [2].

«Жобалау әдісі» терминімен біз жобалау қызметінің технологиясын, аталған қызметтің субъектілерін және олардың ерекшеліктерін, жобалау қызметінің мақсатын, жобалау қызметінің үдерісінде қолданылатын дидактикалық әдістерін, жобалау қызметін бағалаудың деңгейлері мен шарттарын қамтитын оқытудың жобалау технологиясын түсінеміз. Педагогикалық технологияларды жобалау әдістемелерін М.Е. Бершадский, В.П. Беспалько, В.В.Гузеев, Е.Н. Гусарова, З.З. Кирикова, В.М.Монахов, Р.С.Сафин, Г.К. Селевко, Н.Е. Щуркова, В.В. Юдин және басқа да ғалымдар зерттеген.

Жоғарғы мектепте жобалау технологиясын қолдану педагогикалық сипаттағы көптеген мәселелерді шешуге себеп болады. Осындай мәселелердің қатарына мыналарды жатқызуға болады: студенттердің техникалық пәндерді үйренуге деген тұлғалық уәждемесінің төмендігі, соның салдарынан олардың жоғары білімнің және жалпы ғылыми білімнің маңыздылығын түсіне отырып, үлгерімдерінің төмендеуі. Бұдан басқа қазіргі заманғы білімнің көп сипаттамалардың арасында білімнің, сонымен бірге азаматтардың өздерінің және тұтастай қоғамның дамуы аталып өтіледі; кәсіби оқыту мазмұндық жоспарда тез өзгертін технологияларға шығуға үлгермейді.

В.А.Сластенин қазіргі заманғы кәсіби білім туралы айта келіп, « субъектілік-мағыналық оқудың ақпараттық оқумен салыстырғандағы басымдылығы, студенттердің түсінігінде бірімәнді «бағдарламалық» ұғымдарына қарағанда әлемнің көптеген жекелеген (субъектілік) суреттерін қалыптастыру, тұлғалық дамудың диагностикасы, жағдайларды жобалау, мазмұнды іздеу диалогі, өмірлік мәселелер контексіне оқу мәселелерін қосу» деген пікірін білдірді [3]. Демек, қазіргі заманғы педагогикалық жобалау технологияларын енгізу және әзірлеу негізінде болашақ мамандарды даярлау сапасын арттырудың қажеттілігі мен мүмкіндігі туралы қорытынды шығаруға болады.

Қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық шарттарды талдау барысында, жоғары мектеп тәжірибесіндегі нақты жағдай және мәселенің теориялық әзірлемесінің жайын зерделеу кезінде жобалау қызметінің дағдыларын игерген инженерлік техникалық кәсіптегі мамандарды даярлауға қатысты қазіргі заманғы талаптар мен жоғары оқу орындарында студенттердің осы технологияларды меңгеруіне байланысты оқыту үдерісінің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылық анықталды.

Жобалау технологияларын оқу үрдістерінде қолдану, оқылатын пәндер бойынша студенттердің үлгерімін арттыруға ықпал етеді. Сонымен бірге, жобалау технологиялары оң оқу уәждемесін қалыптастыруға, ойлаудың түрлерін, жеке оқу қызметін ұйымдастыру дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Литвиненко М.В. «Проектирование результатов подготовки специалистов в условиях модульной системы обучения». әдістемелік көмек. М.:2006
Физиканы оқытудағы дидактикалық принциптердің ішіндегі физиканы оқытудағы көрнекілік принципі, ол оқушылардың материалын қабылдау, талдау және жалпылау үрдісінің мәнінен туындайды. Оқу барысының әр түрлі кезеңдерінде көрнекілік түрліше функцияларды орындайды. Физиканы оқыту практикасы бұл принципті жүзеге асыруға бағытталған арнайы құрал-жабдықтар жасауды қажет етеді (геометриялық фигуралардың модельдері, кестелер, оқу диафильмдері, кинофильмдер, теледидар, микрокалькуляторлар және т.б.).

Ескеретін бір нәрсе, көрнекілікті қалай болса солай қолдана бермей, тек қажеттілігіне, тиімділігіне қарай пайдалана білудің маңызы зор. Мысалы, геометриялық оптика тарауының алғашқы сабақтарында фигуралардың әр түрлі моделін көрсету оқушылар үшін пайдалы болады да, кейінірек олардың кеңістік қиялын дамытуға кері әсер етуі мүмкін, яғни оптиканы үйретуде нақты көрнекілік біртіндеп «абстрактылық көрнекілікке» (жазық сызбаларды қарастыру) орын беруі тиіс.

Физиканы оқытудағы саналылық және белсенділік принципі, жүйелілік және реттілік принципі, түсініктілік принципін қолданудағы техникалық құралдардың ең маңызды дидактикалық ерекшелігі оның ақпаратпен жоғары дәрежеде қамтамасыз етілгендігінде. Бұл өз кезегінде оқу үдерісінде уақытты тиімді пайдалануға, оқыту сапасын арттыруға септігін тигізеді. Дегенмен, сабақта оқушылардың ақпаратты қабылдау мүмкіндігінен ақпарат көлемін асырмау қажет. Оқытудың техникалық құралдары арқылы оқылатын құбылыстар мен үдерістерге тереңірек бойлай аламыз. Ақпараттық технология мен оқытудың техникалық құралдары көмегімен оқушыларға мектеп жағдайында көрсетілуі қиын немесе мүмкін емес құбылыстарды көрсете аламыз.

Оқытудың техникалық құралдары көмегімен, оның ішінде экрандық-дыбыстық құралдар көмегімен оқу материалын ғылыми ақпараттық тұрғыдан бере аламыз. Сонымен компьютермен оқыту оқушыларға оқылатын құбылыстар мен объектілер туралы толық және дәл ақпаратты бере отырып, оқу сапасын арттырады, оқытудың көркемділігін арттырады, яғни оқушыларға қиын да күрделі материалдарды көрнекі түрде түсіндіруге қол жеткізеді, оқытудың тиімділігін жоғарылатады және оқыту материалын түсіндіру мүмкіндігін арттырады, оқушылардың ғылыми дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыра отырып, олардың білімге құштарлығын, табиғи сұранысын қанағаттандырады, мұғалімдерді техникалық жұмыстан босата отырып, үнемденген уақытта олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды, мұғалім мен оқушының жұмысын жеңілдетеді.

Оқытудың техникалық құралдарының ішінде қабылдауға арналғандары оқытудың экрандық құралдары, дыбыстық құралдары, экрандық-дыбыстық құралдары жиі қолданылады. Сондай-ақ компьютерлік техника (ақпараттық және коммуникациялық технология құралдары) оқытудың өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары, қолдану мүмкіндігі де кеңірек болып отыр.

Электр өрісі – электромагниттік өрістің дербес бір түрі. Ол электр зарядының айналасында немесе бір уақыт ішіндегі магнит өрісінің өзгерісі нәтижесінде пайда болады. Электр өрісінің магнит өрісінен өзгешелігі – ол қозғалатын да, қозғалмайтын да электр зарядтарына әсер етеді. Электр өрісінің бар екендігін оның қозғалмайтын зарядқа әсер ететін күші бойынша байқауға болады. Электр өрісінің кернеулігі – электр өрісінің сандық сипаттамасы болып табылады.

Магнит өрісі – қозғалыстағы электр зарядтары мен магниттік моменті бар денелерге (олардың қозғалыстағы күйіне тәуелсіз) әсер ететін күштік өріс. Магнит өрісі магниттік индукция векторымен (B) сипатталады. Магниттік индукция векторының мәні магнит моменті бар қозғалыстағы электр зарядына және денелерге өрістің берілген нүктесінде әсер етуші күшті анықтайды. «Магнит өрісі» терминін 1845 ж. ағылшын физигі М.Фарадей енгізген. Ол электрлік өзара әсер сияқты магниттік өзара әсер де бірыңғай материялық өріс арқылы беріледі деп санаған. Электр-магниттік өрістің классикалық теориясын Дж.Максвелл жасаған (1873), ал кванттық теориясы ХХ ғасырдың 20-жылдары жасалды. Магнит өрісінің көздері – магниттелген денелер, тогы бар өткізгіштер және қозғалыстағы зарядталған денелер. Бұл көздердің табиғаты бір: магнит өрісі зарядталған микробөлшектердің (электрон, протон, ион), сондай-ақ, микробөлшектердің меншікті (спиндік) магнит моменті болуының нәтижесінде пайда

болады. Айнымалы магнит өрісі электр өрісінің, ал электр өрісі магнит өрісінің уақыт бойынша өзгерісі нәтижесінде пайда болады. Электр және магнит өрістері, олардың бір-бірімен өзара әсерлері Максвелл теңдеуімен толық сипатталады. Өрістің күштік сипаттамасы – магнит өрісінің кернеулік (H) пен магнит индукциясы (B). Кернеулік векторы өріс пайда болған орта қасиетіне тәуелсіз шама болса, индукция векторы қарастырылатын денедегі қорытқы өрісті сипаттайды. Сондай-ақ, индукция векторы магнит өрісінде қозғалған зарядқа әсер ететін күшті, магнит моменті бар денеге магнит өрісінің тигізетін әсерін, өріс тарапынан байқалатын басқа да әсерлерді анықтайды.

Электромагниттік өріс - электрлік және магниттік құбылыстардың материялық негізі болып табылады. Бұл құбылыстарды түсіну үшін заряд, күш, өріс ұғымдарының арасындағы өзара байланысты зерттеу керек. Электромагниттік өріс өзара байланысты екі құраушы, электр және магнит компоненттерінен тұрады. Осы компоненттерді яғни, құраушыларды сан жағынан сипаттайтын шамалар электр өрісі кернеулігі E мен магнит өрісінің индукциясы B. Бұл шамалар электромагниттік өрістегі зарядқа (тыныштықтағы және қозғалыстағы) әсер ететін күштерді анықтайды. Ортаның электромагниттік өріске әсерін ескеру үшін электр өрісінің ығысу векторы O және магнит өрісінің кернеулігі H енгізіледі. Электр өрісінің ығысу векторы O мен магнит өрісі индукциясы B электр және магнит өрістерінің кернеуліктері E және H пен материялық қатынастар арқылы байланысқан. Жалпы алғанда электромагниттік өрісті электр және магнит өрістерінен тұрады деп тек шартты түрде қарастыруға болады. Шынында, бір-біріне параллель жылдамдықпен қозғалатын екі зарядты параллель токтар ретінде қарастырсақ, онда олардың маңында магнит өрісі пайда болуы тиісті. Ал, осы зарядтың жылдамдығына тең жылдамдықпен қозғалатын координаталар жүйесін қарастырсақ, онда қарастырылып отырған заряд тыныштықта болады. Олай болса, бұл жүйеде ешқандай магнит өрісі болмайды. Сонымен бір координаталар жүйесінде электр немесе магнит өрісі болса, екінші координаталар жүйесінде болмауы мүмкін. Бұдан электр өрісі және магнит өрісі деген ұғымдар салыстырмалы, тек қана электромагниттік өріс деген ұғым пайда болады.

Сонымен қатар электромагниттік өріс заряд пен ток жоқ кезде де толқын түрінде де өздігінен өмір сүре алатындығына көз жеткізуге болады. Электромагниттік өрісті күнделікті өмірде кездесетін материяның түрлері сияқты массасы, импульсі және энергиясымен сипаттауға болады, олай болса, оны материяның өмір сүруінің белгілі бір түрі деп есептеу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Калашников С.Г. Электричество: Учебное пособие. - М.: Наука, 1985,-592 с.
2. Матвеев А.Н. Электричество и магнетизм: Учебное пособие. - М.: Высшая школа, 1983. - 463 с.
3. Савельев И.В. Курс общей физики: Учебное пособие. В 3-х.Т.2.
4. Электричество и магнетизм. Волны. Оптика. - М.: Наука, 1988.-496 с.
5. Трофимова Т.И. Физика курсы. – М., Высшая школа, 2001.
6. Кронгарт Б.А., Кем В.И., Қойшыбаев Н. ФИЗИКА /Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытына арналған оқулық/ -Алматы:Мектеп, 2012.
7. Мязишев Г.Я., Буховцев Б.Б. ФИЗИКА / Орта мектептің 10-11 сыныптарына арналған оқулық/ - Алматы: Мектеп: 2001.

ӘОЖ 378(574)(091):004

«ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ»

Ысқақова Нұрғаным -

Абай атындағы ҚазҰПУ 2 курс магистранты

Аннотация

В статье рассматриваются особенности применения информационно-коммуникационных технологий в обучении иностранному языку, повышение мотивации обучения, создание условий для самообразования и самореализации студентов. Также приведен ряд интернет ресурсов, как основа для организации урока с применением ИКТ.

Summary

The article discusses the need for the use of ICT in language teaching. Also presents data on the benefits of ICT in the classroom - improving learning motivation and to create conditions for self-education and self-realization of students. The work also brings several references to the internet where English classroom may be organized with activities suggested there.

Key words: ICT, new technologies, internet, e-book, computer software, chat, youtube etc.

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында бүкіл мектеп компьютермен қамтамасыз етілді. [1]

2005-2010 жылдарда білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламаның басым бағытының бірі – орта білім беру жүйесін ақпараттандыру делінген. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде дәстүрлі технологияларды тиімді және комплекстік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, XXI ғасыр – ақпараттық технологиялар ғасыры, бүгінде ғылымның әр саласын дамыту ақпараттық жаңа технологияларды игерумен тығыз байланысты.

Сол себепті қазіргі қоғам талабының бірі – ақпаратты меңгере алатын, жан - жақты білімді, жаңа білімді игеруге қабілетті ұрпақ қалыптастыру болып табылады.

Әрине, ақпараттық коммуникациялық технологиялар шет тілін үйретуде барлық мәселенің шешуші жолы деуге болмас, алайда бірізділікті жоюдың оңтайлы жолы деп білеміз. Ақпараттық коммуникациялық нақты білім беру жүйесі бойынша, біріншіден, білім берудің мазмұнын, екіншіден, ЖОО қызметін ұйымдастырудан, үшіншіден, оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынастан, оқыту әдістерінен көрініс табады.

Оларды шет тілін меңгертуде қолдану төмендегідей іс-әрекеттер жүзеге асады:

- студенттердің тілді оқып-үйренуге деген қызығушылығын көтеру;
- оқытушы мен студенттің белсенді іс- әрекетін қалыптастыру;
- білімдерді жүйелеу;
- ақпаратпен жұмыс істей білу дағдысын қалыптастыру;
- дұрыс шешім қабылдауға үйрету;
- ойлау жүйесін дамыту;
- қарым қатынас жасауға үйрету.[2]

Ақпараттық технологияның басты ерекшелігі - бұл білім алушыға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына жағдай туғызады. Ал шет тілін үйретуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану- оқу үрдісін белсендіруге, оқытуды жекешелендіруге, оқушының өзін-өзі бақылауына мүмкіндік туғызады. Ақпараттық коммуникациялық технологияны дамыту шет тілін үйретуде үлкен маңызға ие. АКТ қазіргі таңда мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туғызып отыр. Мұғалім тек қана білімді алып жеткізу ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт бағдар беруші болып отыр.

Ақпараттық коммуникациялық технология электрондық есептеуіш технологиясымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқу бағдарламасына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Мәселен, интерактивті тақтаның мүмкіндіктері мұғалімдерге баланы оқытуда бейне және ойын бағдарламаларын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Интерактивті құралдарға интерактивті тақта, қалам, панел құрылғысы, планшет және тағы басқалар жатады.

Интерактивті тақта – ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін компьютердің қосымша құрылғыларының бірі. Ол сабаққа қатысушылардың барлығының ойын бір ортаға жинақтап,

қажет ақпаратты өңдеу арқылы жалпыланған ақпараттық біліктілікті қалыптастыратын тиімді құрал болып табылады. Алдын-ала дайындалған оқу материалдарды – презентациялар, мәтіндік, графикалық ақпараттық объектілер – сабақтың жақсы өтуін және барлық ақпарат түрлерін қолдануды қамтамасыз етеді.

Интерактивті қалам – бұл меңзерді басқару құрылғысы және компьютер мен тақта арасындағы байланысты іске асырушы құрал болып есептелінеді.

Қазіргі ақпараттандыру дәуірінде студенттердің жеке тұлғасын қалыптастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім қабылдауына қажет ақпараттық технологияларды таңдап алу және оларды қолдану қабілеттілігін қалыптастыруда Интернет көздерін қолданудың маңызы зор.

Коммуникативтік және мәдениетаралық біліктілікке қарым – қатынас жасау тәжірибесінсіз қол жеткізу мүмкін емес. Интернетті қолдану арқылы ғана әлемнің кез келген елімен, түрлі ұлт өкілдерімен, түрлі мамандық иелерімен аутенттік қарым – қатынас жасай алуға қол жетеді.

Интернет арқылы оны қолданушылар электронды почта, телеконференция, видеоконференциялардан мәліметтер алып, өзінің мақалаларын, еңбектерін жариялап, өзіне керегін Web- серверге жинап, анықтама каталог жасап, іздеу (Alta Vista, Hot Bob, Open Text т.б.) және желідегі сөйлеу (Chat) жүйесіне ене алады. Е.А. Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің оқытушысы Е. В. Сычаева өз тәжірибесімен бөлісе келе Интернет желісін қолдана отырып, оқу үрдісін интеграциялап, шетел тілін оқытуда бірнеше дидактикалық міндеттерді шешуге болатынын айтады:

а) оқушылар бойында Интернеттегі түрлі мәліметтерді қолдану арқылы оқуға қажетті білік, дағдылар қалыптасады;

ә) жүйеден алынған материалдар арқылы монолог және диалог түріндегі сөз біліктілігін жетілдіруге болады;

б) әріптестерімен қарым-қатынас жасай отырып шәкірттер рефераттар дайындауға, шығармалар жазуға төселеді, яғни жазу шеберлігін ұштайды.

Әлемнің барлық үлкен газеттерінің Интернетте арнайы Web- беттері бар, сондай –ақ BBC ақпарат агенттегі тарататын әлемдегі адам баласының өміріне байланысты жаңалықтарды оқып қана қоймай, тыңдауға да мүмкіндік бар.

Электрондық почтаны қолдану барысында балалар өзара достық қарым – қатынас орнатып, шетел тілін түрлі салада, түрлі деңгейде қолдануға жаттығады. Электронды почта кәдімгі почтаға қарағанда тез, ыңғайлы және арзан. Электронды почтаны қолданудың шетел тілін үйренуде мынадай тиімді жақтары бар:

- 1) электрондық коммуникация тіл үйренудің өте тиімді практикасы;
- 2) хат жазу арқылы оқушылар өз қателерін түзетуге дағдыланады;
- 3) e-mail қолдану шетел тілін үйренуге деген қызығушылықты арттырады.

Ал Интернет арқылы жер шарындағы басқа ел өкілдерімен біріккен жоба жұмыстарын орындау кезінде шәкірттер сөз қорын байытып, өзге ел мәдениетін үйреніп, әлеуметтік және қоғамдық ерекшеліктерді танып біледі, тілдік әдеби этикетке, түрлі халықтардың салт – дәстүрінің ерекшеліктерін біліп, өздерін қызықтыратын мағлұматтарды ала алады.

Көптеген әдіскерлер Интернетті оқыту процесіне дәстүрлі оқыту құралдарын сақтай отырып ендіруді ұсынады. Л.А. Подоприторговананың айтуынша, шетел тілін оқытуда Интернетті қолдану өз алдына мақсат болмауы керек, оның тілді үйретудегі орны мен рөлін дұрыс анықтауда мына сұрақтарға нақты жауап болуы керек: кім үшін, не үшін, қашан және қандай көлемде?[3] О. Винярская бұл тізімді Интернет арқылы қашықтықта оқу, әртүрлі байқауларға қатысу, тәжірибеден өту, мәтіндік және дауысты чаттарға қатысу сияқты мүмкіндіктермен толықтырады. Кейбір ғалымдар Интернет мүмкіндіктерімен қоса, Интернет ресурстарымен жұмыс істеу формалары да маңызды деп атап көрсетеді.[4] Мысалы, Н.М. Коптюг Интернет – ресурстарымен жұмыс істеудің келесі формаларын белгілейді:

1. Интернет – ресурстарын жаңа тақырып өту барысында қолдану (қосымша материал таңдау);
2. Студенттердің (оқушылардың) Интернет – ресурстарымен баяндамалар, мағлұматтар дайындау мақсатында өз бетімен жұмыс істеуі (іздістеу жүйелерін белсенді түрде пайдалану);
3. Халықаралық жобаларға қатысу (мақсатқа сәйкес жоба тақырыбын таңдау, т.б.);
4. Электрондық почта арқылы хат алмасу (бұл әрекетке дайындық белгілі техникалық даярлықты талап етеді, яғни әр қолданушының «электрондық почтасы» болуы керек, т.б.);
5. Сайттар құру (бұл форма шетелде сәтті қолданылуда);
6. Оқытушы мен әріптесінің қатынасуы, тәжірибе алмасуы.[5]

Интернет желісі – шетел тілі мен мәдениеті жайлы үйретіліп отырған тілдегі ресурстың кең көзі. Алайда, көптеген Интернет сайттардағы фактілік ақпараттар әрқашан тексерілген, сапалы, сенімді бола бермейді. Интернет желісінде грамматикалық, орфографиялық және лексикалық қателері бар көптеген шетел тіліндегі материалдарды кездестіруге болады. Сол себепті де алынатын ақпараттар мен көздерді дұрыс бағалау өте маңызды.

Дидактикалық тұрғыдан Интернет желісі екі компоненттен тұрады: телекоммуникация формалары және ақпараттық ресурстар. Ең кең таралған телекоммуникация формаларына (яғни Интернет – технологиялары арқылы қатысымға) электронды почта, чат, форум, ICQ, видео, веб-конференциялар және де соңғы кезде қолданысқа еніп жатқан Веб 2.0 әлеуметтік сервистері (блогтар, вики беттері, подкаст және белгілер (закладки) серверлері, фотосуреттер сервері Flickr, видеороликтер сервері YouTube және т.б.) жатады. Ал Интернет желісінің ақпараттық ресурстары әртүрлі тілде алуан тақырыптар бойынша мәтіндік, аудио – және визуалды материалдарды қамтиды. Алайда, студенттердің әртүрлі мазмұн мен сапаға ие ақпараттың көптігінен адаспай, оларды білімдік және кәсіби қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруда нәтижелі қолданулары үшін Интернет желісінің ресурстарымен жұмыс істеуді үйретуге бағытталған арнайы оқу мақсатындағы Интернет – ресурстарын құру қажеттілігі туды. Мұндай Интернет – ресурстарына хотлист, мультимедиа, скрепбук, трежа хант, сабджект семпла, вебквест жатады. Бұл ресурстардың телекоммуникациялық Интернет – ресурстардан айырмашылығы, олар тек қана оқу мақсатында қолданылуы үшін құрылады.

Ағылшын әдебиеттеріне сүйене отырып, оқу мақсатындағы Интернет – ресурстарының бес түрін ажыратуға болады: хотлист (hotlist), мультимедиа скрепбук (multimedia scrapbook), трежа хант (treasure hunt), сабджект сэмпла (subject sampler) және вебквест (webquest). Бұл Интернет – ресурстарының әрқайсысы белгілі бір құрылымға ие. **(1- кесте).**[6]

1-кесте – Оқу мақсатындағы Интернет – ресурстарының құрылымы

Оқу мақсатындағы Интернет ресурстың аты	Құрылымы
Хотлист	-мәтіндік Интернет – ресурстарына сілтемелер тізімі
Мультимедиа скрепбук	-мәтіндік, графикалық, аудио- және видео- Интернет ресурстарына сілтемелер тізімі
Трежа хант	-тақырып бойынша әртүрлі сайттар сілтемелері; -әр бөлім бойынша сұрақ; -тақырыпты толық түсінуге арналған жалпы сұрақ.
Сабджект сэмпла	-Интернет желісінің мәтіндік және мультимедиалық материалдарына сілтемелер; -әр бөлім бойынша сұрақ; -талқыланып отырған мәселе бойынша өз көзқарасын дәлелдеу.
Вебквест	-Интернет желісінің мәтіндік және мультимедиалық материалдарына сілтемелер; -әр бөлім бойынша сұрақ; -талқыланып отырған мәселе бойынша өз көзқарасын дәлелдеу; -дискуссиялық сипаты бар жалпы сұрақ.

Қазіргі кездегі барлық білім беру технологияларының, оның ішінде ақпараттық коммуникациялық технологиялардың алдына қоятын мақсаты – студенттің жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады.

Қорыта айтқанда, заман ағымына сай ақпараттық коммуникациялық технологиялар да өз кезегінде бір орнында тұрып қалмайтын, жаңарып, дамып отыратын дүние, сондықтан да оларды шет тілін үйретуде менгерушілерге оңтайлы жол ретінде қарастырудың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Білім туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. 2007 жыл 27 шілде, «Егемен Қазақстан»
2. «Көптілді білім беру негізінде бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру» атты ОҚМПИ-ның 75 жылдығына арналған Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. – I том. - Шымкент, 2012
3. Подопригорова Л.А. Использование интернета в обучении иностранного языка. // ИЯШ, 2003, N5.- с.25
4. pedsovet.org/component/option,com_mtree/.../Itemid,118/ - Россия
5. Коптюг Н.М. Интернет – уроки как вспомогательный материал для учителя английского языка // Иностран. яз. в школе. – 2000, №4
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық Center of Excellence NIS

СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУДЫ ЖОСПАРЛАУ

А.Т. Құлбаев, -докторант

Қазақтың спорт және туризм академиясы

Резюме

В этой статье излагается краткая информация о содержании, видах и технологиях планирования системы спортивных мероприятий, о различных периодах и принципах, видах и эффективности краткосрочных и долгосрочных планирований проведения соревнований.

Summary

This article includes the information about the content, forms and techniques of planning sports events, different periods and principles, types and efficiency of short-term and long-term planning of the competitions.

Тақырыптың өзектілігі. Спорттық іс-шара дегеніміз қандай да бір амалды қарастыру, нақты, жоспарланған істі орындауға арналған жұмысты жүзеге асыру, сондай-ақ, кешенді, алдын-ала жоспарланған және ұйымдастырылған жарыс [1]. Олардың арасындағы айырмашылық негізінен жарыстың мазмұнында және арнайы сипаттамасында болады. Жалпылама алғанда, іс-шараның үлгісі іскерлік әрекеттің түрлі жайттарын бағдарлайды (В.И. Жолдақ, Л.П. Матвеев және т.б.). Болжам жасау дегеніміз жарыстардың болашақ жайттарын, шарттары мен тиімділіктерін ғылыми тұрғыдан шамалай білу. Болжаудың басты мәні – спорттық жарыстар жүйесін басқарудың субъектілері мен объектілерінің дамуы мен мүмкіндік күйлерін алдын-ала көріп-білу. Заттар мен үдерістерге уақыт бойынша әсер ететін көптеген факторлар әсер етуі мүмкін, атап айтқанда: тұрақты түрде әсер ететін (жерге тартылыс күші, Жердің магнитті алаңы сияқты), ауыспалы, кезеңімен әсер етуші (тәуліктік және мезгілді өзгерістермен байланысты), ауыспалы, кезеңсіз әсер етуші (мысалы ағадан зиянды заттардың шығарылуы) және тосыннан әсер етуші факторлар. Алдын-ала көре білу, болжам жасау, антиципация (алдын-ала шаттану, алдын-ала тани білу) мидың айқындай білу қабілеті ретінде адамның іс-әрекетін мақсаттаумен, жоспарлаумен және басқарумен байланысты [2]. Спорттық іс-шара дегеніміз қандай да бір амалды қарастыру, нақты, жоспарланған істі орындауға арналған жұмысты жүзеге асыру, сондай-ақ, кешенді, алдын-ала жоспарланған және ұйымдастырылған жарыс [3]. Олардың арасындағы айырмашылық негізінен жарыстың мазмұнында және арнайы сипаттамасында болады. Жалпылама алғанда, іс-шараның үлгісі іскерлік әрекеттің түрлі жайттарына бағдарлайды (В.И. Жолдақ, Л.П. Матвеев және т.б.).

Зерттеу мақсаты. Спорттық жарыстарды жоспарлаудың (СЖЖ) стратегиясы мен спорттық іс-шаралардың жүзеге асырылуына арналған спорттық жарыстар жүйесін басқару бойынша жүргізілетін жұмыстың маңыздылығын көрсету.

Зерттеу міндеті. Жарыстардың болашақ жайттарын, шарттары мен тиімділіктерін ғылыми тұрғыдан шамалау.


Зерттеу әдістері.

спорттық менеджменттің ұйымдастырушылық әкімшілік әдістері;


ғылыми-зерттеу, педагогикалық әдебиеттерге шолу;

Зерттеу қортындыларының нақтылығы мен негізділігі. Дене шынықтыру мен спорттың қол жеткен даму деңгейін анықтауда және зерттеудің міндеті мен мақсаттарын айқындауда бірқатар әдістер

қолданылады: сарапатам жүргізу, дене шынықтыру-спорттық ұйымдардың жұмысын тандаулы түрде зерттеу; мәліметтерді топтастыру (таксонометрия), құжаттарды зерттеу (контент-сараптама); математикалық-статистика әдістерін қолдану жолымен айырмашылықтар мен индекстерді есептеу; зерттеу нысандарына монографиялық зерттеу жүргізу. Дене шынықтыру-спортты қозғалыстарға болжам жасағанда, нақтырақ айтқанда спорттық іс-шараларды өткізгенде, оларды жасаудың түрлі кезеңдерінде, оларды болашақты жоспарлағанда түрлі әдістер қолданылады (И.И. Переверзин, Л.В. Иванов, В.И. Жолдақ, В.Н. Зув) (1, 2 сурет).




Сурет 1 – Спорттық жарысты болжау әдістері



Сурет 2- спорттық жарыстарды болжау әдістері

Жоспарлау - СЖЖ стратегиясы мен жедел іс-шараларының жүзеге асырылуына арналған спорттық жарыстар жүйесін басқару бойынша жүргізілетін жұмыстың маңызды бөлімі болып табылады. Кез келген спорттық іс-шара қаржылық және материалдық шығынды, адам еңбегі мен уақытын, орындалатын істі алдын-ала ойластыруды және анықтауды, оның жоспарлануын, сондай-ақ, жобалау мен бағдарламалауды талап етеді (Л.П. Матвеев, Н.Н. Визитей, В.Н. Зув). Жоспарлаудың объективті алғаышарттарының мәні еңбек бөлісі мен түрлі қызметтерді атқаратын, түрлі деңгейлерде жұмыс істейтін түрлі орындаушылардың өндірістік іс-әрекеттерін басқару мен үйлестіруде. Жарыстарды жоспарлау үдерісі іс-шаралардың күйі мен динамикасы, ұйымның өзі қызмет етуінің шарттары туралы ақпараттарды айқындауды, алуды, жинақтауды және сараптауды талап етеді. Өткізілген әлеуметтік, мәдени және спорттық іс-шаралар туралы анықталған заңдылықтар, бағыттар, үдемелі тәжірибе және қоғамдық пікір негізінде тиімді жоспарлау жүзеге асырылады. Жарысты қызметтегі бос буындардың («жоғары қауіпті аймақ») ауытқу себептерін айқындау үшін алдыңғы жоспарлардың орындалу сараптамасының тиімділігін атай кеткен жөн (сурет 7).



Сурет 7 – Жарыс қызметін жоспарлау қағидалары

Жоспар – жетістіктер іс-әрекеттері мен құралдарының және солардың көмегімен жарыс мақсатына қол жеткізу тәртібінің тіркелген жиынтығы, ал жоспарлау алда тұрған мақсаттыбағытты жарыс қызметін, сондай-ақ, жүйенің немесе оның кейбір элементтерінің тиімділігі дамуын, қызмет етуін алдын-ала көре білу, анықтау және оған сипаттама беру ретінде қарастырылады. Жоспарлаудың басқару үдерісі ретіндегі мәні спорттық іс-шара мақсаттарына қол жеткізуге қажетті және қолдағы бар қаражаттары бойынша теңестірілген жобасын жасауда. Бұл жерде нақты орындаушылардың белгіленген мерзімде өткізілу барысында болуы мүмкін өзгерістерді ескере отырып мақсатқа қол жеткізудегі амалдары мен құралдарының шынайы тәсілдері көрсетіледі.

Шынайы жоспар дегеніміз жоспардың мақсаты мен міндеттерін мақсатты қаржылық, материалды-техникалық және басқалай қамтамасыз ету кезіндегі нені, қанша, қандай сапамен, кім және қашан орындау қажеттігі анықталған мәселе. Жоспарлау менеджмент қызметі ретінде *сметаның* түзілуімен тығыз байланысты, өйткені баламаның мақсаты мен таңдалуынан кейін жоспарланған іс-шаралардың жүзеге асырылуына, осы бағытта қызмет көрсетуге арналған қажетті қаражат бөлу қажет. *Сметаның* құрастырылуы негізінен жоспарлау барысында және алға қойылған міндеттерді шешу нұсқаларының сараптамасы кезінде жүзеге асырылады. Жоспарлау үздіксіз жүзеге асырылуы қажет, өйткені қарастырылып отырған жарыстардың келешегі мен динамикасы тұрақты түрде анықталмаған. Жоспарлау директивті және мақсатты жоспарлау болып екі түрге бөлінеді.

Директивті жоспарлаудың мәні:

СЖЖ енді ғана қалыптасқан;

жоспарланып отырған іс-шара туралы қоғамның пікірі әрқалай болуы мүмкін;

ұйым қызметкерлері мақсатты бірегей анықтай алмайды, өйткені олардың инновациялық тәжірибесі жеткіліксіз.

Мақсатты жоспарлау төмендегідей жағдайларда тиімді:

ұйым қызметкерлерін нақты, бірегей мақсатқа қол жеткізуге жұмылдыру;

қоғамдық пікір салыстырмалы түрде тұрақты және оны болжауға болады;
уақыт және қаражат бойынша қатаң шектеулер қойылған;
қызметкерлер өз іс-әрекеттерінің нақты бір шарттары болғанын қалайды.

Қажетті және жеткілікті ақпарат болмаған жағдайда директивті жоспарлау қолданылады. Жоспарлау кезінде ұйымдардың, өндірістердің мақсаты ресми және жедел болып бөлінеді. Ресми мақсат дегеніміз жарысты өткізуші ұйымның оның уставында, бекіту актісінде көрсетілген, сондай-ақ, ресми басылымдарда жарияланған негізгі мақсаттары. Олар, тәртіп бойынша жалпы түрде берілген, ұйымдағы жарысты өткізу қызметі дамуының ұстанымдарын айқындайды. Жедел, күнделікті мақсаттар ресми, жалпы мәнді келеді және көбіне қоршаған ортаға, ұсынылып отырған шарттарға және жағдайларға байланысты болады.

Жарысты жоспарлаудың негізгі сатылары:

болжамды алғышарттарды алдыңғы жарыс қызметінің нәтижелеріне, оның бағыттарына, жүйенің күйі мен элементтеріне, ортасы мен нақты жайттарына сараптама жүргізу мен бағалау негізінде айқындау;

айқындалған фактілер негізінде мәселені анықтау;

жарыс қызметінің түпкілікті мақсатын, басқару әсерлерінің қажетті нәтижесі мен сатылы мақсаттарын анықтау;

жарыс қызметінің нақты мақсатына қол жеткізудегі, оның басты кезеңдерін болжаудағы, сипаттама берудегі жүйесінің ары қарай дамуы мен қызмет етуінің негіздемелі болжамы және келешегінің бағасы;

жоспар нұсқаларын жасау және жоспардың дәйекті бағаламалы сараптамасы;

экономикалық және әлеуметтік сипатты жарыстардың мүмкін нәтижелерінің *альтернативті* таңдалуы мен салыстырмалы тиянақты сараптамасы негізінде жоспар нұсқаларын бекіту;

жоспардың жүзеге асырылуы туралы шешім қабылдануы;

жарыстың мақсатты қызметінің бағдарламасын жасау, жобасын құру, технологиясына сипаттама беріп, құжаттарын дайындау;

жоспардың орындалу кезеңдерін және жекелей жоспарлы іс-шаралардың орындалу мерзімдерінің жүзеге асырылуын. оларды орындаушылардың тағайындалуын анықтау;

қажетті қаражатты анықтау, қаржылық және материалды-техникалық, сондай-ақ, мамандармен камтамасыз етуді есептеу.

Жоспарды құру кезінде кері байланыстың – үдеріс, жоспарланған әрекеттердің ретті орындалуы мен сатылы нәтижелерге қол жеткізу және т.б. туралы басты талаптарын анықтау қарастырылады. Жоспарлаудың бірнеше түрлері бар, атап айтқанда: қарапайым және кешенді; жалпы, жекеменшікті және нақты; келешекті, күнделікті (күнтізбелік), жедел; саяси, экономикалық, әлеуметтік, шаруашылық.

Қорытынды. Қорыта келгенде өткізілген әлеуметтік, мәдени және спорттық іс-шаралар туралы анықталған заңдылықтар, бағыттар, үдемелі тәжірибе және қоғамдық пікір негізінде тиімді жоспарлау негізінде жүзеге асырылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Переверзин И.И. Менеджмент спортивной организации: учебное пособие.-3-е изд. пераб. и доп.- М.: «ФиС», 2006. – 464 с.

2. Мексон М., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента: учебное пособие.-3-е изд.-М.: «Вильямс», 2012. – 655 с.

3. Зуев В.Н., Сулейманов И.И. Менеджмент для спортивного организатора. - Омск: СибГАФК, 1997. -100 с.

ПОЛИКУЛЬТУРНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ КАК ОСНОВА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГА

А.А. Ергазина,
Актюбинский университет им С. Баишева,
г. Актөбе, Республика Казахстан

Аннотация

Мақалада жоғарғы білім беру жүйесінің даму бағыты сарапталады. Мәселен оның қызметкерлері мен оқытушы ұжымының қажетті уақытта кез келген педагогикалық мәселелерді шеше алу икемділігі мен полимідени біліктілігін көтеру мәселесі айтылады. Педагогтың полимәдени икемділігі жеке тұлғаның

негізгі қасиеті және профессионалдық мінез – құлқының жоғарғы деңгейі ретінде қарастырылған.

Аннотация

Анализируются тенденции развития системы высшего образования, проблемы ее кадрового потенциала, а также возможности, существующих способов повышения поликультурной компетентности преподавателей вуза. Поликультурная компетенция позволяет им в любых условиях выбирать эффективные средства решения педагогических задач, в особенности в поликультурной образовательной среде. Поликультурная компетентность педагога рассматривается как черта личности и приобретает статус его профессиональной характеристики.

Abstract

The tendencies to the development of the system of Higher Education, the problems of its personnel potential, and the possibilities of existing ways of developing multicultural competence of the teachers of the Institutions of Higher Education are analyzed. Multicultural competence allows them to choose effective means of solving the pedagogical problems in any conditions, especially, in multicultural educational environment. Pedagogue's multicultural competence is considered as the trait and acquired the status of his professional characteristic.

Түйін сөздер: педагог, профессионалдық қызмет, полимәдени біліктілік, полимәдени білім, полимәдени орта.

Ключевые слова: педагог, профессиональная деятельность, поликультурная компетентность, поликультурное образование, поликультурная среда

Keywords: pedagogue, professional activity, multicultural competence, multicultural education, multicultural environment

Происходящие социально-экономические изменения выдвигают высокие требования к системе высшего образования, к качеству подготовки специалистов, так как высшее образование сегодня – это главный стратегический фактор социально-экономического, интеллектуального, культурного и духовного развития современного общества. Однако в настоящее время происходит увеличение разрыва между требованиями к специалисту и тем уровнем его подготовки, которую он получает в вузе.

Выявлены наиболее значимые факторы, вызывающие снижение качества результатов высшей школы, среди которых: отсутствие взаимосвязи науки и системы образования, невосприимчивость высшей школы к нововведениям и обновлению на базе научных достижений, отрыв вузовских научных исследований от потребностей учебного процесса – показывает, что уровень знаний, поликультурная компетентность и педагогический опыт преподавателей, является решающим условием качества образования. При этом качество труда преподавателей, уровень его научно-педагогического мастерства, формы и методы повышения профессионализма преподавателей вузов, как в предметной, так и в научно-методологической области сегодня выступают ключевой проблемой высшей школы.

В современном обществе складывается новая образовательная ситуация, для которой характерны усиление этнизации содержания образования, возрастание роли родного языка в обучении. Все большую значимость в обучении и воспитании подрастающего поколения приобретают идеи народной педагогики, растет влияние религии на формирование самосознание личности.

«Как показывает мировой опыт, в поликультурном обществе наиболее успешной является интеграция, т.е. сохранение собственной культурной принадлежности наряду с овладением культурой титульного этноса» [Мартыненко С.А. Педагогические средства повышения квалификации преподавателей к реализации поликультурного образования: на примере повышения квалификации преподавателей иностранных языков: Дис. ... канд. пед. наук. – Ростов-на-Дону, 2004.- 204 с.].

Особенностью современного общества являются сближение стран и народов, усиление их взаимодействия, поликультурализм, глобализация мира в целом, что обуславливает изменения в образовании, которому предстоит решить сложную задачу подготовки молодежи к жизни в условиях многонациональной и поликультурной среды. В этом случае единственная идеология и политика доминирующего общества – поликультурализм, суть которого состоит в позитивном отношении к наличию различных культурных групп и добровольной адаптации социальных институтов к их

потребностям. Процесс воспитания и обучения студентов в поликультурном пространстве, оказания им помощи в культурной идентификации в иноязычной среде, в их адаптации к поликультурному образованию и социуму требуют педагогов, обладающих поликультурной компетентностью.

Поликультурная компетентность педагога как черта личности приобретает статус профессиональной характеристики. Его поведение в поликультурной среде может служить своеобразным стимулом для студентов, их родителей, коллег-педагогов в изучении культуры как собственного, так и других народов.

Мы согласны с Г.Ж. Даутовой, что поликультурного учителя должны отличать качества, характеризующие его как интегратора культур, организатора межкультурного взаимодействия, передатчика своей (своих) культуры носителю другой, как гармонизатору межэтнических взаимоотношений [1].

Действительно, такому педагогу должны быть свойственны определенная система отношений к происходящим процессам в обществе, система ценностей и убеждений, психологическая готовность к исполнению важной роли интегратора. Все это можно объединить в одно понятие «поликультурная направленность», которая наряду с гуманистической, профессиональной и познавательной будет характеризовать личность поликультурного учителя. Прежде всего, ему должно быть присуще позитивное восприятие обучающегося как представителя другой культуры, национальности, другого вероисповедания. Позитивное отношение к культурным ценностям как общечеловеческому достоянию независимо от их национальной принадлежности, мудрое сочетание культурных ценностей этноса, государства и всего человечества (мировых ценностей) должно стать неотъемлемой чертой обучения и воспитания современной молодежи.

Практика свидетельствует, что большинство преподавателей не подготовлены к работе в поликультурной среде вуза, испытывают частые и серьезные затруднения, прежде всего на начальном этапе своей деятельности. Объясняется это целым рядом причин. Главная среди них – отсутствие специальной подготовки к работе с людьми именно в поликультурном обществе. Большинство молодых преподавателей оказываются практически беспомощными, сталкиваясь на первых порах с социально-психологическими явлениями, возникающими в поликультурной среде. Социологические опросы показывают, что только через 4-5 лет после начала практической деятельности у преподавателей появляются достаточные знания национально- и социально-психологических особенностей тех людей, среди которых им приходится работать, и только потом формируются устойчивые умения и навыки регулирования межнационального взаимодействия и отношений.

В поликультурной среде наблюдается большое разнообразие форм межкультурных отношений, основанных на национальной принадлежности, культурной специфике, своеобразии языка, обычаев, традиций. Их трудно охватить вниманием и заботой в полном объеме, но они должны фиксироваться в интересах воспитательных усилий, направленных на весь имеющийся объем связей межкультурных контактов. Знание специфики проявления в этом процессе национально-психологических особенностей представителей конкретных этнических общностей, проживающих рядом, облегчает деятельность преподавателя. От преподавателя требуется большая напряженность усилий, объемных знаний, профессиональной подготовленности, высокого педагогического мастерства. Необходимы также и практические навыки использования этих процессов в интересах сплочения коллектива, что облегчает воспитательную работу в целом.

Большие надежды при внедрении идей интеркультурной деятельности в процесс обучения и воспитания возлагаются на педагогов. Однако любой педагог – это, прежде всего член педагогического коллектива, сообщества, где подвергается различного рода влияниям, как со стороны самого общества, так и собственным стереотипам мышления и реагирования. Часто подобные влияния и автоматически запрограммированное мышление, сознание и их реальное воплощение в поведении не осознаются. Нетерпимый педагог не способен к воспитанию интеркультурной личности.

По-мнению Е.Ю. Клепцовой, педагог обязан осознавать, что его воспринимают как образец для подражания; осваивать и использовать соответствующие навыки для развития диалога и мирного разрешения конфликтов; поощрять творческие подходы к решению проблем; обеспечивать условия для совместной конструктивной активности участников образовательного процесса, условий для личностных достижений; не поощрять агрессивное поведение или обостренное соперничество; учить мыслить и уметь ценить позиции других, при этом четко формулировать собственную позицию в отношении спорных вопросов; ценить культурное разнообразие и создавать условия для признания культурных различий и их проявления в жизни [2].

Поддержка развития поликультурной компетентности педагогов включает в себя работу по

формированию у них мотивации на профессиональное развитие за счет таких форм поддержки как оценка, аттестация, а также различных форм поощрения и вознаграждения педагогов за их деятельность по повышению поликультурной компетентности, проведение профессиональных конкурсов, тренингов и курсов повышения квалификации.

С этой целью, например, был проведен курс повышения квалификации преподавателей, где ими были заслушаны лекции по таким темам, как «Психология и педагогика толерантности» (д.псих.н., профессор М.А. Перленбетов), «Этнопсихология и межнациональные отношения» (к.пед.н., доцент З.У. Имжарова), «Поликультурный педагог» (к.пед.н., А.А. Ергазина), «Проектирование образовательного маршрута личностных достижений студентов в вузе» (к.п.н., доцент М.Б. Утепов), «Поликультурное образование» (к.п.н., В.А. Корвяков) и т.д. В конце курса был проведен семинар, тренинг кросскультурных умений, дискуссии, диспуты. Преподавателям были предложены рекомендации по анализу занятий с точки зрения эффективности процесса формирования опытаинтеркультурной деятельности студентов.

Мы выяснили, что для работы преподавателя в поликультурной образовательной среде большую роль играет рефлексия. Противоречия, возникающие в деятельности, требовали осознания, выявления характера трудностей и поиска способов их снятия. Это активизировало преподавателей, актуализировало интегративные процессы, новизну знания, побуждало к новому творческому поиску, обеспечивая процесс формирования опыта интеркультурной деятельности студентов [3].

Чтобы рефлексия стала действенным способом развития профессионализма педагогов, мы предлагали преподавателям использовать алгоритм проведения рефлексии. Он представляет собой вопросы каждого участника семинара, обращенные к самому себе. Например: Исследовательская часть. (Что я сделал (результат)? Как я это сделал (средства, способы, технология)? Зачем я это сделал, ради чего?) Критическая часть. (То ли я сделал, что хотел? Так ли это я сделал, как хотел? Как я отношусь к тому, ради чего я это сделал?). Нормативная часть. (Что я буду делать впредь в подобных ситуациях? Как я это буду делать впредь? Ради чего я буду делать то, что буду?).

Далее вопросы усложнялись: В чем состояла моя работа в рефлексии? Как я это сделал? Произошла ли смена представлений о сделанном? Почему? Произошла ли смена представления о способах и средствах деятельности? Почему? Произошла ли смена представлений об основаниях деятельности (ради чего я это сделал)? Почему? Эти вопросы вскрывали уже другие грани понимаемого, возникающие из действия (не процедуры), выводили педагога к хотя бы относительной всесторонности процесса понимания. Происходило усмотрение смыслов в информации, которые оказывались «своими собственными» для каждого действующего (преподавателя).

Наиболее значимыми для выводов по нашему исследованию были ответы на вопросы следующего рефлексивного слоя. Достаточны ли те рефлексивные средства, которые использовались для адекватной оценки сделанного? Того, как это делалось? Того, ради чего это делалось? Если рефлексивные средства и действия недостаточны, то в чем? Если рефлексивные средства и действия достаточны, то почему я так считаю?

Мы фиксировали ответы преподавателей в протоколах наблюдения, анализировали их. Это позволяло нам прийти к выводу о том, что деятельность преподавателей стала носить культуросообразный характер. Подтверждением этого была логика рассуждений, ориентированность на культурные исторические нормы, с гуманистической направленностью, гуманистическим взглядом на мир, на окружающих людей, на самого себя, обладающий качествами, присущими гуманисту, интегратору и специалисту широкого профиля, обладающего профессиональной рефлексией и, как следствие, поликультурной компетентностью.

Литература

1. Даутова Г.Ж. Развитие поликультурного образования в Поволжье: дис. ... д-ра пед. наук. – Казань, 2004. – 435 с.
2. Клепцова Е.Ю. Психология и педагогика толерантности: учебное пособие для слушателей системы дополнительного профессионального педагогического образования. – М.: Академический проект, 2004. – 176 с.
3. Ергазина А.А. Опыт интеркультурной деятельности студента в поликультурной образовательной среде вуза: учебное пособие. – Актобе: АУ им. С. Баишева, 2012. – 250 с.

fields. It is emphasized that the special place of didactic principles takes the principle of clarity in the study of

physics. This explains the importance of the processes of perception, analysis and synthesis of materials by students.

ЖАСТАРДЫ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚКА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ.

А.Кенжан п.ғ.к. Алматы қ.

Резюме

В этой статье рассматриваются пути основы национальной воспитание в педагогической практике в учебно-воспитательной процессе. А также анализированы научные выводы казахских ученых, о путях формирования личностных качеств учеников. Национального воспитание подрастающего поколения, а также о работах удовлетворяющие жизненные вопросы.

Summary

In this article, considered ways of national education in pedagogical practice in the teaching and educational process and also analyzed the scientific conclusions of the Kazakh scientists, on ways of forming personal qualities students. the national education of the younger generation, as well as on the works meet life's demands.

Қазіргі кезде Республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда Қазақстандық патриотизм арқылы жастардың бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Білім бағдарламасында «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін құру Заңдарында, Қазақстан Республикасының Білім беру мекемелеріндегі тәрбие берудің кешенді бағдарламасында және үкіметтің қарулы-қарарларында, педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарында және күнделікті басылым беттеріндегі материалдардан айқын аңғарылады.

Әсіресе, қоғамымыздың бірден-бір қозғаушы күші ретінде танылған оқушы жастардың бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыру қазіргі таңда аса өзекті мәселеге айналып отыр.\1\

Әлемдік жаһандану процесі Қазақ еліндегі ұлтжандылық мәселесін қайта қарастырылуда, этнопедагогикалық сананы қалыптастырудың жаңа модульдерін ұсынуды т.б. мәселелерді қажет еткендіктен, біз пәнаралық байланыстар тұрғысынан осы мәселелерді шешу жолдарын ұсынуға тиіспіз.

Философиядағы басты арналардың бірі – антропология мен онтологиялық, яғни, адам мен болмыс туралы ілім. Ендеше – жаһандану процесін де онтологиялық – антропологиялық проблема ретінде қарастырғанымыз орынды. Қазақстандағы ұрпақ тәрбиесі де осыған сай құрылады. Яғни, бұл жерде педагогика ғылымының негізгі нысанасы – жаһандану жағдайындағы адамның әлемге қатынасын терең зерделеп, еліміздің жас буынын соған сай тәрбиелеу және орнықты қалыптастыру.

Сонымен қатар, жаһандану процесін антропологиялық мәселе ретінде қарастырудағы философияның рөлі мен негізгі тұжырымдамаларын пайдалана отырып, еліміздегі этнос, ондағы адам мәселесін жарыспалы жазықтықта зерделеуіміз қажет. Мәселен, жаһандану процесі – өлі табиғат пен басқа тірі табиғат үшін емес алдымен адам үшін құрылған қажеттілік. Сондықтан «жаһандану жағдайындағы еліміздің әрбір азаматы қандай болуы тиіс» деген мәселе – философиялық персонализм бағытынан педагогикадағы әлеуметтендіру жағдайына ойысады, яғни, «жаһандану жағдайында жаңа адамды қалай тәрбиелеп шығаруымыз қажет» деген сауал тастайды. Сондықтан жаһандану процесінде басты нысана этнос және оның субъектісі адам болып табылады.\2\.

Яғни, «әлемдегі адам» жаһандану жағдайында – «жаһандану процесіндегі адам ресурсы» болып құрылады. Еліміздегі ұсынылып отырған концепциялар мен ой-пікірлер жаһандану жағдайындағы этноболмысты сақтап қалу мәселесіне тоғысады: «Сонымен халықаралық конференцияға жиналған біраз елдің ғалымдары бір ғана ортақ мәселе – ұлттық мәдениеттік құндылықтар арасындағы шиеленіскен түйіндерді жасампаздыққа қараай икемдеуді талқылады», - деп жаһандану жағдайындағы ғалымдардың пікірін сараптаған автор: «Жаһандану жағдайында ұлттық ерекшеліктерден асығыс бас тартуға болмайды. Егер елдер мәдени құндылықтардан айрылып, өз келбетін жоғалтса, әлемнің оларға деген қызығушылығы кемиді. Жаһандану үрдісі кезінде ұлттық тәрбие көмескіленбеуге тиісті. Керісінше ол үлкен мәнге ие болуы тиіс», - деген ой түйіндейді. Сондықтан, педагогика ғылымы этноболмысты тұрақтандыру мен өрбітудің, оны сақтап қалудың тәлімдік механизмдерін ұйымдастырады. Яғни, осыдан жаһандану жағдайында – балабақшалардан бастап мектеп пен жоғары оқу орындарындағы ұлттық идея, ұлтжандылықты қалыптастыру мәселелерінің теориялық және практикалық жақтарын өздігінше ұсынады.\3\.

Сонымен қатар жаһанданудың горизонтальді және вертикальді бағыттарының динамикасын қадағалау

да – ғылым мен өнердің, қоғамдық пікір мен теориялық сананың басты міндеттерінің бірі. Процесс әлемдік деңгейде болғандықтан, оның горизонтальді өрлеуі географиялық-аймақтық жазықтықта таралуына байланысты туындаса, вертикальді бағыты прогресс идеясына тоғысады. Мәселен, оның горизонтальды таралымы бүкіл дүниежүзін түгел қамтуды мақсат етеді, осыдан бұл процесстің параметрлеріне сәйкес келмейтін, ұлттар мен халықтар немесе сәйкестенуді қаламайтын тенденциялар туады, дегенмен, процесс объективті түрде жүріп отырады. Оның даму динамикасы мен таралу жазықтығының картинасын зерделеу – тек философияның ғана емес, қоғамдық ғылымдардың да басты талабы. Осыған сәйкес егер оның горизонтальді жылжуы Қазақстан мемлекетіне енген жағдайда, жағымсыз тенденцияларына жауап реакция ретінде алдын алу шаралары жүргізіледі. Жаһандану болашақтың моделіне қаншалықты байланысты болса, еліміздегі келер ұрпақтардың оған деген қатынасы, қабылдауы мен адаптациясы педагогика мен психология ғылымының соншалықты міндеттері болып табылады. Ал вертикальді өрлеу еліміздегі даму мен прогресс жағдайын қадағалауды тударады, демек, ұрпақтарымыздың оған сай болуын, жаһанданудың прогресс тудыру талабына сәйкестенуін қажет етеді.

Үрейдің туындау себебі ішкі конфликт, баланың бір қалауы екіншісіне, бір қажеттігі екіншісіне қарама – қарсы болғандағы пайда болатын қайшылықтар. Баланың ішкі қайшылық күйі: түрі бастаудан келетін балаға деген қайшылық (мысалы ата – ана біресе рұқсат беріп біресе қатаң түрде тиым салады); баланың мүмкіндігі мен ұмтылысына сай келмейтін адекватты емес талаптар; баланы пәс, тәуелді жағдайда болатын жағымсыз талаптардан келіп шығады. Үш жағдайда да «сүйенішті жоғалту» сезімі өмірдің бекем бағытын жоғалту, айналадағы ортаға сенімсіздік туады.

Ішкі конфликт негізінен балада сыртқы конфликт жатады – ата – анамен, отбасы және мектеппен, құрдастарымен үлкендермен. Барлық уақытта қоршаған орта жағдайы басының ішкі қайшылықтарына айналмайды. Егер де әжесі мен анасы бір – бірін ұнатпай оны әртүрлі етіп тәрбиелесе, әрбір бала мазасыз келмейді. ол, тек, бала конфликттегі екі жақты да жүрегіне жақын қабылдаса ғана – үрейленудің жасалуына бүкіл жағдай жасалады.

Бала жанында тәрбиелену жүйесі емес, өзіндік қалауы – анасын ренжітпеу, әжесіне ұнау қайшылыққа түседі. Осылайша отбасының ажырасуы да балаға әсерін тигізеді. Неге осы сияқты сыртқы конфликттер бір балаларға тереңінен батып, ал кейбір балаларға онша әсер етпейді. Себеп көп, бірақ бастысы – бала үшін қандай қатынастың мәнді болуы. Егер оқушыға мұғалім пікірі қымбат болмаса, ол конфликттен құтылуға тырысады, бірақ жаны күйзелмейді.

Қатынас шеңбері кең болған сайын, үрейленудің қалыптасуына негіз болатын ситуациялар да көп болады. Бірақ баланың әлеммен қатынасы тар болса да, бала толығымен өсіп дами алмайды. Егер де, мысалыға алатын болсақ, бала үшін мәнді тұлға тек анасы ғана болса, онда олардың арасындағы қатынастың мәнді емес жақтары да жан күйзелісіне айналады. Сүйеніштің көптеген бастауы болса конфликт үрейленуге алып келмейді.

Ешкім де конфликттен қаша алмайды; сонда бала өмір бойы осылай өтеді ма? Олай емес. Кенеттен ит үргенінен, айқайлаған мұғалімнен, жанұядағы ұрыстан, неврозбен ауырып қалатын балалар онша немесе тіптен болмайды. Мұндай бірегей стрестерге бала біз ойлағаннан әлдеқайда мықты табиғат адамды жағымсыз ситуациялардан құтқаратын, мықты ұмыту механизмімен қаруландырды.

Үрей бала жанына егер оның маңызды қажеттілігі қалыптасуы кедергі болатын конфликт кезінде ғана енеді.

Бұл маңызды қажеттіліктерге жатады: физикалық өмір сүруге қажеттілік (қорек, су, физикалық қауіп-қатерден босану); адамға, топқа деген жылуарлық, жақындық қажеттігі; тәуелсіздікке, өз «меніне»

құқығының тануына қажеттілік; қабілеттерін алуға, өзінің жасырын күштерін, өмірлік мән және құндылыққа деген қажеттілік.

Мазасызданудың жиі себептері балаға деген жоғары талап, тәрбиелеудің догматикалық жүйесі, баланың белсенділігін қызығушылықтарын, икемділігі мен қабілеттілігі ескермеу. Кең тараған тәрбиелеу жүйесі – «сен өте жақсы болу міндеттісің». Ұят сезімі балаға келгенде өзіне тым қатал болу, ал тану процесін емес, міне осындай үлгерімді балаларда үрей көріністері байқалады. Болады, кейбір ата – аналар балаларына өнерде, спортта олардың мүмкіндіктері жетпейтін үлкен жоғары жетістікке жетуге бағдар береді (ал бұл шартқа сәйкестелу мүмкін емес). Осы сияқты балаға бейтанысты (бірақ ата – анасы жоғары бағалайтын) жабыстырады. Мысалы туризм. Бұл жаттығулардың бәрі де жақсы, таңдауды бірақ, бала өзі жасауы қажет. Оқушыға қызық емес жұмысты қынап бергенен ол сәтсіздікке ұшырайды [3].

Баланың адалдық, тіл алу, тиянақтылық сапаларын шынықтыруды тырысуда мұғалім баланың күйін одан әрі қиындатады. Жауапкершілікті көп артады сөзсіз жұмысқа адал қарауы қажет бірақ оқушы жұмыс (оқу) – ерекше онда нәтижеден гөрі процесс маңызды. Егер жұмысшы мысалға өндірістегі қандай болмасын бөлшек үшін яғни нәтижесі үшін еңбектенсе онда бала есепті шығару үшін оқымайды: ол есеп баяғыда шығарылып жауабы оқулық соңында енгізілген. Оқудың мән даму процесінде нәтижеге бағытталуда алатын бағада. Бала онымен қатынас жасаушылар үлгеріміне байланысты екенін сезінеді. Сөйтіп баға оқушы үшін ата – ана мен сенімінен шығу құралы болады.

Мазасыздану деңгейі ұл бала мен қыз балада әртүрлі. Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы ұл балаларда қыздарға қарағанда мазасыздануы көп болып келеді. 9-11 жаста ұл және қыз балада мазасыздану бірдей болып 12 жастан ары қарай ұл балаларда қиын бұзылыстар кездескенімен жалпы үрей деңгейі қыздарда өсіп ұл балада азаяды [4].

Балалар мен қыздар мынамен ерекшеленеді, олар үрейді қандай ситуациямен байланыстырады, оны қалай түсіндіреді, неден сескенеді. Адам жасын физикалық деңгейі ғана емес оның қоршаған әлемге байланысты мінездемесі уайымдау ерекшелігі де бейімделеді. Мектептік кез – адамның маңызыды өмірлік сатысы ол кезде оның психологиялық бейнесі уайым –қайғы сипаты өзгереді.

Бұл жастағы қорқыныш деңгейіміз дегеніміз «ондай болмау» яғни нақтыласақ «ондай болмау» ол үлгермеу оны емес және олай емес істеу, жазаға тартылу. Бұл қорқыныштың барлығы әлеуметтікке белсенділіктің жоғарылауын жауапкершілік міндеттілік нығаюын білдіреді. Балалар селк етеді жүздерінен қорқыныш байқалып өзін-өзі басқаруды ойлауға сөйлеуге қабілеттілікті жоғалтады.

Қорытындылай келе мектеп жастағы балалардың мазасыздануын жеңу және психопрофилактика бойынша жұмыстар функционалды емес, ол жалпы, әр жас кезеңінде мазасыздану себебі болуы мүмкін сипаттағы даму және орта факторларына бағытталған, жеке тұлғалық бағдарланған сипатта болуы керек. Жұмысты, әр баланың жекелік «әлсіз аймағына» және жасына бағыттап, мазасызданудың барлық құрылымдық компоненттер жасау керек. Бастауыш сынып жаста жұмыстың орталық орны – баланы қоршаған адамдармен қарым-қатынасқа орнату.

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

1. Овчарова Р.В. Практическая психология образования. М., «Академия». 2003.
2. Нетреба С. Влияние коррекции тревожности на формирование адекватной самооценки младшем школьном возрасте с учетом этнической принадлежности детей. //Ұлт тағылымы. 2004. №3, 122-126б.
3. Жуманкулова Е. Тревожность как предпосылка девиантного поведения подростка. //Бастауыш мектеп. 2005. №2. 47-50б.
4. Битякова М.Р. “Организация психологической работы в школе” – М.: Совершенство, 1997 – 298 с.

Резюме

В данной статье рассматривается проявление тревожности школьного возраста и их психологические особенности. Причина возникновения тревожности это внутренни конфликт школьника. Внутренни противоречие ребенка возникает из адекватных требовнии которые пренуждают родители.

Внутренни конфликт у школьного ребенка связанно с внешним конфликтом (например, семья, школа, родители).

Summary

This article examines the manifestation of anxiety school age and their psychological features. The reason for the occurrence of anxiety is internal conflict schoolboy. Internal contradiction arises from the child adequately trebovniya that prenezhdayut parents.

Internal conflicts at the school the child is related to external conflict (egg, family, school, parents).

ВЗАИМОСВЯЗЬ ЦЕЛЕЙ И ФОРМ УЧАСТИЯ СТУДЕНТОВ В ФИЗКУЛЬТУРНО-СПОРТИВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.

К.п.н., доцент Б. Абусейтов-

Международный казахско-турецкий университет им Х.А.Ясави. г. Туркестан

Резюме

Эта статья рассматриваются взаимосвязь целей и форм участие студентов формирование потребностей студентов и их профессиональной подготовки.

Summary

The article deals with the intercommunication of aims, and forms, participation of students, the formation of necessity of students and their professional training.

В условиях вузовского обучения удовлетворение потребностей личности происходит в едином процессе, охватывающем учебно-воспитательную, общественно – политическую, трудовую, культурную и физкультурно – спортивную деятельность студентов. От того, как физкультурно-спортивная деятельность способствует социальному и профессиональному становлению будущего специалиста, во многом зависит его личностное развитие. ФСД как одна из форм человеческой деятельности – необходимая потребность общества и личности для ее гармоничного развития. Под потребностью в ФСД нами понимается такое состояние личности, которое выражается в ее готовности к свободной реализации сущностных сил сфере физической культуры и спорта. Движущей силой реализации потребностей выступают внутренняя убежденность и сознательная воля, то, что лежит в основе ценностномотивационного отношения личности к тому или иному явлению реализация потребность в ФСД – многогранный процесс проявления активности личности, оказывающий существенные влияние на жизнедеятельность студентов.

Направленное формирование потребности в ФСД и дальнейшее ее удовлетворение – две стороны единого взаимосвязанного процесса, который изучен недостаточно [1]. Обучаясь в вузе, студенты участвуют в различных формах ФСД, каждая из которых в той или иной мере обеспечивает (или должна обеспечивать) удовлетворение потребностей, соответствующих системе ценностных ориентаций или складывающейся в сознании жизненной концепции, на основе которой они достигают выбранные цели. Та, в процесс ФСД, движимой значимой для личности мотивацией, через интерес к деятельности студент может получать удовлетворение, признание либо достигает желаемых реакций психики, сознания, интеллекта..

Процесс реализации потребностей у 1320 студентов пединститута рассматривался посредством исследования разнообразны перспективных и ближайших целей во взаимосвязи с существующими в вузе формами участия в ФСД. При этом респондентам было предложено исходить из общей 100-процентной значимости различных форм ФСД для достижения каждой избранной цели. После сбора эмпирической информации была проведена градация целей, едущих к включенности студентов в ФСД, упорядочена их группировка и определена направленность каждой из них, сосредоточено внимание на выявлении значимости различных форм организации ФСД в вузе: учебных занятий, организованных вне учебных занятий, самостоятельных занятий. Принималось во внимание и отрицание студентами необходимости ФСД для достижения определенных целей. Выделены следующие группы целей:3

- функционально – оздоровительные, связанные с улучшением состоянии здоровья, гармоничным физическим развитием, воспитанием культуры движений, повышением работоспособности, активизацией умственной деятельности, снятием усталости и др.;

- «барьерные», определяющие выполнение требований программы по физическому воспитанию, достижение успеха в соревнованиях, совершенствование физических способностей и др.;

- коммуникативно-воспитательные, включающие общение с товарищами и друзьями, укрепление внутриколлективных связей, воспитание культуры поведения, волевых качеств, трудолюбия и др.;

- организаторско-педагогические, направленные на приобретение знаний, умений, практических навыков для работы общественным инструктором, тренером, судьей по спорту, организатором массовой физкультурно-оздоровительной работы, пропагандистом в учебно-воспитательных учреждениях, работе с

населением и др.[2].

Очевидно, что границы этих группировок условны и достижение цели, отнесенной к одной группе, может быть реализовано в удовлетворении потребности в другой группе. Интерпретация полученных результатов позволяет произвести следующие обобщения.

Достижение функционально-оздоровительных целей, по имени будущих учителей, наиболее реально при участии в организованных формах занятий в рамках учебного процесса. При его рационально организации 51,4% студентов считают возможным улучшить состояние здоровья, а 40,1% отмечают, что занятия способствуют активизации умственной деятельности. 33,8% студентов рассчитывают не занятиях овладеть культурой движений. Самостоятельным формам занятий для повышения работоспособности и снятия усталости студенты отдают предпочтение соответственно в 40,4 и 34,5% случаях. Довольно высоко оценивается эта форма и для гармоничного физического развития – 34,3%. Существенно

Ниже (от 19 до 29%) оценка организованных вне учебных занятий для этих целей. От 3,9% до 11,2% студентов отрицают любые формы ФСД для достижения этих намерений.

Возможности достижения «барьерных» целей связаны с переориентацией значимости форм ФСД. Резко повышается оценка организованных вне учебных занятий, направленных на выполнение спортивных разрядов (74,2%), норм комплекса нормативов (40,4%), совершенствованием физических способностей (39,8%). Студенты соотносит свое понимание этой формы деятельности с занятиями в секциях, группах, сборных командах по видам спорта, связывают ее с необходимостью проявления физкультурно-спортивной активности для достижения указанной цели. Вместе с тем реально количество студентов, участвующих в этих объединениях, не превышает 8% от общей выборки. Полученные факты указывают, что на высокое оценивание данной формы участия в ФСД нацелены те студенты, которые искренне хотели бы заниматься, но в силу определенных причин (из-за недостатка способностей, отсутствия вида спорта, соответствующего желанием, чрезмерно высоких требований к занимающимся и пр.) остались вне этих занятий. В среднем влияния учебных занятий в достижении этой группы целей снижается до 23,9%, а самостоятельных – до 23,3%. [3].

Кооммуникативно - воспитательная группа целей показывает, что студенчеству присуща органическая потребность в общении, укреплении престижа в коллективе, в формировании социально-профессиональных качеств личности. Однако немало респондентов (33,8%) отрицает ФСД как средство, необходимое для осуществления изучаемых намерений. Естественно, что ценностные ориентации студентов формируется под влиянием целого комплекса факторов, лежащих вне сферы ФСД (например, в художественной самодеятельности, в творческих объединениях и др.) которые создают не меньше возможностей для достижения указанной группы целей. Однако от внимания педагогов не должен ускользать этот важный личностный аспект ФСД студентов. Он требует создания в процессе занятий таких ситуаций, которые стимулировали бы студентов к коллективному и индивидуальному взаимодействию в процессе решения стоящих перед ними задач. В значительной мере это относится и к ситуации, связанной с выполнением общественной ФСД. Лишь одна пятая часть из числа высказавших свое отношение к указанном целям сочла возможным в той или иной степени признать учебные занятия приемлемыми для их достижения, а для воспитания волевых качеств эта оценка снижалась до 14,4%.

Следующая группа целей-организаторско-педагогическая – характеризует проявление активности личности, связанной в основном с социальной ролью учителя. Удовлетворение потребностей студентов в этом направлении позволяет им совершенствоваться в общественно – педагогической и профессиональной деятельности. Отмечается высокая значимость организованных внеучебных занятий (в среднем 49,4%), обеспечивающих компетентную деятельность учителей в сфере физического воспитания учащихся. Возрастает удельный вес учебных занятий (в среднем – до 39,2%). Однако студенты оценивают их как не обеспечивающие в необходимой степени реализацию профессиональной направленности физического воспитания. Очень низкая оценка (от 4,2 до 9,2 %) дана самостоятельным занятиям, что логически вытекает из недостатков, присущих учебным занятиям[4].

После получения по группам целей сведений, отражающих потребности студентов в ФСД, был проведен их обобщенный сопоставительный анализ.

Сравнительный анализ показывает дифференцированное отношение будущих учителей к формам организации ФСД. Удовлетворяя потребность в ФСД, студенты избирательно «расходуют» свое отношение к различным формам участия в ней, оценивая возможность реализации ближайших и перспективных целей. При таком понимании происходящих регулятивных процессов в мотивационно – ценностных установках находит свое подтверждение положение о взаимосвязи различных потребностей.

Отношение будущих учителей к различным формам ФСД характеризуется общей критической

оценкой их эффективности. Более половины респондентов считают, что уровень организации процесса физического воспитания в вузе ниже 50 процентного. В динамике по годам обучения наблюдается последовательное снижение исходного уровня как результат более критического отношения к происходящему и возрастание требовательности к этой сфере деятельности в социально – профессиональном и личностном аспектах, обусловленный повышением интеллектуального уровня, профессиональных и духовных потребностей, переоценкой накопленного на занятиях опыта.

Установлена, что значимость достижения исследуемых групп целей у студентов и экспертов, в качестве которых выступали преподаватели кафедры физического воспитания, деканы факультетов и кураторы, не одинаков.

По мнению экспертов, наиболее благоприятные возможности для реализации целей ФСД студенты могут получить в процессе учебных занятий. У студентов иные представления: они отдают предпочтение организованным вне учебным занятиям. Это свидетельствует о недостаточном понимании реальной ситуации теми, кто организует учебно-воспитательный процесс, и теми, для кого он организуется. Психолого-педагогические посылки, заложенные в организационно – методические материалы, определяющие организацию и содержание учебно-воспитательного процесса, не ориентируют преподавателей на управление мотивационно-ценностным отношением студентов к содержательную сторону форм ФСД[5].

Направленный процесс формирования потребностей в ФСД требует знания диалектики их развития, определяющих их факторов, педагогических приемов, обеспечивающих управляющие воздействия, познание социально обусловленных изменений в содержании и структуре самой ФСД. Управление развитием потребностей в ФСД неизменно должно осуществляться в гибкой, тактичной, соответствующей индивидуальным особенностям студентов, заданной цели образования и воспитания форме. Потребности не могут быть навязаны индивиду извне. Они должны соответствовать его системе ценностных ориентаций. В противном случае неизбежно проявление негативизма, приспособленчества, безразличия.

Формирование потребностей студентов в ФСД необходимо рассматривать как процесс, с одной стороны, сознательных и непрерывных педагогических воздействий, с другой – влияния того социального окружения, в котором протекает их жизнедеятельность, в результате которых обеспечивается положительный сдвиг в ценностных ориентациях и мотивационных установках личности, повышающих ее физкультурно-спортивную активность в соответствии с социальным требованиям общества. Показателем сформированности потребностей будущих учителей в ФСД следует считать такой уровень их самосознания, который активно направляет практическую деятельность на достижение гармоничного развития, здорового образа жизни, физического совершенства, успешное выполнение социальных и профессиональных функций. Полученные в исследовании материалы требуют создания таких условий учебно-воспитательного процесса и жизнедеятельности студентов, при которых удовлетворение потребностей в ФСД может полноценно осуществляться во всех ее формах. Такой подход представляется наиболее перспективным, так как в нем можно черпать безграничные резервы приобщения будущих учителей к культуре физической, включенности в такие виды ФСД, как познавательная, организаторская, зрелищная, пропагандистская, педагогическая, самосовершенствование, органически вписывающиеся в процесс их профессиональной подготовки.

Литература

1. Алейникова Т.В. Возрастная психофизиология. – Ростов н/Д.: Изд-во 000 ЦВВР, 2000. – 204 с.
2. Виленский М.Я. Карповский Г.Л. «Геор. Практ физ культ », 1984, №10
3. Мильштейн О.А. Социологические проблемы студенческого спорта Гомель 1991.
4. Зацюрский В.М. Основы спортивной метрологии. – М: Фис 1989.
5. Огольцов И.Г. Биологические закономерности адаптации организма к тренировочным нагрузкам 1995

ӘОЖ 378 (574) (091)

ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ ЖАНАНДЫҚ ҚҰЗЫРТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ТҮСТАРЫ.

Оразбаева Кульдархан Оналбекқызы
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің
2-курс докторанты
Резюме

В современном обществе требуются педагоги-специалисты педагогически компетентные, с профессиональными навыками, способные решать различные проблемы, возникающие ежедневно, способные правильно оценивать новости образования и науки, заинтересованные в повышении эффективности своей деятельности, педагоги с большой ответственностью, умеющие планировать свое будущее и нужны специалисты, готовые принять новую концепцию развития образования, мыслящие в глобальном масштабе, действующие в местном масштабе, способные быть активными членами общества.

Ключевые слова: глобализация, глобальная компетентность, профессионал вид, педагог-специалист, проблема формирования, компетентность, профессиональная ориентация, профессиональная компетентность, знание, умение, навыки.

K.O. ORAZVAEVA

Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty.

Theoretical aspects of formation of professional competence of teachers worldwide

Resume

In modern society requires teachers of pedagogically competent professionals with skills that can solve various problems encountered daily, able to properly evaluate the news of education and science with an interest in improving the efficiency of their activities, the teachers with great responsibility, who know how to plan their future and need experts who are ready to adopt a new concept of education, thinking globally, acting locally that can be active members of society.

Keywords: globalization, global competence, a professional is a kind, teacher-specialist, the problem of formation, competence, professional orientation, professional competence, knowledge, ability.

Мақалада қазіргі қоғамға педагогикалық құзыреттілігі, кәсіби бейімділігі бар, күн сайын туындап тұратын әр түрлі мәселелерді шешуге дайын, білім, ғылымдағы жаңалықтарды дұрыс қабылдайтын, қызметтің тиімділігін арттыруға мүдделі, өзінің келешегін жоспарлайтын, жауапкершілігі жоғары педагог мамандар қажет. Білім беруді дамытудың жаңа тұжырымдамасын қабылдауға дайын, жаһандық ауқымда ойлап, жергілікті ауқымда іс-қимыл атқаратын, қоғамның белсенді мүшесі бола алатын мамандарды қалыптастыру.

Негізгі сөздер: жаһандану, жаһандық құзыреттілігі, кәсіпқой түрі, педагог маман, қалыптастыру проблемасы, құзыреттілік, кәсіби бағыттылық, кәсіби құзыреттілік, білім, білік, дағды.

Білім беруді дамытудың жаңа тұжырымдамасын қабылдауға дайын, жаһандық ауқымда ойлап, жергілікті ауқымда іс-қимыл атқаратын, қоғамның белсенді мүшесі бола алатын мамандар керек. Педагог маманның жаһандық құзыреттілігі соңғы жылдары өзекті болып отыр. Себебі әлеуметтік тәжірибе ұдайы өзгеріп отырады, білім беру саласы қайта құрылуда, инновациялық неше түрлі мектептер, авторлық, педагогикалық жүйелер пайда болуда. Педагогикалық жобалау, білім беру үрдістерін технологияландыру заман талабы болып табылады. Қазіргі білім беру саласының осындай маманға деген сұранысы өсуде.

Біздің ойымызша, жаһандық құзыреттілігі қалыптасқан педагог – бұл дамып келе жатқан кәсіпқой-маманның ерекше түрі болуға тиіс. Жаһандық құзыреттілігі қалыптасқан педагог маманның ерекше кәсіпқойлыққа ие тұлға болуы, ХХІ ғасырдағы ұстаздардың бірегей кәсіпқой түрі деуге келеді.

«Кәсіпқой түрі» ұғымы, бәсекеге қабілетті, жеке сұраныста ие, жоғары кәсіби біліктілігі қалыптасқан, зиялы, толыққандылықты әлеуметтенген, мәдениаралық құзыреттілігі, шығармашылық бастауы бар маман – дегенді білдіреді [1].

Қазіргі кезеңде психология мен педагогикада жеке тұлғаның кәсібилігінің компоненттерін Э.Ф.Зеер, К.К.Платоновтар төрт құрылымнан тұратындығын жобалап көрсетті:

- кәсіби бағыттылық;
- кәсіби құзыреттілік;
- кәсіби маңызды сапалар;
- кәсіби маңызды психологиялық белгілер.

Кәсіби даму және құрылымдар мазмұнының қалыптасу процесінде, жоғарыда келтірілген төрт компоненттің өзара әрекеттесуі мен интеграциялануы пайда болады. Олар интеграцияланған кәсіби

сапалардың қалыптасуына негізгі болады. [2].

А.Н.Дахин білім беру құзыреттілігін педагогтің күрделі қызмет түрлерін атқарудағы мүмкіндіктері арқылы ашады, ал құзыреттілікті ол жеке тұлға сапасы деп қарайды [3]. Оның пайымдауынша, педагогикалық құзыреттілік белгілі бір қызмет кешенінде тапсырма орындау үрдісінде ғана қалыптасатын болғандықтан, бағыт алған білім берудің нәтижесі –білім беру құзыреттілігі болып табылады.

«Құзыреттілік» түсінігі мәнінен кейінгі зерттеулері әр түрлі құзыреттіліктерге назар аудару негізінде жүзеге асқан. Мысалы, М.А. Холодная құзыреттілікті сәйкес қызмет саласында тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін арнайы пән бойынша білімнің ерекше түрі ретінде анықтайды. Психолог ғалымдардың көзқарасынша, құзыреттілік адамның белгілі бір қызметті тиімді атқаруын қамтамасыз ететін психологиялық сапаның жиынтығы ретінде анықталады. Құзыреттілік қай салаға қатысты болса да, ол жүйелі түрде жаңа ресурстармен толықтырылады.

Құзыреттілік, біздің ұғуымызда, жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы және қабілеті.

1- кесте Біліктілік пен құзыреттіліктің өзара байланысы

Құзыреттілік моделі	Дәстүрлі біліктілік моделі
Нәтижеге бағдарлық / нәтижелерді бағалау мен бақылау механизмін жасау/	Оқыту нәтижесі / әр оқушыда әрқилы/
Оқу тапсырмаларын орындау формасы мен мерзімінің икемділігі/ Оқу «қадамы» дербестілікке тәуелді/	Оқу тапсырмаларын орындау формасы мен мерзімінің икемсіздігі/ Оқу «қадамы» дербестілікке тәуелсіз/
Білім – іскерлік - дағды бағаланады, сонымен қатар тұлғаны сипаттайтын көрсеткіш.	Білім – іскерлік – дағды бағаланады.
Өлшем сапалық сипатқа ие және бірмағыналы белгілермен негізделеді.	Өлшем сандық сипатқа ие және тиісті мөлшермен негізделеді.

Біз жоғардағы пікірлерді зерделей келе мынадай ұстанымға келеміз, біліктілік құзыреттілікке қарағанда тар мағына береді. Дегенмен оқыту процесін ұйымдастыруда төмендегі қажетті жағдайларды ескеру керек:

Біліктілік пен құзыреттілік бірін-бірі ауыстырмайды, ол мамандардың өзаратолықтыру сипаты болып табылады;

Біліктілік алынған және дамыған құзыреттілік негізінде қалыптасады;

Құзыреттілікті қалыптастыруда пәндердің жиынтығының ықпалы қуатты.

Бүгінгі күнде ЖОО түлектері - ертенгі түрлі мекемелердің қызметкерлері болатынын ұмытпауымыз керек. Құзыреттілікті модельдеудің практикалық құндылығы мыналардан тұрады: құзыреттілік моделі нақтылыққа, болжампаздыққа, адамның практикалық қызметтегі икемділігіне, оның ішінде кәсіби жағдайлар өзгергенде бейімделгіштіктен құралады [4]. Кейбір теорияларға алдын ала шолу жасалған жағдайда, жеке зерттелген құзыреттілік моделі жайлы қысқаша айта кетейік. Мысалы: Н.В. Кузмина кәсіби педагогикалық құзыреттілікті «жеке тұлғаның қасиеті» ретінде қарастырады. Ол құзыреттіліктің бес элементін көрсетеді:

1. Оқытатын пән саласындағы арнайы және кәсіби құзыреттілік.

2. Педагогтардың білім, іскерлігін қалыптастыру тәсілдері саласындағы әдістемелік құзыреттілік.

3. Қарым-қатынас үрдісі саласындағы әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік.

4. Өзіндік қызмет пен жеке тұлғаның жетістіктері мен кемшіліктері саласындағы аутопсихологиялық құзыреттілік.

5. Педагогтардың қабілеті мен мотивтері саласындағы дифференциалды-психологиялық құзыреттілік [5].

Кәсіби педагогикалық құзыреттілікті зерттеу контекстінде Г.А. Ларионова келесі тұжырымдамаларды ұсынады: бұл «қызмет саласындағы құзыреттіліктің көлемін, өкілеттік шеңберін анықтайтын жүйелі түсінік. Бұдан тарлау түсінікте – субъект сананы, тәжірибені билей алатын, статус пен біліктіліктен көрінетін жиынтығы сонымен қатар, белгілі бір қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кейбір тұлғалардың жеке қабілеттері [6].

Кейбір ғалымдардың ойынша, құзыреттілік – жалпы бағалау термині, ол мүмкіндікті, қызметтегі «істі білуді» көрсетеді.

Әдетте, бұл термин белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статусы бар тұлғаларға қолданылады, ол шешілетін мәселелер, орындалатын тапсырмалардың күрделілігінің нақты деңгейіне олардың білімінің, түсінігінің,

дағдыларының сәйкестігінің өлшемін сипаттайды.

Жаһандану тарап келе жатқан ХХІ ғасыр мамандарының құзыреттілігі мәніне келсек, көптеген ғалымдардың ойынша, ол интерактивті және аналитикалық мүмкіндіктерді дамытуға негізделуі керек. Қоғам дамуының динамикасы адамның кәсіби қызметі оның бүкіл кәсіби мансабы үнемі үздіксіз білім алуы, өзінің кәсіби біліктілігін, құзыреттілігін арттырып отыруды талап етеді.

Құзыреттіліктің мәндік белгілері оның қызметтік сипатында және ол адамның нақты бір жағдайда өзін дұрыс бағалап, таңдау жасауында байқалады. Егер де ЖОО оқу үрдісін, болашақ кәсіби қызметтің тәжірибесін алу деп ұқсас, онда құзыретті маман болашаққа ұмтылады, өзгерістердің алдын алады, өзін өздігімен білім алуға бағыттайды.

Құзыреттілік – бағалау категориясы, ол адамды қоғам дамуы жүйесінде арнайы қызметтің субъектісі ретінде сипаттайды: адамның білікті ойлар ұсыну қабілеті, проблемалық жағдайларда дұрыс, жауапты шешім қабылдауы, мақсатқа табысты жетуге әкелетін іс-әрекетті жоспарлау және атқаруы есепке алынады.

Құзыреттілік тәсілінің жалпы, концептуалды идеяларын анықтай келе, зерттеушілер оны былайша суреттейді: құзыреттілікке бағытталған білім беру мемлекеттің де, адамның өзінің де мүдделеріне сәйкес келеді. Адамның өмірдегі негізгі салаларда табысты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін практикалық қызметтің білімдері мен түрлерін кешенді игеруге бағытталуы.

Келесі қадам – «құзыреттілік» ұғымының құрамын анықтау. Құзыреттіліктің табиғаты мынандай негізгі компоненттерден тұрады:

–өзін-өзі ынталандыру, құндылықтарға бет бұру, іскерлік сапалар, олар құзыреттіліктің белгілі бір түрлері үшін қажет;

–адамның қоғам құрылымындағы рөлінің қандай екендігіне қарай қабылдау;

–қоғамдық қарым-қатынастар мен тәртіптің не екендігін түсіну [7].

А.К.Маркованың айтуы бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілік құрылымы төмендегідей:

Кәсіби психологиялық және педагогикалық білімі;

Кәсіби педагогикалық іскерлігі;

Мамандық талап ететіндей педагогтің нұсқауы, кәсіби психологиялық ұстанымы.

Педагогтің білімі мен іскерлігін меңгеруді қамтамасыз ететін тұлғалық ерекшеліктері [8].

М.А.Чошанов құзыреттілік ұғымына қосымша «ББД» (білім, біліктілік, дағды), («ЗУН» (знания, умения, навыки)) триадасы мағынасын қосады, ол олардың арасындағы біріктіріп тұратын бөлік ретінде қызмет атқарады. Автор кең мағынада «құзыреттілік» ұғымын пәнді терең білу немесе бойға сіңген дағды деп анықтама береді. Адам құзыретті болу керек, құзыретті адам басқалардан өзінің сыни көзқарасымен, ой-пікірімен ұдайы білімін жаңартып отыруымен, қойылған мақсат-міндеттердің табысты шешілуі үшін жаңа ақпараттарды меңгеруімен, вариативтік әдісті қолдана білуімен ерекшеленеді. [9].

Кәсіби құзыретті зерттей келе Г.А. Ларионова негізгі құзыретке «мәдениаралық және салаарлық білім, дағдылар, мүмкіндіктер табысты қызметке әр түрлі кәсіби қауымдастықтар үшін қажет» - деген. Олар практикалық қызмет үшін қажет маманның макро - мидимакродағдылар кәсіби құзыреттіліктің инвариантты бөлігін құрайды. Негізгі құзырет мамандықтың кәсіби қызметінің негізгі түрлерін жүзеге асыру үшін қажет, олар белгілі бір мамандыққа таңылған (немесе мамандықтар тобы). Олар ұқсас мамандықтардың өкілдерінде қажеттілікке ие, олар маманның негізгі құзыреттіліктің инвариантты бөлігін құрайтын макроқәсіби болып табылады.

Негізгі, басты және арнайы құзыреттіліктер бір-бірімен өзара әрекеттесе отырып, белгілі бір кеңістікті қолдану арқылы әртүрлі контекстерді күрделіліктің әр түрлі деңгейдегі өте маңызды кәсіби міндеттерді шешу үрдісінде көрінеді. Арнайы құзыреттілік ретінде біз жаһандық құзыреттілікті баса көрсетейік.

Құзыреттіліктің тұжырымдамасына көптеген авторлар талдау жасап, төмендегідей номенклатураны анықтайды:

а) құзыреттердің өзін;

б) әрбір компоненттің жиынтығына кіретін [10].

Қазіргі кезеңдегі құзыреттілік жөнінде көптеген ғалымдар жаһандық құзыреттілікті баса көрсетеді. Мысалы, Жак Делордың айтуынша, жаһандық құзыреттіліктің мәні мынада: тек қана кәсіби біліктілікті алу үшін емес, топта жұмыс істей білу, әр түрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдай алуға мүмкіндік беретін, кең мағыналы құзыреттілікке ие болу [11].

Біз Т.Г.Браженің айтуымен толықтай келісеміз, оның ойынша, «адам-адам» жүйесінде жұмыс істейтін адамдардың кәсіби құзыреттілігі тек қана негізгі (ғылыми) білімдермен, дағдылармен ғана анықталмайды, сонымен қатар мамандардың құндылық бағыттарымен, оның қызметінің мотивтерімен, оның өзін-өзі осы

әлемде түсінуін, өзімен бірге істейтін адамдармен қарым-қатынасының стилімен, оның жалпы мәдениетімен, өзінің шығармашылық әлуетін дамыту қабілетімен анықталды. Педагогтың мамандығында бұл тізімге пәндерді оқыту әдістемесін меңгеру, өзінің тәрбиеленушілерінің рухани дүниесін түсініп, оған әсер ете алу қабілеті, оларға деген сыйласымдылық, кәсіби маңызды жеке тұлға сапалары да кіреді. Осы компоненттердің тым болмаса біреуінің болмауы бүкіл жүйені бұзады немесе педагог қызметінің тиімділігін едәуір азайтады. Бұл тұжырымдама жаһандық құзыреттіліктің бір маңызды құрылымы ретінде жаһандық ойлауды қалыптастырудың қажеттілігін дәлелдейді [12].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізгі әмбебап құзыреттілікті және білім мен дағдылардан тұратын нақты құзыреттілікті атап көрсетеді. Алғашқысы көп функциялы, пәнге бағынышты және көп мөлшерлі, оларды меңгеру күнделікті және әлеуметтік өмірде әр түрлі проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Олар педагогтардың психологиялық сапалары мен танымдық мүмкіндіктерін есепке ала отырып, белгілі бір мінез-құлықтар түрлерінде анықталады.

Бұл пікірді құптай келе, ғылым мен техника күнде жаңарып отырған қазіргі заманда әрбір педагог маман білімге деген қажеттілікті күнде сезінуі тиіс. Ол өз кезегінде ізденіске және шығармашылыққа жетелейді. Аталмыш мүмкіндіктері дамыған педагог маман жаһанның кез-келген бұрышында өз қызметін біліктілікпен орындай алады. Жоғарыда келтірілген «жаһандық құзыреттілік» туралы пікірлерді жинақтай келе, «педагогтың жаһандық құзыреттілігі» ұғымына анықтама беруге болады.

Құзыреттілік туралы шетелдік және отандық ғалымдардың ой пікірлерін жинақтай келе, «Педагог маманның жаһандық құзыреттілігі» дегеніміз әлемдік үрдістердің оқу тәрбиесіне ықпалын саналы қабылдайтын, көп ұлт пен көп мәдениеттің ерекшеліктерін түсіне алатын, кез-келген жаһандық ортада педагогикалық іс-әрекетін табысты жүзеге асыра алатындай болуы тиіс деп ой қорытуға мүмкіндік алдық.

Қорыта келе, Отандық және шет елдік ғылымда «жаһандану» және «жаһандық білім беру» терминдерінің әлі күнге дейін нақты анықтамалары жоқ. Оның себебі - бұл үрдістің қарама-қайшылықта болуында, бұл құбылыстың адам өмірінің барлық салаларына дерлік таралуында, «жаһандану» ұғымының мағынасы жағынан тар болуында. Педагог маманының жаһандық құзыреттілігі ұғымына анықтама беруде философ, педагог, психолог ғалымдардың пікірлері негізге алынды.

Әдебиеттер тізімі.

1. Дусавицкий А.К. Развитие личности в учебной деятельности. -М.: Дом педагогики, 1996.- 208с.
2. Зеер Э.Ф. Психология личностно-ориентированного профессионального образования.- Екатеринбург, 2000.- 52с.
3. Дахин А.Н. Компетенция и компетентность: сколько их у российского школьника? // Народное образование.- 2004, №45. – 136с.
4. Холодная Н.А. Психология интеллекта. – Томск, 1992. – 345с.
5. Кузьмина Н.В. Актуальные проблемы профессионально – педагогической подготовки учителя // Советская педагогика.- 1982, №3.- 9- 14с.
6. Ларионова Г.А. Компетенции в профессиональной подготовке студентов вуза: Монография. – Челябинск, 2004. – 186с.
7. Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения. – М., 1945. – 561с.
8. Маркова А.К. Психологические критерии и ступени профессионализма учителя // Педагогика.- 1996, №6. – 55-63с.
9. Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно- модульного обучения. – М., 1996. – 264с.
10. Ларионова Г.А. Компетенции в профессиональной подготовке студентов вуза: Монография. – Челябинск, 2004. – 186с.
11. Делор Ж. Образование: сокровитное сокровище. - UNESCO, 1996.- 78с.
12. Браже Т.Г. Из опыта развития общей культуры учителя // Педагогика. - 1992, №2. – 71-74с.

ӘСКЕРИ МЕКТЕП ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ВОСПИТАННИКОВ ВОЕННЫХ ШКОЛ

Аширбаева Н.Н., Мизимбаева А.С. -

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті
Педагогика және психология мамандығының 2-ші курс докторанттары

Түйін

Мақалада мектептердегі психологиялық қызметтің жұмысы және әскери мектеп тәрбиеленушілерін психологиялық сүйемелдеудің маңыздылығы көрсетілген.

Кілтті сөздер: тұлға, орта, психологиялық сүйемелдеу, даму, өзін-өзі анықтау

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы о деятельности психологической службы в школах и о важности психологического сопровождения воспитанников военных школ.

Ключевые слова: личность, среда, психологическое сопровождение, развитие, самоопределение

Annotation

The problems of psychological service and of the students of military schools are considered in this article.

Key words: personality, environment, psychological service, development, self-acquisition

Қазақстан Республикасының 12-жылдық білім беру концепциясында өзгермелі әлеуметтік, экономикалық жағдайда тез өмір сүре алатын ғана емес, сонымен бірге осы өзгерістерге дайын бола алатын бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру туралы айтылған. Осыған байланысты, осы тұлғаға қойылатын талаптар – креативтілік, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, дамыған зияткерлік, кәсіби суаттылықтың жоғары деңгейі, танымдық іс-әрекеттің тұрақты мотивациясы алға қойылады [1].

Тәуелсіздік алғаннан кейін Республикамызда әскери-патриоттық тәрбиемен айналысатын әскери мектеп-интернаттар ашыла бастады. Қазіргі күні мұндай мекемелер тәрбиеленушілердің құндылық бағдарларын тәрбиелеуге, олардың әлеуметтенуімен рухани-адамгершілік тұрғыда дамуында ерекше орын алады.

Қазіргі кезде әрбір әскери мектепте психологиялық қызмет жұмыс атқарады. Бұл қызметтің мақсаты: оқу-тәрбие үрдісін әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу. Осы сүйемелдеудің нәтижесі ретінде, тәрбиеленушілердің психикалық және психологиялық денсаулығын, табысты дамуын қолдау және нығайту, психологиялық білім, білік, дағдыны, өзін-өзі жетілдіруді меңгеру болып табылады.

Бұл мәселенің өзектілігі М.Р.Битянованың зерттеулерінде көрініс табады. М.Р. Битянова сүйемелдеуді мектептік өзара әрекеттесу жағдайларында баланың психологиялық дамуына және табысты оқуы үшін әлеуметтік-психологиялық жағдайларды құруға бағытталған психологтың профессионалды іс-әрекеті ретінде қарастырады.

М.Р.Битянова бойынша сүйемелдеу үрдіс және мектеп психологының тұтас іс-әрекеті ретінде қарастырады. Мұнда өзара байланысты үш компонент бөліп көрсетіледі:

Мектепте оқу үрдісінде баланың психикалық дамуының динамикасын және психологиялық-педагогикалық жағдайын жүйелі түрде бақылау;

Оқушы тұлғасының дамуы және табысты оқуы үшін әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасау;

Оқу мен дамуда психологиялық мәселелері бар балаларға көмек көрсету үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай жасу [2].

Мектептегі психологиялық қызмет туралы және психологиялық сүйемелдеу мәселелерін И.В.Дубровинада қарастырған. И.Р.Дубровина білім берудегі психологиялық қызметті төрт аспектінің бірлігі ретінде қарастырады: ғылыми, қолданбалы, практикалық және ұйымдастырушылық. Білім берудегі психологиялық қызметтің басты мақсаты – балалардың психологиялық денсаулығы [3].

Жасөспірімдік кезеңде құрдастарымен қарым-қатынас алдыңғы қатарға қойылады, мұнда негізгі қызмет қоршаған ортамен қарым-қатынасты құра алу қабілетін қалыптастырумен, адамдардың тұлғалық ерекшеліктерінде бағдарлана алу, ұжымда қабылданған нормаларды саналы түрде қабылдау немесе қабылдамаумен байланысты (Драгунова Т.В., Захарова А.В., Петровский А.В., Эльконин Д.Б. және т.б.) [4].

Әскери мектептердің іс-әрекеті әскери ұйымдардың өзгешелігін бейнелейтін, көптеген жастар үшін жаңа қатынастың қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін алғышарттар қояды. Осы кезде дәстүрлі мектептік қатынас пен әскери қатынас белгілерін үйлестіретін жаңа тәрбиелеуші орта пайда қалыптасады. Мұнда А.С.Макаренко жазған «Әскери тұрмыс эстетикасы» тәрбиелеудің маңызды мүмкіндігі болып табылады.

Тәрбиелеуші орта, оқушылардың әлеуметтік тәрбиеленуіне маңызды әсер етеді. Көптеген ғалымдар ме практиктердің пікірі бойынша осындай орта тәрбиеленушілердің тұлғасының қалыптасуына елеулі әсер етеді.

Адам тәрбиесіндегі ортаның әсері туралы П.Ф. Лесгафт, А.С. Макаренко Н.И. Пирогов, Л.Н. Толстой, К.Д. Ушинский, С.Т. Шацкий және т.б. айтып көрсеткен.

Л.С. Выготский баланы тәрбиелеудің әдісі ретінде әлеуметтік ортаның басымды әсері туралы жазған.

Әскери мектептерде оқу 14-15 жастағы ұл балалардың өміріндегі жаңа кезеңнің бірі. Әскери мектепте оқудың бірінші жылында әскери мектеп тәрбиеленушілерінде тұлғалық ерекшеліктерге, тәрбиенің жетіспеушілігіне, оқуға және тәртіпке жоғары талаптардың қойылуына байланысты көптеген қиыншылықтар туындайды. Әскери мектепке түскен соң бала, әскери жарғымен өмір сүруге, жаңа ұжымда жоғары ақыл-ой, физикалық, психологиялық жүктемелердің әсерінен бейімделу кезеңінде көптеген мәселелермен кездеседі. Әскери мектеп өмірінің ерекшелігіне мыналар жатады:

Қатаң күн тәртібі;

Іс-әрекеттің топтық түрлерінің басым болуы;

Бағыну және қызмет бабындағы сыйластық (субординация);

Оқу әрекетін тұрмыспен және қосымша білім алумен байланысты міндеттерді орындаумен қоса атқару.

Әскери мектептер тәрбиеленушілерінің алдына үлкен міндеттер қойылады:

Әскери мектеп нормалары мен ережелерін қабылдау;

Өз әрекетіне жауап беру, тәртіпті сақтау және жүктелген міндеттерге саналы түрде қарау;

Оқу материалымен өзіндік жұмыс жасай алу және сапалу түрде меңгеруге қабілетін дамыту;

Ұжымда лайықты орынға ие болу, сыныптастарымен, тәрбиешілермен және мұғалімдермен адекватты қатым-қатынас стилін таңдау;

Өзіндік білім алуға, өзіндік дамуға және тұлғалық өсуге қажеттілігі мен дағдысын қалыптастыру.

Туындаған жаңа жағдайлар жасөспірімнің мінез-құлқымен ойлауының өзгеруін талап етеді. Жасөспірім қоршаған ортаның түрлі жағдайларына тез енсе, өзі үшін тұлғалық конфликтілерді тез басынан кешірсе, кедергілерді жеңуге дайын болса, бейімделу үрдісі тез өтеді. Оқу-тәрбие үрдісіне тез енуге, тәрбиеленушінің әскери мектепке түскенге дейінгі қалыптасқан бірнеше психологиялық мәселелері кедергі келтіреді [5].

Әскери мектеп бір жағынан жоғары сапалы білім беру және қазіргі қоғамның болашақ бетке ұстар азаматтарын тәрбиелеу керек, екінші жағынан, көмекті талап ететін балаларға қол ұшын созу керек. Әскери мектептің әр сыныбында әлеуметтік-педагогикалық қараусыз қалған балалар, оқу мотивациясының төмен деңгейімен, ішкі тұлғалық мәселелермен, ұжымдағы орнын табумен, қарым-қатынаспен, т.б. психологиялық мәселелері бар жасөспірімдер кездеседі [6].

Әскери мектепте жүзеге асырылатын адамгершілік және физикалық денсаулықты қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламаларының тиімділігін зерттеу мақсатында оқу жылының басында жүргізілген психологтардың зерттеулері бойынша келесі нәтижелер алынды: әскери мектептегі сыныптарда қоғамға интровертті түрде бейімделетін, яғни қоршаған ортаның көзқарасымен және қоғамның стандарттарын басшылыққа алатын жасөспірімдер басым.

Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу нәтижесі мазасызданудың төмен деңгейін, өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейін көрсетті.

Қолайлы тәртіпте жұмыстың жоғары деңгейі, тәрбиеленушілердің дұрыс психоэмоционалды күйін белсенді коррекциялық жұмыспен байланыстырамыз.

Көбінесе ұлдар тобында өз лидері бар иерархия пайда болады. Лидерді авторитетті және сенімді екінінен біле аламыз. Әр бала топта өз мәртебесін көтеруге тырысады. Бұл ұл баланың білімі, біліктілігі, немесе басқалармен қатаң сойлесу қабілетімен немесе төбелесуге дайындығымен жүзеге асады.

Міне, осы себептерге байланыты біршама шиеленістік жағдайлар туады, осы мәселелерді шешу үшін жасөспірімге көмек қажет. Жасөспірімдер өз жасының ерекшелігіне байланысты ересе адамдардың көмегін қабылдағысы келмейді, сондықтан мектепте татуластыру қызметі болған жөн.

Оқушылар өз жолдастарына шиеленістік жағдайларды шешуге дұрыс кеңес беру үшін түрлі өмірлік жағдайда конструктивті қарым-қатынас психологиясынан білімдер беру керек. Білім беру үрдісінде, азаматтық және әскери салада мемлекетке қызмет етуге дайын және қабілетті оқушылардың зияткерлік, мәдени, адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз етуде бала дамуын психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеу маңызды болып табылады. Бұл бала дамуының маңызды жастық кезеңдерінде оның тұлғасының, даралығының, өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін кәсіби және өмірлік өзін анықтауға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасы, Астана, 2010.
2. М.Р.Битянова, «Организация психологической работы в школе», М, изд-во «Совершенство» 1997, С:25-26.
3. Практическая психология образования / под ред. И. В. Дубровиной, издательский дом «Питер», 2004.
4. Конфликтология /Под ред. А.С.Климина:- Санкт – Петербург. «Лань»,1999.
5. Программа психологической помощи подросткам «Поверь в себя». Библиотечка «Первого сентября», №4, 2007.
6. Рабочая книга школьного психолога /Под ред. И.В. Дубровиной:- Москва, «Просвещение», 1991г. с. 301

ОПРЕДЕЛЕНИЕ, РОЛЬ И ВОЗМОЖНЫЕ ПУТИ РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ВУЗАХ

ЗЕРТТЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ АНЫҚТАМАСЫ, РӨЛІ ЖӘНЕ ЖОО-ДА ДАМЫТУДЫҢ МҮМКІН ЖОЛДАРЫ

THE DEFINITION, ROLE AND POSSIBLE WAYS OF RESEARCH CULTURE DEVELOPMENT IN HIGH EDUCATIONAL INSTITUTIONS

Mizimbaeva Almira Sarcenbekovna-

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, Алматы Магистр образования, докторант PhD 2-курса специальности «Педагогика и психология»

Аннотация

Данная статья раскрывает сущность такого актуального понятия на данный момент как развитие исследовательской культуры в ВУЗе. Содержится анализ определений исследовательской культуры, данные различными авторами и источниками. К тому же, феномен культуры раскрывается во взаимосвязи с исследовательской культурой. Также раскрывается структура основного понятия. Перечислены трудности развития исследовательской культуры, которые в свою очередь могут быть в различных формах. Выявлены пути решения проблем и представлены пути развития исследовательской культуры.

Түйін

Берілген мақалада қазіргі таңда көкейкесті мәселелердің бірі жоғары оқу орындарындағы зерттеу мәдениетін дамыту қарастырылған. Әр түрлі авторлар мен дерек көздермен берілген зерттеу мәдениетінің анықтамасына сараптама жасалған. Сонымен қатар, мәдениет феномены зерттеу мәдениетімен байланыста қарастырылған. Негізгі анықтаманың құрылымы берілген. Зерттеу мәдениетін дамыту жолында болатын қиындықтар анықталған. Мәселелерді шешу жолдары мен зерттеу мәдениетін дамыту жолдары қарастырылған.

Annotation

The given article deals with the one of the issues of current importance –research culture in HEI. Specifically, the definitions of research culture given by different authors and resources are analyzed. In addition, the culture phenomenon is exposed in respective to research culture. Clear structure of research culture is provided. Obstacles to developing a research culture come in many forms and are reviewed. More important, solutions are identified and ideas given on how culture develops.

Ключевые слова: исследовательская культура, исследование, ВУЗ

Тірек сөздер: зерттеу мәдениеті, зерттеу, ЖОО

Key words: research culture, research, HEI

Research culture is the set of shared, taken-for-granted implicit assumptions that members of a HEI hold about research and determines how they perceive, think about, and behave with the respect to research activities
Edgar Schein “Organizational culture and leadership”

Why it is of vital importance to concern about research culture and should we be concerned? One could say that new Universities have a problem as they are new and need to build this culture from a lower base, but not only that, it is a matter not just of building but also of changing a culture; this is much more difficult. However,

with the student numbers rising and the resourcing not keeping up, the pressure is on the staff and so teaching – the service which we provide and forms the basis on which we are paid – becomes the priority. Consequently research suffers to the extent that many universities now are concerned about very Research Culture in their institutions. If we add to that the fact that many universities are formerly essentially but not exclusively, teaching institutions, we have the issues of staff who have been here a long time, do not have research experience and indeed have never been part of a “Research Culture”. For such institutions this represents not only an issue of declining research culture but a significant culture shift. One of the questions is, given the changes in the societal context of the Higher Education sector, have we changed enough, quickly enough as the world has changed around us, or have we perhaps tried to cling on just a little too long to what we know, what we knew to our comfort zone. The pressure is still on – how should we be teaching the current content to the current students in the current context and how does this impact on research. Research is closely connected with teaching.

Teaching in a University is different; we use the same word in primary school, secondary school, TAFE, Teachers Colleges, CAEs etc. but it is not the same. One of the major differences is of course the extent to which it (the teaching) is interwoven with research and the research principles. We cannot, in 3 or 4 years, teach the entire content of a discipline (given the growth rate of knowledge this would be futile). So, we do not and we do not pretend to; we teach a spectrum of fundamental and advanced content in the context of the discipline and its application and we teach how to find, understand, contextualize, analyze, criticize, apply, describe, explain etc. This is where the link to research is the strongest. Sometimes these are referred to as “generic skills”; they are much more important, indeed vital, and much more integral to the idea of Higher Education to be given the simplistic tag of being generic, some of them are quite specific. Interestingly, as if to reinforce this, the University of Melbourne refers to the triple helix, an allegorical reference to the Watson and Crick descriptor, but in this case applied to the intertwining of Research, Teaching and Knowledge Transfer:

Сонымен қатар, ортаны ұйымдастыруда тағыда бір жағдайды ескеру керек, ол дегеніміз тұлғаның өзі ортаның әсеріне қалай қарайды, өзінің ішкі позициясы қандай, себебі ол оның шығармашылық қалыптасушы қызметінен көрініс табады. Бұл тұжырым Г.С.Костюктың пікірінде де негіз алған, ол былай деп жазады: «бала ортадағы күштер мен тенденциялардың түйісуіне, оны бала қалай елестетуіне, оған қандай қарым-қатынас жасауына, ортаның да бала дамуына әсері осыған тәуелді болмақ». [2.168б]. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, (С.М.Вишняков, Д.Н.Кавтардзе, В.А.Ясвин және т.б.) білім беру ортасы дегенде түсінуге тиіс нәрсе, «әлеуметтік, мәдени және де басқа да индивидтің білім алуы жүретін, білім беру қызметтерінің сол аумақтағы қоғам мүшелеріне қолжетімді жағдайлардың жиынтығы». [3.199б].

Осыған орай, қазіргі білім көздерінен «білім беру ортасы дегенде түсінетіміз ол, әлеуметтік-мәдени» аумақ, білім беру жүйесінің өзара қызмет атқару зонасы, ол жүйедегі элементтер оқыту материалдары мен оқыту әдісінің субъектілерінің өзара қарым-қатынас жүйесі. Білім беру ортасының күрделі өлшем бірлігі бар. Оның бірнеше дәрежесі анықталған: бірінші элемент-белгілі бір білім беру ұйымының ортасы; аудандық, республикалық және т.б. Сонымен қатар ерекше тұлғалық-білім алу мен даму аймағы. Заманауи білім жүйесінің білім беру ортасы, жаңа білім беру жүйелерінің жиынтығы мен құрылуда, жүйелер-дәстүрлі және инновациялық модельдер, стандарттардың күрделі жүйесі, бұл жүйелер жоғары технологиялық материалдар мен құралдардың және ең бастысы балалар, оқытушылар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты интеграциялау мазмұнында. Заманауи білім беру ортасыны сапасында ең тиімдісі болып табылатыны көптеген локальды білім орталарының өзара қарым-қатынасы, бір мемлекеттің инновациялық ортасының ерекшеліктерін басқа елдің білім беру орталарына қолдану.

Мектепке дейінгі тәрбие жүйесінде «білім беру ортасы» деген түсінік жеке қарастырылмайды, көбіне «дамытушы орта» деген түсінік қолданылады. Кейбір авторлар дамытушы ортаны «заттық орта», «заттық аймақ» деп, осы ортаның тіршілік етушілерінің физиологиялық, психологиялық, антрометриялық ерекшеліктерін ескере отырып, зерттейді. (Н.Кроткова, Н.Михайленко, Н.Тарловская т.б.)

«Заттық-дамытушы» орта деген түсінікте қалыптасқан, балалардың табиғи ортаны тануында да «заттық-дамытушы» ортаның өз рөлі қалыптасқан. (Н.О.Никонова, М.И.Талызина) Кейбірі оны: «рухани», «материалды» және заттық, «рухани-материалды» деп классификациялауды ұсынады. (Л.В.Сверская).

Заманауи педагогикалық мектепке дейінгі білім беру көздерінде «даму» түсінігі, әрқашан білім субъектілерінің мінездемесімен байланыс тапқан жоқ. Мысалы, «Дамытушы ортаны ұйымдастырудың шарттарында» негізінен заттық орта қарастырылады: оның мінездемесі, ақпараттандырылуы, құнарлығы, вариативтілігі, қолайлылығы, тиімділігі, эстетикалық және гигиеналық көрсеткіштермен қамтамасыз етілуі.

Шыныменде, В.С.Мухинаның пікірінше, [4], заттық әлем-ол заттар әлемі-ол адамның тіршілік ететін, оның тұрмыстық және рухани дамуы, өз қажеттілігін қамтамасыз ету құралы. Сонымен орай, бала психологиялық тұрғыдан да тұрмыс құндылықтары ретінде заттық әлемге тәуелділікке түседі, оны «игере» бастайды. Сондықтан, бүгінгі таңда дамытушы ортаның тек заттық мінездемесін ғана емес, оның басқа да, біріншіден, рухани қазынамен мәдени эталондарды игеру сияқты өлшем бірліктерімен өзектендіру қажет. С.Л.Новоселованың зерттеулерінде заттық-дамытушы орта баланың қызметіндегі материалды объектілердің жүйесі, оның рухани және физикалық бет әлпетінің қызметі жобалаушы ретінде көрсетеді [5].

Дамытушы ортаға мінездеме бергенде, педагогтар көбіне ұйымдастыру жағынан (заттық, рухани); қызмет ортасындағы іске асатын (білім, ойын, еңбек); мазмұны жағынан (бағдарлама, әдістер, жұмыс түрі т.б.) қарастырылады.

Л.И.Новикованың ойынша, тұлғаның дамуы ортаның тек қана педагогикалық мінездемесінен ғана емес, баланың ішкі қойылымына да байланысты екенін айрықша айтып кетеді, сондықтан ортаны баланың қажеттілігі мен талаптарына жақындату керек. Тек қана баланың ерекшеліктерін ескерген орта, оның жағымды эмоциялық қатынасын тудыра алады [6]. Ортаның белсенділігі деген-орта баланың тұлғасына жан-жақты әсер ету, оның сезіміне, эмоциясына, еркіне, баланың ойынан белсенді жұмыс істеуін талап ететін, қиялын, оның шығармашылық белсенді әрекетке итермелейтін, ортаны өзгерте қалыптастыра отырып, ол арқылы өзінің дамуына бағытталғандығы.

Эмоционалдық-әр баланың немесе ересектің жеке басына қолайлы, эмоционалды түрде жағымдылығы. Орта балаға түрлі ынта тудыруы қажет, оның білуге деген қызығушылығын дамытып, интеллектін түрлі шығармашылық іс-әрекетке итермелеу қажет.

Жеке бас және жас ерекшеліктерін ескеру деген-объективті тіршілік ортасын балаға субъективті түрде маңызды ортаға айналдыру, осы орайда оның талаптарын, қызығушылығын, қабілетін ескертіп, оған өзін-өзі көрсетуге көмек беретіндей ету.

Тұрақтылық-динамикалық принцип деген-Л.С.Выготский көрсеткендей «барлық компонент тұйық, қозғалмайтын қалыптан өзгеріп, түрін, формасын тез өзгеріске келтіретін деп түсіну».

Икемді аумақ, ол бүкіл орта құрылымының модальды комплекс түрінде келуі. (жарық, дыбыс, қозғалыс т.б.)

Ортаның ашықтығы және жабықтығы деген-орта тек дамытатын ғана емес, баланың тұлғасының шығармашылық қызметінің әсерінен дамушы қабілетте болу керек [7].

Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-дамытушы ортаның негізгі компоненттері баланың физикалық, эстетикалық, әлеуметтік, танымдық дамуына қажет. Олар:

- табиғат ортасы, ондағы объектілермен, мәдени ландшафтылар (парктер, бақтар)
- дене шынықтыру, ойын және сауықтыру т.с.с орталар;
- заттық ойындық орта, компьютерлі ойындық комплекстер мен балалар кітапханасы, видеотека;
- музыкалы-театрланған орта, дизайн-студия;

Бұлардың негізгі құрамын В.А.Петровский, Л.М.Кларина, Л.А.Смывина, Л.С.Стрелковалардың [7] мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізген талдаулары негізінде құрылды. Зерттеушілердің пікірінше, әр компонент мектепке дейінгі ұйымның жақсы талғамына сай, әрі тыныштық және қорғаныс аурасын тудыратын; баланың жақын болашақта белсенді әрі жемісті дамуына керек қажеттіліктерді қанағаттандыратын; ортадағы жағдай эргономиканың негізгі талаптарына сай, олармен жұмыс жасайтын балалар мен ересектерге қолайлы болуы тиіс. Қарастырылып отырған мәселеге байланысты нормативті құжаттарды зерттеуде мектепке дейінгі жастағы баланың даму ортасына қойылатын талаптар (гигиеналық, құқықтық, этикалық, эстетикалық т.б.) анықталды.

Осыған орай, мектепке дейінгі ұйымның заттық-дамытушы ортасы интенсивті түрде дамытатын, баланың білуге құштарлығын оятып, дамытатын, оның еркі мен эмоциясын, сезімін оятатындай болуы тиіс.

Мектепке дейінгі баланың жекебасын және танымдық процесстерін дамыту, қарым - қатынас дағдыларын, және тұтастай алғанда айналадағы элементтермен өзара іс - қимылын қалыптастыру баланың даму ортасын ұйымдастырумен тығыз байланысты. Дамушы заттық орта - бұл бала қызметінің материалдық объектілерінің жүйесі, оның рухани және физикалық дамуының функционалдық үлгідегі мазмұны. Заттық ортаның негізгі элементтері - сәулетті - ландшафтық және табиғи - экологиялық объектілер; ойын және спорт алаңдары, олардың жабдықтары; баланың өсу барысына байланысты ірі ауқымдағы конструкторлармен (модульдермен), ойыншықтардың тақырыптық жинақтамаларымен, ойын материалдарымен, ойын жабдықтарымен жаратқандырылған ойын кеңістіктері; тәрбие мен оқытудың

аудиовизуалдық және ақпараттық құралдары болып табылады. Заттық ортаға қойылатын бастапқы талап - оның дамытушылық сипаты. Ол балабақша бөлмелерін, сондай - ақ участкені заттық кеңістікке ұйымдастыру арқылы баланың мүдделері мен қажеттіліктеріне, ал олардың элементтері (құрал - жабдықтар, ойыншықтар, дидактикалық материал, т.б.) баланың дамуына қызмет етуге тиіс. Қорыта айтқанда, дамытушы заттық орта мынадай психологиялық - педагогикалық өлшемдерге жауап беруге тиісті: баланың психикалық даму деңгейіне сәйкестігі; жүйелілігі; көп функциялылығы; баланың шамасына сай болуы; трансформациялануы; мазмұны бойынша және функционалдық міндеттері бойынша вариативтілігі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР :

1. Ясвин В.А. Психология отношения к природе. – М.: Смысл, 2000-456с.
2. Короткова Н. Предметная развивающая среда: подход в взаимодействию детского сада с семьей. // Ребенок в детском саду.-2004. №2 –с 28-31.
3. Вишнякова С.М. Профессиональное образование: Словарь. Ключевые понятия, термины, актуальная лексика.- М.: НМЦ СПО, 1999.-538с.
4. Мухина В.С. Психология дошкольника: Учеб. пособие для студентов пед. института / Под ред. Л.А.Венгера. – М.: Просвещение, 1975-239с.
5. Новоселова С.Л. Развивающая предметная среда: Методические рекомендации по проектированию вариативных дизайн-проектов развивающей предметной среды в детских садах и учебно-воспитательных комплексах. – М.: 1995.- с. 15-28.
6. Новикова Л.И. Школа и среда.- М.: Знание, 1985.- 80с.
7. Петровский В.А., Кларина Л.М., Смывина Л.А., Стрелкова Л.П. Построение развивающей среды в дошкольном учреждении// Дошкольное образование в России.Сб. нормативно – правовых документов и научно-методических материалов-М.: АСТ, 1997-102с.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕНІҢ ОРНЫ

**П.ғ.д., профессор С.Н.Жиенбаева,
Фейзулдаева Салтанат**
Бөкетов атындағы Қарағанды
мемлекеттік университеті
2-курс магистранты

Резюме

Современному обществу требуется открытая для общения личность, способная к межкультурному взаимодействию и сотрудничеству. В статье одной из ведущих задач педагогической деятельности выступает формирование социальной компетентности на всех уровнях образовательного процесса в школе. Автором статьи уточнены и дополнены научные представления не только о содержании понятия «социальная компетентность младшего школьника», но и пути и условия её формирования; обогащен критериальный аппарат сформированности социальной компетентности. Автором раскрыта структура социальной компетентности младших школьников.

Summary

Modern society requires open minded individuals who capable for cross-cultural interaction and cooperation. In the article one of the leading advocates the educational objective formation of social competence at all levels of the educational process at the school. The author has been further refined and expanded the scientific understanding not only about the content of the concept of "social competence of young schoolchildren ", but also the ways and conditions of its formation, the unit is enriched criterion the formation of social competence. The author is discovered the structure of social competence of primary school children.

Бастауыш сынып оқушыларының дербес және ересектің жетекшілігімен әлеуметтік тәжірибені жинақтауы баланың әлеуетін ашуға, меткептегі оқуға тиімді даярлауға, кейін өмірге дайындауға ықпалын тигізеді. Осыдай мүмкіндіктерге байланысты әлеуметтік құзыреттіліктің негізі қаланып, өзгермелі ортаға тез бейімделуіне және даму аймаған анықтай алады. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігі тұлғалық сапасы, әлеуметтік қатынасты белсенді шығармашылық тұрғыдан меңгеруі, сол сияқты этикалық нормаларды, тұлғааралық және тұлға ішілік әлеуметтік позициясын құрып және ретке келтіріп отырады. Әлеуметтік құзыреттілік адамда жасына, әлеуметтік орнына, қоғамның ерекшегіне және құралдарына қарай қалыптасады.

Балаға әлеуметтік тәжірибені іс-әрекетте меңгерту арқылы тұлғасын дамыту идеясы психология ғылымында басым орын алды. Бірақ баланың тұлғасы өзгергіштігімен ғана емес, сонымен бірге бірқатар тұрақтылығымен ерекшеленеді, бұл баланың өзіндік дамуына мүмкіндік береді. Бұл баланың адамзат қатынастарының, адамзат мәдениетінің дүниесіне ену үдерісі болады, себебі адамзат мәдениетінің дүниесі тұлғаның алдында және даму мүмкіншілігі үшін сарқылмас көзі ретінде болады. Ә.Мұханбетжанова өзінің зерттеу жұмысында «Мектеп-балабақша» ауылдық кешендегі бастауыш сынып оқушыларды тәрбиелеу жүйесін, мазмұнын, негізгі формалары мен әдістерін жүйелей келе, түрлі жастағы балалар құрбыларымен және өзге жастағы балалармен үнемі қарым-қатынас жасай отырып, білім, білік, дағды және әлеуметтік тәжірибесін меңгереді. Әсіресе балалардың тәжірибе жинауы, бір-бірімен тәжірибе алмасуы бала дамуына ықпал етеді. К.Өстемиров өзінің зерттеу жұмысында тәжірибе және субъективті тәжірибе ұғымдарын кеңірек қолданып, «тәжірибе – адам өмірінде болатын барлық жағдайларды оның саналы меңгеруінің жиынтығы» деп анықтама беріп, өзінің құрылымы жағынан білім, білік және жеке тұлғаға сапалардан тұрады деп топшылайды.

Ж.Б.Қоянбаева, Р.М.Қоянбаев өздерінің еңбектерінде әлеуметтік тәжірибе мәселесіне тоқтала келе, адамның объективті әлеммен өзара әрекетінің барысы және оның нәтижесі деп анықтама берген. Ол қоғамның іс-әрекетінің түрлері мен нәтижелерін, еңбектің тәсілдері мен дағдыларын, нақты істе ашылған адам іс-әрекеттерінің және әлемнің объективті даму заңдылықтарын қамтиды. Жеке тұлға әрекет жасау үшін тәжірибені игеріп, яғни қоғамдық қатынастар жүйесіне енеді. Осы жағдайда ғана объективті тәжірибе субъективті мұраға айналады. Күнделікті тәжірибенің шектеулігі жеке тұлғаны адамзаттың қоғамдық-тарихи іс-әрекетіне ендіру арқылы кеңейтіледі. Осы әрекетте адам өткен ұрпақтың объективтендірілген тәжірибесін меңгеріп қоймайды, сонымен қатар өзінің дамуына ықпал ете отырып, оны байытады. Жеке адамның сыртқы әлемді нақты пайымдауы білім негізін қолдаудың жалғыз ғана жолы емес, ол тек қоғамдық-субъектінің тәжірибелік теориялық іс-әрекетіне қатысқанда ғана осындай бола алады деген. Ғалымның пікірінен тәжірибені күнделікті тәжірибе, өткен ұрпақ тәжірибесі, объективті және субъективті тәжірибе, әлеуметтік түрлеріне саралап, әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуына негіз болатындығын көреміз. Жоғарыдағы ғалымдардың ой-тұжырымынан мынандай қорытынды шығарамыз: адамдар өзінің білімі мен тәжірибелері арқылы қоғамды дамыта отырып өмір сүру талаптарына сай қажетті өнімдер өндірген. Аға ұрпақ ізін басар ұрпақтарына сабақтастықпен әлеуметтік тәжірибені меңгерту дәстүрі қалыптасқан.

Б.Ананьев, Л.И.Анциферова, В.Мясишев, Э.Эриксон, Қ.Жарықбаев, А.Алдамұратов және т.б. тұлғаның тәжірибесі оның ішкі әлеуметтік мәдени мазмұнының жиынтығы, оның нәтижесі, түрткісі, таңдауы, қылықтары, бағыттарымен анықталады. Алғашқы ішкі этникалық инстанциялар және бірінші этикалық ережелер, сәбилік және мектепке дейінгі жаста құрыла бастайды, бірақ мәндік тұлғалық шындық болу үшін қоршаған дүние және адамдардың арасындағы қатынас туралы түсініктер, онда іс-әрекет арқылы жанама түрдегі болу керек. Сондықтан мектепке дейінгі кезеңнен мәдени-тарихидәстүрлер баланың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыруға негіз бола алады. Осы орайда, Б.С.Братустың пікірінше, баланың өмірі, болмысы арқылы, ұғыну және өзіндік сана-сезім арқылы өтеді, себебі «мән дегеніміз адамның өмірінен өткен білім болады» деген пікірін келтірген жөн.

Бірте-бірте тәжірибе қалыптасқаннан кейін, мәндік аяның тұтастық құрылымына еніп, олар өзінің дербес өмірін бастайды, өзіндік «инерцияға», «мәндік орнатылымдарға» (А.Г.Асмолов бойынша) ие болады, өзінің талаптарын дүниеге келтіреді тек қана көрсетіп қана қоймай, оны жасайтын да тұлғаның толыққанды белгісі, адамгершілік санасы болады. Сондықтан әлеуметтену үдерісінде ие болу белсенділігі, қалыптасуы, қандайда бір тұрғыны және мағыналық мәнді жеңіп алуы құнды болып қоймай, сонымен бірге өтетін қайтарым белсенділігі, түрлендіру белсенділігі, басқа адамдардың құндылық мәнге ие болуы. Бұл тұжырымдама үшін В.А.Петровский енгізген бейнеленген субъектілік ұғымы орталық мәнге ие. Ол өзінде басқа адамдардың өмірінде идеялды қатынасу формасы ретінде адамның дүниедегі болмысының

тұлғалық астарлары туралы түсініктерді іске асырады. Адамның қатынастарда субъект бола беруі басқа адамдардың, ұғымның және жетекшілердің, яғни әртүрлі әлеуметтік позицияларда бұрған және оның даму тарихында әртүрлі ретінде ойнаған адамдардың жағынан қатынас объектісі саласында оның көптеген өмірлік жағдаяттарда дамуына байланысты (А.С.Макаренко).

Бастауыш сынып оқушыларында тиімді басталатын әлеуметтену іс жүзінде әлеуметтік құзыреттіліктеріндің негізін «өсірудің» барлық қажетті негіздемелерін салады. Ол адамның бүкіл өмір бойы басқа да әлеуметтік жазықтықта және жағдаяттарда «өсіп», күшейеді, сондықтан құзыреттіліктерді қалыптастыруды мектептегі білім берудің еншісіне қалдыруға болмайды.

А.М.Щетинина баланың әлеуметтену идеясының негізінде біз әлеуметтік құзыреттіліктің құрылуын өзара байланысы әлеуметтену және даралық үдерістері ретінде қарастырамыз. Оның нәтижесінде ортамен тиімді өзара әрекетке, онда өзін өзектендіретін және өзін жүзеге асыруға қабілетті, бірақ өзін социумға қарама-қарсы қоймайтын баланың әлеуметтік белсенді тұлғасы қалыптасады. Әлеуметтік даму үдерісінде диалектикалық бірлікке жасалған әлеуметтену және даралану байқалады, олардың қарама-қарсылығын орнататын нүктеден бұл бірлікке «шабуылдап» отырады, себебі міндетті болу әлеуметтік олардың нормасы ретінде кейбірде жекеліктің нормасы тәуелсіздікке қақтығысып қалады. Даралық когнитивтік аясында жарқын көрініп, дара-типологиялық ерекшелігі дене, психикалық және әлеуметтік сапаларға сәйкес келеді. Даралық өмір барысында, әрекет пен мінез-құлық ерекшелігінде бекітіледі. Бұл көзқарасты негізге ала отыры, біз әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасу үдерісі кіріктірілген құбылыс ретінде тұлғаның қоғамға ену формуласы пайда болады. Әлеуметтік құзыреттіліктің формуласы үш элементтен тұрады: күш–білім– іс-әрекет. С.Н.Жиенбаеваның еңбектерінде баланың әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуы әлеуметтендіру, әлеуметтік тәжірибе, әлеуметтік белсенділік ұғымдарымен тығыз байланысты беріледі. Бастауыш сынып оқушысылардың адамзаттың қатынас әлеміне, мәдениетіне енуі оның дамуының негізгі көзі болып саналады деп мәдени-тарихи дәстүрдің мәнін айтып кеткен.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз әлеуметтік құзыреттілікті әлеуметтік өзара әрекеттің әр түрлі кезеңінде және түрлерінде пайда болатын әлеуметтік қатынастарда белсенді шығармашылық меңгеріп, тұлғааралық және тұлғашілік әлеуметтік позицияларды, қатынастарды құрудың және реттеудің негізі болатын негізгі этикалық нормаларды баланың шығармашылықпен меңгеруі деп түсінеміз. *Сонда әлеуметтік құзыреттілік – тұлғаның әлеуметтік тәжірибесінің интериоризациялануы, әлеуметтік қатынас жүйесі және бұл жүйені өздігімен жүзеге асыру мүмкіндігі. Ол білім, білік және әрекеттің жиынтығының әлеуметтік ақиқатқа бағдарлануы, салт-дәстүр, құндылық, нормаларды меңгеруі.*

Әлеуметтік құзыреттіліктің осындай анықтамасы әлеуметтік қатынастардың негізі ретінде этикалық нормалар туралы, қоғамда қабылдаған этикалық нормаларға, мәдинетке баланы баулудың іс-әрекеттік негіздері туралы, әлеуметтік құзыреттіліктердің адамның ішкі дүниесіне, қатынастар дүниесіне баланың үйлесімді енуінің мәнділігін түсінуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік құзыреттіліктің мәні :

- әртүрлі әлеуметтік топтармен және жекелеген адамдармен қатынасты орнату және қолдап отыру;
- өзінің және басқа да адамдардың әрекетінің түрткісін түсінуі;
- әртүрлі әлеуметтік ролдерді қабылдап және олармен жағдаятқа сәйкес әрекет етуі;
- өзінің мінез-құлқын және қарам-қатынас тәсілін басқаруы;
- іс-әрекеттерді және қылықтарды талдау, іс-әрекеттерді және қылықтардың нәтижесін болжау;
- тарғыстарды реттеу;
- дербес жұмыс істеу және топта ынтымақтас болу;
- таңдау жасау және шешім қабылдау;
- өзінің жұмысын ұйымдастыру;
- тәжірибеден пайда түсіре білу.

Орнықты мәнді құрылымдарды қалыптастыру үшін балаға сондай реттегі іс-әрекетке қатынасуға жағдай жасау, осы реттегі өмірлік жағдаяттарды және мәселелерді шешуге мүмкіндік беру қажет. Онда шынайы өмір сүріп, өзінің ұстанымдарын және ұмтылыстарын жүзеге асырып, оның қылықтарымен істерімен қосылып кеткен және қорытпаланып, тұлғалық құндылықтары болып, яғни оның өмірінің түгел нақты барысын бағыттайтын және анықтайтын ұғынықты мәндік құрылымдар болады. Осындай әрекеттік жанама түрдегі тәрбие, тұлғаның мүмкіндік болатын ауытқушылықтарын түсінудің маңызы зор.

Кіші мектеп жасындағылар — онтогенез кезеңі 6-7 жастан 10-11жасқа дейінгі аралықты қамтып, бастауыш мектептегі оқытудың талаптарына сәйкес келеді. Кіші мектеп жасындағылардың әлеуметтік жағдаятының дамуының негізгі мазмұны мектепте жүйелі оқуға өтуге құрылған. Бұл жаста мінез-құлқын ерікті түрде реттеуге, өзін өзі бақылау, өзін өзі ұйымдастыру қабілеті өзгереді. Л.С.Выготскийдің пікірінше, түрткілік-қажеттілік аясында жаңа даму деңгейі оның тікелей емес әрекет етуге ғана емес,

саналы мақсатпен, әлеуметтік екселенген нормалар, ережелер, мінез-құлық амалдарын басшылыққа алуға мүмкіндік береді. Кіші мектеп жасындағы балалар өте қарқынды адамгершілік нормаларды меңгереді. Ж.Пиженің ойынша, қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынасында жаңа тип қалыптасады, ересектерден гөрі құрдастарын жинақтайды, балалар бірлестігінің рөлі артып, құрастыру әлеуметтік өзара әрекет дағдысы күшейеді, құрдастарымен достық қатынасы қарқынды бола түседі. Балалар ұжымы арасында іскерлі және жеке қатынасы жүйесінде мәртебесі жеткілікті тұрақтылығы қалыптасады.

Сондықтан бастауыш сынып оқушылары өзінің табиғаты, әрекетті белсенді, әлеуметті, адамдар қатынасының дүниесіне және қоршаған шындыққа оның қатынасының іс-әрекеттік сипатта екендігін есепке ала отырып әлеуметтік құзырет сұрағын қойып және шешіп алу керек, себебі әлеуметтік құзыреттіліктің дамуының шарты, құралы және негізі болып табылады. Осы айтқандардан шығатын қорытынды бастауыш сынып оқушысының әлеуметтік құзыреттері оларды «құқықты», «оған берілген өкілеттілік» ретінде ие болуға тиісті. Әлеуметтік құзыреттер – бұл бастауыш сынып оқушысының мүмкіншіліктері, ол өмір сүру құқығында, дамып жатқан тұлғаның құқығымен субъект құқығымен, қауымдастықтың мүшесі құқығымен туындаған. Құзырлықтың анықтамасына сүйене отырып бала өзіндік әлеуметтік белсенділікті көрсетуге құқылы деп тұжырымдаймыз. Әлеуметтік құзыреттіліктің мазмұндық мәні әлеуметтік ақиқат туралы ақпараттануы, басқа адамдармен әңгімелесе алу біліктілігі мен дайындығы, социум талаптарына сәйкес өмір жағдайларына байланысты шешім қабылдай алуы, өзі және төңірегіне әсерін көре білуі. Ол жас ерекшелігіне бала қатысатын әлеуметтік жағдаятқа және әлеуметтік-мәдени жағдаятына сай болады. Атап айтқанда, баланың мынадай құқықтары бар:

- балалардың, балалар-ересектер ойындық, оқу және шығармашылық қауымдастықтарды құруға не болуға және енуге;

- өз әрекетінің және басқа адамдардың әрекетінің нәтижесі туралы пікірін айтуға;

- әрекетінің өзіндік нәтижесін алуға және оны өзіндік тұрғыдан бағалауға;

- тартыстарға қатысу;

- топта дербес немесе ынтымақтаса жұмыс істеуге таңдау жасауы, шешім қабылдауы;

- өзіне сенімсіздік және қате істеуге;

- бұрынғы көзқарасынан бас тартуға;

- өз жұмысын дербес ұйымдастыруға;

- өзіндік тәжірибеге ие болуға;

- қабылданған шешімге жауапкершілікті болу құқығы;

- құндылықтардың өзіндік жүйесіне құқығы; Баланың практикалық әрекетте өзінің тәжірибесіне ие болудың мүмкін бағыттарын тұлғаның ерекшеліктерінен және сұраныстарымен анықталған әлеуметтік мүмкіндіктерінен талдау негізінде білуге болады. Олардың жаңа сезімдерге, жаңа білімдерге, белсенді ізденушілік-практикалық және бастамамен зерттеушілік әрекеттерге, қарам-қатнасы және басқаларына сұранысы арқылы көрінеді. Осы жағдайда зерттеушілік бастамалық, белсенділік кешенді құрылым ретінде мыналардан тұрады: а) тұлғаның дүниеге деген белсенді шығармашылық қатынасы, ол іс-әрекеттің түрлерін және әрекеттің жаңа тәсілдерін ойлап татуға деген ішкі, ерікті ұмтылысына негізделген; ә) дербес бастамаларына және шығармашылық ойлауға қабілеттілігі. Мысалы, әлеуметтік құзыреттілікті «әртүрлі әлеуметтік таптармен жекелеген адамдармен (кіші, тегелес, ересек, жас үлкендермен) қарым-қатынас орнатып және қолдай білу біліктілігі» деп айтуға болады. Осы жағдайда балаға кісінің назарын өзіне аудару үшін сәйкесті тәсілді пайдалану қажет, екі қатысушыға да қызықты мазмұнды табу керек. Мұнда бар немесе бірнеше де меңгерген әрекеттердің тәсілдері жеткіліксіз. Біздің пікірімізше, іс-әрекет барысында баланың алған білімдері барынша берік, сонымен бірге барынша субъективті болады. Бастауыш сынып оқушыларында негізгі құзыреттіліктердің құрылуы және көрінісі субъективті, таңдамалы сипатта, жекелік психологиялық ерекшеліктермен, әлеуметтік қоршағандардың өзгешеліктермен байланысты болады.

Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігінің құрылымы: 1) өзі туралы әлеуметтік қатынастың объектісі және субъекті ретінде түсінігі; 2) әлеуметтік міндеттерді шешуде өзінің мінез-құлқына адекваттық және адекваттық емес бағасы; 3) өзін-өзі реттеудің жаңа амалын меңгеруі. Жоғарыдағы аталған әлеуметтік құзыреттіліктің құрылымының жеткілікті қалыптаспауы «әлеуметтік инфантилизмге» әкеліп соғады, балалардың жаңа жағдайға бейімделуінде проблема туғызады.

Бастауыш сынып оқушысының негізгі құзыреттіліктердің құрылуының нәтижесі ретінде ішкі әлеуметтік-бағытталған мотивтермен, баланың жеке құндылықтарымен және өзінің жетістіктерін ұғынуымен, қиыншылықтары мен келешектерімен шартталған баланың танымы, әлеуметтік қарым-

катынастарын орнатуы және қолдап тұруы, іс-әрекетті ұйымдастыруы және жүзеге асырудағы бастамашылықтың таңдамалы көрінісінің нәтижесі болуы қажет. Біздің пікірімізше, бұлай болудың себебі мектепке дейінгі кезең білім алудан кері, тұлғалық базалық қасиеттерінің құрылуына арнау. Мемлекетіміздің 12жылдық білім беру реформасы осы тұлғаның орталықтық екенін көрсетіп отыр. Әлеуметтік құзыреттіліктерде, әлеуметтік және іс-әрекеттік, іс-әрекеттік және ақпараттықта ортақ мәндер және ортақ ережелер баршылық, бірақ олардың бөлектенуіне қайшы келмейді, керісінше, құзыреттіліктердің кешенді сипаты.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1 Мұханбетжанова Ә. Бастауыш білімнің интеграциясы арқылы балаларда дүниенің ғылыми бейнесін ұйымдастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. 13.00.01 – жалпы педагогика, пед. ғыл. док... дисс. – Алматы: 2001. – 300 б.

2 Қоянбаев Р.М. Білім беру және оқыту теориясы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 87 б.

3 Ананьев Б.Г. Психологическая структура личности и ее становление в процессе индивидуального развития человека. / Психология личности. –Т.2. Хрестоматия. – Самара : Бахрах, 1999. – С.7-94.

4 Эриксон Э. Психология развития. // Хрестоматия по психологии. – СПб.: Питер, 2001. – С.107–108.с.

5 Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Санат, 1993. – 272 б.

6 Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 1996. –224 б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚТАН ТЫС ЖОБАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

П.ғ.д., профессор С.Н.Жиенбаева Қазмемкызпу

Резюме

В данной статье рассмотрены труды ученых заложивших теоретическую основу проектной деятельности, особенности организации проектной деятельности учащихся начальных классов внеурочное время, виды проектов которые соответствуют их возможностям и компоненты для организации данной деятельности. А также автор дает индивидуальную характеристику каждого периода организации проектной деятельности учащихся начальных классов внеурочное время. Были раскрыты методики теоретической концепции и ее интеграция с 12-летним образованием.

Summary

In this article is considered the works of scientists who laid the theoretical foundation of project activities, especially the organization of project activities of primary school pupils after school, the types of projects that match their abilities and components for the activity. Also, the author gives the individual characteristics of each period, the organization of project activities of primary school pupils after school. Methods of the theoretical concept and its integration with the 12-year education is previously disclosed.

Жобалау әрекеті бастауыш мектептегі білім беруді ұйымдастырудың құралы, әдісі ретінде жаңа бағыты болып саналады, сондықтан бұл мәселе жеткілікті дәрежеде әлі зерттелмеген. А.Данюкованың пікірі бойынша, «жобалау әдісі дамытушы, тұлғаға-бағдарлы оқытумен байланысты және кез келген балабақшада кең қолданыла бастайды. Жобалау әртүрлі білім саласындағы мәліметтерді кіріктіру арқылы бір мәселені шешуге және оны практикада қолдануға мүмкіндік береді» [1, 12-б].

12 жылдық білім беру жүйесіне байланысты «Технологияны» оқытудағы жетекші әдістердің бірі жобалау әрекеті. Қазіргі заманғы педагогика ғылымында жобалау әдісі АҚШ-да және Батыс Еуропа елдерінде кең қолданылады, 1991 жылдан бастап ТМД білім беру кеңістігіне белсенді түрде енгізіліп келеді. Оқытудың аталған әдісінің теориялық негіздері . Е.Д. Кагаров, В.Н. Стернберг, И.Д.Чечель, Ю.А Лось., Н.В Матяш., М.В. Хохлова Э.Ө Сағындықова және т.б. еңбектерінде қарастырылады [2, 3, 4, 5, 6]. Кіші мектеп жасындағы балаларды жобалау әрекетін қолдану мәселелерін Ю.А.Лось, А.Данюкова, С.А.Пилогина, Е.С.Полат, И.Жуковский, А.Жуковская, М.В.Хохлова және т.б. еңбектері арналған [7, 8,

1, 9, 10]. Автордың педагогика тәжірибесіне арналған зерттеулері жобалау әрекетін құрал ретінде анықтайды:

- ақыл-ойды жан-жақты жаттықтырудың және ойлауды дамытудың құралы (П.Ф.Каптерев);
- жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытудың құралы (П.П.Блонский);
- кіші мектеп жасындағы балалардың өзіндік еңбек іс-әрекетіне дайындығын және дербестігін дамытудың құралы (С.Т.Шацкий);
- тәрбиеленушілерді кәсіби іс-әрекетке дайындау құралы (А.С.Макаренко);
- оқытудағы теория мен практиканың үйлесімін сақтау құралы (Е.Г.Каганов, М.В.Крупенина, В.В.Игнатъев, В.Н.Шульгин және т.б.).

С.А.Пилюгинаның пікірінше, кіші мектеп жасындағы балалардың жобалау әрекетті әртүрлі субъектілі тәжірибесін ұйымдастыруға, әрбір баланың қайталанбайтындығы мен өзіндік «Менін» танытуға ерекше мән беріледі. Жобалау әрекетін қолдану «ес мектебінен» «ойлау мектебіне» өтуі жүзеге асырылады. Мұнда негізгі тірек қабылдау, зейін, есте сақтауға, ойлауды жетілдіруге негізінен «ойлануға» қойылады [7].

И.Чечельдің пікірі бойынша, жобалау әрекеті барысында балалар бірқатар қиындықтарға кездеседі: жетекші және ағымдағы (аралық) мақсаттар мен міндеттерді қою; оларды шешудің жолдарын іздеу; баламалы қолайлы шешімдерді таңдау және оны жүзеге асыру; таңдаудың нәтижелерін болжау; өзіндік әрекет ету; талап етілгенді алынған нәтижемен салыстыру; әрекетті аралық нәтижелерді ескеріп түзету; үдеріс (әрекеттің өзі) пен жобалаудың нәтижесін объективті бағалау [4, 12-б]. Автор жобалауды жүзеге асырудағы қиындықтарды тұрақты, балалармен жүйелі жұмыста жоюға болатынын атап көрсетті.

Қазіргі заманғы педагогикада кіші мектеп жасындағы балалардың жобалау әрекетін анықтау кезеңдерінің әртүрлі жолдары қарастырылуда. Соның ішінде оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы жобалау іс-әрекетін ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігін ескерген жөн. Сабақтан тыс іс-әрекеттегі мақсатқа лайық жобалардың түрін анықтау үшін төмендегідей пайымдауларды басшылыққа алынады.

1. Сабақтан тыс іс-әрекет мақсаттары.

2. Қосымша назарға алатын оқыту мақсаттары.

Сабақтан тыс іс-әрекеттің негізгі мақсаты ретінде балалардың өз қабілеттерін және тұлғалық әлеуетін жүзеге асыруын санауға болады.

Қосымша назарға алатын басты оқыту мақсаттарына жататындар:

1. Коммуникативті дағдыларды қалыптастыру /әріптестік байланыс/

2. Жұмыс кеңістігін ұйымдастыру және жұмыс уақытын пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

3. Ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру /жинақтау, жүйелеу, сақтау, пайдалану/

4. Өз мүмкіндіктерін бағалау, өз мүдделерін қорғау және дұрыс таңдау жасай білу дағдыларын қалыптастыру.

Сабақтан тыс жобалық іс-әрекетте ақпарат жинау жұмысының дағдыларын қалыптастыру қосымша ұйымдастыруды талап етеді. Өйткені, балалар игеретін іс-шаралармен жұмыс, оқушылардағы қалыптастыруға тиісті күрделі жобалар кезінде қажет болатын, ақпараттық қызмет дағдыларын қалыптастыруға көп жағдайда көмегін тигізбейді.

Сондықтан да, жобалық іс-әрекетке ақпараттық іс-әрекетті толық көлемде енгізу үшін арнайы ұйымдастырушылық әдістерді қарастыру керек. Мұндай әдістерге жататындар: 1. Бір тақырып бойынша түрлі жобалармен бір уақытта жұмыс жүргізу. /Бұл, бір тақырып бойынша әр түрлі мәліметтерді іздестіру үшін мотивация жасауға мүмкіндік береді. 2. Осы жобаларға, бір ұжымдық ақпараттық жобаны енгізу-энциклопедия немесе тақырыптық картотеканы жасау.

Нәтижесінде жобалық қызмет -жалпы тақырып бойынша балаларға түрлі ақпарат жинау ұсынылатын, тақырып бойынша жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретін қажетті кезеңмен толықтырылады. Мұнда балалар, берілген тақырып шеңберінде нені білгісі келетінін өздері анықтайды. Тақырып бойынша жұмыс жүргізу үрдісінде ақпараттарды жинақтау, тек жобалық іс-әрекет қажеттілігінен ғана туындамайды, ол балалардың қызығушылығымен анықталады. Жоба бойынша жүргізілетін жұмыстарда жалпы энциклопедия немесе картотека, тақырып бойынша ақпараттың негізгі деректерінің бірі бола алады. Балалар өз тәжірибелері арқылы ақпараттарды ұйымдастырумен танысады: жаңа ақпараттық талаптарға жауапты оңай табу үшін материалды қалай өңдеу керек және қандай сілтемелермен оларды толықтыру қажет екені жөнінде.

Сабақтан тыс жобалық іс-әрекет екі компонентті ретінде ұйымдастырылады. Бірінші компонент-балалар өзі бастама көтерген, оқытушы үйлестіретін, жобада іске асырылатын, тақырып бойынша жұмыс жүргізу. Екінші компонент- оқытушы немесе тәрбиеші арнайы ұйымдастырған, балалар өз бетінше

орындаған, шығармашылық жұмысты тудыратын іс-әрекеттер кешені. Шығармашылық жұмыстардың негізгі түрлері-бұл іс-шаралар. Жобалар: мүсін, сурет, коллаж, макет жасау, спектакль және концерттер қою ж.т.б.

Сабақтан тыс жобалық іс-әрекеттің негізгі кезеңдері.

1. Тақырыпты таңдау. 2. Мәліметтер жинау. 3. Жобаларды таңдау.

4. Жобаларды іске асыру. 5. Презентация. Аталған жобалау іс-әрекетінің кезеңдеріне жеке-жеке тоқталайық.

Тақырыпты таңдау. Тақырыппен жұмыс жүргізу, таңдаудан басталады. Тақырып ортақ болғанымен онда балалардың қызығушылығын тудыратын тақырыпшалар көп болуы қажет. Мысалы: «Мұхит» тақырыбында «Мұхиттағы өмір», «Жүзіп жүрген динозаврлар», «Мұхит түбіндегі жануарлар», «Кемелер», «Теңіз кәсіптері», «Сүңгуір флот», «Жер шарына саяхат», «Қарақшылар», «Теңіз тағамдары», «Сән және дизайндағы теңіздік стилі», «Жазушылар мұхит жөнінде», «Суретшілер бейнелеуіндегі мұхит» ж.т.б. тақырыпшалар болуы мүмкін.

Тақырыпты таңдауда ақпараттың арнайы қайнар-көздері өз септігін тигізеді. /өндіріске экскурсия жасау мүмкіндігі, қаланың салалық бағдары, нақты тақырып бойынша жұмыс істеудегі мұғалім тәжірибесі. Ортақ тақырып бойынша балалардың ұжымдық таңдауын мұғалім реттей алады. /бағыт-бағдар беру арқылы/. Ал тақырыпшаларды балалардың өз таңдауына ұсынған жөн. Балалар таңдаған тақырыпша тақырыбы және жиынтығы болашақтағы ақпараттық жобаның құрылымы-энциклопедиялар мен картотеканы құрайды. Бұл құрылымды мұғалім, тақырыпшаларды таңдау үрдісінде, әрбір саладағы білімді жүйелеу қалай жүретінін балалар бақылауы үшін, схема түрінде тақтаға көрсетеді.

Берілегін тақырыпшалардың ішінде типтік тақырыпшалар кездеседі жағрапиялық аспектегі, тарихи аспектегі, мәдени аспект /әдебиеттегі, бейнелеу өнеріндегі, фильмдердегі тақырып/. Мысалы: «Үй» тақырыбына арналған типтік тақырыпшалар мынандай түрде болуы мүмкін: жағрапиялық аспекте-«Түрлі елдердегі үй», тарихи аспект-«Түрлі уақыттардағы үй», мәдени аспект-«Әдебиет кейіпкерлерінің үйлері», «Ертегідегі үйлер», «Суреттегі үйлер» ж.т.б.

Мәліметтерді жинақтау. Түрлі ақпарат көздерін қарастыру арқылы, балалар өздерін қызықтырған мәліметтерді жинайды, бекітеді және жобада қолдану үшін дайындайды. Ақпарат көздерінің негізгі түрлері-жазбалар, суреттер, мәтін және суреттердің қиындылары мен ксерокөшірмелері. Сонымен қатар, аудио және видео жазбалар, дискет, компакт-диск тасымалдаушыларында да ақпарат жинақтауға болады.

Тақырып бойынша жұмыс жүргізу барысында балалар өздерін қызықтырған ақпараттарды табуға, оларды жүйелі түрде сақтауға және қолдануға үйренеді. Тақырып бойынша мәліметтер жинау кезеңіндегі мұғалімнің басты мақсаты-балаларды өз бетінше ақпараттар іздестіруге бағыттау. Ақпарат көздері ретінде: жекелеген заттар /кітаптар, сынып кітапханасы, фильмдер/; ұйымдастыру /мұражай, ғылыми институттар, өндіріс орындары/; іс-шаралар /экскурсиялар/; жекелеген адамдар /ата-аналар, мамандар, жоғарғы сынып мұғалімдері/ бола алады.

Мәліметтерді жинақтау, барлық табылған ақпараттарды бір ақпараттық жобада-картотекада немесе тақырыптық энциклопедияда жинақтаумен аяқталады. Ақпараттық жобаның ерекшелігі, балалар жинаған ақпараттың барлығын сақтау мүмкіндігімен, яғни әрбір баланың ақпаратты іздестіру бойынша жүргізген жұмысын сақтау мүмкіндігімен баланысты.

Ақпараттық жобада ақпараттарды жүйелеу түрлері қарастырылуы керек /мазмұндау ж.т.б/. Ақпараттық жобалардың міндеті –жиналған ақпараттарды ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру. Ақпараттық жоба құрылымында, балалардың қызығушылығын тудырып, тандалған тақырыптардың барлығы көрініс табады. Кейіннен басқа да жобалар бойынша жұмыс жүргізу барысында балалар қажетті мәліметтер алу үшін ақпараттық жобаларға жүгіне алады.

Жобаларды таңдау. Ақпараттарды жинау кезеңі біткеннен кейін мұғалім балаларды жобаны жүзеге асыруға қатысуды ұсынады. Мұғалім балаларды, оқып-үйренетін тақырып бойынша орындауға болатын көптеген жобалармен таныстыра отырып, балалардың өздеріне жобаны ойлап табуға мүмкіндік береді. Бастапқыда ұстаз, балаларға қиындық тудырмайтын жеңіл жобаларды ұсынады. Сыныпта бірнеше жобалар түрлері болғаны өте жақсы. Жобалардың тізімін құрастыру кезінде, жергілікті жағдайларға бағымдалу және балаларға алуан-түрлі іс-әрекеттерді ұсыну дұрыс. Мысалы: «Логикалық және математикалық ойындар» тақырыбы үшін балалар:

1. Логикалық және математикалық ойындар туралы жаңа мағлұматтар алып, /түрлі деректерден/ бұл мағлұматтарды «ақпараттық жобаға» кіргізеді.

2. Бірлескен және жеке бейнелеу іс-әрекеттерінде жаңа білімдерін көрсете алады./суреттер, мүсіндеу, коллаж, мозаикалар ж.т.б./.

3.Өз қолдарымен жұмыс жасай алады, бұл жағдайда-ойындарға арналған өз бетінше реквизиттер дайындау;

4.Концерттік-драмалық іс-әрекетке қатысуы /басқа балаларға және ата-аналарға бір жағдайды әңгімелеп немесе көрсете алуы және қошеметке орануы/. Ұжымдық жобаларды балалар өздері таңдаған тақырып аспектісі бойынша «маман» ретінде орындай алады.

Жұмыс кезінде іс-әрекеттің түрін таңдау және балалардың таңдауы кезінде олардың пікірімен санасу қажет. Мысалы: «оқып және әңгімелеп бер» тапсырмасын оқи алатын балалар орындаса, «кітаптағы бетті дайында» деген тапсырманы жаза білетін балалар орындайды. Мұның әрине түрлі әдістемесі бар. Мысалы: жаза білетін балалар безендірушілер тобына кіре алады. Бұл жағдайда кітапты құрастыру кезінде қосымша коммуникациялық дағдылар қалыптастырылады. *Жобаларды жүзеге асыру.* Бұл кезде балалар, мектептегі және мектептен тыс іс-әрекеттерін байланыстыра отырып, өздері таңдаған жобаларды дайындайды. Үлкендер тек бала өз күшін дұрыс бағалай алмай, таңдаған жобасын жүргізе алмаса ғана көмектеседі. Бірақ бұл жұмысты үлкендер баланың орнына орындауына болмайды. Берілген іс-әрекеттердегі балалардың өз еркімен қатысуын ескере отырып, жобамен жұмыс жүргізудің негізгі принциптерін айта кетейік:Әрбір баланың ешқандай жобаға қатыспауға; біруақытта түрлі жобаларға және түрлі рольдерге қатысуына; кез-келген уақытта кез-келген жобадан бас тартуына; кез-келген уақытта өзінің жаңа жобасын бастауға қақысы бар.

Презентация: Әрбір жоба нәтижесінде баланың бойында мақтаныш тудырып, сәтті аяқталуы қажет. Бұл үшін жоба бойынша жұмыс жүргізу үрдісінде мұғалім балаларға өз құштарлығы және мүмкіндігін білуге көмектеседі. Жоба аяқталғаннан соң, балаларға өз жұмысы туралы әңгімелеп беруге және көрсетіп, мақтау естуіне мүмкіндік беру қажет. Жоба нәтижелерін көрсетуге басқа балалармен қатар ата-аналардың болғаны тіпті жақсы. Егер жоба ұзақ мерзімде болса , нәтижелері бойынша балалар оң әсер алатын ағымдық кезеңдерді анықтау қажет. Мысалы: қуыршақтық спектакльін дайындауда жасалған қуыршақ-кейіпкерлердің презентациясын ұйымдастыруға болады. Кейбір жобалар өзіндік презентациялық түрде болады, бұлар-спектакльдер, концерттер, газеттер ж.т.б. Қолдан жасалынған жұмыстармен аяқталатын жобаны ерекше түрде ұйымдастыру қажет. Тақырып бойынша жұмыс жүргізу және жобалық іс-әрекет балалардың сабақтық және сабақтан тыс іс-әрекеттерін біріктіруге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

- 1.Данюкова А. Вы любите проект? // Обруч. – 2001. – №4. – С.10-13 .
2. Кагаров Е.Д. Метод проектов в трудовой школе. – Л.: Начатки знаний, 1926 . – 122 с.
- 3.Стернберг В.Н. Теория и практика методов проектов в педагогике 20 века: Автореф. дисс. канд. пед. наук. – Рязань, 2003. – 21 с.
- 4.Чечель И.Д. Метод проектов или Попытка избавить учителя от обязанности возникающего факула. // Директор школы. – 1998. – №3. – С 28.
- 5..Лось Ю.А., Матяш Н.В., Хохлова М.В. Методика обучения младших школьников выполнению творческих проектов / Под. ред. В.Д.Симоненко.– Брянск, 1998.– 104с.
- 6.Сағындықова Э.Ө Оқу-жобалық іс-әрекет процесінде болашақ мамандардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. 13.00.08– Кәсіптік білім беру теориясы мен әдістемесі, пед. ғыл. канд. дисс.... автореф. –Алматы: 2006.–24 б.
- 7.Пилюгина С.А. Метод проектной деятельности в интернете и его развивающие возможности// Школьное технологии. – 2000.– №2. – С. 23-25.
8. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под. ред. Е.С.Полат. – М.: Педагогика, 1999. – 221 с.
9. Жуковский И., Жуковская А. Проектная деятельность как средство развития воспитательного процесса // Воспитание школьников. – 2001. – № 3 – С.4-11.
- 10.Хохлова М.В. Проектно-преобразовательная деятельность младших школьников// Педагогика. – 2000. –№ 5. – С.51-57.

ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗЖИЗНИ И ВОСПИТАНИЕ МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ

Шоқыбаев Ж.А. д.п.н. Катпаева Л.М. -
КазНПУ имени Абая Республика Казахстан

Резюме

Статья посвящена проблеме здорового образа жизни молодежи. Здоровый образ жизни – это основа, возникшая из потребности жизни, которая не ограничивается воспитанием индивидуального здорового образа жизни, а объединяет в один ряд деятельности по непрерывной охране здоровья (против чумы века, табакокурения и наркомании). Обучение здоровому образу жизни являющейся частью таких воспитательных мер, направлены на формирование у молодежи необходимых знаний, концепций и понятий.

Ressume

Article is devoted to a problem of a healthy lifestyle of youth. The healthy image of life is the basis which has arisen from requirement of life which isn't limited to education of an individual healthy lifestyle, and unites in one number of activity on continuous health protection (against plague of an eyelid, tobacco smoking and drug addiction). Training in a healthy lifestyle by being part of such educational measures, are directed on formation at youth of necessary knowledge, concepts and concepts.

Ключевые слова: *здоровый образ жизни, воспитание молодого поколения, гигиена, санитария, валеология, дисциплина*

В формировании здорового образа жизни, занимают важная место знания естествознания и общественных наук. Такие знания должны внести свой вклад не только в жизненную стратегию молодежи, но и в улучшение качества жизни человека в социальной среде. Таким образом, данные знания должны давать возможность человеку существовать в качестве творческой, свободной и ценной личности. В целом, воспитание молодежи с формированием здорового образа жизни, рассматривается с социальной, теоретической и практической точек зрения. Социальная сторона воспитания молодежи с формированием здорового образа жизни раскрывается пониманием его общественной важности, осознанием его необходимости в социуме, тогда как теоритическая сторона лежит в создании необходимости теории науки о здоровом образе жизни и передаче ее молодому поколению. Методическое обоснование социально-экономического образования вырабатывается в ходе обучения общественным дисциплинам. Посредством указанной дисциплины ученики школ вооружаются теоретическими и практическими знаниями обновления окружающей среды и научного познания мира, так как «человек образовывается в общественной системе под воздействием диалектических законов и категорий» [1].

Изучая естествознание человек получает знания об осуществлении процесса труда посредством взаимодействия человека и природы, через которое человек меняет окружающую среду и развивает свои творческие способности. Проблемы здорового образа жизни являются объектом исследования не только естествознания, но и общественных наук. Так как сохранение человеческого здоровья и его защита являются предметом социальных исследований, они рассматриваются с точки зрения изучения уровня развития связи между человеком и обществом, их структуру и закономерности. Многовековая история человечества показывает, что сейчас наступили трудные, полные опасных изменений времена. Наступило время критического осмысления практики прошлых лет с учетом пересмотра стратегии будущего. Основное направление в данной сфере-философский анализ проблем здорового образа жизни. Выделившись из биологических дисциплин и эволюционировав до наших дней, тесно связанная с философией наука о здоровом образе жизни, поднялась до уровня формирования методических стандартов научных знаний.

Философия и естествознание, рассматривая различные аспекты и применяя различные методы изучения, все же направлены на достижение объективной правды. Многие научные открытия естествознания раскрывают определенные философские понятия [2].

Профессор Амосов Н.М. говорил: «Для того, чтобы быть здоровым, человек должен приложить большие усилия. И ничем их нельзя заменить. На счастье, человек устроен так, что его организм может вовремя восстановиться» [3.]. По мнению ученого, в основе здорового образа лежат следующие идеи;

в возникновении болезней в большинстве случаев виновата не природа, и не общество, а сам человек. В основном человек болеет из-за лени или в следствии своего неправильного поведения;

для здоровья необходимы: труд тела, умеренность в еде, упражнения, умение правильно использовать время и умение отдыхать.

природа очень великодушна: необходимо заниматься физической культурой 20-30 минут в день;

человек должен быть умеренным в еде с равным соотношением движения и увеличением в рационе фруктов и овощей. Необходимо не забывать делать упражнения. Курить и употреблять спиртное-вредно [3.].

пятое же-умение жить счастливо. К сожалению, без предыдущих четырех пунктов счастье не может обеспечить здоровья;

В современном мире проблемы здорового образа жизни стали важнейшими по своей общественной значимости. Причины, способствовавшие этому, заставляют нас быть мудрее предыдущих поколений. Одним из факторов быть умнее, это просвещенность в вопросах здорового образа жизни, признании этих проблем. Пересмотр духовных качеств современного человечества базируется в первую очередь на развитии ответственности, мудрого использования, сострадания к своему здоровью, отношение к нему как к невосполнимой ценности и понимании этого. В связи с экономическими трудностями и социально-политической незрелостью, проблемы здорового образа жизни отошли на второй план. Одним из показателей духовного падения нашего общества стало постепенное привыкание к постоянной угрозе здоровью человека, относительная ответственность и халатное отношение к соответствующему здоровью. В этом отношении важную роль играет просветительская работа по распространению знаний ведения здорового образа жизни и формирования в сознании человека такого образа жизни. Это зарождаст чувство ответственности перед наступающей угрозой [4].

Современные идеи здорового образа жизни играют важную роль в формировании необходимых знаний, навыков в том числе деловых качеств. Древнегреческий философ Платон отмечал, что если воспитатель не правильно выполняет свою работу, то в мире появляются невежественное потомство и плохие люди. Надо признать, что рост увлечения среди молодежи вредными привычками происходит от их безграмотности в сфере здорового образа жизни. Всем известна угроза здоровью, опасные последствия вредных привычек [5;7]. Здоровый образ жизни-это основа, возникающая из потребности жизни, которая не ограничивается воспитанием индивидуального здорового образа жизни, а объединяет в один ряд деятельности по непрерывной охране здоровья (против чумы века, табакокурения и наркомании). Обучение здоровому образу жизни являющейся частью таких воспитательных мер, направлены на формирование у молодежи необходимых знаний, концепций и понятий [8;9].

бөлетін мәселе, білімдік әлеуетті ұлттық дәстүрлік мәдениетте, жас ұрпақ тәрбиесіне ақпараттылық білім жағдайына қажетті түрде пайдалану[7].

Білім берудің сапасын арттырудың негізгі бағыттарының тағы бірі - оқыту үрдісін жан-жақты және жүйелі түрде компьютерлендіру. Оқыту үрдісін компьютерлендірудің, соның ішінде, математиканы компьютер көмегімен оқытудың нәтижелілігін зерттеудегі ғылыми проблемаларды шешу аса маңызды орын алады. Бұған себеп оқу үрдісін компьютерлендіру психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің негізгі бағыттарын жан-жақты қамтуы болып табылады.

Оқу үрдісі мұғалім мен оқушы арасындағы өзара байланыс жүйесінде құрылады. Бұл жүйеде өзара байланысушы субъектілердің (мұғалім және оқушы) өздерінің атқаратын қызметтері бар. Мұғалімнің міндеті - ол білімді беру ғана емес, сонымен бірге оны меңгеру үрдісін басқару, ал оқушының міндеті-оқу және тәрбиелену. Мұғалім мен оқушы қызметінің арасында диалектикалық бірлік болғанда ғана "мұғалім-оқушы" жүйесі өзінің ең биік шыңына жетеді. Бұл жағдайда басқару процесі оқытуды жандандыру құралы арқылы жүзеге асады[8].

Өз жұмысында компьютерді қолданған мұғалім, өзінің өткізетін сабағының сапасын елеулі түрде арттырады және оқушылардың танымдылық қызметін ұйымдастыруды белсенді түрде жүргізеді. Бұл жағдайда математика пәні мұғалімінің міндеті оқушыларға әр түрлі математикалық есептерді компьютер көмегімен шығару мүмкіндігін көрсету, өз бетімен есеп шығаруға компьютерді қолдануды және белгілі бір типтегі есептер жиынтығын шығаруға арнаулы қолданбалы пакеттерді пайдалануды үйрету болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1. Шамова Т.И. Активизация учения школьников. – М.: Педагогика, 1982. – 208с.
2. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 1994. – 192 б.
3. Қараев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: дисс. ... док.пед.наук. – Алматы, 1994. – 314 с.
4. Қоқымбаева Т.И. Халық педагогикасының құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту: дисс. ... пед.ғыл.кан.– Алматы, 2000. – 149 б.
5. Омарова Р. С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық іздемпаздығын қалыптастыру: дисс. ... пед.ғыл.кан.– Алматы, 2001. – 167 б.
6. Мустояпова АС. Қазіргі кезеңде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: дисс. ... пед.ғыл. кан.– Алматы, 2004. – 167 б.
7. 7 Нұғманов И.Н. Жаңа ақпараттық технологияны қолданудың маңызы. – Алматы, 2006.
9. 8 Баймұхамедиев С.Қ. «Жаңа ақпараттық технология» Оқу құралы. - Алматы: Қаз ҰТУ, 2003

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СОСТАВЛЕНИЯ ТИПОВЫХ УЧЕБНЫХ ПЛАНОВ СРЕДНИХ ШКОЛ

Альпеисов Е.А., д.т.н., профессор

Резюме

В данной статье автором рассматривается пути оптимизации представления типовых учебных планов среднего образования на основе ключевых понятий государственного общеобязательного стандарта среднего образования (начального, основного среднего, общего среднего образования). Определены базовое содержание каждого уровня образования и среднего образования (11-летнего образования) в целом.

В частности, предложены 3 типовых учебных плана вместо 12-ти типовых учебных планов. Подобный подход позволяет оптимизировать количества учебных программ отдельных предметов, учебников и учебных пособий с учетом разного уровня их изучения, четко определить круг тестовых вопросов, входящих в ЕНТ и создаваемых на основе базового уровня образования.

Түйіндеме

Бұл мақалада автор мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім) стандартының түйінді түсініктерінің негізінде орта білімнің үлгілі оқу жоспарларын жасауды оңтайландырудың жолдарын қарастырған. Білім берудің әр деңгейінің және толық орта білімнің (11-жылдық білім берудің) базалық мазмұндары анықталған.

Мысал ретінде, 12 үлгілі оқу жоспарларының орнына 3 үлгілі оқу жоспары ұсынылған. Мұндай көзқарас жеке пәндердің оқу бағдарламаларын, әр деңгейде оқытылатын оқулықтар мен оқу құралдарын санын оңтайландыруға көмектеседі, білім берудің базалық деңгейінің негізінде құрастырылған БҰТ-ге кіретін тестілік сұрақтардың шеңберін нақты анықтауға мүмкіндік береді.

Summary

In this article considered by author the optimization ways of presentation of typical curriculum for secondary-level education based key concepts of state common standard of secondary – level education(primary, middle, secondary education). Determined basis of each level of education and secondary – level education (11 year education) generally.

Practicularly, 3 curriculums instead 12 typical curriculums are presented.

The approach like this allows to optimize the number of curriculums of separate subjects, learning books and educational guidance based on several levels of their studying, to determine test questions of CNT, constructed on the base of basis-level education.

Отсутствие единого подхода в формировании типовых учебных планов, являющихся основными документами, устанавливающимися на государственном уровне перечень и объем учебных дисциплин, порядок их изучения не позволяет формировать единые требования к соблюдению государственного общеобязательного стандарта образования, в частности, среднего образования (начального, основного среднего и общего среднего образования).

Некоторую трудность в вопросе межпредметной и внутрипредметной связи вызывает практикуемое в настоящее время представление типовых учебных планов общеобразовательных школ разрозненно в зависимости от языка обучения (казахского, русского и уйгурского, узбекского и таджикского языков), направления обучения (общественно-гуманитарного, естественно-математического), предметов углубленного изучения. При таком подходе инвариантный компонент типовых учебных планов все время подвергается изменению. Эти изменения осуществляются за счет вариативного компонента типовых учебных планов (дополнительные часы выделяются, например, для углубленного изучения предметов, и эти часы вариативного компонента передаются инвариантному компоненту).

Таким образом, у каждого типового учебного плана формируются свои, отличающиеся от других, инвариантный и вариативный компоненты.

Такое положение дел в определенной мере приводит к несоблюдению некоторых требований государственного общеобязательного стандарта среднего образования (начального, основного среднего, общего среднего образования), утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080.

Например, в соответствии с пп.1) п.3 данного ГОСО «базовое содержание образования – состав и объем содержания среднего образования, подлежащего обязательному освоению в общеобразовательных организациях независимо от их форм собственности, типа и вида, достаточного для продолжения обучения на последующих уровнях образования». Формирование типовых учебных планов со своими инвариантными компонентами в зависимости от языка обучения, направления подготовки затрудняет четко выделить базовое содержание каждого уровня (начального, основного среднего и общего среднего) образования.

Согласно ГОСО «инвариантный компонент типового учебного плана – совокупность предметов, включенных в государственный общеобязательный стандарт среднего образования и обязательных для изучения в общеобразовательных организациях». Из этого определения становится ясно, что инвариантный компонент не должен зависеть от языка обучения, направления обучения и от объема предметов углубленного изучения, и он должен оставаться постоянным и обязательным для всех школ независимо от их форм собственности, ведомственной принадлежности, видов.

В ГОСО дано следующее понятие: «базовый уровень освоения содержания образования – уровень освоения обучающимся обязательного минимума объема знаний, умений и навыков». Исходя из этого, базовый уровень освоения содержания каждого уровня образования определяется инвариантным компонентом типового учебного плана соответствующего уровня.

Совокупность инвариантных компонентов всех трех уровней образования составляет базовое содержание среднего образования и определяет базовый уровень освоения среднего образования.

На основании изложенного в качестве примера ниже приводятся примерные типовые учебные планы начального, основного среднего и общего среднего образования. При этом предметы или их объемы часов, которые не являются обязательными для всех (из-за языка обучения, объема изучаемых предметов), приведены в вариативном компоненте. Их приведение в инвариантном компоненте нарушает требование ГОСО об обязательности изучения всеми.

Такой подход формирования типовых учебных планов позволяет:

- оптимизировать их количества, сведя их до минимума путем группирования вокруг базового содержания (инвариантного компонента);
- определить базовое содержание образования на каждом уровне образования;
- выполнять требования ГОСО к типовым учебным планам;
- оптимизировать количества учебных программ отдельных предметов, учебников и учебных пособий с учетом разного уровня их изучения (общий для всех уровень, дополнительные уровни, связанные с направлениями обучения, а также с углубленным изучением);
- четко определить круг тестовых вопросов, входящих в ЕНТ и создаваемых на основе базового уровня образования.

На основе изложенного, приводятся ниже рекомендуемые типовые учебные планы каждого уровня среднего образования.

Пример 1.

Типовой учебный план начального образования

№	Образовательные области и учебные предметы	Недельное количество часов по классам				Нагрузка, часы	
		1	2	3	4	недельное	годовое
1. Инвариантный компонент							
<i>I</i>	<i>Язык и литература</i>	8	7	9	9	33	1114
1	Грамота (чтение, письмо)	7	-	-	-	7	231
2	Казахский язык	-	2	2	2	6	204
3	Русский язык	-	-	2	2	4	136
4	Родной язык	-	-	-	-	-	-
5	Литературное чтение	-	4	4	4	12	408
6	Английский язык	1	1*	1*	1*	4	135
<i>II</i>	<i>Математика</i>	4	4	5	5	18	608
7	Математика	4	4	5	5	18	608
<i>III</i>	<i>Естествознания</i>	1	1	1	1	4	135
8	Познание мира	1	1	1	1	4	135
<i>IV</i>	<i>Человек и общество</i>	1	1	1	1	4	135
9	Самопознание	1	1	1	1	4	135
<i>V</i>	<i>Искусство</i>	2	2	2	2	8	270
10	Музыка	1	1	1	1	4	135
11	Изобразительное искусство	1	1	1	1	4	135

VI	Технология	2	2	2	2	8	270
12	Трудовое обучение	2	2	2	2	8	270
VI	Физическая культура	2	2	2	2	8	270
I	13	Физическая культура	2	2	2	8	270
Объем инвариантного компонента часов		20	19	22	22	83	2802
2. Вариативный компонент							
2.1. Углубленное изучение казахского языка при обучении на казахском языке							
I	Язык и литература	-	2	2	2	6	204
2	Казахский язык	-	2	2	2	6	204
2.2. Школьный компонент							
Занятия по выбору		2	2	3	3	10	338
2.3. Ученический компонент							
Индивидуальные и групповые консультации, занятия развивающего характера		2	2	2	2	8	270
Объем часов вариативного компонента		4	6	7	7	24	812
Объем максимальной учебной нагрузки		24	25	29	29	107	3614
2.1. Углубленное изучение русского и казахского языков при обучении на русском языке							
I	Язык и литература	2	4	3	3	12	408
2	Казахский язык	2	-	1	1	4	134
3	Русский язык	-	4	2	2	8	272
2.2. Школьный компонент							
Занятия по выбору		1	1	2	2	6	203
2.3. Ученический компонент							
Индивидуальные и групповые консультации, занятия развивающего характера		1	1	2	2	6	203
Объем часов вариативного компонента		4	6	7	7	24	812
Объем максимальной учебной нагрузки		24	25	29	29	107	3614
2.1. Изучение родного языка и углубленного изучение казахского языка при обучении на уйгурском, узбекском и таджикском языках							
I	Язык и литература	2	4	4	4	14	476
2	Казахский язык	2	-	-	-	2	66
3**	Родной язык	-	4	4	4	12	408
2.2. Школьный компонент							
Занятия по выбору		1	1	2	2	6	204
2.3. Ученический компонент							
Индивидуальные и групповые консультации,		1	1	1	1	4	135

занятия развивающего характера						
Объем часов вариативного компонента	4	6	7	7	24	812
Объем максимальной учебной нагрузки	24	25	29	29	107	3614

Пример 2.

Типовой учебный план основного среднего образования

№	Образовательные области и учебные предметы	Недельное количество часов по классам					Общее количество часов	
		5	6	7	8	9	недельное	годовое
1. Инвариантный компонент								
1.1. Базовое содержание								
I	<i>Язык и литература</i>	8	8	8	8	7	39	1326
1	Казахский язык	2	2	2	2	1	9	306
2	Русский язык	2	2	2	2	2	10	340
3	Родной язык	-	-	-	-	-	-	-
4	Казахская литература	1	1	1	1	1	5	170
5	Русская литература	1	1	1	1	1	5	170
6	Родная литература	-	-	-	-	-	-	-
7	Иностранный язык	2	2	2	2	2	10	340
II	<i>Математика и информатика</i>	7	7	6	6	6	32	1088
6	Математика	6	6	-	-	-	12	408
7	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
8	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
9	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
III	<i>Естествознание</i>	1	4	6	8	8	27	918
10	Естествознание	1	-	-	-	-	1	34
11	География	-	2	2	2	2	8	272
12	Биология	-	2	2	2	2	8	272
13	Физика	-	-	2	2	2	6	204
14	Химия	-	-	-	2	2	4	136
IV	<i>Человек и общество</i>	2	4	4	4	3	19	646
15	История Казахстана	1	2	2	2	2	9	306
16	Всемирная история	-	1	1	1	1	4	136
17	Человек. Общество. Право	-	-	-	-	1	1	34
18	Самопознание	1	1	1	1	1	5	170
V	<i>Искусство</i>	2	2	-	-	-	4	136
19	Музыка	1	1	-	-	-	2	68
20	Изобразительное искусство	1	1	-	-	-	2	68

0									
VI	Технология	1	1	1	1	3	7	238	
2	Технология	1	1	1	1	1	5	170	
1	2								
2	Черчение	-	-	-	-	2	2	68	
VI	Физическая культура	2	2	2	2	2	10	340	
I	2								
3	Физическая культура	2	2	2	2	2	10	340	
Объем часов инвариантного компонента		2	2	2	2	3	138	4692	
3		8	7	9	1				
2-1. Вариативный компонент для школ с уйгурским, узбекским, таджикским языками обучения									
2-1.1. Дополнительные часы на изучение родного языка и литературы, казахского языка в школах с уйгурским, узбекским и таджикским языками обучения									
I	Язык и литература	5	5	5	5	6	26	884	
1	Казахский язык	-	-	-	-	1	1	34	
3	Родной язык	3	3	3	3	3	15	510	
6	Родная литература	2	2	2	2	2	10	340	
2-1.2. Школьный компонент									
Факультативы, курсы по выбору		2	-	2	2	1	7	238	
2-1.3. Ученический компонент									
Индивидуальные и групповые консультации, занятия развивающего характера		2	-	-	-	-	2	68	
Объем часов вариативного компонента		9	5	7	7	7	35	1190	
Объем максимальной учебной нагрузки		3	3	3	3	3	173	5882	
2		3	4	6	8				
2-2. Вариативный компонент для школ с казахским языком обучения									
2-2.1. Дополнительные часы на изучение казахского языка и литературы в школах с казахским языком обучения									
I	Язык и литература	3	2	2	2	2	11	374	
1	Казахский язык	1	1	1	1	-	4	136	
4	Казахская литература	2	1	1	1	2	7	238	
2-2.2. Школьный компонент									
Факультативы, курсы по выбору		4	2	3	3	3	15	510	
2-2.3. Ученический компонент									
Индивидуальные и групповые консультации, занятия развивающего характера		2	1	2	2	2	9	306	
Объем часов вариативного компонента		9	5	7	7	7	35	1190	
Объем максимальной учебной нагрузки		3	3	3	3	3	173	5882	
2		3	4	6	8				
2-3. Вариативный компонент для школ с русским языком обучения									
2-3.1. Дополнительные часы на изучение русского языка и литературы, казахского языка в школах с русским языком обучения									
I	Язык и литература	3	3	3	3	4	16	544	
1	Казахский язык	1	1	1	1	2	6	204	
2	Русский язык	1	1	1	1	-	4	136	
5	Русская литература	1	1	1	1	1	5	170	

2-3.2. Школьный компонент							
Факультативы, курсы по выбору	4	2	3	3	2	14	476
2-3.3. Ученический компонент							
Индивидуальные и групповые консультации, занятия развивающего характера	2	-	1	1	1	5	170
Объем часов вариативного компонента	9	5	7	7	7	35	1190
Объем максимальной учебной нагрузки	2	3	3	4	3	6	8
						173	5882

Пример 3

Типовой учебный план общего среднего образования

№	Образовательные области и учебные предметы	Недельное количество часов по классам		Нагрузка, часы	
		10	11	Недельная	Годовая
1. Инвариантный компонент					
1.1. Базовое содержание					
I	Язык и литература	6	6	12	408
1	Казахский язык	1	1	2	68
2	Казахская литература	1	1	2	68
3	Русский язык	1	1	2	68
4	Русская литература	1	1	2	68
5	Родной язык	-	-	-	-
6	Родная литература	-	-	-	-
7	Иностранный язык	2	2	4	136
II	Человек и общество	5	5	10	340
8	История Казахстана	2	2	4	136
9	Всемирная история	1	1	2	68
0	Человек. Общество. Право	1	1	2	68
1	Самопознание	1	1	2	68
II	Математика и информатика	5	5	10	340
1	Алгебра и начала анализа	3	3	6	204
3	Геометрия	1	1	2	68
4	Информатика	1	1	2	68
V	Естествознание	4	4	8	272
5	Биология	1	1	2	68
6	География	1	1	2	68
7	Физика	1	1	2	68
8	Химия	1	1	2	68
V	Технология	1	1	2	68
1	Технология	1	1	2	68

9					
<i>I</i>	<i>V</i> Физическая культура	3	3	6	204
0	2 Физическая культура	2	2	4	136
1	2 Начальная военная подготовка	1	1	2	68
	Инвариантная учебная нагрузка	24	24	48	1632
2-1. Вариативный компонент в школах с казахским языком обучения					
2-1.1а. Общественно-гуманитарное направление					
<i>I</i>	<i>I</i> Язык и литература	6	6	12	408
1	1 Казахский язык	1	1	2	68
2	2 Казахская литература	1	2	3	102
3	3 Русский язык	1	1	2	68
4	4 Русская литература	1	0	1	34
7	7 Иностранный язык	2	2	4	136
<i>II</i>	<i>I</i> Человек и общество	1	1	2	68
9	9 Всемирная история	1	1	2	68
2-1.2а. Школьный компонент					
	Прикладные курсы	6	6	12	408
2-1.3а. Ученический компонент					
	Курсы по выбору	2	2	4	136
2-1.1б. Естественно-математическое направление					
<i>I</i>	<i>I</i> Язык и литература	1	1	2	68
2	2 Казахская литература	1	1	2	68
<i>II</i>	<i>I</i> Математика и информатика	1	1	2	68
1	1 Геометрия	1	1	2	68
<i>I</i>	<i>V</i> Естествознание	5	5	10	340
1	1 Биология	1	1	2	68
6	1 География	1	1	2	68
7	1 Физика	2	2	4	136
8	1 Химия	1	1	2	68
2-1.2б. Школьный компонент					
	Прикладные курсы	6	6	12	408
2-1.3б. Ученический компонент					
	Курсы по выбору	2	2	4	136
2-2. Вариативный компонент в школах с русским языком обучения					
2-2.1а. Общественно-гуманитарное направление					
<i>I</i>	<i>I</i> Язык и литература	6	7	13	442
1	1 Казахский язык	2	2	4	136
3	3 Русский язык	1	1	2	68
4	4 Русская литература	1	2	3	102
7	7 Иностранный язык	2	2	4	136
<i>II</i>	<i>I</i> Человек и общество	1	1	2	68
9	9 Всемирная история	1	1	2	68
2-2.2а. Школьный компонент					

Прикладные курсы		6	5	11	374
<i>2-2.3а. Ученический компонент</i>					
Курсы по выбору		2	2	4	136
<i>2-2.1б. Естественно-математическое направление</i>					
<i>I</i>	<i>Язык и литература</i>	2	2	4	136
1	Казахский язык	1	1	2	68
4	Русская литература	1	1	2	68
<i>II</i>	<i>Математика и информатика</i>	1	1	2	68
<i>I</i>					
1	Алгебра и начала анализа	1	1	2	68
2					
<i>I</i>	<i>Естествознание</i>	5	5	10	340
<i>V</i>					
1	Биология	1	1	2	68
5					
1	География	1	1	2	68
6					
1	Физика	2	2	4	136
7					
1	Химия	1	1	2	68
8					
<i>2-2.2б. Школьный компонент</i>					
Прикладные курсы		5	5	10	340
<i>2-2.3б. Ученический компонент</i>					
Курсы по выбору		2	2	4	136
<i>2-3. Вариативный компонент в школах с уйгурским, узбекским и таджикским языками обучения</i>					
<i>2-3.1а. Общественно-гуманитарное направление</i>					
<i>I</i>	<i>Язык и литература</i>	8	8	16	544
1	Казахский язык	1	1	2	68
3	Русский язык	1	1	2	68
5	Родной язык	2	2	4	136
6	Родная литература	2	2	4	136
7	Иностранный язык	2	2	4	136
<i>II</i>	<i>Человек и общество</i>	1	1	2	68
9	Всемирная история	1	1	2	68
<i>2-3.2а. Школьный компонент</i>					
Прикладные курсы		4	4	8	272
<i>2-3.3а. Ученический компонент</i>					
Курсы по выбору		2	2	4	136
<i>2-3.1б. Естественно-математическое направление</i>					
<i>I</i>	<i>Язык и литература</i>	4	4	8	272
1	Казахский язык	1	1	2	68
5	Родной язык	1	1	2	68
6	Родная литература	2	2	4	136
<i>II</i>	<i>Математика и информатика</i>	1	1	2	68
<i>I</i>					
1	Алгебра и начала анализа	1	1	2	68
2					
<i>I</i>	<i>Естествознание</i>	5	5	10	340
<i>V</i>					
1	Биология	1	1	2	68
5					
1	География	1	1	2	68
6					

7	1	Физика	2	2	4	136
8	1	Химия	1	1	2	68
<i>2-3.2б. Школьный компонент</i>						
		Прикладные курсы	4	4	8	272
<i>2-3.3б. Ученический компонент</i>						
		Курсы по выбору	1	1	2	68

В этих примерах инвариантные компоненты для каждого уровня среднего образования независимо от языка, типов и видов школ остаются неизменными. Меняются только вариативные компоненты в зависимости от языка обучения, углубленного изучения тех или иных предметов или группы предметов.

Таким образом, типовой учебный план для конкретной школы будет состоять из неизменного инвариантного компонента и соответствующего вариативного компонента, выбираемого организацией образования. Такая схема представления применима также и в случаях, когда необходимо в качестве помощи школам указать предметы и объемы часов при углубленном изучении тех или предметов профильного обучения.

ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА :

1. Постановление Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080.
2. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 8 ноября 2012 года № 500 «Об утверждении типовых учебных планов начального, основного среднего, общего среднего образования Республики Казахстан».

ӘӨЖ: 316.6

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБУЧЕНИЯ ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ СПОСОБНОСТЯМИ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ

THEORETICAL FUNDAMENTALS OF INCLUSIVE EDUCATION OF TRAINING OF CHILDREN WITH LIMITED POSSIBILITIES IN SECONDARY SCHOOLS

Данияров Т.Ә.

Халықаралық қазақ-түрік
университеті п.ғ.к., доцент
Түркістан қаласы

Бимаганбетова А.К.

Халықаралық қазақ-түрік
университеті, аға оқытушы
Түркістан қаласы

Базарбаев Қ.Қ.

Халықаралық қазақ-түрік
университеті, PhD докторант
Түркістан қаласы

Түйіндеме

Бұл мақалада жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқытудың теориялық негіздері туралы айтылады. Инклюзивті мектептер барлығына да ашық - әрбір жас балаға және жасөспірімдерге. Инклюзивті мектептер барлық балаларға, олардың ақыл-ой, психологиялық, әлеуметтік, тіл және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан бірдей білім береді. Онда қалада тұратын және жұмыс

істейтін ерекше қасиеті бар мүгедек балалар, көшпенді халықтың балалары және жекеленген жағдайда тұратын халықтың балалары, қиыр шығыста немесе тауларда тұратын балалар оқи алады.

СӨЗДЕР: инклюзив, мүмкіндігі шектеулі, мектеп, балалар, ақыл, ой, педагогика, пікір, шешім.

Резюме

В этой статье рассматриваются инклюзивные школы, которые открыты для всех детей и подростков. Инклюзивные школы дают возможность для всех детей развивать их разум, психику, язык и также другие качества. В них учатся городские дети, работающие дети с ограниченными возможностями, дети других национальностей, дети из малоимущих семей, а также дети живущие в отдаленных местах.

КЛЮЧЕВОЕ СЛОВА: инклюзив, с ограниченными возможностями, школа, дети, ум, мысль, педагогика, отзыв, решение.

Summary

This article deals with inclusive schools open for all children and teenagers. Inclusive schools give children the chance to develop their mentality, language and also other qualities. City children, working children with limited opportunities, different nations' children, children from needy families, and also children living in the remote places study there.

KEY WORDS: inclusive, with limited opportunities, school, children, intelligence, thought, pedagogics, review, solution.

Қазақстан қоғамының қазіргі даму кезеңінде мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамуының құдіретті факторы ретінде білім беру жүйесін модернизациялауға ерекше назар аударылып отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңарту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі» мәселесі қойылды. Мемлекет басшысы білім берудің қолжетімділігін кеңейту қажеттігін атап: “оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге үйретуі тиіс», - деген [1].

Сондықтан бүгінгі таңда денсаулығы шектеулі балалар да басқа барлық оқушылар сияқты сапалы, әлеуметтік бейімделуге, қоғамда өз орынын табуға толық жағдай жасайтын білім алуға тиісті екендігін ерекше айту қажет. Арнайы білім беру мекемелеріндегі жағдайлар мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамнан, әлеуметтік ортадан бөлектегіп қалуына әкеліп отыр. Олардың қоғамның басқа бөлігі мен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктері өте аз.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті оқыту білім жүйесін дамытудың ең бір өзекті бағыттары қатарынан орын алып отыр. Бағдарламада мүмкіндігі шектеулі балалардың санының ұлғайғандығы, 2002 жылы олардың саны 120 мың құраса, 2009 жылы 149 246 мыңды құрағаны, олардың 38% - ы ғана арнайы білім беру бағдарламаларымен қамтылғаны жазылған. Алға қойған мақсаттарға жету үшін міндеттерді орындау қажеттілігі қатарында жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді жетілдіру көрсетілген. Сондай-ақ барлық өңірлерде ерте жастағы балаларға түзету - педагогикалық қолдау көрсету үшін және инклюзивті білім беру кабинеттері құрылатыны, мектептер үлесі жалпы санына 10 % - дан 70 % -ға дейін артатыны көрсетілген [2].

Соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі балаларға деген көзқарас өзгеріп, оларды дамытуға ерекше мән беріліп отыр. Жалпы білім беретін мектептерде қалыпты дамыған оқушылармен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналды.

Инклюзия – бұл балалардың жынысына, этникалық және діни құрамына, бұрынғы оқудағы жетістіктеріне, денсаулығының жағдайына, жетілу деңгейіне, ата-аналарының әлеуметтік-экономикалық дәрежесіне және т.б. өзгешеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру барысында балаларды интегралды түрде оқыту процесі. Инклюзивті білім беру барлық балалардың түрлі қажеттіліктері үшін тиісті оқу кеңістіктерін құру негізінде сапалы білім алуға қол жеткізуге және бірігіп оқытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру – бұл бала және оның әртүрлі білім алу барысындағы қажеттіліктерін қамтамасыз етудің шешімі.

Әлемнің дамыған елдерінде мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен қосып оқытуға көп көңіл бөлінеді және бұл салада елеулі тәжірибелер жинақталған. Біздің отандық жалпы білім беретін

мектептің іс – тәжірибесі үшін инклюзивті оқыту педагогикалық жаңашылдық деп бағалануы мүмкін. Себебі мәселенің жаңалығы қазақстандық жалпы білім беретін мектептердің іс – тәжірибесінде инклюзивті оқыту жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Инклюзивті оқыту мәселелері педагогикалық ойлармен, мектептің дамуы тарихында жаңа мәселе емес. Өз кезінде белгілі педагогтар мен психологтар И.Г.Песталоцци [3], Л.С.Выготский [4] т.б. еңбектері мен педагогикалық іс-тәжірибесінде мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты дамыған балалармен бірге оқытудың білімдік және тәрбиелік рөліне көп мән берілген.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқыту мәселесін зерттеу ең алдымен оның негізгі ұғымдарының түпкі мағынасын ашып беруді қажеттейді. Отандық жалпы білім беру мектептерінің іс-тәжірибесінде инклюзивті оқыту жаңа құбылыс. Сондықтан біздің зерттеуіміз үшін «инклюзивті оқыту» ұғымын нақтылау, оған синоним ретінде пайдаланылатын ұғымдардың мәнін қарастырудың рөлі мен маңызы ерекше. Атап айтқанда халықаралық білімдік тәжірибеде «инклюзивті білім беру» мен қатар «интеграциялық оқыту», «интеграциялық оқыту» сияқты ұғымдар да кең қолданыс тапқан.

XVIII ғасырда Швецарияның ұлы математигі (1654-1705) Я.Бернули математика ғылымына «интеграл» терминін енгізген. Бұл термин соңғы жүз жылдар ішінде басқа ғылымдарға ене бастайды, атап айтқанда алғаш философияға, кейіннен психологияға, соңында педагогикаға енгізілді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты дамыған балалармен бірге оқыту мәселесін қарастырғанда екі ұғым қарастырылады. Ол «интеграция» және «инклюзия». Осы ұғымдырға толық тоқталайық. Шет елдердің сөздіктеріне назар аударсақ «интеграция» (латын тілінен аударғанда *integratio* – қалпына келтіру, толықтыру; *integer* - бүтін) мынадай мағынаны білдіреді:

1. элементтердің қандай да бір бөлшектерін бір бүтінге біріктіру;
2. өзара бейімделу мен бірлесу процесі.

Ал ағылшын тілінен бір түбірлі сөздер қатарында аударылады:

- 1) *integrate* — біртұтастықты құру; біріктіру; құрама; толық, бүтін;
- 2) *integration* — бір бүтінге біріктіру;
- 3) *integral* — біртұтас, толық, бүтін; мәнді;
- 4) *integrality* — біртұтастық, толыққандылық;
- 5) *integrant* — біртұтастықтың бөлінбейтін бөлшегі.

«Инклюзия» сөзі шет елдердің сөздіктерінде жоқ. Өйткені ол ағылшын тілінің *inclusion* – қосу, енгізу деген мағынаны береді.

Бір түбірлі сөздік аудармасын көрсетейік:

- a) *include* — өзінде тұжырымдау, қорытынды жасау, енгізу;
- ә) *including* — енгізе отырып;
- б) *inclusive* — өзіне енгізетін.

Келтірілген сөздің мағынасын ашып түсіну үшін орыс тілінің сөздігіне жүгінесек:

1. қосу — өзінің құрама бөлігінің болуы; қамту;
2. енгізу — құрамға кіргізу, ендіру;
3. тұтас қосылу — қандай да бір әрекетке ену, бірігу.

«Интеграция» орыс тілінде бір бүтінге біріктіру және өзара бірігу мен бірлесу процесі, ал «интегрант» - біртұтастықтың бөлшектенбейтін бір бөлігі болып табылады. Интеграциялық оқыту мен инклюзивтік білім берудің айырмашылықтарының критерилерін отандық зерттеушілеріміз Р.А.Сүлейменова мен А.Т.Баймуратова анықтап көрсетті.

Инклюзивтік білім беру – дамуында ауытқуы бар балалардың дұрыс, сапалы білім алуына жан-жақты жағдай жасап, білім беру ұйымына (балабақшалар және жалпы білім беретін мектептер) қосу жүйесі.

Интеграциялық оқытудың мақсаты - білім беру аясында жұмыс жасайтын әлеуметтік және білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын сақтау қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып табылады.

Интеграция терминімен бірге кеңестік арнайы педагогикаға ғылымында қалыпты балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытуда «инклюзивтік оқыту» термині жиі қолданылады. Бұл терминдер арнайы педагогтар Н. Н. Малофеев, Н. М. Назарова, Егорова Т.В., Шевцова Н.В. және Н.Д. Шматконың жұмыстарында орын алған. Біздің әр қайсысымыз әлеуметтік теңдікке жету үшін басқалардың білім алуын қолдауымыз керек.

Инклюзивті білім берудің қажеттілігі:

- адамдардың және балалардың құқықтары бойынша жауапкершіліктер әртүрлі деңгейде қарастырылуы тиіс;

- әрбір баланың ақиқат қызығушылықтарын анықтап, оған не қажет екенін айқындап сараптама жасай білу. Дәйектемелерге сүйенсек, институттарда (мысалы, интернат, мектеп-интернаттарында) сол адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды;

- сараптама бойынша, әлеуметтік қызметтер икемді болған кезде ғана жақсарады;

- ресурстар шектеулі болған кезде, қатысушылар инклюзияның әдістемелерін қолдағанда қосымша ресурстарды қажет етпейді.

Инклюзивті білім беруді басқа мәдениетке және қоғамға өз идеяларын жалпы принциптердің негізінде жүзеге асыру барысында инклюзивті білім берудің негізгі принциптерін мамандар ұсынады:

- балалар жергілікті (үйінің қасындағы) бала бақшаға және мектепке барады;

- жастық шақтан араласу бағдарламасы инклюзияның принциптері негізінде іске асырылады және интегралды бала бақшаға дайындайды;

- әдістеме әртүрлі қабілеттілігі бар балаларды оқытуды қолдау үшін жасалған (сол себептен, тек ерекше қажеттіліктері бар балалардың ғана емес, дені сау балалардың көрсеткіштері өседі);

- инклюзивті болып табылатын мектеп және сыныптарда өтетін іс-шараларда барлық балалар қатысады;

- жеке - дара жас балаларды оқыту мұғалімдер, ата-аналар және көмек көрсете алатын әрбір адамдармен бірге жұмыс жүргізеді;

- егер инклюзивті білім беру дұрыс принциптер негізінде құрылған болса, балалардың қарым-қатынасындағы дискриминацияны жояды және ерекше қажеттіліктері бар балалардың қоғамның теңдей мүшесі болу құқығы бар;

- инклюзивті білім берудің барлық күші құқықтық идеология негізінде құрылған – егер біз мұны аяныш және қайырымдылық ретінде жасайтын болсақ, онда ол ешқандай нәтиже бермейді;

- барлық балалар оқи алады- біз оларға қажетті жағдайларды жасауымыз керек;

- арнайы қажеттіліктері бар балалармен жақсы жұмыс жасайтын ұйымдар бар;

Егер инклюзивті білім беру әдісі осы ұйымның жүйесіне сай құрылған болса, онда әрбір бала өзінің оқу орнын табады, және ол орын барлық жағдайда да тиімді болады.

Педагогикада «әлеуметтік интеграция» термині ХХ ғасырда пайда болып, көбінесе біріншіден АҚШ-та этникалық, нәсілдік проблемаларда, кейінірек эмигрант балаларға қатысты қолданыла бастады. Тек ХХ ғасырдың 60-жылдарында ғана термин Еуропа континентінде сөйлем құрамына қосылып, мүмкіндігі шектеулі адамдардың проблемаларына қатысты қолданыла бастады.

Педагогика тарихында мүмкіндігі шектеулі балаларды дені сау балалармен *біріктіріп оқыту* (бас кезінде «интеграция» емес осылай аталған) феноменінің пайда болуы И.Г.Песталоцидің (XIXғ.) педагогикалық идеяларының еуропалық оқыту практикасына енгізіп, кеңінен таратуы қажет болды. Дамуындағы ауытқулары бар балаларды дені сау балалармен бірге қосып оқыту идеясы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы еуропалық мұғалімдердің ең басты проблемасына айналды (Франция, Германия, Австрия). Алдыңғы қатарлы педагогикалық қоғам біріктіріп оқытудың пайдасын түсіндіру үшін бірнеше аргументтер келтірді: дамуында ауытқулары бар балаларды оқыту үшін арнайы мекемелердің аз болғандықтан, кең ауқымды мүмкіндік беру; жабық мектеп-интернаттарында балаларды оқытуда ата-аналарды қатыстырмағандықтан отбасының тәрбиелеу потенциалын қолдануға мүмкіндік беру; дамуында ауытқулары бар балаларды оқытуында қолданылатын тиімді, ерекше әдістерді барлығының қолы жетерліктей мүмкіндік беру. Ұлттық мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту қоршаған ортамен қарым-қатынас және жаттығуларды қолдану деп есептеді. Мұғалімдер семинариясының жетекшілері байқағандай, оқытуда арнайы оқыту технологияларын ұлттық мектептің мұғалімдері пайдаланса, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту сапасы өсетініне сенімді. Сонымен, неміс педагогы Х.К. Фридрих Шварц 1829 жылы өзінің «Теория воспитания в трех томах» атты жұмысында былай жазған: «есту және көру кемшіліктері бар балаларды оқыту үшін жақсы мекемелер бар, соларды қазіргі уақытта жетістіктерін ұлттық мектептерге қосу маңызды болып табылады». Сол кезде естімейтін және көзі көрмейтін балаларды арнайы мұғалімдер ұлттық мектептерде оқытса, ол арзанға түседі деп есептеген. Мұндай дайындық тәжірибесі пруссияның Саксония провинциясында белгілі. Мектеп-интернаты жадында естімейтін балалар үшін Эрфуртте және Хальберштадтта, кейінірек Магдебург және Вайсенфельсте мұғалімдер семинары ашылған болатын. Мұнда дамуында ауытқулары бар балалармен жұмыс жасай алатын 100-ден астам семинаристерді 2 жыл ішінде дайындап шығарды. Францияда білім министрлігінің қолдауымен мүмкіндігі шектеулі балаларды ұлттық мектептерде оқытуды А.Бланше ұйымдастырған. Міндетті түрде жалпы білім беру және қатал білім шектелімдері енгізбей тұрып, біріктіріп оқыту тәжірибесі тиімді болатын. XIX ғасырда Еуропа елдерінде бастауыш сыныптарға білім

беру міндеттелгеннен бастап қарапайым мектептер және ондағы сыныптар саны ұлғая түсті. Мүмкіндігі шектеулі балаларды мұндай жағдайда оқыту тиімді емес. Сондықтан бұл бағдарламаларды игере алмайтын балаларды қосымша сыныптарға немесе осы үшін ашылған арнайы мектептерге жіберіледі. Мүмкіндігі шектеулі балаларды көпшілік білім алатын ордалардан бөліп оқытуды XIX ғасырда скандинавия елдері қолдады. Содан соң 100 жылға дейін біріктіріп оқыту туралы ұмытып кетеді. Әлемдік білім беру жүйесі осы аралықта өзінің құрылымында жекеленген ішкі жүйені тұрғызады – мүмкіндігі шектеулі балаларды дифференцилы түрде және ұлттық мектептердегі көпшілік сыныптарында емес арнайы сыныптарда оқытады.

Принциптер өте қажет деп ойлаймыз, себебі бұл салада жұмыс істейтін адамдарға өз жұмысына баға беруге көмектеседі. Инклюзивті мектептер барлығына да ашық - әрбір жас балаларға және жасөспірімдерге. Инклюзивті мектептер барлық балаларға, олардың ақыл-ой, психологиялық, әлеуметтік, тіл және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан бірдей білім береді. Онда қалада тұратын және жұмыс істейтін ерекше қасиеті бар мүгедек балалар, көшпенді халықтың балалары және жекеленген жағдайда тұратын халықтың балалары, қиыр шығыста немесе тауларда тұратын балалар оқи алады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1. Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыттары. ҚР-ның Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. 2012ж, 28 қаңтар.
2. 2011 – 2020 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2010, 18 – маусым.
3. Песталоцци И.Г. Педагогические сочинения М.: Педагогика, 1998.- С-320.
4. Выготский Л.С. Педагогическая психология М.:Педагогика 1996.-С- 301.

ӨОЖ. 378.105.7

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

ПУТИ НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ НА ОСНОВЕ КАЗАХСКИХ НАРОДНЫХ ТРАДИЦИЙ

LINES OF NATIONAL EDUCATION OF PUPILS THROUGH CUSTOM-TRADITION OF KAZAKH PEOPLE

Ү.Мелдебекова

п.ғ.к., доцент м.а.

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

С. Құтымова

I курс магистранты

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

А.Рысбекова

п.ғ.к., доцент м.а.

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

Түйіндеме

Бұл мақалада қазақтың салт-дәстүрі арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің жолдары

көрсетілген. Салт-дәстүрдің танымдық мүмкіндіктерін аша білген ата-бабаларымыздың көне заманнан жинақтап, іріктеліп еле атқан ұлттық құндылықтарымыздың ерекшеліктерін атап көрсеткен. Өркениетке ұлттық элементтеріміздің негізін арқау етсек деген ой айтылған. Жастардың бойында ізгілік қасиет боуы тілге тиек еткен. Осы бағытта ой қозғаған, ұлттық таным мен білімге үлес қосқан ағартушылардың еңбегіне тоқталған.

КІЛТТІК СӨЗДЕР: салт-дәстүр арқылы, ұлттық ұстаным, ата-баба мұрасы, жастар тәрбиесі, адамгершілік, имандылық, өнеге, үлгі, ел мұраты, болашақ.

Резюме

В статье рассматриваются пути нравственного воспитания учащихся посредством казахских обычаев и традиций. Раскрыты познавательные возможности обычаев и традиции. Показаны особенности национальных ценностей. Высказывается мысль что в основу цивилизации должны войти национальные элементы. Молодежь должна воспитываться в духе гуманизма. Анализируются труды просветителей внесших вклад в национальное воспитание и образование.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: традиции, обычаи, национальное воспитание, наследие предков, воспитание молодежи, нравственность, духовное воспитание, пример, идеал народа, будущее.

Summary

This article about how custom-tradition influence to pupils of their morality education. Ancestors who done cognitive possibility of custom-tradition may opened features of national values. We said about how include bases of national elements to civilization. This article has enlightener labours about national cognition and knowledge and they are helped that humanism quality was in young people.

KEY WORDS: custom-tradition, national credo, ancestors of heritage, youngs education, morality, humanity, standard, dream of county, national, future

Ел басымыз Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясының Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары атты жоспарында: «Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды», - деген болатын [1].

«Ел болам десең – бесігінді түзе» дейді біздің дана халқымыз. Бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлу ата-бабаларымыздың ежелден келе жатқан негізгі қасиеттерінің бірі. Бала – ұрпағының жалғасы, ертеңгі күнге аманатым деп бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Кісі, қонақ келгенде қолына су құйғызып батасын алған, қонақты аттан түсіріп, үйге бастап әдеп танымын көрсеткен.

Осындай керемет үлгілерімізден айрылып қалардай уақыттарды бастан кешкен халқымыз мына жаңа заманда дәстүріміз бен салт-санамызды қайта бір жаңғыртқандай.

Сонау заманда адам баласының мәңгі жасауын арман еткен Қорқыт атамның тәлім-тәрбиелік әңгімелері мен мақал-мәтелдері, әл-Фарабидің білім, ғылым, тәрбие жөніндегі тұжырымдары, А.Ясауи ілімдері, Жүсіп Баласағұни тәлімдері, Абай мен Ы.Алтынсариннің тәрбиелік ойлары, А.Байтұрсыновтың ұлттық білім беру жүйесі, М.Жұмабаевтың «Педагогикасы», Ж.Аймауытовтың қазақ психологиясын зерттеуі бәрі де біздің қасиетті де құймақұлақ, шешен де пайымды халқымыздың болашағы үшін тер төгіп, халықтың қамы үшін этнопедагогиканың негізін салған ағартушы-ғалымдар.

Бүгінгі таңда осы проблеманы қолға алып, оқулықтар жазып, жанашырлық көрсетіп отырған Оразбекова К, М.Оразаев, М.Смаилова, Қ.Жарықбаев, Ә.Табылдиев, С.Ғаппасов, С.Қалиев, Ұ.Асыллов, Ж.Нұсқабаев т.б. ғалым-зерттеушілеріміз тәрбие ісін жүргізудің оны оқу бағдарламасына енгізудің түрлі жолдарын көрсетіп, мақсатын жеткізе білді [2].

Халықтық педагогиканың үздік дәстүрлері арқылы адамгершілік тәрбие берудің проблемаларын айқындау, халықтық дәстүрлердің тарихи танымдық сипатын анықтау, ұйымдастырылған іс-әрекет негізінде ұлттық дәстүр арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің және ойын-сауық өткізу барысында адамгершілікке тәрбиелеу әдістерін қарастыру бүгінгі таңдағы шығармашыл педагогтардың негізгі міндеті болып отыр.

Қаншама заман өтсе де, маңызын жоймаған халықтық педагогиканы тәлім-тәрбиенің туы қазығына айналдыру ата-ананың да, мектептің басты борышы.

Қоғам барлық тарихи даму кезеңдерінде халық педагогикасы жайлы ұғымды анықтау, әр түрлі ғылыми-педагогикалық көзқарастарды қалыптастыру проблемаларына көптеген ғалымдар, педагогтар көңіл аударды, құнды пікірлер айтты, өмірлік мұра қалдырды.

Әр халық өзінің жас ұрпағын қайырымды, адал, үлкенді құрметтейтін әділ, ержүрек ізгі ниетті, ар-ожданы мол болып өссін деп армандайды, бұл мәселені өзінің тұрмыс салтына байланысты шешіп отырды. Ол үшін ғасырлар бойы қолданып, сұрыпталып, өмір тәрбиесін сыннан өткен салт-дәстүрлерді педагогикалық әдіс-тәсілдерді пайдаланып келеді.

Халықтық педагогика дәуірдің небір қатал сынынан өтіп, жаңарып, шым болаттай тіршілік тынысы және салт-дәстүрлерімен біте қайнасып, бірге жасалып келе жатқан қазына.

Қазақ халқының ұлы педагогы, этнографы Ы.Алтынсарин өзінің әдеби және педагогикалық еңбектерінде қазақтың фольклорын пайдалана білген.

Ы.Алтынсарин барлық еңбектерінде жеке адамның жоғары қасиеттерін қалыптастыруда еңбек, адамгершілік ақыл-ой тәрбиесінің ерекше орын алатынын атап көрсетеді. Кеменгер ұстаз Ы.Алтынсариннің ұлағатты сөздері, педагогикалық мұралары халық педагогикасында үлкен орын алады. Оларды қазіргі қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрін қайта жаңғырту кезеңінде кең мағынада насихаттау әрбір педагог-тәрбиешінің басты борышы болуы қажет.

Қазақтың ағартушы-педагогтары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов ұстаздық етуде және тәлім-тәрбиелік еңбектер жазуда өз ұлттының салт санасын терең зерттеген. Сан ғасырлық тарихы бар ата-бабаларының халықтық педагогикасына терең ғылыми талдау жасады. Сөйтіп, олар қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдеп-ғұрып, салт-дәстүрімен тәлімдік мұраларын жас ұрпаққа, ұлттық тәрбие беруде пайдалану жолдарын көрсетті. Сол мақсатта олар қазақ мектептерінің жас жеткіншектеріне арнап оқулықтар, оқу құралдар және әдеби шығармалар жазды.

А.Байтұрсынов қазақтың халық педагогикасын жан-жақты зерттеп, қазақ этнопедагогикасының негізін қалады, ұлттық білімнің шамшырағы болды.

Халық педагогикасының арқауы-ауыз әдебиеті мен халықтық салт-дәстүрлері. Ауыз әдебиеті мен халықтық салт-дәстүрлері-ұлттық тәрбиенің негізі. Міне, осы тұғырлы-тұжырымды ірі ғалым лингвист, әдебиет зерттеуші дарынды ақын, аудармашы, қазақ тілі бөлімінің іргетасын қалаушы, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін жасаған талантты көсем сөз иесі, туған халқының рухани дүниесін жандандырған ғұлама – А.Байтұрсынов жан-жақты зерттеп, олардың тәрбиелік мәнін ашып берді. Ол қазақ этнопедагогикасының негізгі нұсқаларын зерделей зерттеп, талғай тауып, олардың ғылыми теориялық негіздерін жасады [3].

М.Жұмабаевтың "Педагогикасы" нағыз ұлттық тәрбиені насихаттауға бағытталған, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында мектеп мұғалімдері мен тыңдаушыларға арналып жазылған тұңғыш халық этнопедагогикалық еңбек деп толық айтуға болады. Өйткені, Мағжан "Педагогикасының" басты ерекшелігі – оның қазақ топырағымен тығыз байланыстылығында. Оқулықтың басынан аяғына дейін ұлттық тәрбие басшылыққа алынып, оған сүйеніп, ұлттық тәрбие беруге тәлімгерлерді даярлау туралы ой-пікірлерінің айтылуы қазіргі кезде мектепте оқу-тәрбие үрдісіне ұлттық мазмұн беру қажеттілігімен сипатталады [4].

Этнопедагогика – белгілі бір халықтың, халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы.

Этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады: халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінен құралған ауыз әдебиеті және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрінісі.

Этнопедагогиканың зерттеу объектісі халық педагогикасы. Халық педагогикасы халықтардың ғасыр бойы ұрпақ тәрбиелеу тәсілдеріне негізделген тағылымдардың бай тәжірибесінің эмпирикалық жиынтығы [5].

Ал этнопедагогика халық педагогикасының ұрпақ тәрбиелеудегі тағылымдарын ғылыми жүйеге келтіріп зерттейтін, оны тәжірибеде қолданудың әдіс-тәсілдерін теориялық тұрғыда сөз ететін ғылыми педагогиканың бір саласы.

Этнопедагогиканың мақсаты – халықтық салт-дәстүрді, өнерді дәріптейтін, ана тілі мен дінін қадірлейтін, отанын, елін, жерін сүйетін, жан-жақты жетілген, саналы намысқор, патриот азамат тәрбиелеу.

Қазақтың ұлттық, имандылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық дәстүрлері, меймандостық, қонақжайлылық рәсімдері – ұлттық мәдениеттің айқын белгілері болып саналады.

Мысалы, кісі күту дәстүрі бойынша қонақ қабылдау, қонақасы беру, қонақ кәде жасау ұлттық мәдени рәсімдер арқылы орындалады.

«Халқыңды сүйсең, салтыңды сүй» деп халық ұлттық тәрбиеде қасиетті туған жерді қастерлеу, халықты қастерлеу, текті, ұлтты, жалпы адамзатты сүюді парыз деп санайды, халық педагогикасының мәдени, рухани кредосы - әдептілік.

Аталы сөз – бата, өнеге, тілек – ұлттық мәдениеттің мәнді белгілері. Ұлағатты ұстаздар мен шешендер, хандар, билер, атақты аталар мен дарынды даналар өздерінің өсиеттерін айтып, өнегелерін көрсетіп, ана тілінің айшықты сөздерімен тілек, бата беріп, ұрпақты мәдениеттілікке тәрбиелеуді мақсат тұтқан.

Халықтың ұрпақты әдептілікке (мәдениетке) тәрбиелейтін ұлағатты ұғымдары мен ырым, тыйым сөздерінің мәдени-тәрбиелік мәні зор. Салауаттылық, үнмешілдікке, ұқыптылыққа, яғни мәдениеттілік негіздерін білуге тәрбиелейтін.

Халық ұрпағынан ағайын, жеке жат жұратты сылау дәстүрлері арқылы аталас, ауылдас, құда, нағашы, күйеу, жезде, жиен, дос, таныс, ұжымдас адамдармен сыйласу мәдениетін талап етеді. «Аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын», «Құданды құдайыңдай сыйла», «Шын дос болу – бақыт» деп халық адам сыйлаудың ғажап үлгілерін ұрпағына үнемі үйретіп отырған.

Ер намысы, қыз абыройы – қазақ халқының ұлттық тәрбиедегі мәдени мұралық белгілерін білдіретін тәрбиелік тіректері. «Жақсы жігіт он бесінде баспын дейді, жаман жігіт отыз бесінде жаспын дейді» деп, жеке тұлғаның мәдениеттілігі жастайынан-ақ белгілі болатынын дәлелдейді. Халық қыздың абыройлы болуына көбінесе ана жауапты деп қарап, қызды әдепті (мәдениетті) етіп тәрбиелеу – ұлттық міндет екенін баса көрсетеді.

Ата-ананың тәлімі, өнегесімен ештеңе теңесе алмайды. Халқымыз кезінде арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындары болмаса да өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең, жыр, ертегі, асыл сөздері арқылы тәрбиелілікке баулыған. Қазақ халқы ұрпақ тәлім-тәрбиесінде өз ұлтына тән, оның ұлттық тектілігін сақтайтын сәтті қағидалар мен ережелерді дүниеге келтіріп, ұстаған.

Отбасында ұл мен қыздың тәлім-тәрбиесіне терең көңіл бөліп, «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», - деп әке-шешенің бала тағдырына, болашағына жауапкершілігін міндеттейді.

Шығыстың ұлы ойшылы Әл Фараби: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі ғана бақытқа жетіп, адамгершілік қасиетке ие болмақ», - десе Махмуд Қашғари: «Атасынан адал қалса, тентек ұл да түзелер», - деп мінездің өмір тәжірибесінде қалыптасатыны жайлы үлкен ой тастаған. Қазақ отбасында ұлттық мінез-құлықты бала бойына дарыту негізінен әдептілікке үйретуден басталып, әдепті болуды балаға міндет етіп қойған.

Әке-шеше баласын қайырымды, мейірімді, тіл алғыш, елгезек, адал, шыншыл болуға, ата-анаға үлкенді сыйлауға, құрметтеу, орынсыз сөйлемей, тіл тигізбеу, т.б. қасиеттерді бойына сіңіріп өсуіне ерекше мән берген.

Ересек адамдар жеке бастарының өнегесімен балалардың бойына осындай сезімдерді, азаматтық парызды ұялата білсе, ұнамсыз жайларға бой алдырмауына жол берілмеуі анық. Өйткені, күнделікті тіршіліктегі кездесетін кейбір жағымсыз көріністер ықпалы бала бойына мінез болып қалыптасуы да ықтимал. Сол себепті отбасында әке-шеше өздерінің ұнамды өмірлік тәжірибелерін ұл-қыздарына ұғындыруы мінез-құлықтың оңды қалыптасуының негізгі түйіні болмақ.

«Артында қызы бардың, көзі бар, ұлы бардың өзі бар», - демекші осындай асыл ұғымдарды терең зерделей білуіміз керек.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің элементтерін тәрбие үдерісіне ендіру арқылы бүгінгі заманның ұлтжанды ұрпағын тәрбиелеу барысында өз үлесімізді қосып отырмыз. Балалардың осы ерекшелігін түсіну арқылы баланы жан-тәнімен жақсы көре отырып, танып білуге олармен санасу, қамқарекетін, ісін, көңіл-күйін білу арқылы оларды ұлттық нақышта тәрбиелеу біздің негізгі мақсатымыз болатын.

Жас жеткіншектердің бойына дарытқан ата-бабамыздың ғасырлардан ғасырға елек көзінен өткізіп, жеткізген мол мұрасы болашаққа бүгінгі жас ұландар арқылы жетпек.

Батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, әрбір үйде отбасы ұстанымы болғаны жөн. Бұрындары жасаған ерліктерді сыйламай, қадірлемей тұрып, жаңа ерлікке шақыру бекершілік. Сондықтан жас ұрпақта ата-баба дәстүрі рухында тәрбиелей отырып, оларды адамгершілікке, инабаттылыққа баулыған абзал. Ол үшін әрбір отбасында қалыптасқан тұрмыс-салт, дәстүрі жүйелі тәртіптің болуы тиіс.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты қазақстан халқына жолдауы. 14 желтоқсан. Астана, 2012.

2. Қалиев С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері және демократ ағартушылары. -Алматы: РБК, 1993.

3. Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар және әдеби зерттеулер. -Алматы: «Жалын», -1991.

4. Жұмбабаев М. Педагогика. -Алматы: «Ана тілі». -1992.

5. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. -Алматы: «Білім», -2003.

ӘӨЖ: 370.7122

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ БАЛАЛАР ЕҢБЕГІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

SPECIFIC FEATURES OF NURSERY SCHOOL CHILDREN'S

СПЕЦИФИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ТРУДА ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ПЕРИОДА

А.Рысбекова п.ф.к., доцент м.а.

Исахова Ш.И. аға оқытушысы

Түйіндеме

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалар еңбегінің өзіндік ерекшеліктері жөнінде баяндалады. Еңбек тәрбиесі балалардың эстетикалық талғамын дамытып, сұлулыққа, әдемілікке әуестендіреді, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады. Дұрыс ұйымдастырылған ұжымдық және жеке еңбектің барлық түрі, олардың нәтижесі балаларда қанағаттану сезімін, еңбекке жақсы қарым-қатынасын тудырады. Бұл жұмыс баланың ақыл-ойын, қиялын, шығармашылығын дамытады. Дағдыларын қалыптастырып, ересектердің еңбегін бағаларға үйретеді. Оларды мектептегі еңбекке даярлайды.

КІЛТ СӨЗДЕР: бала, еңбек, ұжым, дағды, эстетика, тәрбие, адамгершілік, тәрбиеші, әдемілік, ерекшелік.

Резюме

В статье рассматриваются особенности труда детей дошкольного возраста. Трудовое воспитание развивает эстетический вкус детей, прививает интерес к прекрасному, формирует нравственные качества.

Правильно организованные коллективные и индивидуальные виды труда, способствуют появлению у детей чувства удовлетворенности, положительное отношение к труду.

Данная работа способствует развитию ума, воображения, творчества детей, учит их эстетике, воспитанию и как оценивать труд взрослых.

КЛЮЧЕВИЕ СЛОВА: ребенок, труд, коллектив, навык, эстетика, воспитание, нравственны, воспитатель, прекрасное, особенность.

Summary

This article deals with some features of work of children at preschool age. Labour education develops taste of children, imparts interest to fine, and forms moral qualities.

Correctly organized collectively also are individual kinds of work, their results children have feelings of satisfaction, the positive relation to work.

The given work develops mind, imagination, creativity of children, and helps learner to learn, the education to estimate adults work.

Key words: the child, work, collective, skill, an aesthetics, education, moral, fine, feature.

Бала тәрбиесі әрқашан да күнделікті өмірдің ең басты да жауапты мәселесі ретінде қарастырылып

келген. Ал қазіргі қоғамда, оның ішінде әр ұлт республикаларында жас ұрпақты жан-жақты дамыту, оны жеке тұлға ретінде жетілдіру ісіне айрықша көңіл бөлініп, бүкіл тәрбие мен білім беру мазмұнын жанарту көзделуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдаған үндеуінде: «2020 жылға қарай қалалық, сол секілді ауылдық жерлердегі барлық балалар мектеп жасына дейінгі тәрбие беру және оқытылумен қамтылатын болады. ...Үкіметке әкімдермен бірлесіп үстіміздегі жылдың бірінші жартысында-ақ балаларды мектеп жасына дейінгі оқытумен және тәрбиемен қамтамасыз етуді арттыруға бағытталған «Балапан» арнайы бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға кірісуді тапсырамын» – деп атап көрсетті [1].

Мектепке дейінгі балалардың еңбек тәрбиесінің негізгі міндеті – сәбилік шақтан бастап оларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу және балалардың еңбекке дұрыс қатынасын қалыптастыру. Еңбек тәрбиесі қоғам мүддесі үшін еңбек ететін жан-жақты дамыған адам даярлау сияқты тәрбиенің жалпы мақсатына бағытталады.

Мектепке дейінгі шақ – негізінен ойын кезеңі болғандықтан еңбек бала өмірінен аздап қана орын алады. Әуелі еңбек әрекетінің қарапайым элементтері көрініс тауып, бірте-бірте еңбек ойыннан бөлініп, айрықша сипатқа ие болады.

Еңбек балалардың жауапкершілік сезімін тәрбиелеумен қатар анализаторларын (көру, есту, түйсіну, сезіну, иіс, дәм) дамытуға мәнді ықпал етеді.

Еңбек бұлшық ет пен барлық ішкі мүшелердің қызметін күшейтеді, бүкіл дененің еңбекке қабілетін арттырады, нерв жүйесін дамытады. Еңбек процесі баланың анализаторларын жаттықтырып қана қоймайды, сонымен қатар ми қызметінің дамуына үлкен роль атқарып, «бұлшық ет сезімін» де дамытады.

Дене мен ақыл-ой жұмсауды қажет ететін кез келген еңбек процесі баланың ырғақты зейінін, бақылампаздығын, тапқырлығын дамытады. Бала үш жасқа дейінгі шақта еңбекке физиологиялық, психологиялық жағынан дайындалады. Ал мектепке дейінгі баланың еңбегі таным процесімен байланысады, оның білімге ынталануына ақыл-ойының, тілінің дамуына мүмкіндік тудырады.

Отбасында, балабақшада дұрыс ұйымдастырылған еңбек мінез-құл-қының моральдық жағымен қатар ерік-қайрат, мақсаттылық, табандылық сияқты адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеп, еңбекке күш жұмсау дағдысын қалыптастырады.

Бұл кезеңдегі бала еңбегінің өзіндік ерекшелігі – ойынмен тығыз байланыстылығы. Бұлардың ойыны мен еңбегінің арасын ажырату қиын. Өйткені алғашқы еңбек әрекетінің қарапайым элементі ойыннан басталады. Еңбекте жаңа заттармен, құбылыстармен кездеседі, оларды танып біледі, соның нәтижесінде ең алғашқы қанағаттану сезімі пайда болады.

Бұл кезеңде балалар еңбек құралын меңгеріп, бір іс-әрекетті бірнеше рет қайталаудан ләззат алады. Бұларда мақсатқа жетуде қызығудан гөрі бір процесті қайталау басым келеді, нәтижеге жетуден гөрі іс-әрекетке талпыну күшті болады. Сондықтан бұл кезеңдегі бала іс-әрекетінің ерекшелігі: мақсатының тұрақсыздығы, басқа нәрсеге көңілінің тез ауытқып кететіндігі.

Тәрбиеші көптеген еңбек дағдыларын үйрету, бекіту, дамыту үшін ойынды еңбекпен жалғастырады, үйлестіреді. Мысалы, балалар қуыршақпен ойнауда бірқатар еңбек процесін орындайды: қуыршақты киіндіру және шешіндіру, қуыршақ бұрышын жинау, оның киімдерін жуу, тігу, ыдыстарын жинау, жуу т.б. жұмыстардың ретін үйретеді. Әсіресе ересек топтағы балаларға ойын барысында керекті заттарды жасау қажеттігі туады.

Балабақшадағы еңбек тәрбиесінің міндеттері:

- 1) балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру және оған құрмет сезімін тәрбиелеу;
- 2) қарапайым еңбек дағдыларын үйрету;
- 3) еңбекке қызығушылығын, сүйіспеншілігін, дербестігін тәрбиелеу;
- 4) ұжымда және ұжым үшін еңбек ете білуге баулу, қоғамдық бағытта еңбек ету мотивін қалыптастыру [2].

Балабақшадағы еңбек тәрбиесінің міндеті мен талабына сәйкес келетін еңбектің төмендегі түрлері ұйымдастырылады:

Тұрмыстық-шаруашылық еңбек (өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілік, топ бөлмесін, участкені тазарту). Бұл баланы еңбекке дайындайтын ерекше іс-әрекет.

Еңбектің бұл түрі сәбилер, кішкентайлар, естиярлар, ересектер, мектепке даярланатын топтарда жүргізіледі.

Балаларды ересектердің үй шаруашылығы еңбегіне, тұрмыстық еңбекке қатыстыру.

Үй шаруашылығындағы еңбек бірден-бір өмірлік қажеттілік және оның мақсатын баланың санасына оңай жеткізуге болады.

Балабақшадағы балалардың тұрмыстық-шаруашылық еңбегін ұйымдастыру белгілі бір формада өтеді.

Ол әр түрлі жас шамасындағы топтағы балалардың еңбегінің мазмұны мен мөлшерін анықтайды. Әуелі жеке тапсырмалар орындаудан басталып, кейіннен шағын топтармен орындалатын міндеттер жүктеледі.

Табиғат аясындағы еңбек – бақшада, бақта, гүлзарда еңбек ету, табиғат мүйісіндегі өсімдіктер мен жануарларды күту. Гүлдерді, жемістерді, көкөністерді күту, мал өсіру – нәтижесі көрінетін еңбек. Бұл сәбилер тобынан басталады. Көбіне таза ауада өтеді де, баланың денсаулығын нығайтады.

Табиғаттағы күнделікті жүйелі еңбек балалар ұжымын біріктіреді, жалпы қызығушылығын, жауапкершілік сезімін дамытады, белгілі бір дағды қалыптастырады, нақты білім алады, бақылампаздығы артады, жалпы ақыл-ой аясы кеңиді.

Қол еңбегі (құрастыру, қағазбен, ағашпен, матамен, табиғи т.б. материалдармен жұмыс істеу) балалардың қажеттілігі мен қызығушылығына байланысты, сондықтан да бағалы. Ойынға қажетті зат жасау, бізді қоршаған жақын адамдарға сыйлық дайындау сияқты мақсаттар қояды. Мақсаттың айқындылығы бала еңбегін мәнді де мазмұнды, қуанышты етіп, балаға эмоциялы толқу тудырады. Еңбектің бұл түрі енжар балалардың белсенділігін тудыруға мүмкіндік береді, балалардың тату, дос ұжымын ұйымдастырады. Сонымен, құрылыс, құрастыру, іс-әрекеттері жоспар жасаудың алғашқы элементін тудырып, алдына мақсат қоюға, мақсатқа жетудің құралын, жолын іздестіруге, қиыншылықты жеңуге үйретеді, ой тапқырлығын ұштайды, техникалық, творчестволық өнертапқыштығын дамытады, әдет пен дағдыны жүйелі түрде үйренуді талап етеді. Бұл процесс материалдың сапасын тануға, онымен жұмыс істеуге, еңбекті ұйымдастыруға, тазалықты қатаң сақтауға, қарапайым еңбек құралдарын пайдалана білуге үйретіп, практикалық іскерлікті игеруге мүмкіндік жасайды. Сөйтіп, балаларды психологиялық жағынан мектептегі еңбекке дайындайды.[3].

Балалардың жасы өскен сайын еңбек процесін ұйымдастыруда тәрбиешінің әдісі мен тәсілі де өзгереді. Балаларға тапсырманы орындату процесінде тікелей бұйрық, нақты көмек берудің орнына тәрбиеші жанама еске түсіру, ақыл-кеңес беру әдістерін қолданады, сөйтіп, жеңіл міндеттерді дербес шешуге бағыттайды. Ересек балаларда «үйренсем» деген ішкі ниет пайда болады. Ол еңбек әрекетінің негізгі мотиві болып есептеледі, тәрбиеші осыған сүйеніп жүйелі, бір қалыпты, белгілі мөлшерде тәрбие жұмысын жүргізеді.

Тәрбиешінің негізгі методикалық тәсілі – жұмысты тусіндіру көрсету, үйрету. Жаңа дағдыны игеру балаға қиыншылықты жеңу қуанышын әкеліп, еңбекке, қоршаған ортаға, үлкендер мен балаларға деген дұрыс қарым-қатынасын қалыптастырады.

Балалардың еңбегі дербестігімен ерекшеленеді және сөзсіз тексеріліп отырады. Кезекшінің жақсы жұмысы мадақталады, кемшіліктері мен қателіктері көрсетіледі, оны түзеудің жолдары айтылады. Әр кезеңде тексеру формасы өзгеріп отырады: мысалы, кезекшінің жұмысына әңгіме-талдау, өз жұмысы, өзгелердің жұмысы жайында қорытынды жасау, кезекшілікті балалардың алдында тапсыру. Кезекшілікті қабылдап алатындарға не нәрсеге көңіл бөлулері қажет екені де ұғындырылады. Тәрбиеші балаларды бір-бірінің жұмысын тексеруге, бағалауға, өзіне және жолдастарына талап қоюға, бір-біріне көмектесу, қолғабыс тигізу сияқты адемігершілік қасиеттерге баулиды.

Тәрбиеші жұмысының тағы бір тәсілі кезекшімен қысқа әңгіме жүргізіп, жұмысына бағыт береді, тапсырылған жұмысқа байланысты білімді хабарлайды, міндетін анықтайды, орындау тәсілін үйретеді, жолдасының жұмысына көңіл бөлу, қамқоршы болу, өзін-өзі бақылау, саналы қарау сезімін оятады.

Бұл кезеңдегі балалар техникаға құштар келеді. Көп нәрсенің: самолеттің, паровоздың т.б. тетігін жасай алады, сондықтан тәрбиеші оларға әр түрлі ойыншық: телефон, диірмен, светофор, радиоқабылдағыш, телевизор және т.б. жасауды үйретеді. Құрастыру ойыны топ-пен және жеке ұйымдастырылады. Тәрбиеші балаларға көмектеседі, көрсетеді, бірақ бала үшін өзі істемейді. Бала бір затты жасау үшін ойланады, салыстырады, талдайды, пікір таластырады. Балаларды дербес шешім жасауға, бастамашылдыққа, ойлауға баулиды.

Балалардың желімдеу, жапсыру, бояу, құрастыру, сурет салу және т.б. дағдыларын ойын процесінде меңгертудің маңызы мол. Мектепке даярлайтын топтағы балалар тігу, кестелеумен де шұғылданады. Олар ине сабақтауды, жіп түйоді, шетін қиюды, түймені қадауды, қарапайым тігіспен кестелеуді өздігінен істей алуы керек. Дұрыс ұйымдастырылған еңбек тәрбиесінің нәтижесінде «тәрбиеші шәкірттің еңбекке деген сүйіспеншілігін ғана емес, сонымен қатар еңбек ету әдетін де оның бойына сіңіреді»¹.

Еңбек тәрбиесі балалардың эстетикалық талғамын дамытып, сұлулыққа, әдемілікке әуестендіреді, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады.

Дұрыс ұйымдастырылған ұжымдық және жеке еңбектің барлық түрі, олардың нәтижесі балаларда қанағаттану сезімін, еңбекке жақсы қарым-қатынасын тудырып, ақыл-ойын, қиялын, творчествосын дамытады, дағдыларын қалыптастырып, ересектердің еңбегін бағаларға үйретеді, сөйтіп оларды

мектептегі еңбекке даярлайды.

Балабақша мен семьяның бірлесе жүргізген тәжірибе жұмысы ғана еңбек тәрбиесінің дұрыс іске асуын қамтамасыз етеді. Педагогтар ата-аналар жиналысында, олармен әңгімеде «Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасының» талап-тілегімен таныстырады, үйде балалармен еңбек тәрбиесін ұйымдастыру жайлы ақыл-кеңес береді. Балалардың жас ерекшелігіне байланысты отбасында ұйымдастыратын еңбектің түрлері жайлы ата-аналарға нақты тапсырмалар беріп, балаға үйде де балабақшада да бірдей талап қою қажеттігі ұғындырылады.

Тәрбиеші ата-аналармен балалар жұмыстары көрмесін, фотокөрме (балабақшадағы балалардың еңбегін сәулелендіретін) ұйымдастыру, ата-аналарға қажетті педагогикалық әдебиеттерді, мақалаларды ұсыну, стенділерді жасақтап, көрсетіп отырады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа он жылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы. –Астана, 29 қаңтар 2010 жыл
2. Ә.Меңжанова, Г.Исмағұлова, Е.Дайрабаев Мектепке дейінгі педагогика. –Алматы, 1982
3. Маркова Т.А. Воспитание и трудолюбие у дошкольников. - Москва: Просвещение, 1991.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Жұбандықова А.М. азақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің п.ғ.к., аға оқытушысы

Түйіндеме

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының этномәдени құндылықтарын қалыптастырудың ерекшеліктері жайында жазылған. Оқушылардың этномәдени құндылықтарын қалыптастыру этномәдени құндылық мәселесін шешуде маңызды болып табылатыны анық. Осы орайда құндылықты қабылдаудың негізі бастауыш мектептен қаланатынына байланысты этномәдени үдерісті жан-жақты зерттеу мәселесі туындайды. Этномәдени құндылық өз Отанына, туған жеріне, ана тілі, салт-дәстүрі арқылы қалыптасады.

Резюме

В статье рассматривается вопрос об этнокультурном воспитании учащихся начальной школы. Этнокультурное воспитание учащихся имеет большое значение в решении этнокультурных проблем. В связи с этим возникает необходимость всестороннего изучения этнокультурных процессов особенно в начальной школе, так как именно здесь закладывается основа ценностного восприятия. Этнокультурные ценности формируются через уважение к своему краю, Родине, через знания родного языка, традиции, обычаев.

Summary

The article discusses the ethnic and cultural education of elementary school pupils. Ethno-cultural education of pupils is of great importance in solving the problems of ethnic and cultural. In this regard, there is need for a comprehensive study of ethnocultural processes particularly in primary schools, as it is here laid the foundation of value perception. Ethno-cultural values are formed through respect for their land, homeland, through the knowledge of the native language, traditions and customs

Қазіргі заман талабының бірі – жан-жақты мәдениетті тұлға тәрбиелеу. “Өз мәдениеті арқылы өзге

мәдениеттерге бағыт ұстанған адам жан-жақты мәдениетті тұлға болып ұғынылады» [1] – деп Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында атап көрсетілген.

Ғаламдық жаһандану жағдайындағы жаңа қоғамда орын алған ірі экономикалық өзгерістер мен технологиялық жетістіктер – қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім жүйесіне орасан ықпалын тигізіп отыр. Әлемдік қауымдастықтың біртұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүддеге барынша әрекеттенуі – *жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген* саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу қажеттігін де алға тартып отырғаны шындық.

Болашақта гүлденген Қазақстанның одан ары қарыштап өркендеуінің негізгі тұтқасы болатын демократиялық қоғамды құратын парасатты және білімді тұлғаларды дайындауда ұлттық тәлім-тәрбиенің атқаратын жұмысы зор екені даусыз. Озық жетістіктерге негізделген білім нәрімен қатар, ұлттық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақтар ғана ұлт тағдырын тереңінен таразылап, болашағын барынша болжайтын қоғам сұраныстарына жауап беретін және барынша әлеуметтенген тұлға ретінде танылатыны анық.

Демек, педагогика ғылымының осы кезге дейін қалыптасқан озық тәжірибелеріне сүйене отырып, оны бастауыш сынып оқушыларына оқу-тәрбие процесінде этномәдени құндылықтарды барынша пайдалану – басты талаптардың негізі болуы шарт.

Бұл жөнінде Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту тұжырымдамасында: “...тәрбие мен оқыту мазмұны бірінші деңгейде қызметтің өзіндік түрлерін және *баланың даму бағытын*, оның кейінгі мектеп жағдайына бейімделуін қамтамасыз етуге тиісті...” [2] - делінген.

Өскелең ұрпақтың бойында этномәдени құндылықтарды қалыптастыру тарихын сөз етпес бұрын, алдымен осы түсініктердің пайда болуы мен құрылымдарына тоқталайық. Этномәдени құндылық сөзінің мағынасы: этнос, мәдениет, құндылық сияқты бөліктерден тұрады.

«Этнос» терминін қарастырғанда көпшілік авторлар Ю.В.Бромлейдің анықтамасын негізге алады. Оның айтуынша «этнос» – бұл белгілі территорияда тарихи қалыптасқан, салыстырмалы түрде тұрақты тіл, мәдениет және психикалық ерекшеліктерге, сол сияқты өзіндік атауында көрінетін өзінің бірлігі мен өзгелерден ерекшелігін (өзіндік сана) түйсінетін адамдардың тұрақты жиынтығы». Этнос табиғатын түсіндіруге арналған басқа да тұжырымдар көптеп жасалды. Оның түсінігінде этнос – «бұл өзін басқа өзі сияқты ұжымдарға қарсы қоятын (біз – біз емес), ерекше ішкі құрылымға және мінез-құлық стереотипіне ие адамдар ұжымы (динамикалық жүйе)» [3]. Этномәдени білім беру мәселесін зерттеу барысында Ж.Ж.Наурызбай «этнос» ұғымын тайпадан жоғары қауым, ұлт (национальность) және нация ұғымдарын жалпылаушы термин ретінде қолданады.

Демек, ұлт—ортақ тілі, қалыптасқан мәдениеті, біріктіруші салт- дәстүрі мен ділі бар адамдардың әлеуметтік қауымдастығы. Сонымен бірге көптеген ұлттардың ортақ территориясы, ортақ экономикасы сол ұлт өкілдерін біріктіретін мемлекеті болады. Ұлт қалыптасуында адамдардың бірлігінің бастауы болатын ортақ этногенетикалық тек те маңызды рөл атқарады. Осындай талаптар тұрғысынан қарастырғанда ұлт және этнос ұғымдары біріне — бірі өте жақын; екіншісінен біріншісі туып, қалыптасады. Ұлт этникалық қасиеттердің және сапалардың толысқан, піскен кезеңі деп бағалауға болады. Ұлттар этникалық белгілерге қоса саяси, экономикалық және әлеуметтік белгілерге ие болады.

Қазіргі кезде “мәдениет” терминіне байланысты жаңа сөз тіркестері педагогикалық үдерісте кеңінен қолданысқа еніп отыр. Олардың бізге қажеттісі: “ұлттық мәдениет”, “этностық мәдениет” ұғымдары.

“Этно” (“этни”) ... ұғымы ұлтқа, халыққа қатысты мәнді күрделі сөздің алғашқы бөлігін білдіреді.

Педагогикалық еңбектерде “ұлттық мәдениет” және “этностық мәдениет” сөз тіркестері кездеседі. “Ұлттық мәдениет” Қ.Жарықбаев пен Ә.Табылдиевтің “Әдеп және жантану” еңбегінде: “... әр халықтың ғасырлар бойына жинақталып, белгілі жүйеге түскен рухани өмірінің жиынтығы” ретінде анықталады. Ж.Наурызбай жан-жақты талдап мәдениетті тұлға жайында: « ... өз мәдениетіне де тәнті адам деп танымыз. Төл мәдениетті терең бәлу оған басқа мәдениеттерге қызығушылыққа іргетас қаласа, көп мәдениетті білу өз мәдениетін мақтан тұтуға негіз салады» [4], - деп сипаттама береді. Ал В.Г.Бабаковтың зерттеу еңбегіне сәйкес этностық мәдениет – халықтардың тұрмыстық өмір тіршілігі мәдениетіне қатысты элементтердің жиынтығы.

Мәдениет - адамның қалыптасуының және шығармашылығының жетілу шыңы. Мәдениеті жоғары болмаса адамның адамзат құндылығын иеленуіне мүмкіндігі жоқ. Еңбек, тұрмыс, сондай-ақ, берік сақталған адамдардың арасындағы дәстүрлі қарым-қатынастар жоғары мәдениетке және адамзат құндылықтарынан тыс қалмауға бейімдейді және оларды жан-жақты меңгеруге жеткізеді.

Адамзат баласы жасаған мәдениет екі түрге бөлінетінін білесіздер. Біріншісі – рухани мәдениет,

екіншісі – материалдық мәдениет. Рухани мәдениетке музыка, әдебиет, сәулет өнері, сурет өнері, кескін өнері жатса, адам баласының шаруашылыққа байланысты күнкөрісінен туған дүниелері материалдық мәдениетті құрайды.

Мәдениет арқылы этностың тарихи, мекендік, мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік, этнографиялық болмыс бейнесі көрініс табады және кез-келген мәдениетті қоғам осы талаптардың мүлтіксіз жүзеге асу тетіктерін заң жүзінде қамтамасыз етуі керек;

Мәдениет өндіріс пен қоғамдық сананың, білім мен тәрбиенің, ғылым мен өнердің белгілі сатыдағы даму дәрежесін бейнелейді;

Педагогикалық мәдениет адам қызметінің тәсілі мен нәтижесі арқылы көрініс табады.

Этникалық мәдениет – халықтар мәдениетінің жиынтығы, күнделікті өмірлік іс-әрекетіне қатыстылығын (Қазақ елінің табиғатқа ыңғайланып, онымен үйлесімдікті өмір сүруі, оны қорғауы) іске асыратын нысан.

Әр ұлттың мәдениеті оның жеріне, географиясына, ортасына, әлеуметіне, дәстүріне, қоғамына, өзіндік сана-сезім өрістеріне қатысты дамиды. Қазақ халқының мәдениеті өзінің кәсібі мен шаруашылығының заңдылықтарына қарай өркендеп келеді.

Бірақ, ол өзінің барлық көлемі мен ауқымын өзгертіп, қоғам өзгерістеріне қарай бейімделіп, екшеліп, сұрыпталып отырады.

Мәдениеттердің өзара ұштастығы, әсері жағдайында ғана әрбір жекеленген мәдениеттердің принциптері мен ерекшеліктері айқын толыға береді. Этномәдени тәрбие оқыту мен тәрбие жүйесінің жай ғана бөлшегі емес, мәдени және тілдік саналуандық идеяға негізделген техникалық және ақпараттық жарактанудың әлемдік деңгейін дәстүрлі мәдени құндылықтармен үйлестіретін оқыту мен тәрбиенің ұлттық жүйесін құру дегенді білдіреді.

Қазақ тіліндегі мәдениет сөзінің этимологиясы ортағасырлық ислам мәдениетінің өркендеуімен тікелей байланысты. Арабтың «медине» қала, «маданият» қалалық сөзінен енген.

Уақыт өткен сайын еуропалық елдерде мәдениет сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» деген мағыналарға ие бола бастады. Оның нақты мысалдары да көрініс табуда. Мәдениеттану ғылымындағы кең мағынада ашылған анықтамамен қорытындылар болсақ, «Мәдениет» термині «ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын белгілі бір затқа, материалдық құралдарға (еңбек құралдары, белгілер), ал нақтырақ алғанда «ағартушылық», «білімділік», «қалыптасушылық», «гуманизм» сияқты адам әрекетіндегі әдіс-тәсілдердің (материалдық сияқты, руханилықта да сондай) жиынтығы» деп берілген.

Құндылық – ол адамның жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, сөйлеу мәдениеті, қызығушылығы, еңбек сүйгіштігі, қоршаған қоғамдық ортада алатын орны екені тарихи-педагогикалық әдебиеттерде айқындалған. Құндылықтар нормалардан кейін жүрсе де, олардан бір айырмашылығы жоғары деңгейде нысандардың хал – жағдайын, қажеттілікті, мақсатты таңдауды түсіндіреді. Құндылықтарды шартты түрде: Витальдық құндылықтар; Әлеуметтік құндылықтар; Саяси құндылықтар; Моральдық құндылықтар; Діни құндылықтар; Эстетикалық құндылықтар болып бөлінеді.

XXI ғасырдағы қазіргі философияда құндылықтарға қандай түсініктеме береді?

Монографиялық зерттеулерде, философиялық, психологиялық, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «құндылық», «адамгершілік құндылық», «жалпы адамзаттық құндылық» ұғымдарының мәні жайлы оларға әртүрлі анықтамалар берілген. Бірақ, құндылық ұғымының мәні, мағынасы әртүрлі болуынан ойлар, пікірлер де әртүрлі болған.

Бұл сұраққа құндылықтар теориясы, басқаша айтқанда аксиология жауап беруге ұмтылыс жасайды, грек тілінен «ахис» - құндылық және «logos» - «ілім» деген мағынаны береді. Аксиология ғылымы құндылықтардың табиғатынан, орны мен мәнін, олардың байланыстар жайлы мәселелерге жауап береді.

Қай заманда да адам баласы үшін құнды да бағалы, мәнді де маңызды дүниелер болған. Оның заттың немес рухани бейнелі екендігі адамның ішкі қажеттілігіне, түсінігіне қатысты болмақ. Құндылықтың адамзат үшін маңыздылығы мен қажеттілігіне бойлау үшін жан-жақты мәнін ашқан жөн.

Педагогикадағы құндылық тақырыбына бойлаған ғалымдар Б. Құдышева, Г.Нұрғалиева, К. Қожахметова, М. Жадрин, Р.Төлеубекова, т.б. өз ғылыми-зерттеу еңбектерінде тұжырымдап зерделеді.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «құндылық – нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттілігін білуге болады» делінген.

Философиялық сөздіктен «құндылық» ұғымының ғылыми негізделген бірнеше анықтамаларына талдау жасалды. Адам құндылығының өзегін құрайтын және оны зерттейтін саланы аксиология деп атайды. Аксиология («ахиа» – грек тілінде «құндылық», логос – ілім, ғылым) ғылымының ең басты

ерекшелігі, оның философиялық сипаты басым келеді, өйткені философия ақиқат, шындықты іздейді.

Философ-ғалым С. Нұрмұратовтың кітабында Э.Кассирердің «құндылық – бұл адамның ішкі дүниесінен тыс, мәңгі идеалды әлем» – деп түсіндіруі берілген. Кезінде орыс ғалымы С.И. Гессен (1887-1950) мұғалім жұмысын өлшеп бағалауда мәдениетті рухани және материалдық құндылықтың жиынтығы деп қарады. Сонда мұғалімнің іс-әрекеті пәндік емес, тәрбиеленуші мен тәрбиешінің рухани қарым-қатынастарына «заттануына» қатысты қатынас құндылықтары мен өмір құндылықтарынан тұратын – құндылық.

Осындай ұғымдардың нақтылануының нәтижесінде, қазақ халқының этномәдени құндылықтар жүйесі төмендегіше түзілді. Этномәдениетке негіз болар халықтың тілі, діні, ділі, тарихы мен құқығы және өнері – ұлттығымыздың басты сипаттары. Жалпы, құндылықтар бастауында Өмір, Отан, Отбасы, Ата-Ана, Ел, Жер, Білім, Тәрбие сынды тағы да басқа жалпы адамзаттық құндылықтар тұруға тиісті. Этномәдени құндылықтар жалпы адамзаттық құндылықтардан кейін тұратынын ескеруіміз керек.

Ұлттың мәдени құндылықтарын екіге бөліп қарасақ, рухани: тіл, діл (әдет-ғұрып, салт-дәстүр), дін, өнер, тарих, тәрбие, рух (психология), ұлттық мейрамдар т.б. материалдық: жері, үй-жайы, малы, тұрмыс-мүлкі, киімі, т.б. Бұл – қазақ халқының ұрпағын отбасылық өмірге даярлауға өзек болар этномәдени құндылықтар

Құндылық мазмұнын талдай келе төмендегідей қорытынды жасауға болады: құндылық зат та, нәрсе де, мәселе де емес, олардың қасиеттері де емес, ол адам ойының қандай да бір жоғары түрі екендігі анықталады.

Құндылықтар дегеніміз – ұнатқан игіліктер мен оларға қол жеткізу тәсілдері туралы қорытындылаған, белгілі көзқарастар, орнықты ойлар, үлгі аларлық объектінің озық тәжірибелері, сыннан өткен пікірлер арқылы өзінің мінез-құлқын анықтайды.

Бастауыш сынып оқушы бойындағы этномәдени құндылықтарының мәні мен мазмұнына тоқталайық:

оқушы жалпы адамзатқа тән құндылықтар мен жеке қазақ халқына тән құндылықтарды анықтап тануға, одан қажеттісін ала білуге бағдарланған, ғалымның қол жеткен ғылыми жетістіктерді өздігінен білім алу дербесінде қолдануға, жаңашыл, қайырымды, туған елін, жерін отбасын, Отанын, мектебін сүйетін және олардың алдында парызын түсініп, бар құндылықтарды толықтыра түсетін, табиғатты, өсімдіктер мен жан-жануарларға қамқор болуы керек.

бүгінгі күнгі жеткіншек еңбек етуге қабілетті, жинақты, ұқыпты, іскер, өз қажеттілігіне орай болашақ мамандығын тандаған, жауапкершілігін түсінетін, өзін-өзі қызмет етуге дағдыланған, уақытты тиімді пайдаланатын, қоғам – адам өміріндегі еңбектің орнын түсінген, жауапсыздықты, еріншектікті, табиғат байлықтарын рәсуә етушілерді жаны сүймейтін, оқу-тәрбие үрдісінде білім мен ғылым негіздерін сапалы игеріп, болашақ кәсіпкерлікті шығармашылық деңгейде көрсете білуі керек,

оқушы – дені сау, төзімді, шымыр, ширақ, қайратты, сымбатты, талғампаз, батыл, өжет, салауатты, жүйкесі мықты, Отанын қорғауға даяр, жеке бас гигиенасын сақтайтын, жұмыс орнын жинақты ұстайтын, зиянды әдеттерден аулақ, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ұмтылатын, адамға тән қасиеттерді бойына сіңірген әлеуметтік белсенді жеткіншек болып өсуіне қол жеткізу.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1. Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасы. Егеменді Қазақстан, 7 тамыз 1996 ж.
2. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы, А, Білім әлемі газеті, 2004
3. Наурызбай Ж. Научно-педагогические основы этнокультурного образования школьников, А, 1997, с. 320
4. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. – Алматы: “мектеп”, ЖАҰ, 2002. -56 б.

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ МАЗАСЫЗДАНУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Джаксынқаева Ж.Т. -

Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Педагогика және психология институтының жалпы педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, педагогика және психология магистрі-

Резюме

В данной статье рассматривается проявление тревожности школьного возраста и их психологическое особенности. Причина возникновения тревожности это внутренни конфликт школьника. Внутренни противоречие ребенка возникает из адекватных требовнии которые пренуждают родители.

Внутрени конфликт у школьного ребенка связанно с внешним конфликтом (например, семья, школа, родители).

Summary

This article examines the manifestation of anxiety school age and their psychological features. The reason for the occurrence of anxiety is internal conflict schoolboy. Internal contradiction arises from the child adequately trebovniya that prenuzhdayut parents. Internal conflicts at the school the child is related to external conflict (egg, family, school, parents). **ӘӨЖ: 370.114**

Психологиялық әдебиеттерде, мазасыздану түсінігінің түрлі анықтамаларын кездестіруге болады, бірақ зерттеушілердің көпшілігі оны ситуативтік құбылыс және өтпелі күй мен оның динамикасын білдіретін жекелік мінез ретінде қарастыруды жөн көреді.

Сонымен, А.М.Прихожан: «Мазасыздану – бұл төніп келе жатқан қауіпті алдын ала сезінумен, сәтсіздікті күтумен байланысты, эмоционалдық дискомфортты уайымдау» - дейді[1].

Мазасыздануды эмоционалдық күй ретінде және жекелік кескін немесе темпераменттің тұрақты қасиеті ретінде де айырып көрсетеді.

Р.С. Немовтың анықтамасы бойынша: «Мазасыздану - әлеуметтік құрылымдағы жағдайда қорқыныш пен үрейді сезіну, жоғарғы алаңдаушылық күйіне әкелетін адамның тұрақты немесе ситуативті көрініс табатын қасиеті».

Л.А. Китаев-Смык, өз кезегінде мынаны белгілейді, «психологиялық зерттеулерде мазасызданудың екі түрінің анықтамасы соңғы жылдары кеңінен тарала бастады». «Мінездің мазасыздануы» және ситуативтік мазасыздану, Спилбергтің ұсынуымен.

А.В.Петровскийдің анықтамасы бойынша: «Мазасыздану – үрейдің реакциясының туындауының төменгі сатысын сипаттайтын индивидтің қатерді уайымдауға бейім болуы жекелік ерекшеліктердің негізгі параметрінің бірі. Мазасыздану, әдетте, жүйкелік психикалық және ауыр соматикалық ауруларда жоғары болады, сонымен қатар психотравма салдарын өткізіп жатқан сау адамдарда көптеген топ мүшелерінде жекелік сәтсіздіктің субъективті көрінісінің бұзылуы». Мазасызданудың қазіргі зерттеулері жеке тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатын, жекелік мазасыздану және нақты сыртқы ситуациямен байланысқан ситуативтік мазасызданудың айырмашылықтарына бағытталған және де жеке тұлға және оны қоршаған ортаның өзара әрекеті ретіндегі мазасыздану анализінің әдістерін өңдеуге[2].

Үрейдің туындау себебі ішкі конфликт, баланың бір қалауы екіншісіне, бір қажеттігі екіншісіне қарама – қарсы болғандағы пайда болатын қайшылықтар. Баланың ішкі қайшылық күйі: түрі бастаудан келетін балаға деген қайшылық (мысалы ата – ана біресе рұқсат беріп біресе қатаң түрде тиым салады); баланың мүмкіндігі мен ұмтылысына сай келмейтін адекватты емес талаптар; баланы пәс, тәуелді жағдайда болатын жағымсыз талаптардан келіп шығады. Үш жағдайда да «сүйенішті жоғалту» сезімі өмірдің бекем бағытын жоғалту, айналадағы ортаға сенімсіздік туады.

Ішкі конфликт негізінен балада сыртқы конфликт жатады – ата – анамен, отбасы және мектеппен, құрдастарымен үлкендермен. Барлық уақытта қоршаған орта жағдайы басының ішкі қайшылықтарына айналмайды. Егер де әжесі мен анасы бір – бірін ұнатпай оны әртүрлі етіп тәрбиелесе, әрбір бала мазасыз келмейді. ол, тек, бала конфликттегі екі жақты да жүрегіне жақын қабылдаса ғана – үрейленудің жасалуына бүкіл жағдай жасалады.

Бала жанында тәрбиелену жүйесі емес, өзіндік қалауы – анасын ренжітпеу, әжесіне ұнау қайшылыққа түседі. Осылайша отбасының ажырасуы да балаға әсерін тигізеді. Неге осы сияқты сыртқы конфликттер бір балаларға тереңінен батып, ал кейбір балаларға онша әсер етпейді. Себеп көп, бірақ бастысы – бала үшін қандай қатынастың мәнді болуы. Егер оқушыға мұғалім пікірі қымбат болмаса, ол конфликттен

құтылуға тырысады, бірақ жаны күйзелмейді.

Қатынас шеңбері кең болған сайын, үрейленудің қалыптасуына негіз болатын ситуациялар да көп болады. Бірақ баланың әлеммен қатынасы тар болса да, бала толығымен өсіп дами алмайды. Егер де, мысалыға алатын болсақ, бала үшін мәнді тұлға тек анасы ғана болса, онда олардың арасындағы қатынастың мәнді емес жақтары да жан күйзелісіне айналады. Сүйеніштің көптеген бастауы болса конфликт үрейленуге алып келмейді.

Ешкім де конфликттен қаша алмайды; сонда бала өмір бойы осылай өтеді ма? Олай емес. Кенеттен ит үргенінен, айқайлаған мұғалімнен, жанұядағы ұрыстан, неврозбен ауырып қалатын балалар онша немесе тіптен болмайды. Мұндай бірегей стрестерге бала біз ойлағаннан әлдеқайда мықты табиғат адамды жағымсыз ситуациялардан құтқаратын, мықты ұмыту механизмімен қаруландырды.

Үрей бала жанына егер оның маңызды қажеттілігі қалыптасуы кедергі болатын конфликт кезінде ғана енеді.

Бұл маңызды қажеттіліктерге жатады: физикалық өмір сүруге қажеттілік (қорек, су, физикалық қауіп-қатерден босану); адамға, топқа деген жылуарлық, жақындық қажеттігі; тәуелсіздікке, өз «меніне» құқығының тануына қажеттілік; қабілеттерін алуға, өзінің жасырын күштерін, өмірлік мән және құндылыққа деген қажеттілік.

Мазасызданудың жиі себептері блалаға деген жоғары талап, тәрбиелеудің догматикалық жүйесі, баланың белсенділігін қызығушылықтарын, икемділігі мен қабілеттілігі ескермеу. Кең тараған тәрбиелеу жүйесі – «сен өте жақсы болу міндеттісің». Ұят сезімі балаға келгенде өзіне тым қатал болу, ал тану процесін емес, міне осындай үлгерімді балаларда үрей көріністері байқалады. Болады, кейбір ата – аналар балаларына өнерде, спортта олардың мүмкіндіктері жетпейтін үлкен жоғары жетістікке жетуге бағдар береді (ал бұл шартқа сәйкестелу мүмкін емес). Осы сияқты балаға бейтанысты (бірақ ата – анасы жоғары бағалайтын) жабыстырады. Мысалы туризм. Бұл жаттығулардың бәрі де жақсы, таңдауды бірақ, бала өзі жасауы қажет. Оқушыға қызық емес жұмысты қынап бергенен ол сәтсіздікке ұшырайды [3].

Баланың адалдық, тіл алу, тиянақтылық сапаларын шынықтыруды тырысуда мұғалім баланың күйін одан әрі қиындатады. Жауапкершілікті көп артады сөзсіз жұмысқа адал қарауы қажет бірақ оқушы жұмсы (оқу) – ерекше онда нәтижеден гөрі процесс маңызды. Егер жұмысшы мысалыға өндірістегі қандай болмасын бөлшек үшін яғни нәтижесі үшін еңбектенсе онда бала есепті шығару үшін оқымайды: ол есеп баяғыда шығарылып жауабы оқулық соңында енгізілген. Оқудың мән даму процесінде нәтижеге бағытталуда алатын бағада. Бала онымен қатынас жасаушылар үлгеріміне байланысты екенін сезінеді. Сөйтіп баға оқушы үшін ата – ана мен сенімінен шығу құралы болады.

Мазасыздану деңгейі ұл бала мен қыз балада әртүрлі. Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы ұл балаларда қыздарға қарағанда мазасыздануы көп болып келеді. 9-11 жаста ұл және қыз балада мазасыздану бірдей болып 12 жастан ары қарай ұл балаларда қиын бұзылыстар кездескенімен жалпы үрей деңгейі қыздарда өсіп ұл балада азаяды [4].

Балалар мен қыздар мынамен ерекшеленеді, олар үрейді қандай ситуациямен байланыстырады, оны қалай түсіндіреді, неден сескенеді. Адам жасын физикалық деңгейі ғана емес оның қоршаған әлемге байланысты мінездемесі уайымдау ерекшелігі де бейімделеді. Мектептік кез – адамның маңызды өмірлік сатысы ол кезде оның психологиялық бейнесі уайым –қайғы сипаты өзгереді.

Бұл жастағы қорқыныш деңгейіміз дегеніміз «ондай болмау» яғни нақтыласақ «ондай болмау» ол үлгермеу оны емес және олай емес істеу, жазаға тартылу. Бұл қорқыныштың барлығы әлеуметтікке белсенділіктің жоғарылауын жауапкершілік міндеттілік нығаюын білдіреді. Балалар селк етеді жүздерінен қорқыныш байқалып өзін-өзі басқаруды ойлауға сөйлеуге қабілеттілікті жоғалтады.

Қорытындылай келе мектеп жастағы балалардың мазасыздануын жеңу және психопрофилактика бойынша жұмыстар функционалды емес, ол жалпы, әр жас кезеңінде мазасыздану себебі болуы мүмкін сипаттағы даму және орта факторларына бағытталған, жеке тұлғалық бағдарланған сипатта болуы керек. Жұмысты, әр баланың жекелік «әлсіз аймағына» және жасына бағыттап, мазасызданудың барлық құрылымдық компоненттер жасау керек. Бастауыш сынып жаста жұмыстың орталық орны – баланы қоршаған адамдармен қарым-қатынасқа орнату.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1. Қолданылған әдебиеттер тізімі.
2. Овчарова Р.В. Практическая психология образования. М., «Академия». 2003.
3. Нетреба С. Влияние коррекции тревожности на формирование адекватной самооценки младшем

школьном возрасте с учетом этнической принадлежности детей. //Ұлт тағылымы. 2004. №3, 122-126б.

4. Жуманкулова Е. Тревожность как предпосылка девиантного поведения подростка. //Бастауыш мектеп. 2005. №2. 47-50б.

5. Битякова М.Р. “Организация психологической работы в школе” – М.: Совершенство, 1997 – 298 с.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА МӘДЕНИ-ГИГИЕНАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Эльмира Жаханқызы Халилаева

Аға оқытушы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

Түйіндеме

Тәрбие жұмыстары мектепке дейінгі мекемелерде тек оқу-танымдық әрекеті барысында ғана емес, басқа да іс-әрекеттер барысында көп мәнге ие екендігі және бұл бағытта білім берудің алғашқы баспалдағы болып саналатын балабақшалардың топтарындағы жұмыстарды ұйымдастырудың өзектілігі ерекше. Балаларды қоғамдық мәдени және жеке гигиеналық дағдыларға тәрбиелеу - олардың денсаулықтарын қорғауда тұрмыстық, қоғамдық мінез-құлықтарының дұрыс қалыптасуына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде балалардың гигиеналық ережелері және мінез-құлық нормаларына қажетті білім мен дағдыларын үйреніп орындауларынан олардың денсаулықтары ғана емес сонымен қатар салауатты өмір сүруге қызығушылығының артуына да байланысты болады.

КІЛГІТІ СӨЗДЕР: балалар денсаулығы, мәдениет, гигиена, дағды, мәдени-гигиеналық дағдылар, тәрбие, қалыптастыру, гигиена ережелері, денсаулық сақтау технологиясы, салауатты өмір.

Резюме

Воспитательная работа в дошкольных учреждениях ведется не только в учебно-познавательном процессе, но также имеет очень большое значение в организации других видов деятельности и актуальность работы организуемая в детских садах, как начальной ступени образования, по данному направлению очень важна. Воспитание детей к общей культуре и личной гигиене – воздействует правильному формированию общественных и бытовых норм поведения в охране их здоровья. Это в свою очередь связано с овладением и выполнением необходимых для правил гигиенических и поведенческих норм знаний, умений и навыков детей. А также с повышением интереса к здоровому образу жизни.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Здоровье детей, культура, гигиена, навык, культурно-гигиенические навыки, воспитание, формирование, правила гигиены, здоровьесберегающие технологии, здоровый образ жизни.

Қазақстан Республикасында ел басшылығының адами капиталды дамытудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсініп, білім беру жүйесін реформалауды бастауға және жүргізуге жан-жақты қолдау көрсетуінің нәтижесінде білім беруді қарқынды дамыту мен жаңғырту мүмкін болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты «Назарбаев Университетінде» оқыған лекциясында: «Мектеп жасына дейінгі білім беруді жаңғырту одан әрі жалғасуы тиіс, болашақта көп қырлы тұлға қалыптастыру үшін негіз де дәл сонда қаланады.

Бірінші. Озық халықаралық тәжірибе негізінде мектеп жасына дейінгі тәрбие мен білім беруге оқытудың қазіргі заманғы әдістемелерін енгізу қажет. Олар инновациялық, ал білім беру технологиясы креативті болуы тиіс.

Екінші. Балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту мәселесіне қатысып жүйелі ұсыныстарды әзірлеу қажет.

Үшінші. Мектеп жасына дейінгі білім беру деңгейінде үш тілді оқытуды жаппай енгізуді қамтамасыз

ету қажет» – деп мектепке дейінгі білім беру жүйесін жетілдіру қажеттілігіне тоқталды [1].

Осы тұрғыда аталған проблемаларды шешуде мектепке дейінгі денсаулығы мықты баланы қалыптастыру мәселесі маңызды орын алады. Балалардың денсаулығы – қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саналы жетістіктерін сипаттайтын маңызды көрсеткіштер қатарына жатады.

Тәрбиенің негізгі бағыттары халқымыздың ғасырлар бойына жинақталған құнды қасиеттерін өскелең ұрпақ бойына сіңіруді және мәдениетіне, мәдени іс-әрекетіне баулуды жүзеге асырып келген. Тәрбие жұмыстары мектепке дейінгі мекемелерде тек оқу-танымдық әрекеті барысында ғана емес, басқа да іс-әрекеттер барысында көп мәнге ие екендігі және бұл бағытта білім берудің алғашқы баспалдағы болып саналатын балабақшалардың топтарындағы жұмыстарды ұйымдастырудың өзектілігі ерекше.

Ұрпақ тәрбиесін жаңа құндылықтар негізінде жетілдіру қоғам алдында тұрған ауқымды істердің бірі сол себепті де мектепке дейінгі мекемелерде балаларға мәдени-гигиеналық дағдыларды жаңа көзқарастар негізінде талдау - кезек күттірмейтін іс [2].

Балалар ер жетіп өскен сайын ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбексүйгіштікке бар ынта- жігерімен бой алдырады. Әрине, егер оны әрбір кездей кезеңдегі тәрбиенің ықпалы осындай тағылымдарға үйреткен жағдайда ғана жоғарыда айтылған тәлімнің түрлері орнықты блары анық. Төрт-бес жастағы балалар өздерінің ойнайтын орындары мен сабақ өткізетін бөлмелерінің барынша таза да тәртіпті ұстауға тырысады. Мәселен, балабақшаның түлектері үшін ойыншықтарын жинау, ас алдындағы жуынып сүртінуден қоса ретімен ауысып кезекшілікпен тамақтандыруға көмектесу де әдеттегі істеріне айналады.

Балаларды жеке және қоғамдық гигиеналық дағдыларына тәрбиелеу - олардың денсаулықтарын қорғауда тұрмыстық, қоғамдық мінез-құлықтарының дұрыс қалыптасуында маңызды орын алады. Ақыр түбінде балалардың гигиеналық ережелері және мінез-құлық нормаларына қажетті білім мен дағдыларын үйреніп орындауларынан, олардың ғана денсаулықтары ғана емес, сонымен бірге басқа балалардың, ересектердің денсаулықтары да тәуелді, байланысты болады.

Балалармен күнделікті жұмыс барысында олардың жеке гигиена ережелерін орындаулары үйреншікті әдетке айналып, ал есейген сайын гигиеналық дағдылар үнемі жетілдіріліп отыруы керек.

Әуелі балалар қарапайым ережелерді орындауға үйрену керек: тамақ алдында, дәретханадан, ойыннан, серуеннен, т.б. іс-әрекеттен кейін қолдарын жуу. 2 жасар бала тамақтан соң аузын ауыз сумен шаю әдеттеріне дағдыландырылады, әрине балаларды осыған алдын-ала үйреткеннен кейін ғана. Ортаңғы және ересек топ жасындағы балалар жеке гигиена ережелерін орындауға жетік түсіне қарауы қажет. Өз беттерімен қолдарын жуу, көбік шыққанша сабындау және құрғата сүрту, жеке орамал, тарак, ауыз шаятын стақанды қолдану және барлық заттарды таза болуын қадағалауы керек.

Жеке гигиеналық дағдыларын қалыптастыру – баланың үнемі ұқыпты болуын, киіміндегі ақаулықты өздігінен немесе ересектің көмегімен жою икемділігін жорамалдайды. Гигиеналық тәрбие және үйрету мен мәдени мінез-құлық тәрбиесі тығыз байланысты. Сондықтан сәбилер тобынан бастап балалар тамақтану кезінде үстел басында дұрыс отыруға, тамақты мұқият және баяу шайнап, асхана аспаптары мен сүлгілерді қолдана алулары үйретіледі. Ал асханадағы кезекшіліктер, тек қана үстелді дұрыс жабдықтап қана емес, сонымен бірге кезекшілікке кіріспес бұрын міндетті түрде қолдарын тазалап жуу, өзін тәртіпке келтіру, шашын тарауы [3].

Мәдени-гигиеналық дағдыларына тәрбиелеу міндеттерін шешуге көптеген педагогикалық тәсілдерді баланың жас шамалық ерекшеліктеріне қарай қолданылады. (Тура үйрету, көрсету, іс-әрекеттерді орындау жаттығулары, дидактикалық ойындар, т.б.)

Ең бастысы балаға мәдени-гигиеналық немесе жеке-гигиеналық дағдыларды бойына сіңдіру үшін оған гигиена ережелерін жүйелілігін сақтау керектігін үнемі естеріне салып отыру және қойылған талаптарды біртіндеп күрделендіру және әрекеттерді нақты да дәл орындауына бірізділікпен жету қажет.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды сәбилер тобының балалары арнайы бағытталған ойын әрекеттері арқылы оңай меңгереді, ал ересек тобында сөздік және көрнекілік тәсілдер арқылы, алуан түрлі мазмұнды суреттер, белгілер арқылы үйретіледі. Мәдени-гигиеналық тәрбие дене тәрбиесі, айналамен таныстыру және экология сабақтары арқылы өткізіледі, онда көбінесе дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар және кішкене қойылым, рөлдерді бөлісіп ойнау әдіс-тәсілдері қолданылады.

Қазіргі балабақша бүлдіршінде мәдени-гигиеналық дағдыларды тәрбиелеудің басты міндеттеріне мына төмендегілер жатады:

халық педагогикасы элементтерін қолдану (халық ауыз әдебиетінің шығармашылары, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ұлттық ойындар т.б.);

баланың бойында салауатты өмір салтын, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруда тиімді психологиялық-педагогикалық шарттарды негізге алу;

«мәдени-гигиеналық дағды» - ұғымын қалыптастыру;
салауатты өмір сүруге балаларды ынталандыру;
балалардың өзін-өзі тәрбиелеуіне көмек көрсету;
өз денсаулықтарын сақтауда, мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауда жауапкершіліктерін қалыптастыру;

арнайы денсаулық сақтау технологиясы арқылы мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру[4].

Баланың жан-жақты дамуына бағыт-бағдар беруші- тәрбиеші. Мектепке дейінгі білімнің мемлекеттік стандартында балаларды ғылымдар негізімен таныстырып қою емес, баланың жалпы ойын дамыту, қажетті тәрбие беріп, оны тәжірибеде қолдана білу үшін өздігінен жұмыс істеуге, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру талап етіледі. Бүгінгі заманның педагогикалық, психологиялық зерттеулерінің анықтауы бойынша мектепке дейінгі кезең баланың қай жағынан болсын ең қарқынды дамитын кезеңі.

Тәрбиешінің мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру жұмыстарының ең бастапқы ұйымдастыру формалары педагогтың балалармен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс-әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, балаларға арналған шығармалары мен суретшілер туындыларымен танысу негізінде іске асады.

Ата-бабаларымыз өздерінің сан ғасырлар бойғы ұлы тарихында жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр рәсімдерін қалыптастырған, мысалы: тиым сөздер, мақал-мәтелдер, ертегілер және т.б.

Әдеттер физиологиялық тұрғыдан ми қабатындағы динамикалық стереотиптің бір көрінісі. Бұлар ми сыңарларының тек оптимальлық қозуы бар алаптарында ғана емес, сонымен бірге тежелуге ұшыраған алаптарында да пайда болады. Сондықтан да адамның жеке басында жағымды қасиеттерді тәрбиелеуде әдеттің ерекше маңызы зор. Ежелгі үнді мақалында былай деген: “Қылық ексең - әдет орасың, әдет ексең – мінез орасың, мінез ексең – тағдыр орасың”. Әдет адамның мінез-құлқының фундаменті болып табылады. Әдет негізінде мінез қалыптасатынын А.С. Макаренко мінез-құлықта дұрыс әдет қалыптастыру қажет екенін атап көрсеткен [5].

Әдет адамның ешбір күш салуынсыз пайда бола береді. Әдеттерді белгілі бір мағынада бірнеше топқа бөлуге болады. Олар:

адамгершілік немесе моральдық (эрқашан шын сөйлеу, достарына адал болу, үлкендер тілін алу, т.б.).

мәдени мінез-құлықтары (сыпайы болу, үлкендері-кішіні сыйлап- құрметтеу, дұрыс сөйлеу, т.б).

-гигиеналық әдеттер: (таза жүру, қол жуу т.б) еңбек, ақыл- ой әдеттері.

Бұл проблема жан-жақты қарастырылып, үнемі ізденістер жүргізілсе де, қаншама концепциялар ұсынылса да бүгінгі күнге дейін нақты жауап таба алмай келеді. Бұның шындыққа сай ең негізгі қиыншылығы, біздің, яғни адамдардың арасындағы үлкен айырмашылықтардың болуында.

Мектепке дейінгі мекемедегі ересектер тобында балаларда мәдени-гигиеналық дағдылар шеңбері кеңейе түседі және тұрмыстық әрекеттердің амал-тәсілдері жетілдіріліп, құрылымы өзгеріске түседі.

Кез келген іс-әрекет түрлерін ұйымдастыру барысында балалардың алдына мінез-құлық мәдениетінің негізін құрайтын моральдық сана, адамгершілік сезімдер және әдеттерді қалыптастыру міндеттерін қойып отыру керек. Бұл үшін балаларға ыңғайлы жағдайлар жасалынуы қажет: жабдықталған топ бөлмесі, балалардың жас ерекшеліктеріне сай жиһаздар. Бұл балалардың тек қызығушылығын оятуы мүмкін, ал біз баланы осы жағдайда іс-әрекет жасауына қол жеткізуіміз қажет. Балалардың жеке және қоғамдық мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру олардың тұрмыстағы мінез-құлқы мен қоғамдық орындардағы моральдық нормаларды орындауда және олардың денсаулығын қорғауда ерекше маңызға ие.

Балалардың күнделікті қажетті гигиеналық ережелер мен мінез-құлық нормаларын біліп, орындауларынан тек өздерінің ғана емес, басқа да балалар мен үлкендердің денсаулығын қорғап қалуға болады. Тәрбиешіге балалармен күнделікті іс-әрекеттерді ұйымдастыру барысында әрбір баланың жеке гигиенасының ережелерін орындап қана қоймай, сол ережелерді күнделікті үйреншікті гигиеналық дағдыларға айналдыру қажет және оларды үнемі жетілдіріп отыру керек.

Бастапқы кезде балаға элементарлық ережелерді орындауды үйретеді: тамақтану алдында, ойнап болғаннан соң, серуеннен кейін әжетханадан шыққанда қолын жууды. Екі жасар балаға ауыз қуысын сумен шаюды әдетке айналдыру қажет. Енді біз мектеп жасына дейінгі балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастырудың мазмұнына назар аударайық.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру мінез-құлық мәдениетімен тығыз байланыста қарастырылады. Сәби шағынан бастап балаға тамақтану барысында үстел үстінде дұрыс отыруды, тамақты асықпай ұқыпты және әбден шайнап жеуді, тамақтануға қажетті құрал-саймандарды, қағаз

орамалдарды дұрыс пайдалануға үйретеді. Ал кезекші балаларға тек үстел үстін дұрыс сервировкалау ғана емес, олардың жеке тазалығына да назар аудару қажет: кезекшілік алдында сабындап қол жуу, шашын жинау және өзінің үстіндегі киімдерін реттеу қажеттілігі талап етіледі [6].

Еңбек және мінез-құлық мәдениеті – адамдардың өз ісіне, адамдарға, қоғамға қатынасын білдіретін қасиеттері және оның әлеуметтенуінің көрсеткіші. Оның негізі сәби шақтан қаланып, ержеткенде әрдайым жетілдіріліп отырады. Бала мектепке дейінгі шақта ойын, оқу-танымдық іс-әрекет барысында заттармен орындайтын дағдыларды игереді. Ойын, әртүрлі іс-әрекеттер, балабақша және үйде еңбек тапсырмаларын орындау барысында бала адамдарға, қоғамға, заттарға деген оң қатынас тәжірибесін игереді. Балаларға ойыншықтарды, кітаптарды, құрал-жабдықтарды, жеке заттарды, қоғамдық мүліктерді ұқыпты ұстауға үйрету; іс-әрекетті ұйымдастыруға қажет дағдыларды қалыптастыру. Баланы өзінің жұмыс орнын дайындауға және оған қажет материалдар мен заттарды әзірлеуге, іс-әрекет барысында орындайтын жұмыстарды міндетті жоспарлауға, бастаған істі соңына дейін жеткізуге және жұмыс аяқталғаннан кейін өз жұмыс орнын ұқыптылықпен жинастырып пайдаланған заттарды орын орнына қойып реттеуді үйрету қажет (1-кесте).

Кесте-1. «Денсаулық» білім беру саласында педагогикалық процестің мазмұны.

Кіші сала	1 жастан 3 жасқа дейін	3 жастан 5 жасқа дейін	5 жастан 6 жасқа дейін
Мәдени гигиеналық дағдылар	Жеке бас гигиенасының алғашқы дағдыларын меңгереді.	Гигиеналық шараларды орындау ретін біледі.	Гигиеналық шараларды өздігінен орындауға ынта білдіреді.
Дене шынықтыру	Жүгіру, өрмелеу және секіруде алғашқы дағдыларды меңгереді.	Өмірлік маңызды қимылдарды өздігінен орындайды.	Негізгі қимылдарды орындауда шығармашылық тәсіл білдіреді.
Өздігінен қозғалу белсенділігі	Кейбір қимылдарды ересектердің көрсетуімен орындайды.	Саптық және спорттық жаттығуларды меңгереді.	Топтағы балалармен бірге қимыл- қозғалыс ойын іс- әрекеттерін ұйымдастырады.
Салауатты өмір салты	Қауіпті жағдайда сақтық, шынықтыру шараларын өткізуде оң эмоция білдіреді.	Салауатты өмір салы ережелерін біледі. Ересектердің көрсетуімен шынықтыру элементтерін орындайды.	Қауіпсіздік ережелерін саналы түрде орындайды. Шынықтыру шараларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсінеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру мәселесі бірнеше ауқымды міндеттерді шешуді көздейді. Гигиеналық дағдыларды тәрбиелеу үшін балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық тәсілдердің біршамасын толық пайдаланған жөн: тікелей оқыту, көрсету, дидактикалық ойындарды ойнау барысында жаттығулар жасау, гигиеналық ережелерді сақтау туралы естеріне үнемі салып отыру, оларға талаптардың үнемі есіне салып отыру. Балалардың денсаулығын қорғау, толыққанды дене тәрбиесі және жетекші гигиеналық даму үшін арнайы жағдай қажет. Гигиеналық тәрбие берудің маңызды шарты – үлкендер талабының бірізділігі. Бала гигиеналық дағдыларды тәрбиешімен, медбикемен, күтуші мен отбасында ата-аналарымен қарым-қатынас барысында қалыптастыра алады. Ата-ана міндеті – балабақшада үйреткен гигиеналық дағдыларды үнемі отбасында бекітіп отыру керек. Тағы бір айта кетейін. Ол үлкендер балаларға үнемі үлгі бола білуі керек.

Жаңа туған балада біраздан кейін шартты рефлексстер қалыптаса бастайды. Мысалы, белгілі уақытта тамақтануға үйренген бала (әрбір үш сағат сайын емізу) екі-үш жетіден соң осы мезгіл болғанда ғана реакция беретін болады. Бұл жағдай балада қалыптаса бастаған қарапайым дағдының көрінісі. Кейін бұл қарапайым дағдылардың көпшілігі автоматтандырылып оның әдетіне ауысатын болады.

Жас баланың дағдылары мен әдеттері үлкендердің қылығына еліктеу негізінде қалыптасады. Еліктеу арқылы бала түрлі тұрмыстық дағдыларға (бетті, қолды жуу, мезгілімен ұйықтау, ояну, тамағын ішу, ойнау т.с.с.) машықтанады.

Қорыта келе айтарымыз, бала дағдыларының дамуын үлкендер қадағаламаса, кейде олар ұнамсыз әдеттерге айналып кетуі мүмкін. Баланың дағдыларын оған әуелі жақсы үлгілер көрсетіп, сонан кейін ғана оны жаттықтыра бастаған дұрыс нәтижені береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан білім қоғамы жолында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Назарбаев Университетінде» оқыған лекциясы /Егемен Қазақстан, 6 қыркүйек, 2012ж.
2. Меңжанова А.К. Балаларды көркем шығармалар арқылы адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу. Алматы: Рауан, 1992.
3. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Астана: Фолиант, - 2008. - 101 б.
4. Балалар мен жасөспірімдердің салауатты өмір салтын қамтамасыз етудегі дене тәрбиесі Республикалық ғылыми әдістемелік тұтас жинақ бағдарламасы 2001-2005 жылдарға. Алматы 2001.
5. Макаренко А.С. Педагогика индивидуального действия. М.: Книга, 1960.
6. Кони́на Е.Ю. Формирование культурно-гигиенических навыков у детей: Учебно-игровой комплект для детей дошкольного возраста. / Под ред. Мамаевой И.С.; худ. Прокофьев С.А., Махов И.В. - М.: Айрис-Пресс.

ӘӘЖ: 379.1

ОҚУШЫЛАР БОЙЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ОСОБЕННОСТЕЙ ФОРМИРОВАНИЯ У ШКОЛЬНИКОВ НАВЫКОВ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ

SOME ASPECTS OF FORMING HEALTHY LIFESTYLE SKILLS OF PUPILS

Оналбек Жарылқасын Керімбекұлы

Академиялық инновациялық институт

П.ғ.д., профессор

Беркимбаев Камалбек Мейірбекұлы

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ

П.ғ.д., профессор

Данияров Талғат Әбубәкірұлы

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ доценті, п.ғ.к.

Бұл мақалада оқушылар бойында салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастырудың ерекшеліктері баяндалады. Келтірілген ғылыми теориялар мен іс-тәжірибелерді бүгінгі күні бастауыш мектептен бастап оқушыларды сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында тәрбиелеуде жаңғыртып, қолдануға болады. Қоғам өзгерген сайын тәрбие мазмұны да өзгеріп, оны ұйымдастырудың формалары мен әдістері де сан алуан болып отыр. Осы кезге дейінгі сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формалары мен әдістерін санап шығу мүмкін емес. Тәрбие жұмыстары этикалық тақырыптарда, өмірге, еңбекке баулу, салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру мамандыққа дайындау, экономикалық және экологиялық тәрбие, интеллектуалды дамуын қамтамасыз ететін бағыттарда ұйымдастырылып келеді.

КІЛТ СӨЗДЕР: тәрбие, форма, дағды, салауатты өмір сүру, сынып, интеллектуал, ұстаз, мектеп, оқушы, еңбек, оқу.

В статье представлены особенности формирования среди учащихся навыков по ведению здорового образа жизни. Представленные научные теории и опыт можно использовать в обновлении системы внеклассной воспитательной работы с учащимися начиная с начальных классов. С изменением общества меняется и содержание воспитания, формы и методы ее организации становятся более

обширны и разнообразны. Невозможно пересчитать формы и методы организации внеклассной воспитательной работы, представленной до настоящего момента. Воспитательная работа организована в направлении обеспечения интеллектуального развития, экономического и экологического воспитания, подготовки к специальности с формированием навыков по ведению здорового образа жизни, приучением к труду и реальной жизни в соответствии с этическими темами и нормами.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: воспитание, форма, привычка, здоровый образ жизни, класс, интеллектуал, учитель, школа, ученик, труд, обучение.

Features of formation of skills on keeping a healthy lifestyle among pupils are presented in the article. It is possible to make use of the presented scientific theories and experience in updating of system of out-of-class educational work with pupils since initial classes. With change of society the content of education changes also, forms and methods of its organization become more extensive and various. It is impossible to count forms and methods of the organization of the out-of-school educational work presented until now. Educational work is organized in the direction of ensuring intellectual development, economic and ecological education, and preparation for specialty with formation of skills on keeping a healthy lifestyle, accustoming to work and real life in compliance with ethical subjects and norms.

KEY WORDS: upbringing, form, habit, healthy lifestyle, class, intellectual, teacher, school, pupil, labour, education.

Педагогика тарихындағы тәрбие мақсаты туралы ойларға жүгінсек, тәрбие мақсаты өте қозғалмалы және өзгермелі нақты тарихи сипат алады. Оны нақтылайтын өмір сүріп отырған мемлекеттің саясаты мен идеологиясы, қоғамның қажеттілігі және табиғат, қоғам, адамның объективтік даму заңдылықтарына сүйеніп анықталады. Соның ішінде қоғамның қажеттілігіне өндіріс күштердің даму деңгейі және өндірістік қарым-қатынастың сипаты, ғылыми-техникалық прогрестің даму қарқыны, қоғамның экономикалық мүмкіндіктері, педагогикалық теория мен практиканың даму деңгейі, оқу-тәрбие мүмкіндіктері, тәрбиеші, мұғалімдердің даму деңгейі сәйкес келуі қажет. Жалпы білім беру мектептеріндегі тәрбиенің мақсаты: жеке тұлғаның ақыл-ой, адамгершілік, эмоциональдық, дене дамуын қамтамасыз етіп, шығармашылық мүмкіндіктерін ашу, ізгілік қарым-қатынасын қалыптастыру, жас ерекшелігін ескере отырып, жеке дара көрінуіне жағдай жасау. Міне, осындай мақсаттарды жүзеге асыру үшін мектептегі тәрбие және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының мазмұнына, әдіс-тәсілдеріне және ұйымдастырушыға талаптар туындап отырды.

Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған ««Қазақстан-2050» стратегиясы – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында: «Денешынықтыру мен спорт мемлекеттің айрықша назарында болуы тиіс. Нақ сол саламатты өмір салты ұлт денсаулығының кілті болып саналады. Алайда елде барлығы үшін қолжетімді спорт нысандары, спорт құрал-жабдықтары жетіспейді. Осыған байланысты Үкімет және жергілікті органдар дене шынықтыруды, бұқаралық спортты дамыту және типтік жобадағы денешынықтыру-сауықтыру нысандары, соның ішінде, аула нысандары құрылысы бойынша шаралар қабылдау қажет. Бұл жұмысты келесі жылы-ақ бастау керек», - деп атап көрсетті [1].

Оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеудің бүтін процесі мен оның тиімділігі мұғалімдер мен ата-аналардың тәрбиелік, саналы өзара әрекетімен анықталады. Отбасылық орта мен оны жақын қоршаған орта оқушы үшін ашық әлеуметтік ортаның ішіндегі тұрақтысы болып саналады және салауатты өмір салтына тәрбиелеудің іс жүзіндегі базасын көрсетеді. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу үшін негізгі жауапкершілікті отбасы атқарғанымен, қажетті педагогикалық потенциалды игермейді. Осыған байланысты, оқушыны отбасында салауатты өмір салтына тәрбиелеуге қатысты ата-аналарды арнайы оқыту да қажет.

Мемлекетіміздің стратегиялық даму бағытындағы «Қазақстан-2050» бағдарламасында ұзақ мерзімді басымдылықтың бірі «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен салауаты тармағындағы»... азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін» азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеу қажеттілігі көрсетілген. Бұл мәселе Үкімет бағдарламаларында, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған жоспарында және де «Саламатты Қазақстан» бағдарламасында да ерекше көрініс тапқан [2].

Оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеудің ерекше әлеуметтік-психологиялық жағдайлары арасында салауатты өмір салтына ғылыми негізделген ағарту ісі ерекше көрінеді. Мұндай жағдайларды

тарату оқушылардың білімін кеңейтуге, денсаулық пен салауаттылық сияқты жалпы адамзаттық құндылықтарға қарым-қатынасын нақтылауға әсер етеді. Олардың өмірдегі тәжірибесін байытып, салауатты өмір салтына сәйкес келетін көзқарастарын, мінез-құлық сарындарын қалыптастырады. Бұларды күшейте түсу үшін, тәжірибелік қызмет педагогикалық жүйелердің салауатты өмір салтын үйретуге ұмтылған құндылықтары оқушыға шешімді түрде әсер етеді. Салауатты өмір салтын тәрбиешінің өзі жүргізгені маңызды, өйткені оқушы күйзеліске ұшырағанда уақтылы көмек көрсетеді. Тәрбиешілердің қызығушылығы мен шынайы сезімінің бірінші жоспарда екендігін сезіне отырып, оқушылардың жаттықтырушыға деген құрметі арта түседі және оларға ұқсауға талпынады. Оқушылардың салауатты өмір салтына тәрбиелеу идеяларын таратуды тек өзін-өзі сыйлайтын, оқушыға, жаттығушыға тұлға ретінде қарай алатын, шығармашылық тұрғыда ойлай білетін педагог қана жүргізе алады. Бұлардан басқа, педагог бойында тұрақты оптимистік дүниетаным болуы шарт, өйткені оптимистік тұрғыда қалыптасқан адамдар әдетте, алға қойған жоспарларын жүзеге асыра алады.

К.Ж.Қожахметова мектеп диеректорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының басты міндеті тәрбие жұмысының жүйесін қалыптастыру және оның бір-бірімен байланысты оқыту барысындағы тәрбие, сабақтан тыс тәрбие, мектеп ұжымындағы қарым-қатынас стилі, психологиялық ахуалы, сыныптан тыс тәрбие жұмысы, мектептен тыс тәрбие жұмысы, ата-аналармен және жұртшылықпен жұмысты негізгі компоненттері деп көрсеткен [3].

Жалпы осы уақытқа дейін қолданып келген сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына: факультативтік сабақтар, үйірме жұмыстары, тәрбие сағаттары, бақылау-зертхана жұмыстары, апталықтар, конференциялар, кештер, ертеңгіліктер, сайыстар, маусымдық мекемелер т.б. жатады. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын өткізуде талаптар басшылыққа алынды: 1.Сыныптан тыс жұмыстарға оқушыларды түгелдей қамту. 2. Әрбір оқушының талап-тілегін ескеру. 3.Балалардың жеке дара қасиетін білу. 4.Шығармашылық ізденістерін дамыту. 5.Қоғамдық істерді ұйымдастыру жұмыстары жатады.

Мектептен және сыныптан тыс тәрбие жұмыстары мектеп директорының, мұғалімдердің тікелей басшылығымен жүргізіледі. Сыныптан тыс тәрбие жұмысы негізінен оқушының іс-әрекетінің дұрыс ұйымдастырылуына байланысты. 3.Әбілова "Сыныптан тыс уақытта эстетикалық тәрбие беру — эстетикалық мәдениетін, талғамын арттыру, үйді жабдықтау, тазалық сақтау, педагогикалық ұжымның ынтымағының болуы, балалардың тәртібі" деп оқушылардың тек эстетикалық тәрбиесін ұйымдастырудың жолдарын ашып көрсеткен. Ж.Әбдіжаппарова, Р.Айтбақина "Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының мәселелері" деген еңбегінде: "Сыныптан тыс тәрбие жұмысының маңызы көлемі шағын шығармаларды бірлесіп оқу, кітап туралы әңгіме өткізу, талдау, әдеби кештер мен конференциялар, бұл жұмыстарды ұйымдастыруда оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, шығармашылық бағытпен өткізу қажет", - деп тұжырымдайды [4,5]. Аталған еңбектерде мектеп оқушыларын тәрбиелеу сыныптан тыс уақытта ұйымдастыру керектігі айтылып, сол кездегі басты құрал болып қолданылған. Егер авторлардың пікіріне сүйенсек, баланың жас жеке мүмкіндіктерін ескеріп, жетекші тұлға сынып жетекшісінің ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты деп есептейді. Бірақ сол кездегі оқушыларды ұйымдастыруда және сыныптағы тәрбие жұмысына тартуда мұғалімнің ролі басым болды.

Бұдан басқа, педагогикалық әсер ету барысында жеке келістерді жүзеге асыру қажет. Жеке келістің арқасында оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу барысы мұғалім үшін басқаруға қолайлы және тиімді. Оқушылардың бір-бірінен денсаулығы, темпераменті, қабілеті, мінез-құлқы мен қызығушылығы жағынан айырмашылықтары бар. Әрбір оқушының өзіндік күйзелісі, ойлары, өз денсаулығына байланысты қызметке қосылу ерекшеліктері болады. Оқушы - қайталанбас тұлға, ол психикалық қасиеттердің, қарама-қайшылықтардың, физикалық және интеллектуалдық дамудың әртүрлі үйлесіміндегі жеке терең тұлға болып есептеледі. Тәрбиенің іс жүзіндегі біркелкі жағдайларында олардың әрқайсысында салауатты өмір салтын жетілдірудің басқалардан керемет деңгейі көрінеді. Сыныптан тыс қызметтерде, соның ішінде спорт түрлерімен айналысуда оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу барысында оптималды жетістіктерге жету үшін педагогтар жаттығуға шығармашылық түрде атсалысса, онда салауатты өмір салтын жүргізуге бағытталған ұжымдық қызметтерді ұйымдастыру жүзеге асырылады.

Спорт түрлерімен айналысу барысында оқушыларға өзінің денсаулығына қамқорлық жасауды жеке тұлғаның маңызды мақсаты екендігін сезіндіруге тырысу қажет. Бұл үшін салауатты өмір салты бойынша педагогтар мен оқушылардың бірігіп атқаратын жұмыстары аса маңызды болмақ. Мектептегі салауатты микроклиматты құруға оқушылар мен мұғалімдер арасындағы өзара түсіністік, сыйластық, сенім сияқты қасиеттер мен олардың тікелей араласуындағы атмосфера өзіндік әсерін тигізеді. Оқушылардың ұжым тарапынан қамқорлық, қолдау тауып, олардың назарында болғаны маңызды болмақ, ал барлық ұжым

әрбір оқушының салауатты өмір салтын ұстануын ұйымдастыруға ынталы болады. Міне, сонда оқушыларды салауатты өмір салтына деген қылықтарға ұмтылысы пайда болады. Оқушының еріктік саласына мақсатты түрде әсер ету де педагогикалық тұрғыдан маңызды. Бұл орайдағы жоспардың тиімділігі сыныптан тыс қызметтің табысты табылған түрі болып қана анықталмауы керек, бұл қызметті оқушылар эмоционалды түрде қалай қабылдайды және іс жүзінде мақсатты түрде қалай таратылатындығымен тиімді болады. Әрине, оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу көбінесе мұғалімнің салауатты өмір салты құндылықтарының маңыздылығын ашып көрсету ептілігіне байланысты болмақ, Сонымен қатар, олардың қызығушылығын ояту, оқушылардың ішкі дүниесіне әсер ету де маңызды. Бұл қатыстылық тек еріктік салаға ғана емес, сонымен бірге оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуге де қатысты.

Оқушыларды салауатты өмір салтына толыққанды тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін мұғалімнің, жаттықтырушының, тренердің өзі салауатты өмір салтының тәрбиелілік нышандарының аса жоғары тұлғалық қасиеттерін игеруі тиіс. Бұл - жаттықтырушы тұлғасының өзі немесе тренердің оқушыға деген ұстанымы, оған тәрбие процесінің субъектісі ретінде қарауы. Осы жағдайда оқушы өзін ерікті іс атқаратын тұлға ретінде сезінеді, ол өзімен басқалардың санасатынын, оның пікірін бағалайтынын, өзіне сенетінін, өзімен кеңесетінін сезінеді.

Т.Қ. Жұмажанова әдебиетпен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың ғылыми-әдістемелік негізін анықтап, әдеби кештер, ертеңгіліктер, жарыстар, көріністер көру, поэзиялық кештерді ерекше бөліп көрсеткен. Сыныптан тыс уақытта оқушылардың танымдық қабілетін, белсенділігін арттырудың басты нысаны етіп еңбек, эстетикалық тәрбиеге және оқушылардың шығармашылық дамуына тоқталады [6]. Б.Т. Кенжебеков оқушылардың техникалық еңбегі бойынша сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың ғылыми-педагогикалық негізін анықтап, педагогикалық шарттарын жүйелеген [7].

Еліміздегі мектеп тәжірибесінде сыныптан тыс жұмыстар екі бағытта: сыныптан тыс тәрбие жұмысы және сыныптан тыс жұмыстар деп жеке пәндер бойынша жүргізіледі. Тәрбие жүйесінде сыныпта және сыныптан тыс тәрбие жұмысының ерекшелігі балалардың тұлғалық және жас ерекшелігіне қарай анықталады. Сыныптан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мақсаты – сабақ үстінде жүзеге асырылатын тәрбие міндеттерін толықтыру және тереңдету. Олардың қабілеттерін неғұрлым толық ашу, қоршаған ортаға қызығушылығын ояту, қоғамдық белсенділігін шыңдау, бос уақытын тиімді ұйымдастыруды көздейді. Мұғалім оқушыларды сабақтан тыс уақытта қарым-қатынас жасауға, әртүрлі жағдайда баланы зерттеп, ол туралы мәлімет жинауға мүмкіндік алады.

Бүгінгі таңда тәрбие жұмыстары оқушы тұлғасын тәрбие субъектісіне айналдырып, педагогикалық талаптарды орынды белсенді қабылдап, өзінің сапалық қасиеттерін жетілдіру мақсатын көздейді. Сыныптан тыс ұйымдастырылатын үйірмелер және тәрбие жұмыстарына балалардың өз бетімен жұмыс істеуге кең мүмкіндіктер жасалады. Өздігімен басқаруға және дербестікті дамытумен үйлестірілуімен ерекшеленеді.

Келтірілген ғылыми теориялар мен іс-тәжірибелердің бүгінгі күні бастауыш мектептен бастап оқушыларды сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында тәрбиелеуде жаңғыртып қолдануға болады. Қоғам өзгерген сайын тәрбие мазмұны да өзгеріп, оны ұйымдастырудың формалары мен әдістері де сан алуан болып отыр. Осы кезге дейінгі сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формалары мен әдістерін санап шығу мүмкін емес. Дейтұрғанмен, тәрбие жұмыстары этикалық тақырыптарда, өмірге, еңбекке баулу, салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру мамандыққа дайындау, экономикалық және экологиялық тәрбие, интеллектуалды дамуын қамтамасыз ететін бағыттарда ұйымдастырылып келеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» стратегиясы – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. 14 желтоқсан. Елорда. Астана, 2012.

2. Стратегический план Министерства туризма и спорта РК на 2011 – 2015 годы. Утвержден постановлением Правительства РК от «8» февраля 2011 года № 101.

3. Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы, 1993. - 17 б.

4. Әбілова З. Сыныптан тыс уақытта эстетикалық тәрбие беру. – Алматы, 1987. – 124 б.

5. Әбдіжаппарова Ж., Айтбақина Р. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының мәселелері. – Алматы, 1996.

6. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиеттен жүргізілетін сыныптан тыс уақытта оқушылардың танымдық қабілетін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғылым. док. ... автореф. – Алматы, 1996.

7. Кенжебеков Б.Т. Педагогические условия организации внеклассной и внешкольной работы учащихся по техническому труду: пед.ғыл.кан. ... автореф. – Алматы, 1993. – 17 б.

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕГІ СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .

А.Е.Манкеш. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, магистратура және PhD докторантура институты

Резюме

Данная статья посвящается одной из актуальнейших проблем воспитательной работы в малокомплектных школах расположенных в различных регионах Республики Казахстан, рассматриваются основные особенности классной и внеклассной работы. Автор анализируя концепции данные учеными по вопросу воспитания приходит к выводу, что качественная организация воспитательной работы напрямую зависит от профессиональных качеств учителя.

Summary

This article is dedicated to one of the most urgent problems of educational work in small schools located in different regions of the Republic of Kazakhstan, it discusses the main features of classroom and extracurricular activities. The author analyzed the concept of scientists' data on the education came to the conclusion that the quality organization of educational work directly depends on teacher's professional qualities.

Біздің әлемдік көште үйренуші халықтан, үйретуші елге айналуымыздың кәдуілгі сыры қазақ даласын қараңғылық көгінен алып шығып, ағартушылықпен айналысқан ұлттық тұлғалардың ерен еңбектері екені белгілі. Солардың бірі де бірегейі алғаш қазақ сахарасына ізгіліктің жолын салып, мектеп ашып өз дәрежесінде қызмет ете білген - ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин болатын. Ы.Алтынсариннің басшылығымен ұлттық мектептердің қазақстандық үлгісі пайда болды. Ол кезінде басшыларға жазған хаттарында «қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне ыңғайлы, мектептің көшпелі болуы қажет, жазда ауылдармен бірге жайлауда, ал қыста қыстауда болғаны жөн» – деп, дәлелдей де білді. Осылайша ХХ ғасырдың басында ауылдық жерлерде Алтынсарин бастаған білім алудың жинақталған мектептер жүйесінің негізі қаланды. Сол кезде ауылдағы алғашқы қазақ мектептерінің көбі шағын жинақты мектептер болғаны белгілі.

Шағын жинақты мектеп – ол балалардың саны аз, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі бар, біріктірілген сыныптардан тұратын жалпы білім беретін мектеп. 1999-жылы 7 маусымда (№389-І ҚРЗ) бекітілген Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында шағын жинақты мектепке мынадай анықтама беріледі: *«Шағын жинақталған мектеп* ол - сынып-жинақтамалары аралас және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар, оқушылар саны шағын жалпы білім беретін мектеп, яғни әртүрлі типті ауыл оқушыларын әлеуметтендіру функцияларын атқаратын маңызды институт, мәдениет құрушы ауылдық орталықтың жиынтығы».

Шағын жинақты мектептердегі тәрбие мазмұнын жаңарту мен ондағы мұғалімдерге қойылатын талап деңгейін өзгерту қазіргі білім беру саласындағы ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында көкейкесті мәселенің бірі болып отыр. Сол себепті шағын жинақты мектептердегі тәрбие жұмысының яғни сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігі мұғалімнің теориялық және практикалық даярлығымен қатар жеке басының білім-парасатымен, әлеуметтік белсенділігімен, жұмысты ұйымдастырудағы жаңашылдығымен, педгогтардың кәсіби даярлығын ғылыми негізде үздіксіз жетілдіре түсу қажеттігі туындайды.

Педагогикалық сөздікте «Тәрбие жұмысы – ересектер мен балалардың күнделікті тіршілік іс-әрекетін ұйымдастырудағы мақсатқа бағытталған әрекет, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін барлық

жағдайдың жасалуы»-деп түсіндіріледі. Ендеше, мектептегі тәрбие жұмысының барлығы сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылуына байланысты сыныптан тыс тәрбие жұмысы деп аталады.

О.А.Абдуллин «Сыныптан тыс тәрбие жұмысы, оқушыларды тәрбиелеудегі мәнді факторлардың бірі болып табылады, оқу әрекетінде баланың ақыл-ойы, танымы дамытылса, адамгершілікке, өмірде кездесетін әртүрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауы сыныптан тыс тәрбие жұмысы арқылы жүзеге асады»-десе, Н.И.Шелихова «Сыныптан тыс тәрбие жұмысы – бұл педагогтың оқудан тыс уақытта оқушылардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру, баланың жеке тұлғасын әлеуметтендіру қажеттігін қамтамасыз етеді» - деген болатын. Сонымен, «Тәрбие жұмысы сабақтан тыс уақытта тәрбиеленушілердің жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыруға бағытталған арнаулы ұйымдастырылған педагогтың әрекеті», яғни мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен біліктілігі, ұйымдастырушылық қабілеті болып табылады.

Мектептегі оқыту сабақтарына қарағанда сыныптан тыс жұмыстарды оқушылардың еркімен ұйымдастыру, шығармашылығын дамыту, әр түрлі жастағы балаларды қамту, олардың ұсынысымен санасу жағдайлары қарастырылады. Қазіргі кезеңде оқушылардың ынта-ықыласын оятуда сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылу формалары мен әдістерінің көптеген түрлерін атап, белгілі тәрбие бағдарламалары мен әдістемелік нұсқауларды басшылыққа ала отырып, жұмыс жоспары негізінде ұйымдастыру міндеті көзделеді.

Психологтар Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин бастауыш мектеп оқушыларының сабақтан тыс тәрбие жұмысында күнделікті құрбыларымен бірігіп араласуға, сыртқы ортаны танып білуге деген ұмтылысы мен таным белсенділігі артып, олардың қамқорлық, қызығушылық сезімі пайда болады. Мұндай сабақтан тыс тәрбие түрлері оқушыны, болашақ тұлға ретінде де жауапкершілігі мен қабілетін дамытып, өзінің не нәрсеге де бейім болу мүмкіндігін жетілдіреді. Жалпы, шағын жинақталған мектептегі *тәрбие жұмысының ерекшелігі*: а)пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар; ә)сабақтан тыс тәрбие жұмыстары болып бөлінуінде.

- тәрбиелеудің теориялық негізін меңгеріп, оны практикада қолдана білу, сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жаңа әдістемесін енгізу;

- бір сыныппен жұмыс істегенде тәрбие жұмысының (үйірме, тақырыптық кештер, ертеңгіліктер, өлке тану жұмысы, айтыстар, байқаулар, экологиялық соқпақтар, жасыл әлем қызықтары, көңілді тапқырлар жарысы және т.б.) мақсаты, логикалық құрылымы оқушы мен оқытушыға бірдей, ал бірнеше сыныппен жұмыс істегенде сыныптан тыс жұмыстардың шығармашылығын қамтамасыз ететіндей болуы тиіс;

- бір тәрбие жұмысында мұғалім әр түрлі жастағы, ой-өрісі мен білім дәрежесі әр түрлі оқушылармен жұмыс жүргізеді, сондықтан ол балалардың психологиясын жақсы біліп, педагогикалық жағдаяттарды орынды пайдаланып, одан шығудың тиімді жолын іздестіруі қажет;

- шағын жинақты мектептер көп жағдайда орта мектептерден алшақ орналасуына байланысты мұғалімнің басқа оқытушылардың тәрбие жұмыстарына қатысып, тәжірибе алмасу мүмкіндіктері аз болады, сол себепті мұғалімдердің өз бетінше білімін жетілдіріп отыру қажеттігі туындайды;

- мұғалім тәрбие жұмысындағы өздік тапсырмаларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне, жылдамдықтарына қарай лайықтап, орындау уақытын белгілеп ұйымдастыруы тиіс. Міне, осындай ерекшеліктер ескерілген тәрбие жұмыстарының мақсаты сабақ кезінде алған білімін тереңдетіп, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырып, балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттырып, оларды тапқырлыққа, жауапкершілікке, табандылыққа, еңбекке деген сүйіспеншілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың өз еріктерімен берілген тапсырмаларды орындауына мүмкіндік береді. Онда оқушыларға баға қойылмайды, бірақ қандай да бір іс-әрекеттегі табыстылығы, шығармашылығы, тапқырлығы, ұтымды әдістерді пайдалануы мұғалім тарапынан мадақталып, көтермеленіп отыруы тиіс.

Мұндай сыптан тыс тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы мұғалімнің кәсіби сапалары коммуникативтік, ұйымдастырушылық, танымдық біліктіліктері мен қатар олардан қатар үлкен шыдамдылықты, шығармашылық шеберлікті яғни кәсіби құзыреттілікті талап етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

- 1.Краткий педагогический словарь пропагандиста. –М.,1988.- 125с
- 2.Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего образования: «Учебное пособие для студентов пед.институтов.–М.: Просвещение, 1979.-208с.
- 3.Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. В 2 т. –М.:АН СССР, 1989. – 485с 4.Ф.З.Әділғазинов.

Особенности воспитательной работы в малокомплектной школе. // Тезисы докладов Республиканского семинара «Совершенствование учебно-воспитательного процесса в малокомплектной школе». Жамбыл, 1993С33-34.

5.Р.А.Набуова. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориялық мәселелері.Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. //Алматы, 2066.-112-113б.

ПӘНАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ АРҚЫЛЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН АРТТЫРУ

Ауелбеков Е. Б. Педагогика ғылымдарының кандидаты
Куралбаева А.А. PhD докторант

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы применения материалов межпредметной интеграции в преподавании изобразительного искусства для формирования мировоззрения школьников младших классов.

Summary

In this article questions of application of materials of intersubject integration in teaching of the fine arts for formation of outlook of school students of elementary grades are considered.

Қазіргі таңда егеменді еліміздің саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сай жас ұрпақтың жан-жақты дамуы, оның дүниетанымын қалыптастыру жаңа стратегиялық бағдарламасының күрделі бағыттарының бірі болып саналады.

Педагогиканың аса маңызды мәселелерінің бірі – пәнаралық интеграция негізінде бейнелеу өнері арқылы бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру. Адамның негізгі тұлғалық қасиеттерінің іргетасы бастауыш сыныптарда қаланатындықтан, бейнелеу өнері арқылы пәнаралық интеграцияда оқушылардың танымдық аумағын, эстетикалық сезімдері мен қиялдарын, көркемдік шығармашылық қабілеттерін арттыру қажеттілігі өте басым. Әсіресе бастауыш сыныптардағы оқыту-тәрбиелеу барысында бейнелеу өнерінің оқу материалдарын пәнаралық интеграция негізінде игерудің тұлға қалыптастырудағы сұранысының ауқымы кең екендігі айқын.

Бұл зерттеу мәселесінің құндылығы – бейнелеу өнері арқылы бастауыш сынып оқушыларының пәнаралық интеграцияда дүниетанымын қалыптастыру жөнінде ғылыми-теориялық материалдарға шолу жасалып, бейнелеу өнерін оқыту үдерісінде пәнаралық интеграция материалдарын, оның әдістемесін қазіргі бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың сұранысын ашады.

Қазақстан Республикасындағы жалпы бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартында өскелең ұрпақтың дамуы, ғылыми дүниетаным қалыптастыруының айқын бағыттары көрсетілген. Себебі ғылыми дүниетаным – қоғамдық сананың ең жалпы және жоғары формасы. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық даму, күрделі өзгерістер заманындағы қазіргі түбегейлі мәселе - адамды іс жүзінде қоғамдық дамудың басты тұлғасы дәрежесіне көтеріп, дамыту.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының **білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары атты төртінші бағытында оқыту әдістемелерін жаңғырту** және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, **білім берудің жаңа жүйелерін** белсене дамыту керектігі көрсетілген [1].

Сол сияқты Елбасының 2004 жылғы Қазақстан халқына жолдауында еліміздегі мәдени-тарихи мұраны сақтауға ерекше мән беру қарастырылып, «Мәдени мұра» атты арнаулы бағдарламада ұлт мәдениеті мен дүниетанымын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау ұсынылған.

Жеке тұлғалар дүниетанымын қалыптастыру туралы ғылыми еңбектерді талдау, сараптау нәтижесінде бейнелеу өнерінде пәнаралық интеграцияда бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру мәселесі ғылыми-теориялық зерттеудің қазіргі нысанына айналып отыр. Бұнда пәнаралық

интеграция дамыту қызметін атқарады. Бір пәннің төңірегіндегі білімді екінші пәнге қарай ауыстыруды қамтамасыз ететін оқыту әдіс-амалдарының логикалық құрылымын қайта құру да тұлғаның жалпы дамуына әсер етеді. Яғни, бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру құзыреттілігін жаңа жағдайда қолдану жүргізіледі. Оқушылар бұл жағдайда білімнің жалпы қажеттілігі мәселесімен кездеседі, әсіресе жаратылыстану, дүниетану, табиғаттануда анық көрінеді. Оқушылардың алдына бейнелеу өнерін оқытуда пәнаралық интеграция тұрғысындағы танымдық міндеттерді, тапсырмаларды қою оқу іс-әрекетін барынша арттырады (көңіл-күй, еріктік үдерістерге, ойлауға, есте сақтауға, қайта жаңғыртуға екіпін беру, қиял мен тілді дамыту т.б.).

Пәнаралық интеграция - оқыту мазмұнындағы білім мен іскерліктің адамның ақыл-ой өрісін дамытудағы, ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі жөніндегі ғылыми көзқарасты, дүниетанымды қалыптастырудағы, алған білімді өмірмен, қоғамдық тәжірибемен байланыстырудағы маңызды құралдардың бірі [2].

Бастауыш мектептегі пәнаралық интеграция - бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың аса маңызды шарттарының бірі.

А.А.Бейсенбаева: «Оқушылардың танымдық дүниесінің қалыптасуы оқу үдерісін ұйымдастырудағы пәнаралық интеграцияның нәтижелілігіне тікелей сүйенеді, әрбір пәнді оқытуда басқа пәндер, ғылымдардың қажетті элементтері, материалдары бірлесе игеріледі. Пәнаралық интеграция ұғымы өз ішінде пәнаралық интеграция құрамы; пәнаралық интеграция амалы; пәнаралық интеграцияның бағыттылығы болып бөлініп қарастырылады», - деп тұжырымдаған [3].

Пәнаралық интеграция негізінде ғылыми танымды арттыру әдісі ретінде оқушылардың жүйелі ойлау ептіліктерін дамытудың маңызы зор. Оқушыларда жалпылама пәнаралық түсініктерін қалыптастыру пәнаралық интеграцияны құрудың соңғы кезеңін қамтиды. Пәнаралық интеграцияға сүйене отырып, оқушыларда ойлаудың жаңа тәсілі пайда болып, жалпылық негізінде жекені талдау, жекелерден жалпыны көре білу қабілеттері қалыптасады. Күрделі мәселелерді шешудің жаңа жолдарын табу, білімді кешенді түрде пайдалану біліктерінің қалыптасуы да пәнаралық интеграция арқылы жүзеге асырылады. Оның негізінде оқытудың нәтижелілігі оқушылардағы пәнаралық мәселелерді өзбетінше шешу, әртүрлі оқу пәндерінде пәнаралық интеграцияны қолдануды сапалы түрде жүргізу кезінде көрінеді. Оқушылардың пәнаралық мәселелерді шешудегі танымдық өзбеттілік көрсеткіші – бұл ойлау іс-әрекетінде білімдер жүйесін біле отырып, оны қажетінше пайдалана білу тәсілдерін меңгеру болып табылады.

Кіріктіру - педагогикалық тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әртүрлі ғылымдарды біріктіру [4].

Бейнелеу өнерін оқыту барысын пәнаралық интеграция негізінде ұйымдастыруда бастауыш сынып оқушыларының танып-білуін кеңейтіп, ойлауы мен қиялы артып, шығармашылық іс-әрекеті дамиды. Бұның бәрі олардың жалпы дүниетанымының артуына, шындық дүниені дұрыс, толық қабылдауына септігін тигізеді.

Бейнелеу өнеріне оқыту - біртұтас педагогикалық үрдістің құрамдас бөлігі. Сол себептен бейнелеу өнерін оқыту да сол үрдістің негізгі заңдылықтарын, құрылым бөліктерін қамтиды. Оқыту үдерісі – күрделі, біртұтас белсенді танымдық іс-әрекетке бағытталған үдеріс. Оқыту үдерісінің ғылыми теориясы оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруды, олардың білімнің ғылыми жүйесін тиімді игеруді қамтамасыз ететін, іскерлік пен дағдыларды, таным, танымдық күштерді дамытуды, ақыл-ой іс-әрекетінің нақтылы амалдарды пайымдайтын қабілеттілікті, дүние тануды және жеке басты дамытуды қалыптастыру тәсілдері мен амалдарды зерттеуді қарастырады [3].

Бастауыш мектептегі бейнелеу өнері – бұл дүниені көзбен көріп түйсіну негізіндегі ауқымды өнердің бір саласы, жалпы орта мектептегі оқу пәні және оқудағы, оқудан тыс жалпы, көркемдік және эстетикалық тәрбие беру жүйесіндегі маңызды буын ретінде адам, табиғат, қоғам және заттық әлемді біртұтастықта қарастыруда пәнаралық интеграция қажеттілігі айқын, эстетикалық-тәрбиелік қызметі жоғары, бастауыш сынып оқушысының көркем, ғылыми дүниетанымын, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған көркемдік білім берудің бір түрі.

Балалардағы дүниедегі барлық бояулар түстерін, қоршаған заттар мен құбылыстарды көруге деген құштарлық – табиғи танымдық құбылыс. Көрген-білгендерін қағаз бетіне түсіруге асығулар - осы кезеңде, яғни бастауыш мектеп кезеңіне тән әрекеттер. 7-8 жасар балада көркем бейнелеу жұмыстарында шындықты тануға бағытталған сурет салу, бейнені кескіндер арқылы көрсету сияқты табиғи қажеттіліктер байқалады.

Оқушылардың бастауыш мектеп кезеңінде бейнелеу өнері пәнін оқу арқылы бойында түзген

кеңістікте ойлау қабілетінің ауқымды әрі күшті болуы оның бүкіл ойлау қабілетіне, дүние келбетін шынайы түсіне білуіне, дүниетанымын кеңейтуіне көмектеседі. Сонымен қатар, келешекте тұлға қалыптастырудың күрделі сатысына жетелейді, ой операцияларының дамуына ықпал жасай отырып, математика, дүниетану, ана тілі, еңбекке баулу, музыка сияқты пәндердегі көптеген ұғымдар мен түсініктерді қиналмай қабылдап, білім деңгейін арттыруға мүмкіндіктер тудырады.

М.Орынбеков: «Дүниетаным жеке адам және оның қоғамдағы орны, сана-сезімдік қалпы жайлы ұғымдарының жиынтығы, дүниенің біртұтастығын түсіну нәтижесі болып табылады», - дейді [5].

Танып білу - бұл адамның сана-сезіміндегі дүниенің бейнелену үдерісі. Психологиялық тұрғыдан танымның алғашқы бастамасы ретінде нақты пайымдау танылады. Оның мақсаты - бейнелерді, түсініктерді, дәлелдерді елестету болып табылады. Нақты пайымдауда таным сезіну мен түйсік арқылы іске асырылып, сезіну қозғаушы материя бейнесі болады. Бұл бағытта бейнелеу өнерінің алатын орны бөлек және ерекше.

Дүниетаным – адам санасындағы дүниенің сыртқы бейнесі ғана емес, оның сол дүниеге, қоғамдық өмірге қарым-қатынасы, адамдардың философиялық, саяси, құқықтық, адамгершілік және эстетикалық идеалдары мен сенімдерінің жиынтығы деген қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар, дүниетаным адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетінің жалпы бағытын анықтайды.

Білімнің алғашқы сатысы, яғни бастауыш мектепте білім беру кезеңі бастауыш сынып оқушыларының алғашқы дүниетанымдық түсініктері мен көзқарастарын қалыптастыруда қолайлы мерзім болып табылады, яғни баланың жас ерекшеліктері тікелей дамумен қабаттаса жүріп, оның бүкіл дүниетаным қалыптастыруымен етене байланыста болады.

Жоғарыда көрсетілген бейнелеу өнерінің оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға тигізер зор ықпалына, маңыздылығына байланысты қарастырылған теориялық идеялардың, ой-пікірлердің негізінде зерттеу жұмысымыздың өзегі ретінде мынадай басты-басты тұжырымдарды анықтадық: Дүниедегі заттар мен құбылыстар әрдайым қозғалыста болып, өзгерістерге түсіп отырады; дүниеде кездесетін барлық заттар табиғи, яғни табиғаттың күшімен жасалған заттар (өзен, тау, аспан т.б.) және жасанды, яғни адамның қолымен жасалған заттар (барлық өнер туындылары, сәндік-қолөнер заттары, тұрмыс заттары, техника құралдары т.б.) болып екіге бөлінеді; барлық заттар міндетті түрде белгілі-бір кеңістікте орналасады және сол кеңістікте орын ауыстырады; дүниедегі заттар мен құбылыстар тек қана жарық арқылы көзге көрінеді және жарық арқылы олардың көлемі, пішіні, түсі, табиғаты анықталады; табиғатта кездесетін барлық заттардың өзіне тән фактурасы, жасалу, шығу тегі болады.

Оқушылардың бастауыш мектеп кезеңінде бейнелеу өнері пәнін игерудегі пәнаралық интеграция негізінде түзген кеңістіктік ойлау қабілеттері, тұстану, жарық пен көлеңке, перспектива, композиция заңдылықтарын білу іскерліктері олардың бүкіл ойлау қабілетіне, дүние келбетін шынайы әрі берік түсінуіне, таным аумағының өсуіне оң ықпалын жасай отырып, дүниетаным қалыптастыруларына көмектеседі.

Қорыта айтқанда, пәнаралық интеграция білім берудегі, оқытуда және тәрбиелеудегі міндеттерді шешуде, бастауыш сынып оқушыларының бейнелеу өнері арқылы дүниетанымын қалыптастыруда маңызды әрі шешуші роль атқарады. Білімдер жүйесінің мәні және білімнің игерілуінің пәнаралық деңгейде жүзеге асырылуы – бастауыш сынып оқушыларында ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы дұрыс түсінік қалыптастырудың бірден-бір жолы. Бейнелеу өнеріндегі пәнаралық интеграция оқушылардағы теориялық білімдерді іс жүзінде қолдануға мүмкіндік бере отырып, олардың ғылымның сан алуан салалары туралы кең, ауқымды ой-өрісі бар адамды тәрбиелеуге жол ашады және бастауыш сынып оқушыларының толыққанды білім ала отырып, бүкіл танымдық қызметін дамытуға, сөйтіп дүниетанымын қалыптастыруға тікелей ықпалдар мен жағдайлар жасайтын үдеріс ретінде бастауыш мектептегі оқу-тәрбие барысында әрдайым әрі ұтымды пайдалануға қажет ететін ауқымды шаралар жиынтығын құрайд

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1. Назарбаев Н.А. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2012.
2. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. -Алматы. Республикалық баспа кабинеті. -1995. –117 б.
3. Петрова И.И. Педагогические основы межпредметных связей. -М., Высшая школа. -1985.
4. Педагогика және психология. Ғылыми түсіндірме сөздігі. Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев т.б. -Алматы.

Мектеп. -2002. -249 б

5. Орынбеков М. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы. -Алматы. -1996.-264 б.

6. ЭОК 375 (574): 375.87

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУЫ НЕГІЗДЕРІ

Мария Ботайқызы Жаздықбаева, ХҚТУ, п.ғ.к., доцент

Жақыпбек Қасымбеков, ХҚТУ, п.ғ.к., доцент

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түркістан қ., Қазақстан

Резюме

В статье речь идет об основах развития познавательной активности учащихся на основе новых педагогических технологий. Также рассматриваются вопросы целей системы образования, эффективного использования педагогических инноваций в учебном процессе школы.

Summary

The article focuses on the basics of cognitive activity of students on the basis of new educational technologies. Also addresses the objectives of the education system, effective USABLE FLOOR SPACE pedagogical innovations in the educational process of the school

Соңғы жылдары қоғамда болып жатқан ғылыми жаңалықтар мен білім беретін мекемелердің дамуында оң өзгерістердің көбеюі олардың өмірмен байланысының нығаюы сияқты факторлардың ықпалы зерттеушілер мен әдіскерлердің танымдық белсенділікті дамыту теориясына деген ықыласын күшейте түсуде.

Философиялық сөздікте: «Таным – іс-әрекетінің адам мақсаттары ұмытылыстарының негізі болатын білімін қалыптастырушы, шығармашылық қызметінің қоғамдық-тарихи процесі. Ой еңбегі мен дене еңбегі барысында қарама-қарсылық бар жерде, шығармашылық, жаңалық ашушы және тудырушы іс-әрекет орындаушылық пен жаттандылыққа әлеуметтік тұрғыдан қарама-қарсы қойылған жерде Таным, көбінесе, рухани өндірістің (ғылыми, эстетикалық, этикалық, діни-парасаттық қызметтің және т.б.) түрлі салаларындағы кәсіби мамандардың ерекше функциясы ретінде көрінеді – деген анықтама берілген [1].

Таным процесінің практикалық қызмет барысында іске асатынын ескерсек, студент өз еркімен білімді игеруге талпынбаса, өз бетінше жұмыс істеуге әрекеттенбесе белсенділіктің болуы мүмкін емес. Егер студент өзінің оқу-танымдық әрекетінің мақсатын айқындай алса, онда танымдық қызметте ерік күшінің қалыптасуына ықпалын тигізеді.

А.Н.Леонтьев өз зерттеуінде таным туралы: «Таным – әрекет түрлерінің бірі болғандықтан таным барысындағы қиындықтарды жеңу жөніндегі ерік күші таным әрекетінің мақсатын кімнің алға қоятынына елеулі дәрежеде байланысты деп жорамалдауға болады» - деп дәлелдеген.

Білім беру жүйесінің алдына қойылған мақсаты – адамзаттың прогрестік ерекшелігіне, қоғамдық – тарихи, саяси-әлеуметтік экономикалық жағдайына сай негізделеді. Қоғам ілгері дамыған сайын адамдардың өмірге деген көзқарастары өзгеруде, білім алуға тілдерді үйренуге деген ынтасы арта түсуде. Білім беруді ақпараттандыру, пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаты алға қойылуда. Кез-келген мемлекеттің дамуы ақпараттық мәдениетінің деңгейіне байланысты. Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыты – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта және дистанционды (қашықтан) оқыту, жеке тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын көтеруді көздейді[2].

В статье говорится о том, что жанр считалки оказывает большое влияние не только на детскую литературу, но и на детскую педагогику и воспитание, психологию и развитие детского мировоззрения, а также указывает на особенности функционального значения этого жанра. Хорошо зная детскую психологию, авторы, отмечая такую черту, как находчивость, указывают на необходимость считалок в процессе детского воспитания. Фундаментальная основа считалок лежит на единой плоскости с народной педагогикой. Помимо того, что считалки обучают детей счету, начиная с ранних лет и, принимая во внимание психологию ребенка, соответствующей каждому возрасту, считалки играют огромную роль в развитии памяти, умственных способностей, и мировосприятия.

Ключевые слова: детская литература, детская воспитание, детский фольклор, детское сознание.

Summary

The article deals with the genre of counting rhyme's influence not only on children's literature, but also on children's pedagogics and education, psychology and development of children's outlook, and as well as states features of functional value of this genre. Well knowing children's psychology, authors, noting such line as resourcefulness, indicate the need of counting rhymes in the course of children's education. The fundamental basis

of counting rhymes lies on the one plane with national pedagogics. Besides that counting rhymes train children in arithmetics, since early years and, in view of psychology of the child, corresponding to each age, counting rhymes play a huge role in development of memory, mental capacities, and perception of the world.

Key words: children's literature, children's education, children's folklore, children's consciousness

Қазақ халқының ұлттық болмысында бала тәрбиесінің рөлі ерекше екені әлмисақтан белгілі. Туылғаннан бастап бала санасының өсіп-жетілуіне жете мән берген ата-бабаларымыз балалар әдебиетінің фольклорлық үлгілерін қалыптастырған. Уақыт өте келе балалар әдебиетінің мәселелері сөз етіліп, зерттеудің арқасында балалар әдебиетіндегі жанрлар мен жанрлық түрлері анықтала бастады. Олар кейде балалар фольклоры деп те зерттеліп жүр. Қазақ балалар фольклоры шығу тегі мен орындаушыларына қарай – үлкендер тарапынан балаларға арналып айтылатын және балалардың өздері орындайтын шығармалар болып екі топқа бөлінеді. Алғашқысының қатарына бесік жыры, маусымдық жырлар, жұмбақ, жаңылтпаш шығармалар жатса, соңғысы санамақ, сұрамақ, тақпақ балалар өлеңдерін қамтиды. Бұл жанрлар зерттелу формасына орай үлкен салаларға бөлініп те қарастырылады. Мәселен, әлпештеу поэзиясы, жеткіншектер жыры, ойындық фольклор, балалар тіршілігінде қара сөзбен айтылатын балалардың прозалық фольклоры, деп зерттеліп жүр.

Балалар фольклорында балалар ойыны кезіндегі ойынға шақыруға ойынды бастауға, оны жүргізуге қызмет ететін өлеңдерді (қаламақ, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, балалар айтысы) қосуға болады. Жалпы, балалар фольклорына тән шығармалардың барлығында ойындық белгілер болатыны сөзсіз, бірақ ойындарға арналған балалар фольклорына жататын туындыларда, бұл сипат ерекше басым көрінеді, оларда ойынға тән драматизм мен қимыл-әрекет, динамизм күшті. Ойынға шақыру өлеңдері, қаламақ, санамақ, ойын ішіндегі өлеңдер тікелей балалар ойындарымен бірге өмір сүрсе, халық арасында кең тараған жұмбақ, жаңылтпаштар, тәжікелесулер сөз арқылы ойналады.

Ойындық фольклордың бірі-санамақ жанрын қарастырып көрейік.

Әдебиеттану терминдер сөздігінде «санамақ-қазақ балалар фольклорындағы жанрлық түр. Санамақ – сәбилерге сан үйрету, санның ретін танытуды көздейтін ойын өлеңі. Санамақтың құрылымында формалық шарттар қатаң сақталмайды. Ол кейде ұйқасқа кейде, тек қана ырғаққа негізделе береді. Қайсі бір санамақ үлгілерінде сандар жай ғана санамаланып келіп, соңғы, түйіндеуші жолдар ғана ұйқасады. Ересектеу балалар санамақты ойын тәртібін (жасырынбақ ойынында, т.с.с.) айқындау үшін қолданады» [1, 294-295] - деп анықтама берген.

Бала тәрбиесіндегі санамақтар да үлкен орын алады. Санамақтар туралы Ә.Табылдиев былай дейді: «Санамақтарды халық, негізінен, жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған. Санамақтар әрі сан үйретеді, әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтардың түрлері көп, оның үстіне жаңадан қосыла береді».

Санамақтар баланы әдемі сөйлеуге дағдыландырса, жаттау қабілеттерін, танымдық ой-өрісін дамытады. Санамақ тәртібін бұзбай айту балаларды аңғарымпаздық қасиетке баулиды. Санамақ балалардан белсенділік пен алғырлықты талап ететін жанр.

Сен кір, сен шық, – дегенде бала санамақты тыңдап қана қоймай, оны қайталайды, сол арқылы сандарды таниды, жаңа бір ұғымдармен танысып, дүниетанымын кеңейтеді, есте сақтау қабілеті мен тілін жаттықтырады. Өйткені санамақ қарапайым сандар мен сөздердің жиынтығы ғана емес, ол – көркем сөзбен кестеленген тәрбиелік, тағылымдық мәні бар шағын поэтикалық шығарма. Санамақтар көп ретте реттік сандармен басталады.

Қазақ әдебиетінде санамақтың сан түрлі формасы бар. Баланы ойнатып отырып та, саусақтарын санатып санамақты үйретуге болады. Мысалы:

Бір – білім ал,	Алты – алғыс ал,
Екі – ерлік көрсет,	Жеті – жеңіс біздікі,
Үш – үлгі тұт,	Сегіз – сенім керек.
Төрт – тәртіп керек,	Тоғыз – тоқу керек,
Бес – бестік баға ал,	Он – оқу керек.

Енді бірде балама сөздерді сәби түсінігіне етене жақын заттарға байланысты алып, бала жадын жаттықтыра түсу мақсатында заттық тиянағы жоқ «құпия» сөздер де қосылады (Мәселен, «он бір – қара жұмбақ»).

Бір дегенің – білеу,	Алты дегенің – асық,
Екі дегенің – егеу,	Жеті дегенің – желке,
Үш дегенің – үскі,	Сегіз дегенің – серке,

Төрт дегенің –төсек,
Бес дегенің –бесік,

Тоғыз дегенің –торқа,
Он дегенің – оймақ,
Он бір қара – жұмбақ.[2,135]

немесе,
Бір дегенім - белін,
Екі дегенім- егін,
Үш дегенім - үкі,
Төрт дегенім - төл,
Бес дегенім - бекіре,

Алты дегенім - адам,
Жеті дегенім - жеміс,
Сегіз дегенім - сең,
Тоғыз дегенім - тоң,
Он дегенім - оң,
Он бір болады одан соң.

Тілі шығып сөйлей бастағаннан, есейген шағына дейін баланың жасына лайықты сан түрлі ойын ойналған жән олардың басым көпшілігі өлең-тақпақтармен бірге жасап, бірін-бірі толықтырып отырған. Алғашқыда балалар үлкендердің көмегімен, кейін біртіндеп ойын тәртібін игере келе сөздерін өздері шығарып айта бастаған. Санамақтың тағы бір түрі математикалық есептерді, яки сандарды есептеудің тиімді тәсілі ретінде қолдануға болатынын да көре аламыз:

Ал санайық, санайық,
Сан сырына қанайық!
Бір саусақты жұмайық,
«Бір саны», - деп ұғайық!
Екі саусақ жұмайық,
«Екі сан» - деп тынайық!
Үшіншісін жұмайық,
«Үш саны» - деп шығайық!
Тағы бірін жұмайық,
Төрт санына ылайық.
Жұдырықты жұмайық,

"Бес болды» - деп ұғайық.
Оң қолдың енді біреуін,
Тағы да ептеп жұмайық,
«Алты сан», - деп ұғайық,
Екіншісін жұмайық,
«Жеті сан» - деп ұғайық!
Үшіншісін жұмайық,
«Сегіз ғой» - деп тынайық!
Тағы бәрін жұмайық,
Тоғыз санға ылайық.
Жұдырықты жұмайық,
«Он болды» - деп ұғайық.

Қазақ балалар әдебиетінде санамақ лирикалық түр ретінде де айтылып жүр. Бұл туралы Л.Қоныстың «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ балалар лирикасы (1991-2005)»-деп аталатын кандидаттық диссертациясының авторефератында «қазақ балалар лирикасын көп жанрлы, көп сипатты кең арнаға балауымыз – әдеби әлем мен педагогикалық тәрбиенің ұштасуы, бала танымына қуатты әсер ете алатын үлкен идеологиялық құрал ретіндегі мән-маңызына байланысты. Осындай күрделі мәселелердің сабақтастығы нәтижесінде бұл сала қоғамдық-тарихи-рухани құбылыс есебінде тарихи-қоғамдық ықпалға орай әр қилы дамып келді. Қазақ балалар лирикасының тарихы әдебиетіміздің кеш дамыса да, кеңге қанат жайған сала екенін әйгілейді»[3, 6]-деген пікірі балалар лирикасының тақырыптық болмысын айқындауға да жол көрсетеді.

Қазақ балалар лирикасы ұзақ жылдар бойы бала психологиясын, бала пайымын мейлінше дәл көрсетіп келді. Баланың танымы мен түсінігін ізгі мақсаттарға аударып, осы желімен тәрбиелеуге ұмтылды. Бұл тұста қаламгерлеріміз кеңестік идеяның бағыт-бағдарына жүгініп, негізгі ұлттық, гендік тамыры болған нысанасынан айырылып қалғандай еді. Ал, еліміз тәуелсіздік алып, әдебиетімізде ғасырға жетеқабыл уақыт жабық жатқан ислами діни түсініктердің бой көтеруі – қазақ мәдени танымына келген үлкен рухани жаңалық деңгейінде қабылданды. Мұндай түсініктің қазақ балалар лирикасына да араласуы құптарлық жәйт.

Қазақ әдебиетінде санамақтың сан түрлі формасы бар. Ал, Е.Өтетілеуовтің санамақты балаларға арналған діни түсінік шеңберінде жеткізуі – өзіндік жаңалық.

Ақын мұсылман баласының бес парызын санамақтың үлгісіне икемдеп, сәтті үлгі таба білген:

«Біріншісі – Алланы
Бар деп, кәміл сенуі.
Жүрекпен құп алғаны,
Күдікті ойды женуі.
Екіншісі – тоқуы,
Көңілге дін діндегін:
Бес уақыт оқуы,

Намазды үзбей, күнбе-күн.
 Үшіншісі – кәмелет.
 Жастан санға кіруі:
 Әр жыл сайын бір мезет
 Пітір-зекет беруі.
 Төртіншісі – бойында,
 Қуат барда, боп риза,
 Рамазан айында
 Бір ай тұту ораза.
 Бесіншісі – құдірет.
 Ғұмырында бір рет.
 Қажылыққа баруы».

Ақын мұнда үлкен парыздарды баланың оңай түсінуіне, үйлесімділікпен жеткізуге назар аударады.

Санамақ – арифметиканың төрт амалын меңгеруді үйрететін әдеби үлгі десек, ақын бұл ретте ислам қағидаларын өте орынды пайдалана білген.

Е.Өтетілеуовтың бұл бағыттағы жырлары мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндеріміз үшін жазылса, Ө.Ақыпбекұлы шығармалары бастауыш мектеп балаларының жас шамасына орай лайықталып, дін қағидаларымен там-тұмдап таныстыра беру, баланың көкейіне көркем сөзбен өрнектеп орнату секілді қағида басты назарға алған. Дініміз – ислам дегенмен де, мұны мінберлерде айтып, әр ауылдан мешіт салғанымызбен де, ертеңгі азаматты қалыптастыруда аса зор маңызы бар балалар әдебиетінде діни тақырыпта бірде-бір дүниенің болмағаны рас-ты.

Санамақтың әр саны әр түрлі қастерлі ұғымды білдіреді десек, кеңес уақытындағы балалар лирикасында адамзат өмірі үшін үлкен фактор санатындағы дін саласы ауызға алынбайтын. Ермек Өтетілеуовтың «Он сабақ – Санамақ» деп аталатын санамақтар топтамасында: «Бірінші сабақ – Отан», «Екінші сабақ – Достық», «Үшінші сабақ – Ұрпақ», «Төртінші сабақ – Уақыт», Бесінші сабақ – Дін», -дей келе, дін ұғымдарын кішкентай оқырмандарымыздың пайымына лайықтап көрсетеді[3,7].

Еліміз тәуелсіздік алған жылдарда санамақтың тақырыптық, мазмұндық жағы да өзгере бастағанын байқаймыз. Елдің ертеңі, ұлт рухы сияқты ұғымдарды бүлдіршіндердің ұғымына ертерек сіңіруді балалар жанашырлары төл туындыларында ұғындыруды мақсат етеді.

Бір дегенің – бесігінді түзедің, Алты дегенің – ұраның айбының асырған,

Екі дегенің – Егеменді ел дедің. Жеті дегенің – ту ұстадық жасылдан.

Үш дегенің – ана тілім асылым, Сегізінші салт-дәстүрін оралған.

Басқа тілден мәртебесін асырдың. Тоғызыншы атың кетті алысқа,

Төртіншіңіз төреліктен таймаған, Тоқтар бастап қазақ ұшты ғарышқа.

Нұрсұлтанدى хан тағына сайлаған. Он дегенің – орындалып ойдағың

Бес дегенің – берекелі болғаны. Наурызыңды өз мәнінде тойладың.

Санамақтың айтылуы, сөз құрамы, әдемі ұйқасы, құрылысы, жинақтылығы, аз сөзбен көп нәрсені қамтитыны да балаға эстетикалық әсер береді. Ойын жинақты, ықшам айтуға үйретеді. Сөзуар мылжың болудан, пәтуасыздықтан аулақтата береді. Санамақ балалардың ойлау қабілеттілігін арттыра түсумен бірге, олардың көрген-білген нәрселерінің біріне де ой жіберіп, себептерін, өзгешеліктерін айырып, ұқсастықтарын салыстырып, оны сондай бір екінші затқа теңеп отыратындай шеберлікке үйрету үшін қолданылатын халықтың шебер құралы болғанын да байқаймыз:

Бір	үйде	он	баламыз,
Бір-бір		жастан	арамыз.
Бір жастағы – Біржан			
Екідегіміз	–		Елжан,
Үштегіміз — Үсен,			
Төрттегіміз – Төкен,			
Бестегіміз – Бекен,			
Алтыдағымыз – Арқан,			
Жетідегіміз – Жеген,			
Сегіздегіміз	-		Сөкен,
Тоғыздағымыз – Тойтан			
Ондағымыз-			Ойқан
Жастарымызды			қосыңыз,

Қосындысы қанша осының?

Автор бала психологиясын жақсы біледі. Санамақта бала тәрбиесіне қажетті сәттерді тап басып, тапқырлықпен суреттеген.

Санамақтардың түпкі негізі осылай халықтық педагогикамен байланысып жатады. Санамақтардың да өзіндік туу заңдылықтары бар. Олар бала өмірінің қажетін өтеу үшін туады да, баланың әр кездегі жас мөлшеріне, психологиясына лайықталып айтылады. Жоғарыда алынған үзінділердегі санамақ бала санасына сіңіп, оның ұғымын, түсінігін де кеңейтеді.

Санамақ жыры балаға сан үйретуден басталады. Мұнда сандар жеке айтылмай, кейде атауы ұқсас екінші бір затпен қосақталып, («Бір дегенім – білеу, Екі дегенім - егеу» деген сияқы), кейде сан тәуелдік және атау түрінде өзара тіркесіп «Бірім-білім, екім-екі, үшім-үш» түрінде қайталанды.

Мұның бәрі жас баланың санды тез жаттап алуына қолайлы болуын көздейді. Бала ұғымын, түсінігін кеңейтуде, оның тілін, ойын дамытуда, оларды үлгілі істерге тәрбиелеуде санамақтар да маңызды рөл атқарады. Санамақтар құпиясы баланы әрқашан қызықтырып, ілгері жетейді. Сол негізде санауға үйретеді. Мұндай санамақтар бала ойын ұштайды.

Әдебиет сыншысы Р.Бердібай «Әдебиет сынының көкжиегі» атты еңбегінде балалар фольклорының қызметі мен орны туралы ерекше пікір айтады: Осыдан жиырма шақты жыл бұрын ауыз әдебиетінің материалдары оқулықтардан елеулі орын алушы еді. Олардың жас оқушыға әсері күшті болатын. Халық даналығынан туған шығармалар- оқушының тіл ұстартуына, ана тілін сүйіп өсуіне, тілдің неше алуан өзгешеліктерін үйренуге мың да бір дауа. Сөздің тіке, астарлы, әр түрлі мағыналарын білуге, айтайын дегенінді жамыратпай, қысқа, нақ айтуға үйрететін нағыз таза тіл фольклорда. Ендеше, тіл меруертінің мөлдір бұлағы болған фольклор мұраларын үздіксіз насихаттап, барынша кең пайдалану қажет. Балаларға эстетикалық адамгершілік, ақыл-тәрбиесін беруде әдебиеттің қызметі өзгеше. Міне, осы мақсатқа сай келетін нұсқаны ескі әдебиеттен де, қазіргі жазушылардың шығармаларынан да іріктеп ала білу міндеті тұр[4,55].

Бір дегенім - бірқазан,

Екі дегенім - ементұмсық,

Үш дегенім - үйрек,

Төрт дегенім - торғай.

Бес дегенім - безгелдек,

Алты дегенім - алабұлдырық,

Жеті дегенім - жек (дуадақ),

Сегіз дегенім - сұңқар.

Тоғыз дегенім - тоқылдақ,

Он дегенім - оқпақ.

Осы тақпақ өлең екі бірдей қызмет атқарып тұр. Мұны жаттаған бала біріншіден, сан үйренсе, екіншіден, бірталай заттың атын біліп шығады. Міне, осы секілді тәсілмен қазіргі өмір шындығынан неше алуан тақпақ өлеңдер жасауға болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

- 1.Күмісбаев Ө. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы, Жазушы 1998 ж. 294-295бб.
2. Ақ сандық, көк сандық. Алматы, Жазушы 1998ж. 255б.
- 3.Қоныс Л. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ балалар лирикасы (1991-2005). Фил.ғ. кан. дисс. авторефераты А. 2010ж. 36 б. 17-18б.
- 4.Бердібай Р. Әдебиет сынының көкжиегі. Түркістан, Тұран. 2006. 530 б.

ҚАЗАҚСТАН КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІНДЕГІ НАТЮРМОРТ ЖАНРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ҚӨРКЕМДІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Крыкбаева С.М. Өнертану ғылымдарының кандидаты,
Мәдениет саласының үздігі,
Еуразиялық дизайнерлер Одағының мүшесі,

**«Кәсіптік білім» кафедрасының
аға оқытушысы, Қазмемқызпу. Алматы қ.**

Резюме

В данной статье рассматривается эффективность обучения молодого поколения изучая работы казахстанских художников согласно требованиям современного времени, а также некоторые важные проблемы преподавания изобразительного искусства в школе и о его роли в развитии познавательной деятельности учащихся.

Изобразительное искусство формирует эстетический вкус, художественные произведения развивают художественные взгляды, творческие способности молодого поколения. Преподаватель ответственен за всестороннее развитие и знания молодежи.

Summary

In article learning efficiency of young generation is considered studying works of the Kazakhstan artists according to requirements of modern time, some important problems of teaching of graphic art are examined at school and about his role in development of cognitive activity of pupils.

The fine arts form esthetic taste, works of art develop art views, creative abilities of young generation. The teacher is responsible for a full development and knowledge of youth.

Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарында болуға тиіс. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз салауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай салауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біз азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды [1].

Осыған орай, тәуелсіз мемлекетімізде еңбекқор, білімді, парасатты жастарды тәрбиелеу қажеттілігі туады. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деп, ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз айтқандай, жастарға халықтың өнері арқылы тәрбие беруде, ұлттық тәрбиені үндестіре білсек, ұлттық санасы, ізгілік қасиеттері қалыптасқан, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Жастарды жан-жақты тәрбиелі азамат етіп өсіруде халықтың көркем өнер туындыларының тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық ықпалы зор.

Бүгінгі таңда кең өріс ала бастаған білім беруді ізгілендіру бағыты, ең алдымен, мәдениеттегі, рухани мұрадағы, тарихымыздағы жалпы адамзаттық құндылықты бағалауға баса назар аударуды қажет етеді. Бұл тұрғыда әсіресе, ұлттық таным мен әлемдік биік талғамның бірлігі айқын танылатын бейнелеу өнерінің эстетикалық тәрбие берудегі мәселесі өзінің өзектілігімен және өткірлігімен ерекшеленеді. Заман талабына сай жоғары оқу орындарында тәрбиеленіп жатқан жас ұрпақты ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт-дәстүрлерін, еңбекке деген шеберлігі мен икемділігін, өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру – ұлт мектептерінің басты міндеті.

Бейнелеу өнері пейзаж, натюрморт, тұрмыстық, соғыс жанры т.б. болып бірнеше түрге бөлінеді. Солардың ішінде натюрморт (негізінен қондырғылы кескіндеменің) бейнелеу өнерінің бір саласы ретінде өзіндік орны бар.

Натюрморт француз тілінен аударғанда (nature morte) “өлі табиғат” деген мағынаны білдіреді. Натюрмортта бір құрылымға топтастырылған жансыз заттар (гүл, жеміс, ет, балық, күнделікті тұтынатын заттар, т.б.) кейде тірі организмдер де (аң, құс, құрт-құмырсқа, адам еңбегі және шығармашылық қызыметінің атрибуттары) бейнеленеді. Натюрморт – сюжеті жағынан таусылмайтын жан-жақты және таңғажайып тақырып. Тұрмыстың кез келген заты: гүл шоғы, теңіз жағалауында табылған бақалшақ, кітап, піскен алма тағы да басқа көптеген заттар суретші ғана емес, сонымен қатар көрермендердің бірнеше ұрпағын да толғандыратын өнер шығармасының объектісі бола алады. Негізінде бұл жанр шынайы реализм немесе біртума кубизм, кенеп немесе папирус беті, темпера немесе пастель болсын қай стильде салынса да тамаша. Жаңа техникалардың дамуына байланысты натюрморттың өмірді бейнелеу тәсілдерінің дамуы да мүмкін.

Графика Қазақстанда кеңінен тараған бейнелеу өнерінің алғашқы түрі болды. Ал бейнелеу өнерінің

жеке түрі ретінде ол елімізде ХХ ғасырдың басында пайда болып дами бастады. 1930 жылдардың басында пайда болған кескіндеме мектебінің ізденістерінің бағыты мен сипатын көпке дейін анықтап берген кескіндемешілер жұмысы қалыптасты. Ол кездегі график-кескіндемешілердің жұмысы кездейсоқ сипатта болып, олар газет бетіндегі мақалаларға иллюстрациялар мен этюдтермен бірге кескіндемелік жұмыстарға қосымша материал қызыметін атқарған нобайлармен шектеліп отырды. Сол жылдардағы суретшілердің көптеген графикалық жұмыстары бір-бірінен текерекше көркемдік сипатымен ғана ерекшеленбей, олар жиірек сол кездегі бейнеленетін құжат ретінде тарихи қызығушылықты ұсынады[2].

Кескіндеме өнерінің көптеген жанларында белсенді еңбек еткен, қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш суретші Айша Ғалымбаева болды. Суретші өз шығармашылығында тұрмыс заттарын, ыдыс-аяқ, гүлдерді бейнелеуге селсоқ қарамайды, суретшінің өзін қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігі әдемі де сұлу натюрморттарынан көрінеді. Суретші бұл жанрдан да шабыт көзін тапқан. Оның натюрморттары табиғаттың сұлу көркін аша отырып, суреткердің де ой, сезімдерін паш етеді. Шартты түрде натюрморт жанрына жатқызуға болатын “Шеберхана бұрышы” шығармасында бүгінгі адамның күрделі рухани ішкі жан дүниесі көрсетіледі. Бұл композицияға өзге де өнер туындылары (әйелдің мүсіндік портреті), шеберхана қабырғасына ілінген рамадағы пейзаж көрінісіндегі табиғат суреттері енгізілген. Кенепке салынған суреттегі әрбір нәрсенің адам, суретші өмірінен алатын рөліне қарай өзіндік символдық мәні бар.

“Дастархан”(1959), “Ақ құмыра” (1968), “Қарагөз” (1974) натюрморттары да маңызды сипатқа ие. Заттардың “жанын”, “сұлулығын” түсінетін дарынды қылқалам шеберінің натюрморттарынан біз айшықты формада берілген қарапайым, әсерлі сезім саздарын аңғарамыз. Алма, анар, жүзім салынған “Қызыл апорт” (1966), “Айва” деп аталатын бірнеше туындыларынан да суретшінің өмірге, табиғат пен адам еңбегінің жемістеріне деген махаббат сезіледі. Мәңгі жаңғырып, жасарып отыратын табиғат тақырыбы қатты толғандыратын. А.Ғалымбаеваның натюрморт жанрында жазған жұмыстары шын мәнінде сәнді, әдемі, айшықты дүниелер. Мысалға “Көне керамика” туындысын алайық. Бұл жерде қызыл қоңыр түсті оюлы текемет пен көгілдір сәнді матаның фонында шығыс үлгісінде жасалған бірнеше қыш ыдыс тұр. Олардың түрі, түсі, ою-өрнектері ерекше мұқият салынған. Бұл жерде суретшінің халық өнеріне ұлттық мәдениет пен тарихқа қанық адам екені анық көрінеді. Шебердің қолтаңбасы тым нәзік, бояу түстерінің үйлесімі күмістей сыңғырлайды. Ал оған жақын қойылған шар кесенің ішіндегі қып-қызыл анарлар көзге шоқтай басылады. Мұндай жақындықтан тұрмыста қолданылған ежелгі көне заттар қайта жасап, жаңғырып шыға келгендей, халық өнерінің сұлулығы мен қасиетіне қайран қалып, тамашалаған сәтте археологиялық заттардан тұратын бұл композицияның этнографиялық сипаты мүлде жоғалып кетеді. Онда шын мәнінде көркем туындының кемірек емес деген терең ой жатыр. Мәселен “Қазақтың ұлттық бас киімдері” атты туынды суретшінің қылқаламының арқасында толыққанды образдарға, біздің бүгінгі тіршілігіміздің қажетті, құрамдас бөлігіне айналады. Бұл туындысы арқылы суретші ата-бабаларымыздан мирас болып қалған ұлттық бұйымдарымыз арқылы келер ұрпақты өзінің салт-дәстүрін сүйетін, саналы ұрпақ болып өсулеріне азда болса өзінің үлесін қосты деп айтала аламыз.

«Көктем және күз» деп аталатын натюрмортты да ерекше. Терезеден көктем, құлпырған өмір көрінеді. Кенепті түгелдей гүл ашқан алма ағашы алып жатыр. Көктемгі бақ көгілдір ауа күн шуағына малынып тұр. Ал терезе алдындағы табақта үлкен қызыл алмалар жатыр. Оның қызыл түсі бақтың көгілдір реңімен әдемі үйлесім тапқан. Бұл натюрмортты көргенде көктемгі табиғатты тамашалап, жер рызығының дәмін татқандай боласың.

Қазақстанның сұлу табиғатын шабыттана суреттеген қылқалам шеберінің бірі – Үкі Әжиев еді. Талантты суретшінің қазақтың бірінші акварелист-суретшісі деп атайды. Шебердің өзі ұстазы әрі замандас досы Әбілхан Қастеевтің ізін басушымын деп қана дабырайтпай айтады өзін. Әлемді эпикалық, баяндау етіп қабылдайтын Ә.Қастеевтен Ү.Әжиевтің ерекшелігі - әрбір заттың талабына сай, ештеме қоспай және қайта жазбай, дәлме-дәл қайталаудан қашқақтап, бірден жазу.

«Шаммен натюрморт» туындысында акварель техникасын шеберлікпен пайдалана білген. Жан-жағына сәулесін төгіп тұрған шам, ваза салынған әдемі сары гүлдер, оның жанында ыдыстағы қызыл алмалар мен лимон бірін-бірін толықтырып тұрады. Қай затты алып қарасаң ад өмірдегідей анық. Суретші қолданған түстер өзінің жылылығымен адамды өзіне бірден баурап алады.

Гүлфайруз Исмаилова Қазақстан бейнелеу өнеріне өзіндік қолтаңбасымен із қалдырып кеткен дарынды суретшілердің бірі. Қылқалам шебері пейзаж бен портрет жанрына қоса натюрморт жанрына да қалам тартты. Оның натюрморт жанрында жазған туындыларының бірі 1967 жылғы “Бас киімдер” (Халық шеберлері триптихінің бір бөлігі) атты туындысы. Бұл жұмыста суретші қазақ халқының ұлттық бұйымдарын насихаттайды. Ата-бабаларымыздан қалған құнды дүниелеріміздің сұлулығын, көркемдігін

әлемге паш ете білді.

“Бас киімдер” атты натюрмортында суретші бірінші көріністе үш бірдей қазақ қыздарының ұлттық бас киімдерін бейнелеген. Туындыны тамашалап қарағанда көзімізге бірден ортада тұрған қыз баланы ұзатқанда киетін сәукеле түседі. Қанық қызыл түсте бейнеленген сәукеле өзінің әсем әшекейлерімен, ұлттық оюларымен ерекшеленіп тұрады.

Бас киімдерді олардың жанында тұрған зергерлік бұйымдардың толықтырып тұруы туындының халқымыздың ұлттық құндылықтарға толы екендігін тағы бір мәрте паш ете түседі.

Бойжеткен қыз балалардың ата-бабаларымыз үлде мен бүлдеге орап, оларға ерекше ілтипатпен қарағандары белгілі. Олардың қолға тағатын білезіктері, мойынға тағатын тұмаршалары, қыпша белдеріне тағатын әсем белдіктері ұлттық ою-өрнектерге толы. Талантты да танымал қылқалам шебері Г.Исмайлованың осындай баға жетпес көркем туындыларын қараған кезде қазақ халқының тұтастай бір ғұмырын көз алдымызға елестетіп өткендей боламыз. Сабақ барысында суретшінің натюрморт жанрында жазылған кез-келген шығармаларына талдау жасай отырып студенттердің ұлттық құндылықтарымызды жас ұрпақтың бойына сіңіре аламыз.

Қазақстан Республикасы суретшілер одағының мүшесі, бірнеше хылықаралық және Республикалық көрмелерге қатысқан дарынды қылқалам шеберінің бірі Е.А.Бейсенбина өзінің натюрморт жанрын шеберлікпен сала білген[3]. Суретшінің натюрморт жанрында жазылған қай туындысын алып қарасаң да жансыз заттардың өзін тамаша көрсетеді. Мысалы 2002 жылы жазылған “Көк күз” атты көркем туындысы көкөністерден (пияз, сарымсақ, қызылша, көкшаңбыр т.б.) құралған. Туынды аты айтып тұрғанай толығымен суық көк түске бағындырылған.

“Жүзім мен алмалар” (2005) атты туындысы толығымен жеміс-жидектерден құралады. Күз мезгілінің берекелі де мерекелі шағын тап басып көрсете білген. Дастархан толы жомарт даланың берген тағамдарымен толып тұр. Көздің жауын алатын мөлдіреп пісіп тұрған жүзімдер, әр жерде шалылып жатқан алқызыл алмалар, жасыл жапырақтар мен ұшып жүрген көбелек те соншалықты шынайы суреттелген. Сан алуан түстерге бай натюрморт өзінің шынайылығымен, әдемі орналасуымен ерекшеленіп тұр. Сары, қызыл, ақшыл сары, жасыл сияқты бірнеше түстер өзара үйлесім тауып, ортақ бір жылы түске бағынып тұр. Е.А.Бейсенбинаның “Жүзім мен алмалар” туындысынан суретшінің өзіне тән нәзіктігін байқауға болады.

Натюрморт жанрында жазылған қандай туындыны алып қарасаң да өмірдің шындығын, суретшілердің шынайылығын аңғаруға болады. Жоғарыда аталған талантты суретші Е.А.Бейсенбинаның туындылары арқылы қазақ халқының кең пейілді жомарттығын көрсете отырып, жас жеткіншектердің бейнелеу өнеріне деген сүйіспеншіліктері мен талғамдарын қалыптастыруға болады.

Сыртқы дүниені жаңа ақпараттық өркениет жайлап, зор ақпараттық үрдісті бастан кешіріп жатқан қазіргі заманда таным және өзін-өзі илану құралы ретінде, әлем жайлы тұтас ұғымға ие болу, ондағы адамның өз орнын табу тәсілі ретінде, біз өнерге қайта-қайта бет бұрамыз. Шығармашыл, белсенді, рухани бай, эстетикалық тұрғыдан дамыған тұлға қалыптастыруда бейнелеу өнерінің атқаратын қызметі шексіз.

Ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жас жеткіншектерге жан-жақты эстетикалық тәрбие беру сұлулыққа, тазалыққа үйрету адамзат қоғамында бұрын соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі менгеруге жалпы әлемдік рухани құнды иеліктерді бағалай білуге тәрбиелеу жақтары қарастырылған.[4].

Еліміздің әлеуметтік-мәдениеті, халықтың эстетикалық талғамы өскен сайын, қоғам дамуының барлық саласындағы болып жатқан өзгерістерге сай білім беру деңгейі де өзгеріп, әлеуметтік мағынасы жоғары жаңа талаптар жүктеледі.

Рухани мәдениетті байытуға, оның ішінде, көркемөнер мәдениетін дамытуға, бейнелеу шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға негіз болатын, өз бойында өткеннің эстетикалық тәжірибесін сақтаған, оның басты және мәнді белгілерін сіңірген бейнелеу өнері болып табылады.[5]. Бейнелеу өнерін оқыта отырып жастардың шығармашылық қабілетін дамытып, көркемдік талғамын қалыптастыру қай кезде болмасын өзінің өзектілігін жоймайды.

Қазіргі кезде әр халықтың мақсаты өздері өмір сүретін ортаның рухани, мәдени интеллектуалына және әлеуметтік дәрежесіне, білімділік деңгейіне лайық қоғам құру екені мәлім. Сондықтан барынша еліміздің жастарға жаңа заман талабына сай толық та сапалы білім беру өрелі өскелең жастарды тәрбиелеу өнерді насихаттаудан басталатынына күмән келтірмейді. Ал оқытушының жеке тұлғаның келешектегі білімінің сәтті болып, жан-жақты дамуына жауапты екені мәлім.

Қорыта айтар болсақ, бейнелеу өнері арқылы әсемдік талғамын қалыптастыру, көркем туындыларымызға суреткердің көзімен қарай білушілікті дамыту бүгінгі жас ұрпақ бойына көркемдік

талғам мен шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың іргетасы болып табылады.

Эстетикалық тәрбиенің міндеті - жас ұрпақты өмірдің барлық салаларындағы: адамның өмірі мен тұрмысындағы, еңбектегі, көркем өнердегі және табиғаттағы сұлулық пен әсемдікті көре білетін, ұға білетін, бақылай алатын және өзі де жасай алатын азамат етіп тәрбиелеу. Ол үшін жас жеткіншектер сауатты, терен білімді болуы керек.

Әдебиетті, музыканы, сәулет өнерін, кескіндеме, кино мен театрды түсініп, олардан жанға рухани азық, ләззат ала білу үшін де сезім түйсігі үшқыр, ақыл-ойы алғыр, білімді адам болуы тиіс.

Бұл тұрғыда егеменді елдің болашағы оның ұлттық болмыс-бітімін қалыптастырумен байланысты. Тылсым табиғаттың күшін іштей сезіне де қабылдай алмайтын, тарихын, мәдениетін, діні мен тілін сыйлай алмайтын адам - ешқашан да қоғамды дамытуға, мәдениетімізді өркендетуге толық үлес қоса алмайды.

Сондықтан да жаңа шыққан заң жобаларында мектеп тәрбиесіне арналған арнайы сағат жүктемелерде эстетикалық тәлім-тәрбиеге үлкен мән берілген. Ол өнермен тығыз байланысты. Бейнелеу өнері оқушылардың сана-сезіміне көркем құндылыққа, шығармашылықты бейнелеу өнеріне қызығушылықты, әсемдікті таныта білуді өз алдына мақсат етіп қояды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1. Мұқашев М., Сейтімов А., Н.Хамзин. «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» «Фолиант» баспасы; Астана – 2008
2. Гончаров И.Ф. Эстетическое воспитание школьников средствами искусства и действительности М., 1986.
3. Рыбакова И. Қазақстанның бейнелеу өнері Совет өкіметі жылдарында. Алматы, 1963 ж.
4. Очерки истории изобразительного искусства Казахстана. /Отв.ред.Г.А.Сарыкулова/. Алма-Аты, «Наука», 1977.
5. Қазақстан бейнелеу өнері XX ғасыр. – Алматы, 2001.

БАСТАУЫШ БІЛІМ МАЗМҰНЫН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ

Куралбаева А.А. - PhD докторант

Резюме

Актуальность выбранной темы данной статьи связана с уделением в последнее время особого внимания интегрированному обучению в начальных классах. Именно на начальной ступени обучения интеграция предметов в единое целое наиболее эффективна, так как младший школьник целостно воспринимает окружающий мир, и для него не должно быть границ между предметами.

Summary

Actuality of the chosen subject of this article is connected with paying of special attention to the integrated training in initial classes recently. At an initial step of training integration of subjects it is the most effective as the younger school student completely perceives world around, and for it there shouldn't be borders between subjects.

Қазіргі еліміздегі білім беруді жетілдіру кезеңінде педагогика ғылымындағы интеграциялық байланыстарды одан әрі жақсарту - ғылымдардың интеграциялану тенденциясы жағдайында мектептер жүйесінің білім мазмұнын айқындаудың басты шарты болып саналады. Келешек ұрпаққа білім берудегі күрделі мәселелердің бірі – біртұтас педагогикалық үдеріс кезіндегі сабақтарда пәнаралық, интеграциялық байланысты жүзеге асыру. Сондықтан жалпы білім беретін мектептің пән мұғалімдерінің пәнаралық білімдер мен іскерліктерді игеруі және пәнаралық интеграцияны білім мазмұнында айқындау оқу үдерісін интеграциялау негізінде ұйымдастырудың басты міндеттерінің қатарына жатады.

Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында жасалған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына

кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына жолдауының «Осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлаудың ұдайы артуы және Қазақстан халқы мәдениетінің одан әрі өркендеуі» делінген төртінші басымдықтың бірінші бөлімінде білім беру реформасы - Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі екендігі және бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет екендігі көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке кірігуіне қатысты білім беру сапасына қойылып отырған заман талабы – шығармашылықпен жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеп қалыптастыру. Қазіргі білім беру жүйесіне еніп отырған жеке тұлғалық, іс-әрекеттілік, құзыреттілік тұрғылар жалпы білім беруді ұйымдастырудағы жаңаша көзқарас ретінде қарастырылуда [2].

Пәндер арасындағы кедергілерді жою үшін білімді басты объектілердің немесе тақырыптардың айналасына біріктіру қажет. Бұл үрдіс кез келген пәнді әр қырынан қарастыруға, оның барлық өзара байланысын ашуға мүмкіндіктер береді. Талдау, синтез, салыстыру, біріктіру сияқты күрделі ойлау іс-ірекеттері арқылы жүзеге асырылатын пәндер интеграциясы білім мазмұнын кең қамтуға, уақытты үнемдеуге, міндетті пәндер санын азайтуға да мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушысында қоршаған дүниені тұтастықта қабылдау мәселесі бастауыш білім берудің өзіндік ерекшелігіне қайшы келмейді. Әрине, бастауыш сыныптарда оқушылардың танымдық іс-әрекетті талдау қабілеттері бастапқы деңгейде болады, олар әзірше күрделі құбылыстарға тереңдеп ене қоймайды. Дүниедегі барлық заттар мен құбылыстар туралы түсініктердің оқушыларда интегралды болып келуі дәл осы бастапқы буынға сәйкес келеді.

Қазіргі дамыған елдердегі бастауыш білім мазмұнының ерекшелігі қоршаған дүние мен қоғамның дамуы туралы білімдердің интеграцияланған түрде болып келуінде. Бұл тәсіл көптеген елдерде мектепке дейінгі тәрбиеге, бастауыш мектеп және кіші орта мектепке, сол сияқты орта мектепте интеграцияланған курс (жаратылыстану, қоғамтану, Отантану және т.б.) түрінде енгізілген. Бұл елдердің бастауыш мектептерінде интеграциялау өлі және тірі табиғат, техника, адам, т.б. білімдерді біріктіреді.

Интеграция дегеніміз – пәндердің өзара байланысын жоғары деңгейде нақтылы түрде іске асыру. Сондықтан да интеграция мен пәндердің өзара байланысы ұғымдарын мәндес ұғым ретінде түсінуге болмайды. Интеграция тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әр түрлі ғылымдарды біріктіреді [3].

Интеграциялық оқыту дегеніміз – жаңа педагогикалық ізденісті, жаңа бағытты қолдана отырып оқыту. Өйткені орта мектепте пәндерді біріктіріп оқытудың жаңа тәсілдері, осы заманға лайықты озық тәжірибелері қолданылуда. Осындай тәжірибелердің бірі – білім мазмұнын жасауда бірнеше пәндердің бір пәнге бірігуі. Бұл өзіндік көзқарасы бар, өз бетінше әртүрлі мәселелерді шешуге қабілетті, алған білімі мен біліктілігін жүйелей алатын жеке тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік ашады. Оқушының бойында әлем, қоршаған орта жөнінде тұтас бейнені қалыптастыру оқыту мақсаты ретінде қарастырылады. Интеграция оқушының оқудағы алғашқы қадамынан бастап әлемді тұтас деп тану, ондағы барлық нәрсе бір-бірімен тығыз байланысты деген көзқарас қалыптастыру мақсатын көздейді.

Пәнаралық интеграция тәсілдерінің мынадай түрлерін атап өтуге болады:

бір пәннің материалын екінші пәнмен байланыстырып, мазмұны жағынан ұқсас тақырыптарды біріктіру;

бір пән бойынша тақырыпты түсіндіру үшін басқа пәннен алынған білім арқылы толықтыру;

бір пәннің материалын екінші бір пәнге практикалық жаттығу ретінде пайдалану.

Пәнаралық интеграция жеке пәндерден алған білімдерін байланыстырып, бір жүйеге келтіруге, білімді бір бағытқа шоғырландырып, білім мазмұнын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Интеграция пәндік білімдердің тоғысуынан жаңа түсінік қалыптастырудың құралы ретінде қарастырылады. Кіріктірілген сабақтар оқушының шығармашылық белсенділігін арттыруды міндеттейді. Бұл сабақтарда барлық пәндерінің мазмұнынан, ғылымның барлық саласынан, мәдениет, өнер, жалпы қоршаған өмір жайлы ақпараттар беріледі. Кіріктірілген сабақтар басқа жеке пәндерден алған білімдерді байланыстырады. Соған сәйкес кіріктірілген сабақтарды ұйымдастырудың бірнеше себебі бар:

- қоршаған өмірді балалар тұтас қабылдайды, ал мектепте көбінесе әлем жайлы тұтастықты жеке пәндер арқылы оқып-танысады;

- кіріктірілген сабақтар оқушының өзіндік әлеуетін дамытады, әлемдегі өзгерістер мен құбылыстардың себеп-салдарын түсінуге, ақыл-ойы мен ойлау, сөйлеу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Пәндер интеграциясының аса маңызды міндеті - ғылымдардың бір-біріне бөлшектенбей ғылыми білімнің бір жүйеге топтасуын, басқаша айтқанда, интеграциялану тенденциясын жоғары дәрежеге көтеру

болып табылады. Соңғы кезде пәндер интеграциясы ұғымы ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде жаңа мәнімен енгізіле бастады және оны білімдердің, танымдардың, сенімдердің адамның психологиялық ойлауының жиынтығы деп түсінуіміз керек. Пәндер интеграциясы ұғымы «табиғат-қоғам-адам ойы» жүйесінде білім негізін пәнішілік қатынастарды және ғылымдардың интеграциялануын реттеуші қызметін жүзеге асырады. Пәндер интеграциясы білім және тәрбие міндеттерін шешуде ерекше роль атқарады. Мектептегі білімдер жүйесі өздерінің мазмұны жағынан кешенді болып келеді. Олардың мәні және меңгерілуі пәнаралық деңгейде жүзеге асуы тиіс. Мәселеге тек осылай келгенде ғана шәкірттерде ақиқат дүние біртұтас жүйе екен деген түсінік қалыптасады. Бұл жүйеде барлық элементтердің біріне-бірі ықпал жасайтындығын, үрдістер өздерінен өздері туындап жататындығын мұғалім білуі керек.

«Интеграция» термині әдебиеттерде XIX ғ. бастап кездеседі және қайта құру, толықтыру ретінде түсіндіріледі. Мұндай түсіндіру адам білімінің әртүрлі салаларында кеңінен қолданылуды қарастырады. Бұл ұғымның педагогикада пайда болуы және оның дамуы білім кеңістігінде жүріп жатқан объективті процестермен байланысты.

Қазіргі уақытта интеграция шешуші мәнге ие болып, білім беру жүйесі дамуының, білім мазмұнын байытудың басым бағытына айналды. Біріншіден, бұл бағытта жүріп жатқан өзгерістер ғылыми талдаудағы жаңа пәндерінің пайда болуы ғылымның жүйелі түрде дамуының сәтті жалғасы болып табылады. Пайда болған құбылыстар әртүрлі ғылымдар үшін зерттеудің жалпы пәндерін анықтай отырып, шын мәнінде ықпалдастық сипатында болады. Екіншіден, педагогика ғылымының дамуындағы іріктеу процестері педагогикалық шынайы болмыстың жаңа феномендерін табу және зерттеу, олардың қасиеттерін белгілеу және зерттеудің ғылыми объектіне сәйкес келетін өзіне тән ерекшеліктері бар теориялық принциптер мен әдіснамалық құралдарды анықтау бойынша күш-жігердің көрінісі болып табылады [3].

Пәндер интеграциясының қазіргі дидактиканың басты идеяларының бірі екендігі баршаға мәлім. Мектеп және мұғалім үшін бұл ең көкейтесті мәселе қатарына жатқызылып отыр. Себебі пәндер интеграциясы білімдердің синтезінің мәнін ашу үшін ең қажетті шарт болып саналады. Соған сәйкес бастауыш мектепте оқушылардағы алғашқы жеке тұлғалық қасиеттерді жан-жақты дамыту және пәндердің бір-бірімен интеграциясын айқындау бастауыш мектептегі білім мазмұнын жақсартудың басты міндеті деп түсінеміз. Сондықтан мектептегі күнделікті сабақтардағы пәндер интеграциясы оқыту процесінің өзегі деп есептеледі.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1. Назарбаев Н.А. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2012.
2. Аганина Қ.Ж. Қазақстанда білім беру процесін жетілдіру мәселесіне. // БІЛІМ әлемінде. В мире образования, In the world of EDUCATION №5, 2010ж. 3-5 беттер.
3. Демеев А.Қ. Педагогикалық оқу орындарындағы болашақ мұғалімдерді тұлғалық-кәсіби дамыту процесінде рухани және дене тәрбиесін интеграциялау // Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Шымкент, 2010
4. Бейсенбаева А., Сейдіғазым Н. «Интеграциялық оқытуды жүзеге асыру». - Алматы, Қазақстан мектебі журналы, №5 2002. -55-56 бб

ОТБАСЫНДА БАЛА ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ағыбай Қ.Е., Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Резюме

В данной работе рассматриваются научные основы одного из главных вопросов современного общества, формирования личности всемье. А также о возможности использования в современном воспитание подходы известных ученых,о видах взаимоотношений родителей и ребенка истиле управления семей и психологическом образование в развитие личности.

Resume

In the given work scientific bases of one of main points of a modern society, formation of the person in a family are considered. And also about use possibility in modern education approaches of known scientists, about kinds of mutual relations of parents and the child and management style of families and psychological formation in development of the person.

Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі – дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі – дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру.

Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді.

Жеке меншікке негізделген қоғамда ұжымдық сана күрделі өзгерістерге түсіп, әлеуметтік жағдайда жұмыссыздық етек алып, көпшілік санасында жеке бастың пайдасын ойлау орын алды. Қоғамдағы осындай өзгерістер отбасы тәрбиесінде балаларды білімді, ізгілікті, жан-жақты жетілген, өз өмірінің құндылығын жете түсінетін етіп тәрбиелеуді қажет етеді. Осыған орай отбасында балалардың мүмкіндіктерін барынша дамытып, оны өмірде қолдана білуге, еңбек етуге, еңбектің қандай түрін болса да, атқаруға психологиялық тұрғыдан даяр болуға, шығармашылық әрекетке даярлыққа, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп отыруға тәрбиелеу қажет. Жеке бас пайдасы пен ұжымдық пайданың үйлесімділігін табуға, іскерлікке, ізгілікке, өздігінен ізденуге, өзін-өзі жетілдіруге тәрбиелеудің мәні зор.

«Баланың құқығы жөніндегі конвенцияда» отбасында баланың құқығын қорғау, оған қамқорлық жасау көрсетілген. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Толық мәнді отбасы болу үшін ата-ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке-бірлікті, түсіністікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқығы қорғалуы тиіс.

Тек осындай ізгілікті мұраттар отбасында орын алғанда ғана, отаның, елін-жерін сүйетін, өз ұлтының салт-дәстүрін, сонымен бірге жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарды бойына сіңіріп, өзінің кісілік келбетін сақтай алатын тұлға тәрбиелеуге болады. Бала отбасынан жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтан да халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп текке айтпаған.

Ғасырлар бойы қазақ отбасында сақталған тәлімдік дәстүрлер мол. Сол дәстүрлер сабақтастығы бүгінгі бала тәрбиесінде жалғасын табуда. Отбасында халықтың рухани-интеллектуалды мұраларын, мәдени құндылықтарын жандандырып, рухани ұлттық сипаттағы мінезді қалыптастыруды көздеу өмірдің талабынан туындап отыр.

Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі – отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттілігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінетін болады. Отбасы тәрбиесі кешенді педагогикалық мақсаттылық арқылы іске асады.

А.С.Макаренко «Ата-анаға арналған кітабында»: «... Бала тәрбиесінде сіздің іс-қимылыңыздың өзі шешуші роль атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойлайсыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде, тіпті сіз үйде болмағанда да іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, өзгелермен қалай сөйлесетініңіз, олар туралы не ойлайтыныңыз, сіздің дос-дұшпандармен қалай қарым-қатынас жасайтыныңыз, қалай күлетініңіз, қалай газет оқығаныңыз, осы іс-әрекеттеріңіздің бәрі балаңыз үшін маңызды. Тіпті дауыс екпінінің өзгеруін де бала сезінеді, сіздің барлық ойыңыз баланың көкейіне беймәлім жолмен жетіп жатады, сіз оны байқамайсыз да. Ал, отбасында сіз дәрежелілік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеніз, осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз» - дейді [1].

Өмір тәрбиесі көрсеткендей, екі түрлі отбасына назар аударуға болады. Біріншісі – материалдық игілікті алға қойып, соған жегуді мақсат еткендіктен, рухани құлдырауға соқтыруда. Екіншісі – материалдық игілігі жеткілікті отбасында бала мен ата-ана арасында эмоционалдық, мейірімдік қарым-

қатынастың орнықпағандығы байқалады. Осы жағдайлар отбасында балаларды тәрбиелеуде ескерілуі қажет.

Қазіргі отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Осыған орай, отбасында еңбексүйгіштікке, баланың жасына сай еңбек түрлеріне және қоғамдық – пайдалы еңбекке баулуды іске асыру қажет. Ата-ана және әлеуметтік орта болашақ азаматтың денсаулығын жақтайынан сақтау үшін, оның тәнінің дұрыс түзіліп қалыптасуына, салауатты өмір салтын нығайтуға ерекше мән бергені бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі болып саналады.

Әр отбасы ата тегінен келе жатқан кәсібін, өнерін, таңдаған еңбегін құрметтеп, оны кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге еткен, бірлесіп атқарған пайдалы –қоғамдық еңбек барысында адамгершілік қағидаларды қатаң сақтап, дамытып отырған, ұрпағына ақыл-кеңес беріп, ата кәсібін құрметтеп, қалыптасқан дәстүрді жетілдірген. Туыстық, отбасылық (әлеуметтік) қатынастарды бала кезінен қалыптастырған. Мысалы, ойын ойнау, көркем өнермен шұғылдану, баланы еңбекке қатыстыру арқылы ересек адам мен баланың қарым- қатынасын нығайтуды көздеген.

Үлкенді құрметтеп өнеге тұту, одан үлгі алу, біріккен шығармашылық еңбек етуді, белсенді іс-әрекетке баулуды дәстүрлі мерекелер, фольклорлық кештер, ұлттық өнер, ойын-сайыстары арқылы іске асырған.

Отбасылық қарым-қатынастың негізінде үнемі балаға қамқорлық көрсетіп, ол отбасы мүшесі екенін, оның пікірі мен көмегі үлкендерге қажет деген сенімін қалыптастыру керек. Халық даналығына назар аударсақ, былай дейді: «Егер сен бір жылдық өміріңді ойласаң, онда арпа ек, онжылдық өміріңді ойласаң, онда ағаш ек, ал ғасырлық өміріңді ойласаң, онда бала тәрбиеле» деп түйіндейді.

Тәуелсіз қазақ елі үшін бүгінгі күні ұрпақтың дені сау, жүйкесі таза, саналы болғаны абзал. Демек, болашақ ұрпақтың тәрбиесі, мәдениетті, білімді болуы ең алдымен ата – анадан, отбасы – ошақ қасынан басталмақ. Сол себепті қазақта «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген даналық сөз тегін айтылмаса керек. Адамды адам ететін қоршаған орта және тәлім тәрбие десек мектеп жасы балаларының тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына жанұя, жанұялық қарым – қатынас, жанұяның психологиялық ахуалы, тәрбиелеу стилінің маңызы зор екенін естен шығармаған жөн. Бір ортада өскен, бір әке, бір шешеден туған балалардың өзара бір-бірінен тұлғалық сапаларымен, табиғаты жағынан бір – бірінен ерекшеліктері болып жатады.

Біздің бұл мәселені негізгі фактор ретінде алуымыздың себебі, балалардың жеке адам болып қалыптасуына отбасының алатын орны ерекше. А.С.Макаренко айтып кеткендей, баланың тұлғасының қалыптасуы отбасының өмір сүру тәсілімен тәжірибені қабылдау сипатына тәуелді. Дүниеге келген баланы бірінші көретін адам ата – анасы және отбасы. Оның әлеуметтік ортасы бала дамуына жан-жақты әсер етеді. Әрбір отбасының мүшесі дара болғандықтан бір – бірінің дамуына едәуір ықпал жасайды.

Абай атамыз былай деп жазды: «Жас бала анасынан туғанда екі түрлі

мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады, бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ, үй бала болмайды. Ал біреуі білсем екен дейді. Мұның бәрі жан құмарлығы – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген»[2].

Психологияның атасы атанған Аристотель «Баланы жөргегінен бастап барлық жақсы қасиеттерге баулуға болады және бала 7 жасқа дейін өзінің отбасында тәрбиеленуі керек, ең бастысы кішкене үшін олардың дене мүшелерін дұрыс жетілдіру, дұрыс тамақтандыру, шынықтыру керек» дейді [3].

Тәрбие мақсатқа бағытталған үрдіс ретінде қоғамды қабылданған ережелер мен нормалардың адам мінез-құлқында көрініс табуын қамтамасыз етуі қажет. Сонымен қатар тұлғаның жеке сапалары мен қырларының қалыптасуына септігін тигізуі керек. Тәрбие адамның дамуы мен оның тұлғасының қалыптасуына үлкен әсер етеді, алайда оның әсері адамды қоршап отырған орта мен тұқым қуалаушылыққа тәуелді болады. В.А.Сухомлинскийдің айтуынша «Тәрбие - ол адам әрекеті... адам әрекетінің гармониялығы қажет» [4].

Тәрбие мен отбасы және қоршаған орта сияқты микроортаның өзара әрекеттестігі адам дамуы мен оның тұлға ретінде қалыптасуында үлкен роль атқарады. Мұндай әсерлерді талдау әрбір баланың мінез-құлқы ерекшелігін танып білуге септігін тигізеді. Осыған орай А.С.Макаренконың келесі ойын келтіріп өтуге болады: «Тәрбиешілер мен ата-аналар кішкентай баланы ұжымда өмір сүруге үйретуі керек». «Дұрыс тәрбие –бұл бақытты кәрілілігіміз, бұрыс тәрбие- бұл біздің болашақ бақытсыздығымыз, біздің көз жасымыз, бұл біздің басқа адамдар алдындағы кінәміз, бүкіл мемлекет алдындағы қателігіміз».

Әр бір отбасындағы тәрбие жүйесі объективті түрде қалыптасады. Мұнда басты назар тәрбиенің

мақсатына, оның міндеттерін таңдауға, тәрбиенің әдістері мен тәсілдерін мақсатына сай пайдалануға, балаға нені жасауға және нені жасамауға болмайтындығына басты назар аударылады. Отбасындағы тәрбиенің 4 тәсілі болады және соған орай отбасының қарым-қатынастың 4 түрі бөліп көрсетіледі. Оларды атап өтсек: диктат, қамқорлық, «немқұрайлылық» және әріптестік.

Отбасындағы диктат отбасының кейбір мүшелерінің басқа отбасы мүшелерін жүйелі түрде басып тастаудан көрінеді. Ата-аналар тәрбие мақсаттарын ескере отырып өз балаларына талап қоя алады. алайда бұйрық пен зорлықты әсер етуші фактор ретінде пайдаланып отырған ата-аналар өз балалары тарапынан көрсетілген өтірік айту, дөрекілік, жек көрушілік сияқты жауапқа тап болады. Қарсылық сындырылған жағдайда да көптеген тұлғалық сапалар жойылады. Баланың дербестігі, белсенділігі, өзіне және өз мүмкіндіктеріне деген сенімі жоққа шығарылады. Ата-аналардың авторитарлығы, баланың қызығушылықтары мен көзқрастарын қабылдамау, қандайда бір мәселені шешкендігі оның құқықтарын жүйелі түрде жоққа шығару – осының барлығы да бала тұлғасының қалыптасуына үлкен кедергі келтіреді.

Отбасындағы қамқорлық – қарым-қатынастың мұндай жүйесінде ата-аналар қиыншылықтардың бәрін өздері қабылдап, балаларын қандайда бір күш салудан қорғайды және оларға қанағаттану сезімін сыйлайды. Мұндай жағдайда тұлғаның белсенді қалыптасуы мәселесі сыртта қала береді. Тәрбиелік жердің басты мәселесі баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру және оны қиыншылықтардан қорғап қалу. Ата-аналар балаларының шындықпен кездесу үрдісін жойып жібереді. Осындай отбасынан шыққан балалар ұжымдағы өмірге дайын емес болады. Психологиялық бақылаудың көрсетуі бойынша осы аталған категория жасөспірімдік кезде көптеген қиыншылықтармен кездеседі. Осы аталған балалар ата-аналар тарапынан көрсетілген шамадан тыс қамқорлыққа қарсы келеді. Егер диктат кезінде зорлық, бұйрық, қатаң авторитаризм кең тараса, онда қамқорлықты қиыншылықтардан қорғау көрініс табады. Алайда екеуінің де нәтижесі келесідей болады: балалардың белсенділігі жойылады, қандайда бір мәселенің шешемін қабылдаудан шеттеледі.

Отбасындағы қарым-қатынастың бір түрі ретіндегі әріптестік барысында отбасындағы бірлескен әрекеттестік, жоғары құндылықтар көрініс табады. Осы жағдайда ғана баланың эгоистік жекешелігі жойылады. Қарым-қатынастың әріптестік типі дамыған отбасында ерекше сапа пайда болып, жоғары дамыған топ, яғни ұжым атанады.

Отбасындағы тәрбиенің стилі бала тұлғасының қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Көптеген ғалымдар отбасындағы тәрбиенің үш стилін бөліп көрсетеді: демократиялық; авторитарлы; немқұрайды.

Ата-аналар мен балалар қарым-қатынасы ерекшелігін және олардың тұлғалық дамуын анықтайтын отбасылық тәрбие стильдерінің кең тараған түрлерін сипаттап өтейік.

Демократиялы ата-аналар баласының мінез-құлқында дербестік пен тәртіптіліктің болуын қамтамасыз етеді. Олар балаларына дербес болуға құқық береді, қойылған талаптардың орындалғанын қадағалай отырып, олардың құқығын бұзбауға тырысады. Жылы сезімдерге негізделген бақылау балалардың кері жауабын болдырмайды, олар ата-аналарының ақылын жүзеге асыруға тырысады. Мұндай қарым-қатынас барысында ересектік кикілжіңдер мен қобалжуларсыз-ақ қалыптасады.

Авторитарлы ата-аналар өз балаларынан толығымен бағынуларын талап етеді. Олар балалары өмірдің барлық аймағын қатаң түрде бақылайды. Мұндай отбасындағы балалар тұйық болады және ата-анасымен қарым-қатынасы бұзылады. Аталған отбасындағы балалардың, кейбіреулері конфликтіге барады, ал кейбіреулері осы стильге бейімделе отырып, өз бойындағы өзіне деген сенімсіздікті дамытады.

Егер жоғары талап қоюшылық пен бақылау баланы итермелеуші эмоционалды салқындықпен қатар келсе, онда жағдай мүлдем күрделене түседі. Мұндай жағдайда қарым-қатынас мүлдем жойылады. Ал немқұрайлы және қатал ата-аналар аса күрделі мәселенің сипаты болып табылады. Мұндай отбасында өскен балалар басқа адамдарға сенімсіздігімен, қарым-қатынасқа түсуде қиыншылық танытатындығымен, өте қаталдығымен ерекшеленеді.

Әр бір тұлғаның қайталанбастығы тәрбие процесін тұлғаның дербес ерекшеліктерін ескере отырып құруды көздейді. Баланы тәрбиелей отырып, ата-ана оның жағымды жақтарын басқаларға әсер ету үшін шебер қолдана алуы қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1. Макаренко А.С. Книга для родителей. М, 1957.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1994. -330 б.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995.
4. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. Алматы: Мектеп, 1976. -234б.

ИНТЕГРИРОВАННЫЕ МУЗЫКАЛЬНЫЕ ЗАНЯТИЯ С ДОШКОЛЬНИКАМИ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ЦЕЛОСТНОГО ОБРАЗА МИРА

Данилова Е. Ю. аспирант

Хакасского государственного университета им. Н.Ф. Катанова (г. Абакан)

Резюме

В статье анализируются понятия «целостный образ мира» и «картина мира». Обосновывается необходимость интегрированного подхода в музыкальном образовании и воспитании дошкольников как средства формирования целостного образа мира у детей. Подчеркивается важность развития интереса к познанию мира у дошкольников на интегрированных музыкальных занятиях.

Summary

This article analyzes the concept of «holistic image of the world» and «world view». The necessity of an integrated approach to music education and preschool education as a means of forming a holistic view of the world for children. Emphasizes the importance of development of interest to know the world of preschool children in integrated music lessons.

Каждая эпоха рождает свой образ мира, который в умах человечества предстает в виде некоего единого целостного представления. Обратимся к научным источникам. «Образ мира — целостная, многоуровневая система представлений человека о мире, других людях, о себе и своей деятельности» — читаем мы в электронной библиотеке: «В понятии Образа мира воплощена идея целостности и преемственности в зарождении, развитии и функционировании познавательной сферы личности. Образ мира и близкие к нему понятия — картина мира, модель универсума, схема реальности, познавательная карта и т. п. — имеют в контексте различных психологических теорий неодинаковое содержание» [6].

А.Н. Леонтьев считает, что: «Картина мира выступает неким методологическим инструментом построения целостного проблемного поля современного знания, служит способом его структурирования» [3, с.4]. «Ключевой функцией целостного образа мира является самоотражение мира субъектом, т.е. познание мира через свою собственную деятельность» [1]. Иначе говоря, становление целостного образа мира — это открытие мира для себя через собственные действия. Такими действиями в дошкольном детстве являются ощущения, восприятие, представления.

У современных детей довольно рано складывается свой «образ мира», а насколько этот образ окажется целостным, зависит от взрослых, которые их окружают. Формируется образ мира в сознании малыша в результате поиска причин и следствий наблюдаемых им явлений мира, а также объяснений их смысла. А потому одна из важнейших задач дошкольного образования — обеспечение видения ребенком целостного образа мира, понимаемого нами как осмысленного первичного знания о нем.

Понятие «целостность» тесно связано с понятиями «гармония» и «интеграция». Гармония определяется С. Д. Сажинной как «стройная, сообразная согласованность целого и входящих в него частей, компонентов» [4, с. 6]. Значит, строгое правильное сочетание частей имеет в итоге единый монолитный, ясный и притягательный образ. «Интеграция в образовании, — пишет А. Я. Данилюк, — есть то, что объединяет разнокачественные и разноуровневые составляющие образования, следовательно, интеграционный процесс не исчерпывается какой-то одной или даже множеством конкретных форм» [1, с.7]. Однако, интеграция в образовании — это не только объединение, но и гармоничное взаимосодействие, взаимопроникновение составляющих, несущих в себе информацию об одном и том же объекте с различных сторон.

Идея интеграции в обучении берет свое начало в трудах Я. А. Коменского (1592-1670 гг.), утверждавшего: «Никому нельзя дать образование на основе одной какой-нибудь чистой науки, независимо от остальных наук» [2, с. 287].

Музыкальные занятия в ДОУ состоят из разных видов музыкальной деятельности: слушание музыки, музыкально-игровое творчество, музыкально-ритмические движения, пение и игра на детских музыкальных инструментах. Как видим, само по себе музыкальное занятие предполагает интеграцию этих видов деятельности, гармоничное их сочетание. Каждый ребенок может выразить себя в более

привлекательной для него деятельности. Задача педагога – не только научить ребенка петь и развить его музыкальные способности, но и, в первую очередь, заинтересовать, увлечь, заложить в маленькую личность желание познания огромного неизведанного еще им мира – мира завораживающих мелодий, музыкальных образов, новых чувств и представлений. В нашем детском саду музыкальные занятия проводятся в интегрированной форме на основе тематического принципа. Единая тема проходит стержнем от начала до конца занятия, объединяя собой все виды деятельности.

Основываясь на уже имеющемся музыкально-слуховом опыте детей, педагог постепенно расширяет их кругозор и знания об окружающем мире на художественно-образной основе. При этом каждый новый этап музыкального занятия задействует восприятие, сенсорные ощущения, детское воображение, речь, мелкую моторику и размышления самого ребенка. Все это организуется на фоне положительной эмоциональной атмосферы, создаваемой музыкальным руководителем. Он не загружает воспитанников словесными объяснениями музыки, так как это мало что дает детям данного возраста, а включает их в непосредственную интегрированную музыкальную деятельность, создавая тем самым особую мотивацию, соответствующую познавательной цели.

Для развития чувственного опыта ребенка восприятие музыки тесно связывается с восприятием близких, созвучных по характеру и настроению картин художников. При этом мы используем резонансно-ассоциативный метод, разработанный Н.П. Шишлянниковой. Суть его заключается в том, что к определенному музыкальному произведению подбирается ни одна картина художника, а несколько. Среди них есть картины, созвучные с музыкой, и явно не соответствующие по характеру и настроению. Дети в процессе звучания музыки смотрят на картины и выбирают именно ту, которая с их точки зрения соответствует музыке. «При наложении слухового и зрительного образов происходит их слияние в восприятии детей... эффект резонанса. Музыка выступает как ассоциативная зацепка, способ «оживления» живописи, символ ее эмоционально-смысловой наполненности, как синтезирующий стержень, на который нанизываются разнообразные впечатления детей, складывающиеся затем в целостную художественно-образную картину живого мира. При этом детям дана свобода выбора того, что резонирует с их внутренним слышанием и видением» [5, с. 57-58].

Например, при знакомстве с музыкой изобразительного характера мы проводим прямую параллель между музыкой Э. Грига и миром бабочек. Все начинается с музыкального восприятия. Необходимо дать прочувствовать детям всю красоту и необычность произведения норвежского композитора Э. Грига «Бабочка», устремляя внимание детей на яркие интонационные мелодические обороты. При этом можно расширить знания детей о том, что в мире бабочек больше сотни тысяч разных видов, и нет ни одной бабочки в точности похожей на другую. Художница-природа постаралась и так разрисовала бабочек, что не встретишь во всем мире и двух одинаковых. Все это подтверждается и обговаривается с детьми с помощью ассоциативного ряда художественных картин. Пополняя словарный запас детей, можно придумать много эпитетов сравнения музыкального и художественного образа бабочки: легкие, воздушные, красивые, грациозные, обворожительные, игривые и т.д. Для полноты ощущений предлагаем детям «превратиться» в таких маленьких прозрачных насекомых: под музыку «полетать» или «потанцевать» по залу; перебирая «лапками-пальчиками», щекотно «поползть» по голове друг у друга; вдохнуть «цветочный аромат» и съесть «капельку росы». Для этого педагогу предстоит достаточно потрудиться, готовя элементы костюмов и создавая предметы и атрибуты цветочного луга. Но самое главное в занятии – это завораживающий голос, который по мановению ока может «превратить» даже самых непоседливых сорванцов в восхищенных и податливых зрителей или участников. Все дети любят волшебство. И, создав «волшебную» обстановку на музыкальном занятии, педагог через удивление ребенка, его чувства и сравнения всегда достигнет того результата, которого ожидает. Закрепляем новые знания и ощущения творчеством на бумаге, предложив детям нарисовать ту красивую бабочку, которой они только что себя ощущали.

Таким образом, музыкальные занятия на интегрированной основе позволяют создавать в представлениях детей целостный образ мира, так как интегрированное воздействие образовательных компонентов на воспитанников во много раз эффективнее, чем влияние каждого из них по отдельности. Музыка в большей степени, чем другой вид искусства, интегрирует в себе другие виды искусств и деятельности, доступна и наиболее привлекательна для маленького ребенка.

Таким образом, можно сделать вывод о взаимосвязи между интегрированием содержания музыкального образования и становлением детского образа мира как целостности, осмысленного и систематизированного первичного знания о нем. Интегрированный подход в музыкальном образовании дошкольников, основанный на идее всеобщности и единстве законов природы, целостности восприятия

ребенком окружающего мира, выступает как ведущий принцип проектирования содержания дошкольного музыкального образования и воспитания. Он позволяет обеспечить условия для организации познания мира ребенком в рамках целостного процесса, освоить базовые категории с различных точек зрения в разных образовательных сферах.

Интегрированный подход в проведении музыкальных занятий в детском саду приводит к важному познавательному результату – развитию стойкого интереса у детей к познанию окружающего мира, формированию его целостного образа.

БИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ СПИСОК

1. Данилюк А. Я. Теория интеграции образования [Текст] / А. Я. Данилюк. – Ростов н/Д: Изд-во Рост. Пед. ун-та. 2000. – 440 с.
2. Коменский, Я. А. Избранные педагогические сочинения В 2-х т. – Т. 2 [Текст] / Я.А. Коменский / Под ред. А. И. Пискунова и др. – М.: Педагогика, 1982.
3. Леонтьев А.Н. Психологические вопросы сознательности учения // Проблемы психологии понимания. М.; Л., 1947, с. 3 – 40. (Известия АПН РСФСР, вып. 7)
4. Сажина, С. Д. Технология интегрированного занятия в ДОУ [Текст] / С.Д. Сажина: Методическое пособие. – М.: ТЦ Сфера, 2008. – 128с.
5. Шишлянникова, Н.П. Взаимодействие искусств и их интеграция в обучение грамоте младших школьников [Текст] / Н.П. Шишлянникова. – Абакан: Изд-во ГОУ ВПО «Хакасский государственный университет им. Н. Ф. Катанова», 2011. – 127 с.
http://www.psychologos.ru/articles/view/obraz_mira

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛЬДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Абай атындағы Қаз ҰПУ
курс магистранты Конысбаева Ж.У.

Резюме

В данной статье рассматривается актуальная проблема сегодняшнего дня – функциональная грамотность. Развивать функциональную грамотность учеников главная задача поставленная в национальном плане. В статье говорится решение этой проблемы, то есть теоретические основы формирования функциональной грамотности учеников начальных классов с технологией Н.А.Оразахыновой уровнево-комплексной аналитической технологией. А также приведена тема статьи, цель и задача технологии, особенности организации.

Summary

The current article considers one of the issues that becomes evident in forming functional literacy of the learners. According to the objectives brought of the mentioned skill is defined as a national technology's aims, objectives and stages of its organization.

Елбасы Н.Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды [1]. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын тандай алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Бүгінгі жаһандану заманында білімді де құзыретті тұлға тәрбиелеу күн тәртібінен түспейтін негізгі мәселелердің қатарында. Бұл мәселенің шешімін табу білім беру сапасын арттыруға келіп тіреледі.

Әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалды сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр.

«Функционалды сауаттылық» дегеннің не екенін тереңірек ұғыну үшін «функция» және «сауаттылық» ұғымдарының анықтамасына тоқталсақ, С.И.Ожеговтың сөздігінде «функция» сөзіне «Вызванный функционированием чего-нибудь, зависящий от деятельности, а не от структуры, строения чего-нибудь (книжн)» – деп анықтама берілген [2].

Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «функционалды ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады», - делінген [3].

Ал, сауаттылық – бұл оқу, жазу, есептеу және құжаттармен жұмыс жасау дағдылары деген мағынаны білдіреді. Демек, функционалды сауаттылық дегеніміз – адамның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға мүмкіндігінше жылдам бейімделе білуі мен әрекеттесе алу деңгейінің көрсеткіші.

«Функционалды сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» түсініктерімен қатар пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді.

Сауаттылық – бұл оқу, жазу, есептеу және құжаттармен жұмыс жасау дағдылары.

Минималды сауаттылық – қарапайым хабарламаларды оқи және жаза алу қабілеттілігі [4].

Функционалды сауаттылықты қалыптастыруды ғалымдар: П.И.Фролова, С.Г.Вершловский, М.Д.Матюшкина, А.А.Штец, П.Терешкович, С.Крупник, О.Ю.Девятова, Г.В.Яковкина, Н.В.Купцова, М.Бершадская, А.К.Рауандина т.б. ғалымдар әр қырынан зерттеген.

Дүние жүзінде функционалды сауаттылықты әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде, халықтың және елдің әл-ауқатын тұтастай байланыстыра отырып қарастырады. Сондықтан 1990 жылды ЮНЕСКО Халықаралық сауаттылық жылы, ал БҰҰ 2003-2012 жылдарды сауаттылықтың онжылдығы деп жариялады.

Функционалды сауаттылық – адамның оқығанын ұғынуы, қазіргі қоғамда сәтті қолдану мүмкіндігімен қамтамасыз ететіндей оқығанын түсіне алуы.

Функционалды сауаттылығы бар адамды функционалды сауатты тұлға дейміз.

Функционалды сауатты адамның негізгі белгілері: өз бетінше әрекет ете алатын, адамдардың ортасында дүниені танытын және өмір сүре алатын, белгілі бір қасиеттері (жалпығылыми іскерліктер немесе кілттік құзырлылық) бар адам.

Кілттік құзырлылық – кез келген адамға тән, оның таңдаған кәсіби әрекетінің сферасына қарамастан, көптеген жалпы қабілеттіліктер мен іскерліктер, бұл қабілеттер адамға жағдайды түсінуге, нақты қоғам жағдайындағы жеке және кәсіби өмірінде нәтижеге жетуге әсер етеді [5].

Функционалды сауаттылықтың мәні тұлғаның оқу әрекетін өз бетінше іске асыру қабілетінен, сонымен қатар күнделікті өмірде білім, білік және дағдылардың өмірдің әртүрлі ортасында өмірлік тапсырмаларды шешуге қолдану.

Оқушылардың функционалды дағдыларды қалыптастыруда бастауыш мектептің рөлі ерекше. Себебі, білімнің негізі бастауышта қаланады. Егер оқу нәтижесі құзіреттілік деп анықталса, онда тілді меңгертуден күтілетін нәтижелер оқушының өмірлік дағдыларымен сабақтастырылуы қажет болып саналады. Функционалды сауаттылықты қалыптастыруда қазақ тілі пәнінің орны ерекше. Сондықтан бастауыш мектептердегі қазақ тілі сабақтарындағы білім, білік, дағдылар функционалды сауаттылық тұрғысынан саралануы басты бағыт етіп алынады.

Бұл мақсатқа қол жеткізудің тиімді жолы оқыту үдерісінде педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану болып табылады. Педагогикалық технология жайында көптеген ғалымдар зерттеу жүргізіп, өз тұжырымдарын жасаған:

В.П.Беспалько: «педагогикалық технология дегеніміз – оқыту үрдісін жүзеге асыратын мазмұнды техника», деген анықтама берсе, [6]. И.П. Волков: «педагогикалық технология дегеніміз – оқытуды жоспарланған нәтижесіне жеткізетін қағазға жазылған барысы, – деген тұжырым жасаған. В.М.Монаховтың пікірінше, «педагогикалық технология дегеніміз – оқушы мен мұғалім үшін барлық жағынан өте қолайлы жағдайлар жасай отырып, оқыту үдерісін жобалаудың, оны ұйымдастырудың және өткізудің бүге-шігесіне дейін ойластырылған, әрі бірлесіп жүзеге асырылатын педагогикалық қызметтің моделі» болып табылады [7].

Бастауыш мектепте оқытуда көптеген педагогикалық технологиялар қолданылады. Мысалы: сын

тұрғысынан ойлау, саралап оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, Ж.Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясы, М.Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы, Н.А.Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясы т.б.

Жоғарыда көрсетілген технологиялардың ішінде бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда Н.А.Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясының маңызы зор.

Сатылай кешенді талдау технологиясы дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді талдау оқушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады. Сатылай кешенді талдау технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту.

Сатылай кешенді талдау технологиясы – тек қана білімді белгілі көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі.

Сатылай кешенді талдауда баланың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып, оның оқуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Сатылай кешенді талдап оқыту технологиясында мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Атап айтар болсақ: ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік, әріптестік сияқты қасиеттер. Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі – оқушыларды жақсы, жаман, орташа деп бөлмей, тек материалды өте жылдам, жылдам, баяу қабылдауына байланысты тапсырманы он деңгейге икемдеп, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтады.

Сабак барысында мына қағидаларды еске ұстау қажет:

а) баланың бойындағы құштарлығын, қызығушылығын, ынтасын жойып алмай, оның алға жылжуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру;

ә) білімді өз бетінше іздену арқылы қолайлы жағдай жасау;

б) өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптасыру [8].

Бұл технологияның ерекшелігі технологияның теориялық өзегі ретінде ұлтымыздың ұлы тұлғалары: Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Уәлихановтардың ағартушылық идеялары мен алаш арыстары: А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Шонановтардың педагогика, психология, әдістеме саласындағы ой-тұжырымдары алынған [9]

Сатылай кешенді талдау технологиясының басты ерекшелігі төмендегідей:

Оқу материалының жүйелілігі, бірізділігі;

Табиғилығы;

Дағдыға басым бағыт беруі;

Білімнің базалық деңгейінің барлық оқушылар үшін міндеттілігі;

Оқушыға өз деңгейін таңдауға ерік беру;

Оқушыларға берілетін білімнің саралануы;

Оқушылардың өз мүмкіндіктеріне қарай тек міндетті деңгейден кем емес білім алуға еріктілігі;

Оқыту мен тәрбиенің бірлігі;

Ұлттық құндылыққа ерекше орын берілуі;

Оқу үрдісінде пәнаралық байланыстың мақсатты енгізілуі.

Сатылай кешенді талдаудың өзегі – тірек сызбалар.Тіл білімінің барлық салаларынан өтілетін материалдардың негізгілері, ең басты теориялық мағлұматтар сызбаға жүйелеп орналастырылған. Әр саты бір –бірімен үндесіп, бір-біріне сілтеме жасап, бірін-бірі толықтырып, тұтас кешенді береді.

Жалпы комплексті оқыту жүйесі ХХ ғасырдың басында Германияның, Австрия мен Бельгия және Батыс Еуропадағы басқа да елдердің көптеген бастауыш мектептерінде қолданылған [8].

«Комплекс» ұғымының мәнін ашуда Ж.Аймауытовтың мына пікіріне жүгінуді жөн көрдік: «Өмірдегі құбылыстарды, нәрселерді бір тақырыптың, бір пікірдің төңірегінде жинап, қосып, түйдектеп, біріктіріп оқытуды комплекс деп атайды.

Ж.Аймауытовтың: «Айқын қылып оқыту мен сатылы бір тегіс оқытудың байланысы бар. Оқыту бірте-

бірте сатылап ілгері басып отырмаса, анық та, ұғымды да болмайды. Білім біржола күреп алатын нәрсе емес, аздан көбейетін нәрсе» - деген сөзінде сатылап оқыту технологиясының идеясы байқалады [10].

«Сатылай кешенді талдау» технологиясының бастау көзі фонетикалық бірліктерді сатылап, кешенді талдай отырып, әр дыбыстың өзіндік ерекшелігін, олардың бір-бірінен айырмашылығын зерделеп меңгерумен қатар, олардың өзіндік табиғатын зерттеп, ұғынады. Ол үшін фонетикалық бірліктерді дәстүрлі оқыту жүйесімен емес сатылап, жүйелеп, бірізділікпен оқыту қажет.

А.Байтұрсынов айтқандай дыбыспен жаттықтыра оқытуға болатындығын тәжірибе көрсетуде. Сатылай кешенді талдау технологиясы арқылы оқытқанда дыбыспен жаттықтыруды екі жолмен жүргізіледі: бірінші, сөзсазындық (фонологиялық) талдау, екіншісі, дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. Осылай талдау жасай отырып оқушы өзі өткен барлық ережелерді үнемі еске сақтап отырады.

“Сатылай кешенді талдау” технологиясында мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік, әріптестік сияқты қасиеттерді ұстануға негізделеді. Осы тұрғыда М.Жұмабаевтың: «Тәрбиеші баланың қаһарлы қожасы болмасын, жұмсақ жолдасы болсын» деген пікіріне сүйене отырып, балаға білім берумен қатар адамгершілік, азаматтық жауапкершілікті бойына сіңіруді мақсат етеді [11].

Сатылай кешенді талдау технологиясы арқылы оқушы ғылыми тілде сөйлеуге үйренеді, қарапайымнан күрделіге, уақиғаны сатылап түсіндіре алып, тұжырым жасауға үйренеді.

Сатылай кешенді талдау технологиясының мақсаты:

барлық оқушыны табысты оқыту, білім– білік дағдысын қалыптастыру;
білім алуға деген ынтасымен іскерлігін арттыру, оқу-танымдылық белсенділігімен оқытуды жеделдету;

шығармашылық қабілеттерін дамыту және ғылыми ізденіске жетелеу;

Қорыта айтқанда, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін бастауыш мектепте функционалдық сауаттылықты дұрыс қалыптастыру қажет. Бастауыш мектепте функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда бастауыш сынып мұғалімдерінің әрбір пәннің ерекшелігіне қарай оқытудың технологияларын саралап пайдалануы мен оның әдістемесін жетік меңгеруі, педагогикалық шеберлігіне, кәсіби құзыреттілігіне байланысты болады,- деген тұжырым жасаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР :

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
2. Словарь русского языка. – М.: Русский язык. 1998 г. – 46 с.
3. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. 10 том, – 17 б.
4. Рождественская Л., Логвина И. Формирование навыков функционального чтения. 4-5бет
5. <http://www.narva.ut.ee/sites/default/files/nc/materjal.pdf>
6. Губанова М.И., Лебедева Е.П. Функциональная грамотность младших школьников: проблемы и перспективы формирования // Плюс до и после 12/09 . 1-4с
7. Беспалько В.П. «Слагаемые педагогической технологии» М.:1989.
8. Монахов В.М. Аксиоматический подход к проектированию педагогической технологии.//Педагогика. -1990 №3. –С.67-69
9. Оразақынова Н.А. Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы. -2007.
10. Оразақынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының бастау көзі - қазақ ағартушыларының мұраларында http://www.rusnauka.com/17_AVSN_2012/Pedagogica/2_112439.doc.htm
11. Ж.Аймауытов Бес томдық шығармалар жинағы, 4Т. – Алматы: Ғылым, 1998. – 436 б.
12. М.Жұмабаев, Педагогика, – Алматы, 1992. – 52 б.

УДК 41
С31

**ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТАҢБАЛЫ –СИМВОЛДЫҚ КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДЫРДЫ
ҰТЫМДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

МЕТОДЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗНАКОВО – СИМВОЛИЧЕСКИЙ НАГЛЯДНОСТИ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

METHODS OF USING SIGN-SYMBOLICAL VISUAL AIDS IN THE LESSON OF FOREIGN LANGUAGE TEACHING

Сейтимова Жадыра Измахановна

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті (Алматы қаласы)

Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасының оқытушысы

Резюме

Знаковые - символические наглядности могут способствовать ученикам быстрому запоминанию новой темы и проанализировать пройденную тему. А использования пиктограммы и идеограммы в пиктографической системе значительно оптимально. Руководствуясь многими научно - теоретическими взглядами используя знаковые - символические наглядности на уроках английского языка, убедимся в оптимальности этого метода.

Summary

Sign-symbolical visual aids can be assisted pupil's memorizing new theme quickly and also to analyse past theme. The using a pictograms and ideograms at a pictography and ideography system are very meaningful. Guiding principles of many scientific - theoretical view that using sign-symbolical visual aids in the lesson of foreign language teaching, we are convinced optimum of this method.

Ағылшын тілі курсының мазмұнын анықтауда ХХ ғасырда тіл білімі ғылымындағы танымдық, білімдік және тәрбиелік жағынан маңызды деген өзгерістерді қамтуға ұмтылыстар жасалуда.

Мектептегі шетел тілі пәнінің білім мазмұнын ізгілендіру ұстанымын жүзеге асыратындай, оқушыларда тілді меңгерудің біртұтас ғылыми – практикалық бейнесін қалыптастыратындай, тілдік сауаттылығын арттырып, мәдениеттілікке тәрбиелейтіндей, ойлауын дамытатындай мүмкіндігі қазіргі заман талаптарына толық жауап бере алмайтын деңгейде деп санадық. Мектептегі басқа пәндер сияқты ағылшын тілі де оқушыларға көп жағдайда, дайын білім ұсынылады, оқыту әдістері оларды өздігінен жаңа ақпараттарды іздестіруге, оқу тапсырмаларын өздігінен шешуге талпындырмайды, яғни оқыту әдістемесі дайын нұсқауларды бұлжытпай орындауға ғана бейім орташа орындаушылар тәрбиелеуге бағдарланып құрылған деп ойлаймыз.

Тағбалы-символдық көрнекі құралдар оқушылардың жаңа сабақты есте сақтаулары мен өтілген тақырыпты тұжырымдауға көмектеседі. Ал пиктограммалар мен идеограммаларды біртұтас суретті-идеографиялық жазу жүйесінде қолдану әлде қайда тиімдірек болды. Мұндай жағдайда олар оқу материалын модельдеу мен құрастыруға ықпал етеді және ойша түсіну мен оны меңгеруді жеңілдететін жүйелік байланыстар мен қатынастар пайда болады. Суретті-идеографиялық жазудың мүмкіндіктерін толық ашу мақсатында біз жұмысымызда ТСК және ТСИ-ті пайдалануға негізделген оқытуды ұйымдастырудың дидактикалық ұстанымдарын ескеріп отырдық.

Оқытуда тағбалы-символдық көрнекіліктерді қолдануда оқу үрдісінің дидактикалық ұстанымына негіз ретінде жеке сабақ емес, бүкіл тақырып алынды. Тақырыптың негізгі ұғымдарын ұсыну және тағбалық-символдық модельдеу мен құрастыру арқылы олардың арасында байланыс пен қатынас орнату оқу материалын едәуір топтастыруға жол ашты. Көптеген әдіскерлер мен дидактар оқу материалын топтар оқушылар білімінің сапасы мен деңгейін көтеру жолдарының бірі ретінде қарастырады. Оқушылардың берілген оқу ақпаратын бір сәтте меңгерумен қатар бірден оның құрылымдық әрі логикалық байланысты бөліктерін есте сақтауларына мүмкіндік туады. Материалды топтастыру және оны меңгерудегі психикалық үрдістерді қайта құру белгілі бір дәрежеде оқу үрдісін интенсификациялауға (белсенді етуге) ықпал етеді. Осыған байланысты Ю.К.Бабанскийдің дидактикалық біріліктерді көбейту есебінен сабақтағы ақпарат ауқымдылығын да өсіру қажеттігі жөніндегі пікірін біз толық қолдаймыз. “Ғылыми

ақпарат» шамадан тыс көп жиналған жағдайда, материалды аз мөлшермен емес, ірі блоктармен берген дұрыс. Себебі, оқушылар алдымен мазмұн туралы жалпы түсініктерді меңгеріп, содан соң, оның негізгі бөлігін жете нақтырақ құрастырулары қажет»-деп жазады Ю.К.Бабанский.

Оқушылардың білім сапасын арттырудағы маңызды мәселелердің бірі таңбалық-символдық көрнекіліктерді қолдану біліктілігін бағалау критерийлері болып табылады, олар төмендегідей анықталды:

1. Таңбалық-символдық көрнекіліктерді құрастыру бойынша:

- пайдаланылған оқу материалының толықтығы (суреттік-идеографиялық жазуды құру кезінде өтілген және өтілетін барлық оқу материалының пайдаланылуы);

- суреттік-идеографиялық жазудың көлемі (бір тарауға дәптердің 1 бетінен аспауы керек);

- оқу материалының берілу логикасы (ұғымдар арасындағы мәндік байланыстарды көрсететін сұлбаның болуы);

- көрнекілігі (таңбалар мен символдардың болуы, олардың ұқыпты орындалуы, оқылуы);

- сауатты болуы (терминдік және орфографиялық тұрғыда);

- байланысты сөйлемдердің болмауы (суреттік-идеографиялық жазуларда сөйлем болмауы керек, тек қана сөз, сөз тіркестері және символдар сияқты тірек сигналдары болуы керек);

- суреттік-идеографиялық жазудың шығармашылықпен құрастырылуы (берілген жұмыс өзбетінше және мұғалімнің көмегімен орындалуы мүмкін).

2. Таңбалық-символдық көрнекіліктерді пайдалану бойынша:

- суреттік-идеографиялық жазу арқылы оқу материалының толық мазмұнын ашу мүмкіндігі;

- суреттік-идеографиялық жазуды көз алдына келтіру мүмкіндігі;

- суреттік-идеографиялық жазуды талдау, салыстыру, таныс және таныс емес жағдаяттарға пайдалана алу мүмкіндігіне ие болуы кіреді.


Жоғарыда және алдыңғы тарауларда айтылған теорияларды басшылыққа ала отырып, таңбалы-символдық көрнекі құралдарды ағылшын тілін оқыту курсының бағдарламасы бойынша қолданылу әдістемесіне талдау жасап, тиімділігі сабақ жүргізу барысында тексерілді.

Біз жүргізген зерттеуіміз бойынша көрнекіліктердің үлгісін ұсынып отырмыз.[1]

«Contextualisation» - «контекстке байланысты жұмыс жасау»;

Қысқа әңгіме немесе сөйлемдегі оқиғаны бір – бірімен үйлестіру, контексте не айтылса соны баяндау. Мысалы мына суретте үй салынған, бала үйден шығады, біраз жерге барған кезде аспанға қарайды, аспанда бұлт бар екенін көріп үйіне жүгіріп келеді. «Running back home»-үйден ету, шығу, «running to the house» -үйге жүгіріп келу. He is running back home- ол үйден шығып бара жатыр.[2,3]

1- сурет.



Грамматика «Present Continuous»- қазіргі шақтағы жалғасып жатқан, аяқталмаған іс – әрекетті білдіреді.

What is he doing? Ол не істеп жатыр?


He is gardening- Ол бақшада жұмыс істеп жатыр.

A man **sitting** next to a machine- машинаның жанында отырған адам.


A man **sitting** in a deckchair- орындықта отырған адам.

He **is relaxing**- Ол дем алып отыр. Немесе He **is sitting** – ол отыр. Жалғасып жатқан іс- әрекет баяндалып тұр.[4,5,6]


2- сурет.



In this activity the student learns to discriminate between the sounds of the foreign language, many of which will be quite unfamiliar to him. He must concentrate on listening to very slight changes of sound. When visuals are used they are normally pared down to give the minimum amounts of information, the aim being to prevent unnecessary distraction.



3-сурет The meaning implied by stress patterns may be made clearer with pictures.



(a) Is that *your* dog?- мынау сенің итің ба?

(b) Is *that* your dog?-мынау сенің итің ба?

Бұл оқушыларға фонетикалық ережелерді түсіндірген кезде өте тиімді болып саналады. [7,8,]


Екпінге байланысты жаттығу.

Тыңдап түсінуге байланысты жаттығулар.

Оқушылар ойналған кассетадағы айтылған сөздерге қарап оқушылардың не істеп отырғанын табу керек.

4- сурет. A number of pictures illustrating specific ideas are displayed to the pupil either in a book, on a chart or on the overhead projector. Each picture is numbered. The teacher reads out sentences appropriated

to each of the pictures. The pupils either write down the relevant numbers or indicate the relevant picture.



Мысалы; 1. Сусын ішу-to drink, шай ішу – to drink a tea,
 Ұйықтау- to sleep,
 Кітап оқу- to read a book
 Жазу- to write[9]

Speaking- оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Оқушылар мұғалімнің артынша суретегі балалардың не істеп жатқанын айтып берулері керек. Бұл жерде оқушылар өздерінің қалаулары бойынша немесе өтілген грамматикалық ережеге байланысты, әңгімені баяндаған кезде шақтарды қойып айтуларына болады. Төмендегі суретке назар салатын болсақ Майк есімді баланың іс-әрекеті суреттелген. Бұл жерде Present Simple –жай шақта немесе Present Continuous- жалғасып жатқан, аяқталмаған шақта қолдануға болады.

6-сурет.

Мысалы. Майк күнде таңертең сағат 7.00 де ұйқыдан оянады. Бұл сөйлем Present Simple – қазіргі шай шақта қолданылып отыр яғни бір іс-әрекет күнделікті қайталанып отырады.



Repeat:

1. Mike gets up at 7 o'clock every day-Майк күнде сағат 7.00 де ұйқыдан оянады. (Present Simple tense-қазіргі шай шақ)

He is washing – ол жуынып жатыр.(Present Continuous tense- жалғасып жатқан әлі аяқталмаған шақ, іс-әрекеттің жалғасып жатқанын білдіреді).

He is trying- ол киініп жатыр.

He is going to the beach- ол өзен жағасына бара жатыр.

He is swimming- ол суда жүзіп жүр.[10,11]

Keywords:

Таңбалық-символдық көрнекіліктерді- Б.С.Степановтың семиотикалық объектілерді жіктеуі бойынша, қоршаған ортаны танып білу үрдісіне қызмет етіп, ең әуелі көру мүшесі арқылы қабылданатын барлық таңбалар мен символдардың жиынтығы деп білеміз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР :

1. Ю.К.Бабанский «Оптимизация учебно-воспитательного процесса (мет. основы)» -М Просвещение, 1982.45-68с.
2. J.B.Heaton «Composition through Pictures», Longman first published 1966, new impression – January 1972.54-р.
3. Andrew Wright, Longman Handbooks for Language Teachers «Visual materials for the Language Teacher», 1976 у, 152- р.
4. Corder.S.P. «The Visual Elements in Language Teaching », Longman 1965.p-263
5. Byrne, D and Hall, D. «Wall Pictures for Language Practice», Longman, 1974.p-47-56
6. Bull.W.E. «A Visual Grammar of Spanish», 2nd edition, University of California, 1966.p-4050
7. Byrne. D. and Wright, A «What do you think? », Books 1 and 2, Longman, 1975. P-35-37
8. Wright, A. «Designing for Visual Aids», Studio Vista, 1970.
9. Г.Ф.Рыбак, средняя школа № 3, Жмеринка, Винницкая обл. Применение символов на уроках французского языка в 5 классе средней школы// ИЯШ в школе 1990 №4 Москва.64-66с.
10. Macmillan English dictionary for advanced learners. 2009. 137-189р.

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ШЕТ ТІЛІ МАМАНЫНЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МАГИСТРАТУРА ЖӘНЕ РНДОКТОРАНТУРА ИНСТИТУТЫ**

Солтанмұратова Гульжан Мелісқызы

Екі шет тілі, 2 курс магистранты

Резюме

В статье рассматриваются многоязычия преподавания английского языка в современных условиях. Многоязычное преподавание является важным звеном современного образования. Всеобщее обучение английскому языку является целью мирового образования, так как английский язык – язык межнационального общения, который может быть использован для коммуникации и интеграции между народами всего мира.

Summary

This article is about poly-language in modern teaching English. Teachers need to possess the above mentioned

communication skill. And continue developed it in them. Teachers should be educated person. Teaching in three languages is an important for the teacher. English language is an world language. Teacher who speak English fall into one of three groups: those who have learnt it as their native language, those who have learnt it as a second language in a society which is mainly bilingual and those who are force to use it for a practical purpose - professional or educational. Nowadays when science and technology are progressing so fast all kind of specialists need English in their work.

Жаңа тұрпатты оқытушының өз білімін көтеру үшін шетелдерде болып, шетелдік ғалымдардың, жаңашыл оқытушылардың іс-тәжірибесімен танысып, инновациялық іс-тәжірибені үйреніп, оны өз тәжірибесінде пайдалана алу үшін кемінде 1 шетел тілін меңгеруі тиіс. Ол үшін жоғары мектептен бастап педагогикалық жоғары оқу орындарында шетел тілін тереңдетіп оқытуға, шетел тілін жеделдете үйрететін арнайы курстар, арнайы бағдарламалармен жұмыс жасауы қажет, полимәдениетті (көпмәдениетті) білім беруді басты назарға ұстану қажет.

Көпмәдениетті білім беру – жалпы білім берудің маңызды құрылымы, этникааралық интеграцияға бағытталған, ұлттық мәдениет, ұлттық тәрбиеге негізделген білім беру, ұлттық мәдени құндылықтарды игеру.

Көпмәдениетті білім беру әртүрлі ұлт арасында ұлттық және мәдениеттілік құндылықтарды қастерлеу, өзара түсінісу және ұғыну сезімдерін қалыптастырады. Осыған сәйкес көпмәдениетті тәрбие этникалық және ұлттық ерекшеліктерді этнопедагогикалық мәдениетті басшылыққа алады.

Жаңа тұрпатты оқытушының ұлттық этнопедагогикалық мәдениеті оның рухани әлеуетін, жалпы адамзат мәдениеті мен ұлттық мәдениет дәстүрлерін меңгерудегі деңгейін көрсетумен бірге тұлғаның кәсіби шығармашылықты әрекетінде өзін-өзі көрсетуінің амалы болуы керек. Рухани адамгершілігі мол, жетілген мәдениетті адам, кәсіби маман болу үшін оқытушы ең алдымен өз халқының мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жетік меңгеруі тиіс.

Бұл оған басқа ұлттың мәдениетін түсініп, бағалауға, әлемдік деңгейдегі мәдениетке араласуына көмектеседі. Жаңа тұрпатты оқытушының этнопедагогикалық білімі мен іскерлігі балалармен педагогикалық өзара әрекетті тиімді ұйымдастыруда септігін тигізеді.

XXI ғасырда әлемдік білім беру кеңістігіне ену жағдайында білім берудің ұлттық деңгейі анықталуы қажет: оқыту нәтижесіндегі қоғам қандай адамды және адамзатты қалыптастырып шығарғысы келеді.

Қазірдің өзінде елімізде ұлттық білім берудің басым бағыттары анықталынды:

көпмәдениеттілік білім беру, үш тілділік, қатысымдылық, технократтық.

Осыған сәйкес оқытушының кәсіби стандартында білім берудегі ұлттық білім берудегі ұлттық мақсаттар құзіреттіліктер тұрғысынан нақтыланды.

Айқын мақсат қою, кеңейтілген мүмкіндіктерді толығымен қарастыру, үлкен нәтижеге жету, мақсатқа бағыттай жоспарлауды басшылыққа алып, жоғары мектептің не беретініне, студенттердің нені біліп нығайтатына басты назар аударатын нәтижеге бағытталған білім беру процесінде жаңа тұрпатты оқытушының этнопедагогикалық және көпмәдениеттілік құзіреттілігіне жататындары:

Көптілділік жеке адамның не қоғамның екі тілден аса тілді алма кезек қолдануы. Шетелдік көптілді білім беру тәжірибесінің озық үлгілерін ескеріп үштілділік құбылысы бойынша жүргізілген отандық зерттеу нәтижелері үштілділік құбылысына оқытудың әлеуметтік қажеттілік замана талабы. [1-238б]

Көптілді білім беруді енгізу төмендегі мәселелерге сай жүргізіледі:

Мемлекеттік тіл ретіндегі ағылшын тілін күшейту арқылы студенттердің ұлттық біртектілігін сақтау және дамыту ;

БАҚ арқылы шетел тілін оқытуды ұйымдастырудың негізгі идеясын кең насихаттаудың қажеттілігін түсіндіру және білім берудің ашық жүйесін дамыту жағдайында қоғамдық пікірді ескеру;

Шетел тілін оқытуды жүзеге асырудағы ғылыми негіз жасауда арнайы зерттеу жүргізу;

Шетел тілін тереңдетіп оқытатын элиталық жоғары мектептер негізінде ғана шетел тілін оқыту мүмкіндігі;

Отандық жағдайларды ескере отырып шетел тілін оқыту технологиялары мен модельдерін жасау. ҚР орта жалпы білім беру құрылымы мен мазмұны;

Бірыңғай оқу жоспары негізінде шетел тілін тереңдетіп оқытатын мектептерге типтік оқу жоспарын жасау;

билингвалық білім беру жалпы және жеке әдістемесін

құру ;

полилингвалдық білім беруге кезеңдеп көшу үшін кадрлық, материалды-техникалық, оқу - әдістемелік негізін айқындау;

шетел тілін тәжірибелік оқыту үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау.

Бүгінгі күн жастары халықаралық стандарттар деңгейіне сай білім алуға байланысты, ағылшын тілін үйрену мен тәжірибе жүзінде пайдалану қажеттілігімен бетпе-бет келіп отыр. Сонымен қатар, ағылшын тілін білу білім беру жүйесі жоғары дамыған елдерде білім алуға, ақпараттық кеңістікте байланыс шекарасын кеңейтуге ықпал етеді, қоғам қажеттілігін қанағаттандыратын білімін кеңейтуге мүмкіндік туғызады. Бұл тілді меңгеру арқылы бүгінгі күн ақпараттар ағымында жұмыс істеуге көмектеседі. Біздің ел туралы: біздің ұлттық салт-дәстүр, мәдениет пен жетістіктеріміз жайлы білім негізі және тану құралы ретінде ағылшын тілінің маңызы өсуде. Ағылшын тілі- әлемдік білім беру кеңістігіне жету және еліміздегі басқа ұлттардың бірігу құралы.

Заманауи білім беру жағдайында жаңа тұрпатты оқытушының кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарға байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зорделінген.

Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор» - деп атап көрсеткеніндей, жаңа дәуірдегі жаһандану үдерісіне төтеп бере алатын болашақтың зиялы ұрпақтарын тәрбиелеу өркениетке бағыт алған әрбір мемлекеттің өзекті мұраты [2].

XXI ғасырда Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін реформалаудағы стратегиялық міндеті - экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттары айрықша сараланды:

- электронды оқыту жүйесін құру;
- оқытудың Заманауи моделіне өту;
- ұлттық біліктілік жүйесінің негізін жасақтау;
- білім беруге мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті енгізу;
- еңбек нарығының талаптарына сай келетін, азаматтардың кәсіптік, мансаптық және жеке тұлға болып өсуіне ықпал ететін үздіксіз кәсіптік білім берудің икемді жүйесін қалыптастыру;
- заманауи ғылыми-білімге ие және еліміздің инновациялық дамуына үлесін қоса алатын ғылыми-педагог кадрларды даярлау [3].

Қазақстан жалпы экономикалық та, әлеуметтік және ғылыми білім беру тұрғысында да алға озған ел. Онда ТМД елдерінде, көбіне-көп әлемде де енуі ғана талқыланып жатқан көптеген жобалар жүзеге асырылуда.

Мәселен, Қазақстан ТМД мемлекеттері ішінде бірінші болып жоғары білімде үш деңгейлі «бакалавр – магистр – философия докторы» оқу жүйесіне толықтай көшті.

Қазақстан Республикасында болып жатқан түбегейлі оң өзгерістер адами капиталды дамыта отырып, білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында осындай мемлекеттік маңызы бар мәселені шешуші басты тұлға педагог екендігі нақты көрсетілген. Бағдарламаның басты мақсаты педагогтар мәртебесін көтеру болып отыр.

Бағдарламада атап көрсетілгендей, білім сапасын арттырудың басты жолы - білім беру жүйесін жаңартуға қабілетті жоғары білікті мамандармен толықтыру.

Бағдарламаның басты бағыты – студентті іс-әрекет арқылы зерттеу, нәтижесінде өз ойын нақты жеткізе алатын, ойға жүйрік, тілге шешен, бәсекеге қабілетті, жан-жақты жетілген, болашаққа сенімді, ынталы, сыни пікір, көзқарастары жүйелі дамыған, қазіргі тез өзгермелі бүгінгі өмірде өз білімін қалыптап тыс жағдайда еркін әрі терең пайдалана алатын интеллектуалы жоғары креативті тұлға қалыптастыру.

Жоғары педагогикалық оқу орындарында инновациялық білім мен технологияны меңгерген, ақпараттық-коммуникативтік құзіреттілігі қалыптасқан, кәсіби-педагогикалық біліктілік деңгейі, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, рухани тұрғыдан дамыған, білім беру саласындағы инновациялық процестерді жүзеге асыруға қабілетті жаңашыл жаңа тұрпатты педагог даярлау мәселесіне жаңа тұрғыдан қарауды талап етеді. Шын мәнінде, қазіргі кезеңде қоғамның өркендеп-өсуі білім жүйесінің сапасын жақсартуды, жаңа технологияларды кеңінен қолдануды, жаңа формациядағы педагогтар

дайындау арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізуді, нарық экономикасына бейімделген бәсекеге қабілетті білімді де білікті мамандар дайындауды негізгі стратегиялық межеге жатқызады. Бұл мерейлі мақсаттар еліміздегі білім беру жүйесінің алдына инновациялық технологияларды іздестіру, оқытудың жаңа технологияларын қолдану және оны үнемі жетілдіріп отыру міндеттерін күн тәртібіне қоюда.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап көрсеткендей, жоғары білім берудің мақсаты - еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттерін және жеке тұлғаның

қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу.

Мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты - білім сапасын арттыру, еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттерін және жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу, білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету, педагог мамандығының мәртебесін көтеру.

Педагог мамандығының беделін арттыру кез келген мемлекеттің білім беру саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында 2015 жылдан бастап орта білім беру жүйесі күзіндеттілік тәсіліне негізделген Заманауи білім беру моделіне көшу межеленуде.

Осыған сәйкес педагогикалық жоғары оқу орны алдында үлкен міндет тұр - Заманауи жоғары мектепте жұмыс істей алатын жаңа тұрпатты оқытушы дайындау.

Жаңа тұрпатты оқытушыларды дайындау үшін педагогикалық жоғары оқу орындары жаңаша жұмыс жасауы тиіс:

- оқу-тәрбие процесін жаңа талаптарға сай жетілдіру;
- жоғары білімнің мазмұны мен құрылымын Болон процесінің параметрлеріне білім беру жүйесін толықтай ақпараттандыру, «e-learning» электрондық оқыту жүйесіне көшу;
- білім берудің сапа менеджмент жүйесіне көшу;
- үш тілде оқытатын педагогтарды даярлау және т.б.

Тұрақты дамудың даңғыл жолына түскен отанымызға заманауи инновациялық ілімдерді игерген әлемдік бәсекеге қабілетті білікті мамандар, оқу-тәрбие процесін жаңаша ұйымдастыра алатын жаңа тұрпатты оқытушылар қажет.

Жаңа тұрпатты оқытушы - заманауи педагогикалық құралдардың бүкіл әлеуетін меңгерген, инновациялық технологиямен қаруланған, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылып отыратын, рухани дамыған, шығармашыл, креативті, интеллектуалды тұлға, білікті маман. [4]

Жаңа тұрпатты оқытушы шешуге тиісті міндеттер:

1. Жаңаша ойлауға, таным және өзіндік ұйымдастыру әдістеріне оқыту;
2. Студентті есікке дейін алып келіп, қолына кілтті беріп, сол құралды қалай пайдалану керектігін үйрету. Білім дүниесіне студенттің өзінен басқа ешкімнің де кіре алмайтындығын еске сақтау;
3. Студентті өзін-өзі ұйымдастыруға үйретіп, өз бетінше өмір сүрудің нақты жолын көрсету: өзін-өзі тану; өзін-өзі зерттеу; өзін-өзі тәрбиелеу; өзін-өзі реттеу; өзін-өзі белсендіру; өз бетінше білім алу; өзін-өзі дамыту; өзін-өзі жетілдіру.
4. Студенттің барлық ішкі әлеуетін ашуға және оған шығармашылықтың шыңына шығуға көмектесу.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР :

1. Хасанұлы Б. «Үштілділікке баулудың социопсихолінгвистикалық үлгісін жасау әлеуметтік қажеттілік» // Филологиялық зерттеулердегі инновациялық технологиялар атты Республикалық ғылыми тәжірибиелік конференцияның материалдары 30-31 қазан, 2012ж.
 2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. -2002. дамыту тұжырымдамасы. -2002.
 3. Президенттің Қазақстан Халқына жолдауы. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана, 28сәуір, 2010ж
 4. Жүсіпова Ж А Педагогикалық шеберлік Алматы 2011
- ӘӘЖ. 370. 1934*

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ – ӨМІР ТАЛАБЫ

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
п.ғ.к., доцент Жумадуллаева А.А.,
магистр оқытушы Досжан Салтанат
магистрант Сарсенбаева С.Б.

Резюме

В этой статье рассматривается один из важных вопросов семейных ценностей. В любом обществе большая обязанность возлагается на женщину и не бывает напрасным роль матери в воспитании ребенка. Реальность – это ключ к сердцу женщины через сплоченность и единство, через терпение и спокойствие, через тишину и благополучие. И так, в отношении воспитания подрастающего поколения огромную роль играют семейные ценности, в частности каждый из родителей и педагоги.

Summary

This article discusses one of the most important issues of family values. In any society, a large responsibility lies with the woman, and does not happen in vain role of the mother in the child's upbringing. Reality - it kluch to a woman's heart through unity and solidarity, through patience and peace through peace and prosperity. And so, in otnashenie education of the younger generation play a huge role family values, above privacy in each of the parents and teachers.

Негізгі сөздер: отбасылық құндылықтар, мемлекет, қарым-қатынас, мәдениет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тәрбие, әдеп, бала, ата-ана.

Ключевые слова: семейные ценности, республика, отношения, культура, народные традиции, обычаи и обряды, воспитание, ребенок, родители,

Key words: family values, republic, relations, culture, traditions, custom and rituals, education, child, parent.

Отбасы кішігірім мемлекет дегендей, елбасы мемлекет отбасынан басталатынына, отбасылық құндылықтардың маңыздылығына ерекше назар аударып отыр. Соның айқын дәлелі – Қазақстан Республикасының президентінің 2013 жылдың 1 наурызындағы Жарлығымен Отбасы күні қыркүйек айының екінші жексенбісі болып бекітілді. Еліміз биылдан бастап Отбасы мерекесіне ерекше мән беріп отыр. Оның дәлелі отбасы құндылықтары [1].

Отбасы ұғымы, отбасының мәні, оның қоғамдағы атқаратын ролі қандай деген сұрақтарға жан-жақты қарастырып кететін болсақ, көптеген ойшылдар мен ғалымдардың пікірлерін айтып кетуге болады. Мысалы, ежелгі грек ойшылы Платон «Адамдар отбасын құру үшін болашақ өмірдегі серігінің қандай отбасынан шыққанын, оның әке-шешесі мен ата-бабаларын жақсы білуді қажет» деген. Ал Аристотель болса, «Отбасы – адамдардың қарым-қатынастарының ең бірінші түрі және ол мемлекеттің бірінші кішігірім бөлігі» деген. Классикалық неміс философиясының өкілі Кант отбасы мәселесін қарастыра отырып, ондағы адамдардың құқықтық мәселелеріне көп көңіл бөлген.

Қазақ халқының отбасы тәрбиесінің дәстүрлері мен қалыптасу тарихы туралы деректер Қорқыт еңбектерінде кеңінен көрініс тапқан. Ол туралы түрлі аңыз-әңгімелер мен хикаялар ел арасында ұрпақтан-ұрпаққа тарап, бүгінге дейін жеткен.

Қорқыт Ата жырларының негізгі арқауы - отбасы тәрбиесіндегі ұл мен қыз бала бойында тәрбие түрлерін бірдей қалыптастыру қажеттілігі. Тегінде қазақ халқында қашан да ұл мен қыз баланың тәрбиесін бөліп жармаған. Бұл түсініктер мен дәстүрлердің ертеректен бастау алатындығын аңғартады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап отбасына деген тарихи көзқарастар толықтырыла түсті. Мысалы, 1877 жылы шыққан «Ежелгі қоғам» атты кітабында Л. Морган отбасының тарихын, оның некелі қарым-қатынасын экономикалық, әлеуметтік дамуымен және қызметімен байланысты қарастырған. Одан кейінгі уақыттарда отбасы туралы марксистер де жазды. Соның бірі –

Ф.Энгельстің 1884 жылы шыққан «Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» атты еңбегін айтуға болады. Мұнда Ф.Энгельс отбасын тарихи категория ретінде қарастырып, оның формаларының байланысын, даму жолдарын көрсетті.

Француз ағартушысы Ж.Ж.Руссо, швейцарлық И.Г.Песталоцци, орыс педагогтары К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, қазақтың зиялылары Абай, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Әуезов отбасы тәрбиесіне қатысты көптеген еңбектерін қарастырған [2].

Философиялық тұрғыда «отбасы» - қоғамның ажырамас құрамы, өмірде зор мәні бар кішігірім ұйым деп саналады. Ал педагогикалық-психологиялық тұрғыда «отбасы - ата-ана мен балалар арасындағы, ерлі-зайыптылардың және басқа да отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының тарихи нақты жүйесі» болып табылады.

«Тәрбие басы - талбесік» деген даналықты халқымыз тауып айтқан. Қазақ «Ана бір қолымен бала тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» дейді. Осы қанатты сөздің тәрбиелік мәні тереңде жатыр.

Алып анадан туады. Ананың ақ сүтін ақтау әр перзенттің парызы ғана емес, мойнындағы қарызы. Анадан Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, бір түндік ұйқысына татымайды» деген дана халқымыз. Қазақ халқындай қыздарға құрмет көрсетіп, бір үйдің көркі емес, бүкіл үйдің ұйытқысы ретінде аялаған ел әлемде кемде-кем.

Қыздардың ақылды, тәрбиелі болуына арналған ән мен жыр, аңыз-әңгімелер ұлттық тәрбиенің негізгі өзегі болып табылады. Ұлтымыздың өткен өміріне көз салсақ, небір қилы замандар: Кеңес дәуіріндегі ұжымдастыру (1920-1928жж.), аштық (1932-1933жж.), соғыс (1941-1945жж.), соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру қазақ халқының өсіп-өнуіне үлкен зардап әкелсе де, аналарымыздың еш мойымай, тағдыр талқысына төзімділік танытып, қазақ әйеліне тән әдептілігі мен тазалығын, парасаттылығы мен сыпайылығын, мейірімділігі мен инабаттылығын сақтай отырып, ұлағатты, текті ұрпақ өсіруге, ибалы, әдепті қыз-келіншектерді тәрбиелеуге, қазақ әйелі деген абыройлы атқа селкеу түсірмеуге зор ықпал еткені анық.

Ұлт болашағын қалыптастырып, алға сүйрейтін адам ол - әйел. Сондықтан әйелге ХХІ ғасырда ұлтының жағдайын ойлайтын, өткен тарихтағы ұлы аналардың арманын жалғастыратын, әсемдік пен махабаттың жаршысы ретінде бар жауапкершілік жүктеледі. Кәмшат Дөненбаева, Злиха Тамшыбаева, қазақ өнерінің қос қарлығашы Күләш пен Шара – үлгі тұтарлық тұлғалар.

Бір кездегі ұлағатты бәйбішелердің келінге қоятын талаптарының барлығы отбасы тәрбиесінің негізінде жүзеге асқан. Жаңа түскен келін сол үйдің жоғын жоқтап, намысын ту етіп тігіп, «қайнаға», «қайын сіңлі», «жеңге», «абысын» деген ұғымдарға ерекше мән берген. Осындай тәрбие ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан. Келін бір шаңырақтың ғана қуанышы емес, ауыл-аймақтың қуанышына айналған.

Қазіргі қазақ баласының мінез-құлқының қалыптасуына отбасылық тәрбиенің басым болуы керек. Әрине, ол шаңырақтан бастау алады. Отбасынан басталған тәрбие бертін келе баланың санасына әсер етіп, одан болашақта елін сүйетін ұлтжанды тұлға өседі. Жалпы, ұлт деңгейінде қарапайым болсаңыз, кеңестік дәуірде отбасында бала тәрбиелеуде шектеу болған. Ол қазақ ұлтының санасында қабілетсіздікті, жасқанишақтықты тудырды, яғни «ол нәрсені мен істей алмаймын» деген сенімсіздік, жалтақтық пайда болды. Ал «келін түсіру», «қыз ұзату», «жаңа отау құру» - үлкен ұлағатты әдеттердің барлығы өткеннің қалдығы деп түсіндірілді. Кеңес дәуірінде отбасының құндылығы да мүлдем басқаша қалыптасты. Біз әлі содан арыла алмай келе жатырмыз. Сондықтан қазақ халқының қалыптасқан отбасын құрудағы тәрбиелік мәні күшті салты мен әдет-ғұрыпы, ұлағатты аналардың қалдырып кеткен үлгісін қайта жаңғыртуымыз керек.

Баланың келешеkte жақсы адам болуына сыртқы орта факторлары, оның ішінде, негізгісі – отбасылық тәрбиенің алатын орны зор. Қазақ халқында мынадай сөз тіркестері бар: «тегіне қарап» немесе «тегі мықты», «текті жерден қыз ал» және тағы сол сияқты. Яғни бұл жерде «тегі» деген сөз ғылыми тілде айтқанда – «гені» деген мағынаны білдіреді. «Шешесін көріп қызын ал» деген халық мәтелі тегін айтылмаған шығар. Тәрбиенің негізгі көзі - анада, ауылы мен елі арасында, ұзатылатын қыз бен түсетін келіннің тектілігін сұрастыра отырып анықтаған. Бұл – философиялық категория. Қыздары еркіндікте бұлаң болып, жарына адал баруына ата-анасымен бірге ортасы да жауапты болған. Сондықтан қазақта тірі жетім болмаған. Қазақтың құда түсуі де кездейсоқ емес. Қызына «барған жеріңде тастай батып, судай сің» деп бата берген.

Қазақта жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі жүйелі түрде дамыған. Бұл дәстүрді шетелдің беделді ғалымдары да ұлттық құндылық деп бағалайды. Өйткені, адам ағзасындағы көптеген гендік

өзгерістер (мутациялар) осы туысаралық немесе қандас некелер арасында туындайды. Мұны қазақ ерте заманнан ақ байқаған, жеті атаға дейін қыз алуға тиым салып отырған. Сондықтан ұрпағы таза, текті, дарынды болған.

Халқымыз қызды еркелетіп, қолпаштаумен бірге, «қызға қырық үйден тию, қала берсе күннен тию» деп, болашақ жар, адал келін болу үшін қыздардың тәрбиесіне ерекше мән берген. Сол секілді «Беташар», «Үлкендерге сәлем беру», «Шілдехана», «Ат қою», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару», «Тұсажесер», және өзге де сол сияқты салт-дәстүрлер отбасының бекуіне негіз болған. Қазақ қыздары отбасын, әке-шешесін, ағайын-туыстарын құрметтеп, отбасы бірлігін сақтаған.

Отбасы құндылық ретінде әртүрлі басымдылықтарға ие. Әлеуметтік зерттеулерге қарасақ, осыдан 25-30 жыл бұрын жүргізілетін зерттеулерде «Сіз үшін не құнды?» деген сұраққа жастар: «Бірінші кезекте - Отан, екінші – махаббат, үшінші – отбасы, бала» деп жауап берген. Ал 2000 жылдың ортасынан бастап жастар «бірінші кезекте – материалдық жағдай, екінші – мансап, үшінші – білім алу» деп, отбасы, бала деген құндылықтар тоғызыншы, оныншы орындарға ысырылып қалған. Демек, бұл соңғы 25-30 жыл ішінде құндылықтар жүйесіндегі күрделі өзгерістерді көрсетеді [3]. Отбасын құру, отбасында өмір сүру адамнан үлкен ептілікті, көрегенділікті, шыдамдылықты талап етеді. Ал бүгінгі жастардың, отау құрып жатқандардың көбі бір үйдің мәпелеп өсірген жалғыз-жарым ұл-қыздары. Кезінде бір отбасында кемі 5-6 баладан болатын. Олар бірін-бірі жетелеп, бірінің киімін бірі киіп, бір-біріне қолдау көрсетіп, дастархан басында бір нанды бөлісіп жеп өсетін. Ал қазіргі балалар тек өзін ғана ойлайды. Себебі, ол – жалғыз немесе екеу, үшеу ғана. Бүгінгі қоғамдағы өзімшілдік дерті – отбасындағы бала санының аздығынан.

Қазақ ұлтында тастанды, жетім баланың болмауы – ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан менталитет еді. Әр перзент халқының құндылығын өз бойына сіңіруге, бойында өрбітуге, бойында өрістетуге бейім болуы керек. Еліміздің қазіргі жастарына осындай қағиданы, тілін, дінін, тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыпын ұстануды насихаттау керек.

Қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр ер адамды отбасының қамқоршысы, елін қорғайтын тұлға ретінде қалыптастырған. Қазіргі кезде ақша табатын әйелдердің көбейуі, нарықтық экономиканың кіруі, ғылым мен техниканың күрт дамуы бүкіл әлемде капитализмнің енуімен отбасы құндылығы ретінде «табыс», «ақша» деген ұғымдарды кіргізді.

Бүгінгі қоғамда әйелдердің өзімшілдігі байқалады. Өйткені, заманауи әйел ер азаматпен бір деңгейде жұмыс істеп, кіріс кіргізуге қабілетті. Бұл әйелді қаржылық, әлеуметтік тұрғыдан тәуелсіз ете түспек. Дегенмен де әлеуметтік тұрғыдан отбасында да бір басшы болуы тиіс. Мемлекеттің басшысы болатыны секелді, отбасына да басшы керек. Ол басшы қалыптасқан дәстүріміз бойынша, әлеуметтік мәртебесіне қарай, материалдық қосатын үлесі бойынша отбасында басшы адам – әке болып саналады. Ер азаматтың міндетін еш уақытта әйел адам атқара алмайды. Бұл ер адамның табиғи анықталған орны. Әке отбасында, ұрпақ алдында жетекші – басшы орнында болған, солай болып қала беруі керек.

Мамандардың сөзіне сүйенсек, бүгінгі Қазақстанда төрт миллионнан астан отбасы бар. Отбасы әлеуметтік институт ретінде құлдырап, өз рөлінен ашақтап бара жатыр. 2009 жылғы жалпыхалықтық санақ нәтижесі бойынша 1999 жылғымен салыстырғанда отбасылардың саны 13,8 %-ға өскенімен, отбасындағы орташа адам саны 3,5 адамға қысқарған. Отандық статистика агенттігінің ақпаратына сүйенсек, екі адамнан тұратын отбасы – 30,1%, үш адамнан тұратын отбасы – 26,7%, төрт адамнан құралған отбасы – 22,2%, бес адамнан құралған отбасы бар болғаны – 11,7%, алты адамнан құралған отбасы – 5,6%, жеті адамнан құралған отбасы – 1,9%, ал 8-10 адамнан құралған отбасының саны тіптен аз, бар болғаны – 0,2%. Бұл деректер әр қазақты ойландыруы тиіс. Бүгінгі күннің ағымы қоғамдағы отбасының ролін өзгертіп қана қоймай, отбасының қызмет аясын, сипатын, мазмұнын да өзгеріске ұшыратқан. Қазір ата-аналардың қызмет аясы отбасылық шаруашылықты жүргізумен ғана шектеліп отырған шаңырақтар кездеседі [4].

Қазір қазақ елі ұлттық жаңару дәуірін басынан өткізуде. Жаңа дәуірдің жастарын тәрбиелеуде бұрынғы ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын, рухани байлығын отбасының орнығуына негіздей отырып, қоғам, ата-ана тәрбиелік мазмұнда жұмыс жасай білу керек. Жастардың бүгінгі ұрпақтың, әсіресе қыздарымыздың шынайы болмысын, бітімін, шығармашылық әлемін, биік таным-парасатын кеңінен танытуды жүйелі насихаттау отбасы тәрбиесімен сабақтасуы керек.

Отбасында әйел адам ер адамнан бір саты төмен тұрса да ата-бабамыз әйел адамды әрқашан құрметтеген. Өйткені әйел адамды отбасының ұйытқысы, ұрпақ жалғастырушысы, сүйікті жар, аяулы ана деп си-құрмет көрсеткен. Әйел негізінен үйдің сәні әрі үй ішінің тірегі ретінде маңызды рөл

атқаратын тұлға екені анық. Қазақ халқы ежелден отбасы бақыты мен баянын да нәзік жаратылыс иелерімен сабақтастырып, салт-санаға: «Әйел үйдің сәні», «Жақсы әйел - ырыс, жаман әйел - ұрыс», «Қызы бардың ісі бар», «Анаңды қадірлесен, әйеліңді жәбірлеме», «Әйелдің жолы үлкен», «Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді», «Жақсы әйел жарының жақсысын асарар, жаманын жасырар» деген сияқты дала философиясы құндылықтарын сіңірді. Қазақы дәстүрдің қалыбына үйлестіре айтатын болсақ, әйел-ана ежелден ер азаматтың сенімді серігі, аяулы жары мен жөн сілтер ақылышысы болып құрметтеледі. Отбасындағы бала тәрбиесіне әйел-ана араласпай тіршіліктің тағы да ажары мен аспаны ашылмаған. Көшпелі дәуірдің дәстүрінде бала бағу, яғни оның бес жасқа дейінгі өсіп-жетілуі ананың ақ сүті мен аялы алақанының жылытуымен жүзеге асса, одан кейінгі кезеңдегі тәрбиесінде әке мен жалпы қоғамның атқарар міндеті орасан зор деп есептеген. Сондықтан да халқымыз: «Әке – айдын, шеше - ұя», «Әке көрген - оқ жанар, шеше көрген - тон пішер» деп ұл-қызының тәлім-тәрбиесі мен өнегелік мектебіне әке мен ананың бірдей жауапты екендігін ескерткен. Солай бола тұрғанымен қай қоғамның да әйелге көбірек міндет жүктеп, бала үшін ананың ролі бәрінен жоғары тұратынын алға тартуы бекер болмаса керек. Ынтымақ пен бірліктің, төзімділік пен сабырлылықтың, тыныштық пен дүние ажарының кілті әйелдің жүрегінде екені күмән келтірмес тағы бір шындық.

Демек, қазақтың ұрпақ тәрбиесіне қатысты отбасылық құндылық сапаларын дәріптеу әрбір ата-ананың, педагогтың тікелей міндеті деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТЕР:

1. Қазақстан Республикасының президентінің 2013 жылдың 1 наурызындағы Жарлығы. www.akorda.kz
2. Пірәлиев С.Ж., Нәрібаев Н.К., Төлеубекова Р.К., Бейсенбаева А.А., Ғаббасов С.Б., Атемова Қ.Т., Қоңырбаева С.Ж. Отбасындағы ұрпақ тәрбиесі. Оқу құралы. – Алматы, 2011. 162 бет.
3. Керімханұлы Б. Отбасы – Отанның ошағы. // Егеменді Қазақстан №204, 5 қыркүйек, 2013 ж.
4. Тоқсынбай Қ., Сейілова А. Отбасы – Отанның ұйытқысы. // Егеменді Қазақстан. №206, 7 қыркүйек, 2013 ж.

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛОРУНУН ТЕКШЕРҮҮ МИНДЕТІ

ЭРДЕМ Мехмет Акиф

Бишкек Гуманистик Унверстети Аспиранты

Түйін

Мақалада Түркия Республикасындағы мектеп директорларының тексеру қызметі атқаратын міндеттері, құқы, басқару әдістері қарастырылған. Сондай ақ мектеп директорларының жоспарлау стратегиясы, мұғалім қызметкерлерінің оқыту процесіне қатысты мұқтаждықтары, мамандарды жұмысқа қабылдау ережелері де талдауға алынған.

Summary

The article considered the functions director of schools in Turkey, including control over the educational process, governance, strategy planning and also the rules of recruitment personnel needs of teachers in the educational process

Текшеруу - уюмға тиешелуу иш-аракеттер үчүн баш тартууга мүмкүн болбогон бир процесс. Башка уюмдар сыяктуу эле билим берүүчү уюмдарында текшеруу өтө маанилүү процесстердин бири. Акыркы жылдарда мектеп директорлорунун текшеруу иш аракеттерине көбүүрөөк басып жасалууда. Буга мектеп директорлорунун аткарган ролдору жана алардын өзгөрүшүнүн таасири бар. Мектеп директорлору жөн гана бир башкаруучу катары эмес, билим берүүнүн бир лидери катары карала баштады. Бул көз караш

мектеп директорлорунун текшерүү иш аракеттерин маанисин дагы жогорулатты. Бул жагынан караганда, биздин иштин максаты - мектеп директорлорунун текшерүү милдеттери менен бирге эле концептуалдык бир анализ жүргүзүү. Ушул себептен текшерүү жана жаныча текшерүү көз караштарына байланыштуу мыйзамдар каралды. Бул иште мектеп директорлорунун текшерүү милдеттери, алардын мааниси жана текшерүүнүн функциясы туурасындагы башка маселелер да иликтенип, мектеп директорлорунун текшерүү милдетине Туркиядагы мыйзам ченемдүүлүктөрдүн алкагында аныктамалар берилди. Жыйынтыктап айтканда, мектеп директорлорунун текшерүү милдеттери өтө маанилүү жана алар сөзсүз түрдө аткарышы керек.

Текшерүү—эффективдүү билим берүү үчүн өтө зарыл процесс. Анткени, уюмдар текшерүүсүз калса, ал жерде монополия, тартипсиздик келип чыгат жана алар жабык, өнүкпөгөн абалга туш болот. Бардык эле уюмдардагыдай эле билим берүү институттарында текшерүү чон мааниге ээ. Билим берүүдөгү текшерүүдө ага болгон муктаждык жана маанисине бардык авторлор өзгөчө көңүл бурушкан. Алардын айтымына караганда, уюмдардагы иш аракеттер дайыма көз алдында болуп, ага тийиштүү баалар берилиши жана өнүктүрүлүшү зарыл. Билим берүү иш аракеттери дайыма өнүктүрүү жана жанылоону талап кылган иш аракеттер болгондуктан билим берүү институттарында текшерүүгө өзгөчө маани берилиши керек. Текшерүү иликтөөдөн өнүгүүгө карай бир өзгөрүүгө себеп болот.

Текшерүү индивиддеги жетишсиз билимди толуктоо, жакшы жактарын өркүндөтүү менен аларга жол көрсөтүү сыяктуу мотивация менен жүргүзүлүүдө. Мында текшерүүнүн окуучунун ийгилигин жогорулашына көмөк көрсөтө функциясы бар. Ал окуу жайларынын эффективдүү окутуучу чөйрө болушунда негизги ролду ойнойт.

Мектеп директорлорунун текшерүү милдеттери жана мааниси. Түрк билим берүү системасында текшерүү иш аракеттери министрлик менен башталгыч билим берүүдөгү текшерүү иштеринин жардамы менен ишке ашат. Жалпысынан алганда, текшерүүчүлөр индивидуалдык жана уюмдагы текшерүү, иликтөө, сураштыруу, жол көрсөтүү жана иште тарбиялоо, өстүрүү сыяктуу милдеттерди аткарат.

Акыркы жылдарда мектеп директорлору тарабынан келип чыккан өзгөрүүлөр да мектеп директорлорунун текшерүү иш аракеттерине көбүрөөк маани берүүсү зарыл экендигин көрсөтүүдө. Мектеп директорлорунун мындан ары билим берүүдө бир лидер катары карашылышы бул өнүгүүлөрдүн ичинен, балким, эн маанилүүсү.

Ушуга ылайык, мектеп директорлору бир лидер катары мугалимдин класс ичиндеги иш аракеттерин текшерүү менен аларды өркүндөп өстүрүүчү иш аракеттерди даярдашы керек. Тактап айтканда, мектеп директорлору кабинеттеринен чыгып, класстарды кыдырып, класс ичинде болуп жаткан иш аракеттерди текшерип, мугалимдер менен жакын мамиледе болуусу абзел. Албетте, бул иш аракеттердин максаты-билим берүүнүн сапатын жогорулатуу. Булардын баары мекеме башчысы тарабынан аткарыла турган текшерүү иш аракеттеринин маанисин дагы да арттырууда.

Мектеп директору мектептин максатына жараша башкарууга, баалоого жана өркүндөтүүгө жооп берет. Мектептин окуучуларга билим берип тарбиялоодогу алгачкы шарттардын бири жакшы башкаруу болуп саналат. Жакшы башкаруунун эн негизги элементтеринин бирөө болсо текшерүү. Себеби текшерүүнүн өзү эле өтө маанилүү процесс. Текшерүү бул башкаруучунун милдети себеби ал башкаруу процесстеринин акыркысы. Эгер уюм аябагандай кенейсе же кээ бир иштер башкаруучунун билиминен да терен иликтөөнү талап кылса, башкаруучуга жардамчы катары атайын инспекторлор жоопкерчиликтүү боло алат. Мындай учурда да башкаруучу текшерүү милдетин бүт баарын инспекторго арташы керек. Мектеп директору мектебине байланышкан бардык нерсени текшерүүсү абзел [1].

Акыркы жылдарда, айрыкча мектеп директорлорунун текшерүү милдеттерине өзгөчө маани берилүүдө. Мектеп директорунун мугалимдерди текшерүүсүнө басым жасоодо төмөнкүлөр негизги роль ойногонун байкоого болот:

Мектеп башкаруучуларына берилген лидерлик ролу негизги таасири (билим берүү лидери, окутуу лидери, маданий лидер, моралдык лидер, үйрөнгөн лидер, кайра куруучу лидер, жеке пикирге ээ лидер, сапаттуу лидер). Себеби мектепти башкаруучулардан бир окутуу лидери болушу күтүлөт.

Текшерүүдөгү өзгөрүүлөр: текшерүү жол көрсөтүүчү жана өркүндөтүүчү бир процесс болуп саналат.

Мектептеги бардык иш аракеттердин максаты билим берүү иш-аракеттерин өркүндөтүү.

Текшерүү иш аракеттери менен мектептин өнүгүү аракеттеринин ортосундагы байланыш.

Мектеп директорлорунун мектептеги пайдалуу ой пикирлериндеги милдеттери.

Мектеп директорлорунун мектептеги кызматкерлердин жөндөмүн өстүрүү зарылчылыктары.

Бир эле уюмдагы кызматкерлерди дагы жакшылап текшерүүдө жыйынтыктарды алуу кызыкчылыгы.

Мугалимдерди текшере турган инспекторлордун жетишсиздиги.

Инспекторлардун сабақтарды текшеруу убактысынын кыскалыгы.

Текшеруу системасындагы кемчиликтер.

Чындыгында, жогорудагы саналгандар мектепти башкаруудагы мектептин орчундуулугун көрсөтүүдө. Анткени, мектеп башкаруучусу билим берүү тарбиялоо иштериндеги башка кызматкерлерге караганда өзгөчө орунда жана эн негизгиси болуп эсептелет. Мектеп директору, күнүгө мектепте жүргөндүктөн текшерүүгө укугу бар башка кызматкерлерге караганда мектептин күнүмдүк ишине жакындан тааныш. Алар билим берүүчү топ менен мугалимдер жана окуучулар туурасында маалыматка ээ. Айрыкча, мектеп директорлору билим берүү тарбиялоо маселелеринин чечилишине жардам берүүгө даяр турат [2].

Мектеп директорлорунун текшерүү жүргүзүүсү мугалимдин кесиптик жактан жетилтүүгө багытталып, эффективдүү билим алуусун камсыз кылат. Мугалимдер менен бир жерде болуп, аларды жакындан таануу мүмкүнчүлүгүнө ээ болгон директорлор мындай мүмкүнчүлүгү болбогон инспекторлорго караганда мугалимдерди жакындан таанып билүүдө активдүү боло алатурган абалда. Мектеп директорлору мугалимдердин билим берүү тарбиялоого болгон мамилесин өзгөртүүдөн мурун, мугалимдердин үмүттөрүн туура баалоосу зарыл [3].

Бир мектепте мектеп директорлору тарабынан текшерүү жүргүзүлбөй туруп иш аракеттердин ийгиликтүү жана ийгиликсиз жактарын аныктоо өтө оор [4].

Инспекторлор тарабынан жүргүзүлгөн текшерүү, көпкө тыныгып калган мугалим менен инспектордун ортосундагы байланыштарынын максатка жетүүдөгү кемчиликтери, абалга баа бералбоо, чындыгы абал көрсөтүлбөй жалган сахнаны көрүү, инспектор текшерүүнүн аягындагы жыйынтыкты карап эмнелер кандай даражада ондолушу керек экендигин өтө аз өлчөгөндүктөн кооптуу болуп эсептелет.

Ал эми бул кооптонуу ошол эле мекеменин башчысы тарабынан жүргүзүлгөн текшерүүлөрдө көрүнбөйт. Башкаруучу текшерүүнү бир жылда же белгилүү бир күндө жасаганга аргасыз болбойт. дайыма мектепте жүргөндүктөн каалаган убакта, каалаган күнү текшерүүнү жүргүзүүгө акылуу. Ошол эле учурда текшерүү башкаруучулардын бир милдети. Анткени, бул жоопкерчилигин пландуу түрдө ишке ашыруусу зарыл экендигин алар канчалык эрте байкаса ондоолорду киргизүүдө ошончолук эрте иш аракеттерди жасай алат.

Башкаруучу текшерүүнүн аягында келип чыккан каталардын жана кемчиликтердин ондолуп ондолбой жатканын дайыма байкоо жана керек болсо өзү көзөмөлдөп, уюмдун зыян тартуусуна дол бербөө мүмкүнчүлүгү бар. Мектеп директорунун текшерүүсү дайыма болгондуктан башка текшерүүлөргө караганда активдүү. Мугалим жана башка кызматкерлерге дайыма көз жүгүртүү менен чындыгы абалды биле алат. Чөйрөнү да жакшы билгендиктен текшерүүдөн келип чыккан кемчиликтерди ондой алат [5]. Мектеп директорунун эн негизги милдети билим берүү лидери болгон кадрларды баалоо болуп саналат. Мектеп директору билим берүүдөгү лидер катары класстагы окутуу процессине катышып, ага тез тез көз жүгүртүп турушу керек. Мындай учурда мектеп директору официалдуу эмес түрдө кайсы бир убактарда сабактарга кирип окутуу процессине көзөмөлдөй алат. Мындай текшерүүнүн максаты окутууну жакшыртуу. Мектеп директорлорунун текшерүү милдеттери менен бирге эле алар окуу программаларын жана мугалимдерди текшерүүсү абзел. Мектеп директорлору мугалимдерди ишин жакшыртуу жана өркүндөтүүсү керек. Мектеп директору мугалимди өтө жакындан таанып билген жана мугалимдердин оюн пикирлерин, максатын жана үмүтүн өтө жакшы билген адам. Ошондуктан мектеп башчысы ар бир мугалимдин талантын өстүрүүгө аны ийгиликке жеткирүүгө жардамчы боло алат.

Мектеп директорлорунун текшерүү иштери менен байланышкан башка маселелер. Таймаз мектеп директорлорунун милдеттерин, кадрлар бөлүмү, окуучулар(студенттик)бөлүмү, окутуу иштери жана башкаруу иштери деп беш бөлүмгө бөлүп караган. Ал кадрлар бөлүмүнө кадрлардын муктаждыктарын аныктоо, кызматкерди ишке алуу, иштетүү, орун алмаштыруу, аларды жетилтүү, өнүктүрүү, баалоо, текшерүү, иштен жогорулатуу, аттестациялоо жана тартипке салуу иш аракеттерин жайгаштырган [6].

Жогоруда байкалгандай, Таймаздын кадрлар бөлүмүнө тиешелүү тизмекте кадрларды жетилтүү, өстүрүү, баалоо жана текшерүү сыяктуу иштер орун алган. Ошондуктан, текшерүү туурасындагы маанилүү маселелердин бири мектеп директорунун мекеменин кадрларын жетиштирүүсү. Заманбап мектеп директорлорунун милдеттери менен жоопкерчиликтеринде программа түзүү, жөндөмдөрдү баалоо, окуу жана окутуу процесстери сыяктуу милдеттер орун алат. Буларды ишке ашыруу үчүн эн алгач иштегендердин жөндөмдөрүн аныктоо керек. Мындай учур, мугалимдердин билими, жөндөмдөрү жана дареметин так аныктоо жана дагы ийгиликтерге умтулуусун камсыздоо үчүн зарыл. Айрыкча, мугалимдеги жанылыш билим, жөндөм, мүнөзүн өзгөртүү үчүн бул абал такталышы керек.

Мектеп башкаруучулары мугалимдин жөндөмдөрүн адилеттүү түрдө баалоо менен керек учурда

алардын өнүктүрө турган иш аракеттерди жасалышы зарыл. Мындай учурда эн алгач мугалимдердин эффективдүү окутуусу үчүн жетиштүү билимге ээ болуп болбогондугун аныкташы керек. Андан кийин мугалимдин билимин жана жөндөмдөрүн канчалык таасирдүү бере алаарын тактоосу абзел. Мектеп директорлору мында жогорудагы иш аракеттерди ишке ашыруу үчүн убактысынын көпчүлүгүн бул иш аракеттерге арнайт. Мектеп директорлору убактысынын көпчүлүгүн билим берүү тарбиялоо иштерине, кадрлар иштерине, окуучу иштерине, башкаруучулук жана мектептин чөйрөсүндөгү иштерге бөлөт.

Түрк билим берүү системасында мектеп директорлорунун текшерүү милдеттери туурасындагы мыйзамдар. Түрк билим берүү системаысындагы текшерүүнү жүргүзө тургандар жалгыз гана инспекторлор эмес. Мектеп башчылары да текшерүүнү жүргүзүшөт. Бул маселе туурасында 25212 каттоо номериндеги башталгыч билим берүү мекемелерин башкаруу 60 –беренеде мектеп директорунун милдеттери, укуктары жана жоопкерчиликтери берилген. 60- берене боюнча башталгыч билим берүү, демократиялык билим - окутуу чөйрөсүндө башка кызматкерлер менен бирге эле башкарылууда. Мектеп директору, мугалимге караганда мыйзам, устав, жетекчилик, көрсөтмө, программа жана буйруктарга ылайык милдетини аткарууга, мектепти башкарууга жана текшерүүгө укуктуу. Директор мекеменин максаттарына ылайык башкырылышына, бааланышына жана өркүндөп өсүшүнө жооп берет. Мектеп директору иш учурунда жогоруда берилген башка милдеттерди да алат [7]. Айрыкча 2508 каттоо номериндеги Билдирүүлөр журналында жарыяланган “Башталгыч билим берүү мекемелеринин директорлорунун милдеттери аныктамалардагы Билим берүү министрлиги” мектеп директорунун милдетинин аныктамасы жана жоопкерчилик тизмеги орун алган [8]. Бул текстте мектеп директорунун милдеттери төмөндөкүчө аныкталат:

а) Билим берүү жана окутуу менен башкаруунун өндүрүмдүүлүгүн жогорулатуу, билим сапатын көтөрүү жана булардын дайыма өнүгүүсүн камсыздоо үчүн зарыл болгон изилдөөлөрдү жүргүзүү, изилдөөлөрдүн негизинде өнүктүрүү проекттерин даярдап жетекчиликке сунуштоо, кабыл алынган проекттерди ишке ашыруу жана жыйынтыктарга баа берүү. Мектепти өркүндөтүү максаттарын берген стратегиялык пландарды даярдоо жана анын негизинде мектепти өркүндөтүү планын даярдап, аны ишке ашыруусун камсыздоо:

б) мектепте окуган индивид жана окуган уюм философиясыны жайгаштыруучу чараларды көрүү.

в) мугалимдердин кесиптик жактан өркүндөтүүгө өбөлгө болуп, аларгы шарт түзүү. Мугалимдердин сабактарын жана иш аракеттерин жыл бою жакындан көзөмөлдөө.

г) Кадрдын жөндөмдөрүн дайыма көзөмөлдөө менен баа берип, өнүмдүүлүгүнүн азайган болсо анын себептерин иликтөө, кызматкердин жөндөмүн эске алып иштетүү, аларга жол көрсөтүү, иште аны жетилтүүгө умтулуу жана кызматтан жогорулашына жардамчы болуу.

д) Мектептеги кызматкердин ар кандай абалдагы окутуу муктаждыктарын аныктоо жана бул аныкталгандардын негизинде кадрлардын өсүп жетилүүсүнө керектүү иш аракеттерди жасоо. Жогорудагы мыйзамдардагыдай эле мектеп директорлору текшерүүгө жана баалоого салым кошушу керек. Мектеп директорлорунун текшерүү иш аракеттеринин маанисини жогорулашына жалгыз гана мыйзамдык тексттер эмес, ошол эле учурда инспектордун мектеп жана мугалимдин ийгилигине тиешеси бар.

Мектеп директорлору мугалимдердин иш аракеттерин жакындан көзөмөлдөп, окуу жылында жок дегенде эки жолу сабагына кирип, мугалимге керек болгон маселелерде көмөкчү болушу жана мугалимдин кесиптик жактан жетилишине салым кошушу керек. Бирок мектеп директорлору бул милдетин толук аткарбай жатышат.

КОЛДОНУЛГАН АДАБИЯТТАР:

1. Başar, H. Öğretmenlerin değerlendirilmesi. Pegem Yayıncılık. Ankara: (1988). s.17
2. Bursalıoğlu, Z. Eğitim yöneticisinin davranış etkenleri. Ankara Üniversitesi Eğitim Fakültesi Yayını. Ankara. (1980). s. 58.
3. Dumrul, N. S. İlkokul Müdürlerinin Denetim Yetki ve Yeterlikleri. (Yayınlanmamış yüksek lisans tezi) Ankara: Ankara Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. (1986).s.56
4. Has, E. İlköğretim Okulu Öğretmenlerinin Mesleki Uygulamalarını
5. Geliştirmelerinde Teftişin Rolü. (Yayınlanmamış yüksek lisans tezi) Ankara: Gazi Üniversitesi Eğitim Bilimleri Enstitüsü. (1998).s.66
6. MEB . Milli Eğitim Bakanlığı İlköğretim Okulları Müdürlüğü Görev Tanımı.

Tebliğler Dergisi. Sayı: 2508, Tarih: Ocak 2000.

7.MEB. İlköğretim Kurumları Yönetmeliği. Resmi Gazete. Yayımlanma Tarihi:27.08.2003. Sayısı: 25212.

8.Sağlamer, E. Eğitimde teftiş ve teknikleri. Ankara: Kadioğlu Matbaası. (1985). s.115

9.Taymaz, A. H. Okul yönetimi. Ankara: Pegem A Yayıncılık. (2000). s.96.